

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ:81'373(574)(043)

Қолжазба құқында

Әбсаттар Әділ Маратұлы

**ЭМОТИВТИ-БАҒАЛАУЫШТЫҚ ЛЕКСИКАНЫҢ АНТРОПОӨЗЕКТІК  
СИПАТЫ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК  
БАҚ МӘТІНДЕРІ НЕГІЗІНДЕ**

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер:  
ф.ғ.к. М.К. Мамбетова

Шетелдік ғылыми кеңесші:  
PhD, профессор  
Сема Аслан Демир  
Түркия, Анкара

Алматы, 2024

## МАЗМҰНЫ

<b>АНЫҚТАМА</b> .....	3
<b>КІРІСПЕ</b> .....	6
<b>1 ЭМОТИВТІ-БАҒАЛАУЫШТЫҚ ЛЕКСИКАНЫ АНТРОПОӨЗЕКТІК БАҒЫТТА ЗЕРТТЕУДЕГІ ҰСТАНЫМДАР</b>	12
1.1 Эмотивті-бағалауыштық лексика – ғаламды эмотивті-бағалауыштық тұрғыдан бейнелеу құралы.....	12
1.2 Коннотация – эмотивті-бағалауыштық лексиканың негізгі семантикалық белгісі.....	23
1.3 БАҚ-тағы ғаламның аксиологиялық бейнесі.....	29
1.4 Эмотивті-бағалауыштық лексиканың когнитивтік-прагматикалық аспектілері.....	42
1-бөлім бойынша түйін.....	54
<b>2 БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ ЭМОТИВТІ- БАҒАЛАУЫШТЫҚ ЛЕКСИКАНЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ</b> .....	56
2.1 Эмоция мен бағаны жеткізудегі тілдік тұлғаның стратегиялары мен тактикалары.....	56
2.2 Шетелдік БАҚ тіліндегі эмотивті-бағалауыштық лексиканың қызметі.....	72
2.3 Қазақстандық БАҚ-тағы эмотивті-бағалауыштық лексиканың тілдік механизмдері.....	83
2.4 Тақырыпаттағы эмотивті-бағалауыштық лексика.....	105
2-бөлім бойынша түйін.....	116
<b>3 БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ ЭМОЦИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН БАҒАЛАУШЫ ТІЛДІК ТҰЛҒА</b> .....	117
3.1 Эмотивті-бағалауыштық лексиканың БАҚ-тың түрлі жанрларындағы қызметі.....	117
3.2 Эмотивті-бағалауыштық лексиканың берілуіндегі «өзім-өзге» оппозициясы.....	133
3.3 БАҚ-тағы тілдік тұлғаның эмоциялық бағасын жеткізу жолдары.....	145
3.4 БАҚ-тағы эмотивті-бағалауыштық мәнді көріктеу құралдары.....	159
3-бөлім бойынша түйін.....	177
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	178
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ</b> .....	184

## АНЫҚТАМА

**Адресант пен адресат** – мәтіндегі қатысымдық өзара әрекеттің басты нысаны. Адресант адресатқа мәтін арқылы қандай да бір ақпарат жолдайды. Ақпарат өзінің функциясын толық атқару үшін контекст болуы қажет. Контекст адресат арқылы тілдік немесе тілден тыс формада қабылданады.

**Аялық білім** – тілдік ұжымның ғасырлар бойы жинаған тәжірибесі арқылы қалыптасқан ұғым-түсінігі, концептінің мазмұнына негіз, фон болатын білім.

**Бағалау** – субъектінің объектіні тілдік бірліктердің көмегімен сипаттауы. Бағалау категориясы экспрессивтілікпен тығыз байланысты болғанмен, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар: бағалауда адамның белгілі бір нысанға көзқарасы, оның пайдалы-зиян тұстары нақтыланса, эмоциялы-экспрессивті мәнде адамның соған қатысты сезімі, әсері, эмоциясы көрініс табады. Бағалаушылық мән мен эмотивті сипаттау өзара байланысты болғанмен, үнемі тең түсе бермейді. Сол себепті тілде бағалаушылық мән алуан түрлі болуы мүмкін. Ол объективті, субъективті факторларға да байланысты болады. Белгілі бір нысанға қатысты қалыптасқан пікір-тұжырымға сүйенген, айқын когнитивті негізі бар эмоция тудыратын баға эмоцияға қатысты болғанмен, адамның әлемге біршама объективті қатынасын көрсетеді. Бағалаушылық мәнің субъективті, объективті компоненттері өзара диалектикалық бірлікте болады.

**Ғаламның концептуалдық бейнесі** – санада танылған ақпараттар мазмұны.

**Ғаламның мифтік бейнесі** – танымның, мифологияның түрлі қабаттарынан құралатын мифтік тілдік бірліктер арқылы өз болмысын, білім-таным жүйесін көрсететін лингвоментальді құрылым.

**Ғаламның тілдік бейнесі** – нақты бір тілдік қауымдастықтың санасында тарихи қалыптасқан және әлем туралы түсініктердің тілде бейнеленген жиынтығы, нақты тілдік құрылымдағы семантикалық категориялар мен семантикалық өрісте бекітілген мағыналардан тұратын бейне.

**Денотат мағына** – тілдік бірліктердің (сөздің) тура немесе нақты мағынасы, лексикалық мағынасы.

**Имплицитті** (лат. *Implicite*, жасырын, анық емес) – тілдік материал арқылы ашып көрсетілмеген, бірақ контекст арқылы білініп тұратын жасырын мағына.

**Интерпретация** (лат. *Interpretatio*, түсіндіру, мағынасын айшықтау) – мәтін мағынасын интерпретациялау, яғни түсіндіру, ұғындыру.

**Интенция** (лат. *intentio*) – сананың, ерік, жігер сезімдерінің бір нысанға бағытталуы; шығарманы жазудағы мақсат пен мазмұн, автордың стратегиялық мақсаты; адресаттың көркем шындыққа қатысты көзқарасы.

**Коммуникация** (лат. *communication*, байланысамын, қатынасамын), (қатысым) – адамдардың бір-бірімен қатынас жасау, пікір алысу, ой бөлісу. Олардың бір-бірімен әрекет жасауының айрықша формасы.

**Коммуниканттар** – пікір айтушылар, оны түсіндірушілер, қарым-қатынасқа түсушілер.

**Коммуникативтік акт** – қарым-қатынасқа түсушілердің өзара сөйлесуі, ой бөлісуі, түсінісуі.

**Коннотат мағына** (лат. *connotation*, мағына) – сөздің кейінгі, қосымша мағынасы.

**Контекст** (лат. *contextus*, байланысу, бірігу) – аяқталған тиянақты ойды білдіретін ауызша немесе жазбаша тілдік құрылым. Сөз контексте ғана тиянақты мағынаға ие болады. Контекст – қарым-қатынас жасаудың қажетті шарты.

**Концепт** (*conceptus*, ұғым) – адам санасының ойлау бірліктері мен психикалық ресурстарын, білім мен тәжірибенің бейнелі көрсеткіштерін құрайтын, хабарлы құрылымдарды түсіндіруге мүмкіндік беретін когнитивті лингвистиканың негізгі ұғымдарының бірі.

**Контраст** – прагматиканың негізгі құрамдас бөлігі, екі қарама-қарсы ұғымды, құбылысты қарсы қоя суреттеу.

**Қақтығысты стратегиялар** – сөйлеу қатынасының ережелерін бұзу негізінде жасалған ымырасыз диалогтар (мысалы, ұрыс-керіс, дау-дамай, қоқан-лоққы, агрессияның көрінуі және т.б.).

**Метафора** (грек. *metaphora*, ауысу) – шындық дүниені физикалық қабылдау мен көзге көрінбейтін әлемді (идеялар, ұмтылыстар әлемі) қабылдау, дүниенің абстрактілі бейнесінен нақты танымға өту.

**Метатіл** (грек. *meta*, арқылы, кейін) – тілді теориялық жағынан сипаттайтын арнайы тіл. Метатілде метамәтін жасалады. Зерттеу нысаны болып отырған тіл жөніндегі пікірді баяндауда пайдаланылатын тіл.

**Макроконтекст** – тілдік тұлғаның мәтіндегі барлық қызметінің толық ашылуына мүмкіндік беретін тілдік құрылым.

**Микроконтекст** – анықтауға тиісті тілдік тұлғаны қоршаған ең шағын тілдік құрылым, онда тілдік тұлға өзінің негізгі және қосымша мағыналарын аша алады.

**Прагматика** (грек. *pragma*, ілік септікте *pragmatos ic*, әрекет) – семантика мен тіл біліміндегі тілдік таңбалардың қызметін зерттейтін саласы. Прагматиканың зерттеу нысанына сөйлеуші субъект, адресат, олардың өзара қарым-қатынасы, автордың мақсаты, білімі, интенциясы, адресат пен адресанттың бір-бірін түсіну мүмкіндіктері жатады.

**Стереотип** (көне грек. *қатты, кеңістік және қолтаңба*) – құбылыс, оқиғаны қалыптасқан таным негізінде қабылдаудың тұрақты формасы. Стереотип әлеуметтік және мәдени нысандар туралы таптаурын ұғымдарды сақтай отырып, белгілі бір мәдени-тілдік ұжымның менталитетіне қатысты әлем бейнесін сипаттайды. Стереотиптер жүйесі арқылы дүниетаным қалыптасады.

**Сөйлеу стратегиясы** – «маңызды мақсат» бақылауында жүзеге асатын сөйлеу тәртібінің арнайы тәсілі. Сөйлеу стратегиялары әңгімелесу барысында өзара

**Стратегия** (көне грек. *Стратηγία*, «әскербасы өнері») – белгілі бір мақсатқа қол жеткізуге бағытталған қарым-қатынастың түрлерін пайдалану бағыты.

**Тактика** (көне грек. такτικός) – стратегияны жүзеге асыру құралы, стратегияның негізгі мақсатына тәуелді.

**Тілдік сана** – белгілі бір ұжымның қоғамдық өмірі мен мәдениетінде көрініс тапқан, психикалық сипаты мен тілінде айқындалатын ерекшелік.

**Тілдік тұлға** – адам және оның тілі арқылы танылатын бейнесі. Тілдік тұлғаның қуаты – сөзінен, ойы қоғамдық ісінен көрінеді, ал психологиясы – ұлт перзенті ретінде халқын сүюі сезімімен өлшенеді. Тілдік тұлға сипатына ену мақсатты түрде жүзеге аспайды. Оның дамуына қозғаушы күш, яғни ұлттық сезімнен немесе табиғи дарынның қабілетінен туған ішкі жағдайлар әсер етеді.

**Прецедентті мәтін** – белгілі бір ұлттық-мәдени қауымдас өкіліне жақсы таныс, сөзжұмсамда жиі қолданылатын, әртүрлі дәйексөздер мен жалқы есімдер, шығармалар атаулары нұсқасында қайталанып отыратын, білдіретін мәні, оны құрайтын жекелеген сөздер контекстен тыс алынғанда да тіл тұтынушыға түсінікті болатын мәтіндер.

**Эмотивтілік** (лат. *emotivere*, еліктіру, сезімге әсер ету) – психологияда бір субъект тұлғаның екінші субъект тұлғаға жағымды немесе жағымсыз әсері. Тіл білімінде «мәтіннің эмотивтілігі» деп мәтін арқылы берілетін мазмұнның адресатқа сезімдік әсері тұрғысынан сипатталуы аталады.

**Эмоциялы әсер** (лат. *emotivere*, франц. *emotion*, абыржу, қозу) – адамның эмоциясы мен сезіміне әсер ету. Эмоционалды әсер етудің көмегімен нақты әрекетті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін эмоцияны қозғауға болады.

**Эксплицитті** (франц. *explicite*, нақты, ашық айтылған) – тілдік материал арқылы ашық айтылып, нақты түсіндірілген.

**Рационалды әсер** – логикалық құралдар арқылы ойға әсер ету.

**Реминисценция** (лат. *reminiscentia*, еске түсіру) – оқырман қауымға бұрыннан таныс цитаталарды түсіндірмесіз енгізу.

**Ынтымақты стратегиялар** – ниеттестіктен туындайтын хабарлау және түсіндіру диалогтарының түрлі типтері (ақпаратты хабарлау, ақиқат жайлардың күйін анықтау және т.б.).

**Ішкі ғалам** – ақыл, көңіл, қиял сияқты адамның рухына қараған жағы. Адамда екі ғалам болады: *ішкі ғалам, тысқы ғалам*.

## КІРІСПЕ

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Бүгінгі таңда хабар жеткізетін технологиялардың қарқынды дамуының нәтижесінде ақпарат қуатты күшке айналып отыр. Мәліметтердің тасқыны әсерімен жаңа ақпараттық қоғам орнады. Соның нәтижесінде ақпарат қоры қоғамның ғылыми-техникалық жағынан да, әлеуметтік жағынан да дамуына да ықпал етіп отыр. Цифрлық технологияның жетілуі нәтижесінде мобильді-компьютерлік құрылғылар жаңарып, адамдардың өміріне, ақыл-ойының дамуына елеулі ықпал ете бастады. Коммуникативті дағдыларды тез меңгеріп, ақпарат әлеміне дендей ену нәтижесінде адамдар ақпаратты бірден қабылдап, өзіндік ойлау жүйесін қалыптастырады. Осы уақытқа дейін журналистер ғана айналысқан ақпарат әлеміне көпшіліктің жаппай бет бұруы бүгінгі өркениеттің әлеуметтік-экономикалық дамуында әлеуметтік, философиялық, мәдени бағыттағы елеулі мәселелер туындатып отыр. Осыған байланысты әлеуметтік дамуға ықпал ететін медиа саласы ерекше дамып, бұқаралық коммуникация серпіліске ие болды.

Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына [1] сәйкес. Бағдарламаның 2.1, 2.2 тармақтарындағы міндеттері білім беру саласындағы қазақ тілінің функцияларын кеңейту және оны қолдану мәдениетін арттыру, мемлекеттік және мемлекеттік емес сектор ұйымдарында қазақ тілін меңгеру деңгейін арттыру қызметіне үлес қосады. Әсіресе, 2.3, 2.4 тармақтарындағы ақпараттандыру және коммуникация саласындағы қазақ тілінің қолданылуын жетілдіру, мәдениет, халыққа қызмет көрсету, БАҚ және бизнес саласындағы мемлекеттік тілдің қолданылуын реттеу, әлеуметтік беделін арттыру міндеттеріне сәйкес.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы (бұдан әрі – БАҚ) мәтіндеріндегі эмотивті-бағалауыштық лексиканы тіл біліміндегі жаңа парадигмаларға сәйкес антропоөзектік тұрғыдан қарастырып, прагматикалық сипатын айқындау қажеттігі туындап отыр. Зерттеу жұмысында тілдегі адам факторы негізге алынып, БАҚ тілінің танымдық (когнитивтік), коммуникативтік қызметі нақтыланады, БАҚ тіліндегі эмотивтік-бағалауыштық лексиканың ақпарат жеткізу, ықпал ету, сендіру қызметі талданады. Жұмыста бұқаралық ақпарат құралдарындағы эмотивтік-бағалауыштық лексиканың қолданысы, коннотация табиғаты, экспрессивтіліктің берілу жолдары айқындалады.

Адамның сезімін, көзқарас-ұстанымын, әлеуметтік бағасын білдіріп, басқаларға әсер етуде эмотивті-бағалауыштық лексиканың маңызы зор. Эмоция адамның танымын, ақиқат болмысқа қатысын көрсетеді. Бұл орайда адам танымының объектісі де, субъектісі де болады. Себебі эмоциясыз адам болмайды, эмоция – адамдық белгінің бірі. Адамның әлеуметтенуі эмоцияларынан да көрінеді. Оң (мажорлы) не теріс (минорлы) эмоцияның тілде көрініс табуы ұлттың мәдени дамуын, ділін, дүниетанымын, ұжымдық психологиясын да білдіре алады. Әр ұлттың ерекшелігіне сәйкес құндылықтар жүйесі де алуан түрлі болады. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы бағалау, эмоциялы-

экспрессивті сөздер адресатқа әсер етіп, қоғамдық сананы, қоғамдық пікірді қалыптастырады. Сондықтан бұл мәселе мәдениетаралық коммуникация орнату, толерантты қоғам орнату тұрғысынан да өзекті болып отыр.

Эмотивтік-бағалауыштық лексика жалпы тіл білімінде бірнеше бағытта зерттеліп келеді: жүйелік-құрылымдық бағыт (В.В. Виноградов, Е.М. Галкина-Федорук, В.Н. Телия, Е.М. Вольф, И.А. Стернин, Л.М. Майданова, Л.С. Войтик, В.К. Харченко, Л.Н. А. Лукьянова, В.И. Шаховский, Т.В. Матвеева, Н.Б. Лаврентьева, В.И. Говердовский, В.Н. Гридин және т.б.); функционалдық-семантикалық бағыт (В.Н. Телия, Е.М. Вольф, И.А. Стернин, В.И. Шаховский, Е.А. Гутман, Ф.А. Литвин, М.И. Черемисина, Т.А. Графова), семантикалық-стилистикалық бағыт (Ш.Балли, И.В. Арнольд, Т.Г.М. Петриш, т.б.); лексикографиялық бағыт (Н.А. Лукьянова, Ю.Д. Апресян, В.Н. Телия, Г.Н. Скляревская, Н.Б. Лаврентьева, Т.А. Трипольская, О.А. Новоселова, Е.Ю. Булыгина, Л.Н. Храмцова және т.б.); семантикалық-прагматикалық бағыт (Р.М. Харе, Ч. Стивенсон, Е.М. Вольф, В.Н. Телия, Е.С. Азнаурова, Н.Д. Арутюнова, Л.А. Киселева, Т.А. Графова, Т.В. Маркелова және т.б.). Қазақстандық ғалымдардан А. Байтұрсынұлы, Р. Сыздық, Б. Әбілқасымов, С. Исаев, О. Бүркітов, Н. Уәли, Э. Сүлейменова, М. Мұсатаева, Ж. Манкеева, Г. Смағұлова, А. Салқынбай, Б. Момынова, Қ. Есенова, З. Ерназарова, т.с.с. ғалымдардың еңбектерін атауға болады. Алайда осы уақытқа дейін бұқаралық ақпарат құралдарындағы эмотивтік-бағалауыштық лексика антропоөзектік тұрғыдан сипаттала қоймады, бағалау мәнді коннотациялардың сипаты арнайы зерттеу нысанына айналмай келеді. Зерттеу жұмысының өзектілігі осыдан да көрінеді.

Зерттеу жұмысында қазақстандық және шетелдік БАҚ мәтіндердегі эмотивтік-бағалауыштық лексика денотат және коннотат мәндерден құралған, тілдің лексикалық жүйесінің белгісі ретінде қарастырылады. Коннотацияның өзегін «эмоция», «баға», «ерекшелік», «әсер» сияқты элементтер құрайды. Сөздіктерде көбінесе жағымсыз, жағымды түрінде белгіленіп жүрген лексикалық бірліктер тілдегі ғалам бейнесін, құндылықтар жүйесін сипаттайды. БАҚ тіліндегі эмотивтік-бағалауыштық лексика коммуниканттардың қажеті өтеп, тілдік тұлғаның интенциясын көрсете алады. Эмотивтік-бағалауыштық лексиканы антропоөзектік тұрғыдан зерттеуде когнитивтік-прагматикалық ұстаным басшылыққа алынады. Сол арқылы ғаламның тілдік бейнесі, концептуалды бейнесі, құндылықтар жүйесі айқындалады; бұқаралық ақпарат құралдарындағы эмотивтік-бағалауыштық мәнді сөздердің қызметі көрсетіледі; автордың – тілдік тұлғаның интенциясы, мақсаты айқындалады; эмотивтік-бағалауыштық лексиканың мәтін құрылымындағы орны, ойды жеткізудегі қызметі көрсетіледі. Қазақстандық және шетелдік БАҚ тіліндегі эмотивтік-бағалауыштық лексиканы антропоөзектік тұрғыдан зерттеу арқылы эмотивтік-бағалауыштық лексиканың прагматикалық сипаты анықталады; адамның ғаламды тануы, танытуы, құндылықтар жүйесін қабылдауы, эмотивтік-бағалауыштық лексиканың адресатқа ықпалы, бұқаралық ақпарат құралдарындағы қызметі нақтыланады. Сол арқылы бұқаралық ақпарат

құралдарындағы субъект психологиялық, әлеуметтік, ментальді, т.с.с. тілдік тұлға ретінде сипатталады. Жұмыстың өзектілігін осы тұрғыдан негіздеуге болады.

**Зерттеу нысаны** – қазақ, орыс және ағылшын тілді бұқаралық ақпарат құралдарындағы айқын не жасырын түрде берілген эмотивті-бағалауыштық лексика.

**Зерттеу пәні** – қазақ, орыс және ағылшын тілді бұқаралық ақпарат құралдарындағы эмотивті-бағалауыштық лексиканың антропоөзектік ерекшелігі.

**Зерттеу жұмысының мақсаты** – қазақстандық және шетелдік БАҚ тіліндегі эмотивтік-бағалауыштық лексиканың когнитивтік-прагматикалық сипатын айқындау.

**Зерттеу жұмысының міндеттері.** Аталған мақсат осы жұмыста келесі міндеттерді қою және оларды шешу арқылы жүзеге асырылды:

- эмоцияның тілдегі көрінісі ретінде эмотивтілік категориясын сипаттау;
- БАҚ тіліндегі эмотивті-бағалауыштық лексиканың өзіндік ерекшелігін көрсету;
- эмотивті-бағалауыштық лексиканың тілдік тұлғаның интенциясын жеткізудегі рөлін анықтау;
- БАҚ материалдарындағы эмотивті-бағалауыштық лексиканың ықпалын көрсету;
- қазақстандық және шетелдік БАҚ мәтіндеріндегі эмотивті-бағалауыштық лексиканың ерекшеліктерін көрсету.

**Диссертациялық зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдер.** Эмотивті-бағалауыштық лексиканы зерттеуде тек тілдік тұрғыдан қарастыру аздық етеді. Сондықтан зерттеу жұмысымызда эмотивті-бағалауыштық лексиканың когнитивтік-прагматикалық ерекшелігін анықтау үшін бірнеше тәсілдер түрі қолданылды. Қазақстандық және шетелдік БАҚ мәтіндеріндегі эмотивті-бағалауыштық лексиканың негізгі және қосалқы элементтерін мүмкіндік беретін идентификацалау әдісі (Ш. Балли бойынша); эмотивті-бағалауыштық лексиканы тереңірек түсіну үшін оларды құрамдарға бөлуге көмектесетін компоненттік талдау әдісі; тілдік бірліктер қолданысқа түсуіне байланысты мағыналары өзгере алады, сондықтан эмотивті-бағалауыштық лексиканың контексттегі қолданысын талдау үшін контексттік талдау; эмотивті-бағалауыштық лексиканың қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі ерекшеліктерін салыстыру мақсатында салыстыру әдістері; сонымен қатар, жалпы ғылым тәсілдеріне тиесілі топтастыру, жүйелеу сияқты әдістері қолданылды.

**Зерттеудің әдіснамалық негізіне** отандық зерттеушілерден: А. Байтұрсынұлы, Р. Сыздық, Б. Әбілқасымов, С. Исаев, О. Бүркітов, Н. Уәли, Э. Сүлейменова, М. Мұсатаева, Ж. Манкеева, Г. Смағұлова, А. Салқынбай, Б. Момынова, З. Ерназарова, Қ. Есенова;

орыс зерттеушілерінен: Е.М. Галкина-Федорук, Е.М. Вольф, В.Н. Телия, И.А. Стернин, Н.А. Лукьянова, В.И. Шаховский, Н.Д. Арутюнова, А. Вежбицкая,



В.В. Воробьева, В.И. Карасика, Ю.Н. Қараулова, Е.С. Кубрякова, Д.С. Лихачева, В.А. Маслова, Ю.С. Степанова, И.А. Стернина, В.Н. Телия, В.И. Шаховский; шетелдік ғалымдардан: Ш. Балли, М. Джонсон, Дж. Лакоффа, Р. Плутчик, Ф. Римаң, С.Л. Рубинштейн т.с.с. тіл біліміндегі, психология, журналистика салаларындағы ғалымдардың тілдік тұлға, бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты зерттеулері мен тұжырымдары алынды.

**Зерттеу жұмысының теориялық мәні.** Зерттеу жұмысының маңыздылығы қазақстандық және шетелдік БАҚ мәтіндері негізінде эмотивті-бағалауыштық лексиканың прагматикалық аспектісін ашуда жатыр. Зерттеудің нәтижелері мәтін лингвистикасы, прагмалингвистика, когнитивті лингвистика, коммуникативті грамматика, функционалды стилистика сияқты салаларының теориялық деңгейінің жетілуіне, дамуына үлес қосады.

**Зерттеу жұмысының практикалық мәні.** Зерттеу нәтижелерін қазақ әдеби тілінің тарихы, сөз мәдениеті, қазақ публицистикасының дамуы сияқты арнайы курстарда пайдалану мүмкіндігіне ие; мәтін лингвистикасы, прагмалингвистика, когнитивті лингвистика, коммуникативті грамматика, функционалды стилистика т.с.с. бойынша лекциялық курстарды оқу барысында пайдалануға болады; журналист мамандарға тілдік дәрістер ұйымдастыруда, сөздіктер мен нұсқаулықтар құрастыруда қолдануға мүмкіндік береді.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы:**

– қазақстандық және шетелдік БАҚ тіліндегі эмотивті-бағалауыштық лексиканың антропоэзектік сипаты когнитивті-прагматикалық тұрғыдан зерттеліп, ғаламның тілдегі бейнесімен, құндылықтар жүйесімен, тілдік тұлғаның интенциясы айқындалды;

– бұқаралық ақпарат құралдарындағы эмотивті-бағалауыштық лексиканың ғаламды сөзбен көрсетудегі орны бірінші рет нақтыланды;

– БАҚ тіліндегі эмотивті-бағалауыштық лексиканың тілдік механизмдері айқындалып, алғаш рет талданды;

– БАҚ тіліндегі эмотивті-бағалауыштық лексиканың ықпал етуші қызметі көрсетілді;

– эмотивті-бағалауыштық лексиканың берілуіндегі қазақстандық және шетелдік БАҚ-тағы тілдік тұлғаның құндылықтар жүйесін танудағы ерекшелігі көрсетілді;

– эмотивті-бағалауыштық лексиканы жеткізуші тілдік тұлғаның интенциясы, стратегиясы мен тактикасы алғаш рет анықталды.

**Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:**

– эмотивтілік – тілдік тұлғаның эмоциялық қалпын танытатын, интеллектуалдық тұрғыдан сипаттайтын функционалды-семантикалық категория. Ол тілдік барлық деңгейінде эмотивті тілдік құралдар арқылы көрініс тауып, тілдік тұлғаның эмоциясын, ұстанымын білдіреді. Эмотивтілік – эмоцияның тілдегі көрінісі, эмоцияны танытудың саналы түрде нақтыланған құралы;

– БАҚ тіліндегі эмотивті-бағалауыштық қолданыстар – сөйлеушінің аксиологиялық және эмоциялық күйін танытатын, эмотивті-бағалауыштық лексика арқылы көрініс табатын сөйленім бірлігі;

– эмотивті-бағалауыштық лексиканың тілдік тұлғаның интенциясын жеткізудегі рөлі – тілдік тұлғаның интенциясы (ниеті) БАҚ материалдарында эмотивті-бағалауыштық лексика арқылы айқын көрінеді. Бұл интенция автордың нақты бір көзқарасын немесе қоғамдық құбылыстарға деген эмоциялық бағасын білдіруде ерекше маңызға ие;

– қазақ тіліндегі БАҚ материалдарындағы эмотивті-бағалауыштық лексиканың ықпалы – қазақ тілді БАҚ материалдарында қолданылатын эмоционалды және бағалауыштық сөздер ұлттық сананы қалыптастыруда маңызды орын алады. БАҚ материалдарында қолданылатын эмотивті-бағалауыштық сөздер арқылы медиа қоғамдық сананы өзгертуге немесе нығайтуға ықпал ете алады. Эмотивті-бағалауыштық лексика қоғамдағы әлеуметтік және саяси құбылыстарға қатысты қоғамдық пікір қалыптастырудың тиімді құралы ретінде қарастырылады;

– қазақстандық мәтіндерде ұлттық және мәдени контекстен туындайтын эмотивті-бағалауыштық лексиканың үлес саны 45%-ды құрайды. Ал шетелдік БАҚ-тарда универсалды бағалауыштық лексика мен глобализацияланған тілдік элементтер 40%-ды көрсетті, бұл мәтіндердегі ақпараттың әмбебаптылығын арттырады.

**Зерттеу жұмысының дереккөздері.** Бұқаралық ақпарат құралдарындағы эмотивті-бағалауыштық лексиканың қолданысын, мәдени ақпаратты жеткізудегі, ықпал етудегі қызметін айқындау үшін шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері, тілдік фактілерді жинақтап, талдау мақсатында медиамәтіндер негізге алынды. Оның ішінде, 2014-2024 жылдар аралығындағы отандық БАҚ материалдары: «Егемен Қазақстан», «Ана тілі», «Айқын», «Жас Алаш», «Түркістан», «Алматы ақшамы», т.с.с. республикалық басылымдардағы қазақтілді мәтіндерден; шетелдік БАҚ материалдары: «Иносми» ([www.inosmi.ru](http://www.inosmi.ru)), «Взгляд» (<http://vz.ru>), «Lenta.ru» ([www.lenta.ru](http://www.lenta.ru)), «РИА Новости» ([www.ria.ru](http://www.ria.ru)), «Политнавигатор» ([www.politnavigator.net](http://www.politnavigator.net)), «Росбалт» ([www.rosbalt.ru](http://www.rosbalt.ru)), «American press» ([www.americanpress.com](http://www.americanpress.com)), «The Guardian» ([www.theguardian.com](http://www.theguardian.com)), «BBC» ([www.bbc.com](http://www.bbc.com)), «The Spectator» ([www.spectator.co.uk](http://www.spectator.co.uk)), «Independent» ([www.independent.co.uk](http://www.independent.co.uk)), «The Washington Post» ([www.washingtonpost.com](http://www.washingtonpost.com)), «The New Yorker» ([www.newyorker.com](http://www.newyorker.com)), «The Telegraph» ([www.telegraph.co.uk](http://www.telegraph.co.uk)), «The Russian American Media» ([www.RussianAmericanMedia.com](http://www.RussianAmericanMedia.com)) т.с.с. сайттардан алынды.

**Зерттеу материалы ретінде** 2500-ден астам эмотивті-бағалауыштық бірлік талданды. Оның ішінде, қазақ тілді – 1300-ден астам, шет тілді – 1100-ден астам.

**Зерттеу жұмысының жариялануы мен мақұлданыуы.** Диссертацияның мазмұны, тұжырымдары мен негізгі нәтижелері төменде көрсетілген конференциялар мен басылымдарда жарияланды:

1. The potential of emotive language to influence the understanding of textual information in media coverage // Humanities and social sciences communications. – 2022. – vol.9 – P. 222
  2. Цифрлық технологияның телевизияға ықпалы // Қазақ білім академиясының баяндамалары. – 2020. – №2. – Б. 363-370.
  3. Телевизияның қоғамда әлеуметтік ахуал қалыптастырудағы қызметі // Материалы международной научной конференции молодых ученых, студентов XII Сатпаевские чтения. Сәтбаев оқулары. 2020. – Б. 656-660.
  4. Қазақ әдеби тілінің нормалары және Ахмет Байтұрсынұлы ұстанымдары // Сәтбаев оқулары. 2020. – Алматы, 2020. – 2-том. – Б. 678-682.
  5. The reflection of the national mentality in the language (Ұлттық ділдің тілдегі көрінісі) // International Independent Scientific Journal. – 2020. – №14. – С. 33-40
  6. Телевизия дискурсын антропоэзектік тұрғыдан талдау мәселесі // Наука и жизнь Казахстана. – 2020. – №6. – Б. 351-355.
  7. БАҚ дискурсындағы эмотивті-бағалауыштық лексиканың қызметі // Ақымет Байтұрсынұлы – ұлттың рухани көсемі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалы. – Алматы, 2022. – Б. 301-306.
  8. Терминдерді лингвокогнитивті тұрғыдан зерттеудегі ұстанымдар // Ұлы дала тұлғалары: академик Шора Сарыбаев және ұлттық тілтаным тағылымы. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ кітабы, 2020. – Б. 210-217.
  9. БАҚ дискурсындағы эмотивті-бағалауыштық лексиканың экспрессивті қызметі // Материалы Всероссийской научно-практической конференции «Языки коренных народов России в междисциплинарном дискурсе». – Якутск, 2023.
  10. БАҚ дискурсындағы эмотивті-бағалауыштық лексиканың ықпал етуші қызметі // World Scientific Reports. Proceedings of the 5th International Scientific Conference. Paris (France) – 2024 – P. 17-24.
  11. БАҚ дискурсындағы эмотивті-бағалауыштық лексиканың тілдік механизмдері // «В. Томсен және қазіргі түркітану ғылымы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – Б. 207-216.
  12. Коннотация – эмотивті-бағалауыштық лексиканың негізгі семантикалық белгісі // «Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың теориясы мен тәжірибесі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2024. – Б. 183-192.
  13. БАҚ тіліндегі эмотивті-бағалауыштық лексика // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – №1 (193) – Б. 25-41.
- Зерттеу жұмысының құрылымы.** Диссертациялық жұмыс кіріспе, үш бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

# 1 ЭМОТИВТІ-БАҒАЛАУЫШТЫҚ ЛЕКСИКАНЫ АНТРОПОӨЗЕКТІК БАҒЫТТА ЗЕРТТЕУДЕГІ ҰСТАНЫМДАР

## 1.1 Эмотивті-бағалауыштық лексика – ғаламды эмотивті-бағалауыштық тұрғыдан бейнелеу тәсілі

Тілдің ең маңызды бірлігі – сөз. Сөз өмірдегі түрлі құбылыстармен қатар адамның психикалық күйін де білдіреді. «Жылқы кісінескенше, адам сөйлескенше» дегендей, әдетте ортақ тарихы бар, бір тілде сөйлесетін адамдар сөз арқылы түсініседі. Сөздің эмоциялы реңк алуы сөйлеуші мен тыңдаушыға байланысты. Сөз контексте ғана түрлі реңкке ие бола алады. Эмотивтілік тілдің барлық деңгейінде көрініс тауып, мәтін экспрессиясының күшеюіне ықпал етеді, сол арқылы тыңдаушыға әсері де зор болады [2]. Сөз мағынасының құбылуы пресуппозицияға, автордың интенциясына, нақты жағдаятқа байланысты. Осыған байланысты В.В. Виноградов: «Слово является одновременно и знаком мысли говорящего, и признаком всех прочих психических переживаний, входящих в задачу и намерения сообщения», – дейді [3]. Эмоция психологияда, психолингвистикалық ғылым салаларында зерттеледі. Аталған ғылым салаларының сан ғасырлық тарихы болғанмен, психологияда эмоцияның көпдеңгейлі табиғатын айқындайтын тұтас теория әлі қалыптаса қоймады. Эмоциялардың айқын жіктелімі болмағандықтан, лингвист ғалымдар эмоцияны тілдік тұрғыдан талдауда көп қиындыққа тап болады.

Экспрессивтілік пен эмоциялылықтың арақатысы туралы мәселе әлі де талас тудырып келеді. Б. Чарльстон, Ш. Балли, Р. Якобсон сияқты ғалымдар экспрессивтілік пен эмоциялылықты синоним ретінде қарастырады. Р. Якобсон: «Эмоциялылық немесе экспрессивтілік адресанттың интенциясына, эмоциясының шынайы не жалған болуына байланысты», – дейді [4]. Ш. Балли экспрессия мен эмоцияның басын қосып, «тіл жүйесіндегі элементтердің аффективті белгісі» ретінде сипаттайды. Осыған байланысты ғалым: «Стилистика тіл жүйесіндегі элементтердің эмоциялы экспрессиясын, тілдегі көркемдеуіш құралдардың берілуін зерттейді», – деп тұжырымдайды [5]. А.Я. Алексеев эмоциялылық пен экспрессивтілікті екі түрлі құбылыс ретінде сипаттап, эмоциялылықты психикалық, экспрессивтілікті материалдық құбылыс ретінде таниды [6]. А.А. Реформатский, В.А. Звегинцев, К.А. Левковская сияқты зерттеушілер де экспрессивтілік пен эмоциялылықты тең дәрежеде қарастырады. В.А. Звегинцев: «Сөз заттық-логикалық мағынасымен қатар ойды да жеткізе алады. Сөздің эмоциялық, экспрессивті бояуы болатындықтан, адам сөз арқылы көңіл күйін де білдіре алады [7]. Алайда сөз мағынасын көрсеткен кезде экспрессивті-эмоциялы элементтері айтыла бермейді. А.И. Ефимов, О.С. Ахманова, т.б. зерттеушілер эмоциялылық пен экспрессивтіліктің ара-жігін айырмай, тұтастай сипаттайды. Яғни эмоциялылықтың болуын экспрессивтілікпен байланыстырса, экспрессивтіліктің болуын эмоциялылықпен сабақтастырады. Соған сәйкес ондай сөздерді «эмоциялы-экспрессивті сөздер» деп атайды [8]. Е.Ф. Петрищева бұлардың бәрінің басын қосып, *сөздің эмоциялы бояуы* деп атайды [9].

Эмотивті-бағалауыштық мәнді білдіретін сөздердің дәл санын анықтау мүмкін емес. Зерттеушілер арасында мұндай сөздерді атауда да («эмоциялы», «эмотивті-бағалауыштық», «эмоциялы-экспрессивті», «эмоция бейнелі», т.б.), жіктеуде де пікір қайшылығы көп. «Эмотивтілік» атауын ХХ ғасырдың 20-жылдарында Б.А. Ларин енгізді. Поэзиялық шығармаларды талдау нәтижесінде зерттеуші «эмоционалдылық» пен «эмотивтілік» терминдерін екі бөлек дүние ретінде қарастырып, эмотивтілікті «өлеңдерді оқудан алған әсер» ретінде сипаттайды [10]. Е.М. Галкина-Федорук, Н.А. Лукьянова, В.К. Харченко, т.б. зерттеушілер «эмоциялылық», «бағалауыштық», «экспрессивтілік», «бейнелілік» сияқты ұғымдардың мәнін ашып, өзіндік белгілерін көрсеткен. Е.М. Галкина-Федорук, И.Р. Гальперин, И.В. Арнольд, А.И. Ефимов, т.б. зерттеушілер эмоциялылықты экспрессивтіліктің ажырамас бөлігі ретінде сипаттайды. И.В. Арнольд, И.Р. Гальперин эмотивтілікті интенсивтілік, бағалауыштық, бейнелілікпен қатар қойып, олар экспрессияға әсер ететінін айтады [11].

Е.М. Галкина-Федорук экспрессивтілікті сөздің мәнерлілігін, бейнелілігін, әсерлілігін күшейтетін құрал ретінде сипаттайды да эмоциялылық сезімді жеткізу үшін қолданылатынын айтады. Ғалым эмоцияның тілдегі көрінісі әрдайым экспрессивті болғанмен, экспрессия әрдайым эмоциялы бола бермейтінін айтады [11]. Е.М. Галкина-Федорук экспрессивтілік пен эмоциялылықтың қызметі де, осы мәндердің берілу жолдары да әртүрлі екенін ескерте келіп, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді. Ғалым эмоциялылық сөйлеу барысында сөздердің лексикалық мағынасы (*любовь, любящий*, т.б.), арнайы жұрнақтардың жалғануы арқылы (*работничек*), одағайлардың, интонацияның көмегімен берілетінін айтады. Ал экспрессия сөйлеу арқылы ғана емес, ым-ишара, мимика, адамның мінез-құлқынан да көрінетінін, сол себепті ол эмоциялылықтан әлдеқайда ауқымды екенін ескертеді [11]. Е.М. Галкина-Федорук экспрессивтілікті сөздің мәнерлілігін, бейнелілігін, әсерлілігін күшейтетін құрал ретінде сипаттайды да эмоциялық сезімді жеткізу үшін қолданылатынын айтады. Ғалым эмоцияның тілдегі көрінісі әрдайым экспрессивті болғанмен, экспрессия әрдайым эмоциялы бола бермейтінін айтады [11]. Е.М. Галкина-Федорук эмотивті-бағалауыштық лексикаға жататын сөздерді

1) сөйлеушінің сезімін, көңіл күйін білдіретін сөздер (*отвращение, брезгливость, любовь, ненависть, гнев, грусть, смирение*, т.б.);

2) зат-құбылысты жағымды не жағымсыз тұрғыда сипаттайтын сөздер (*добрый, злой, ужасный, страшный, милый*, т.б.) ;

3) эмоциялық мәні жұрнақтар арқылы білдірілетін сөздер (*столлик, цветочек, бабуся, ручонка, солнышко*, т.б.) деп жіктейді [11].

Ғалымның ұстанымын Н.М. Баженов, А.М. Финкель, т.б. зерттеушілер де қостайды.

Л.Л. Ким эмотивті-бағалауыштық сөздерді

1) атауыштық мәнінде бағалауыштық сипаты бар сөздер, яғни номинативті-бағалауыштық эмоциялы сөздер (*героизм, отвага, великоленно, величие*, т.б.) ;

2) тура мағынасында да, ауыспалы мәнде де эмоциялы реңкі бар сөздер (*орел* (адамға қатысты), *стальной* (мықты, берік), т.б.);

3) қосымшалар жалғану арқылы түрлі эмоцияны білдіретін сөздер, субъективті бағалау формалары (*маменька*, *мамочка*, *личико*, т.б.) түрінде топтастырады [12].

Л.Г. Барлас, Е.Ф. Петрищева және т.б. зерттеушілер стилистикалық бояуы бар сөздерді ерекшелеп көрсетіп, ондай сөздердің қатарында эмотивті-бағалауыштық сөздерді де атайды. Эмотивті-бағалауыштық сөздер мен стильдік бояуы бар сөздердің өзіндік ерекшеліктері де бар: эмотивті-бағалауыштық лексика сөзбен таңбаланған нысанға бағытталса, стильдік бояуы бар сөздер сөздің белгілі бір функционалдық стильдегі қолданысын, ол сөздің орынды не орынсыз қолданылуын сипаттайды [9]. Эмоциялы-экспрессивтік сөздер көркем шығарманың жанрына, идеялық мазмұнына қарай қолданылады.

В.И. Шаховский эмоциялылықты адамның психикалық әрекеті, эмоциялық жағдайлар мен эмоциялық (сезімдік) реакцияға әсері ретінде сипаттайды. Ал эмотивтілік адамның өзіндік сезімін, көңіл күйін білдіретінін айтады [2]. Ғалым эмотивтілік тілдің барлық деңгейінде көрініс тауып, мәтіннің экспрессиясы күшеюіне ықпал ететінін, сол арқылы тыңдаушыға әсері де зор болатынын айтады. В.И. Шаховский «эмосема» деген атау ұсынып, оны былайша сипаттайды: «Это специфический вид сем, соотносимых с эмоциями говорящего и представленных в семантике слова как совокупность семантического признака «эмоция» и семных конкретизаторов «любовь», «презрение», «унижение» и др., список которых открыт и которые варьируют упомянутый семантический признак (спецификатор) в разных словах по-разному» [2]. Эмотивтер эмоция мен сезімді білдіріп, тілдің барлық деңгейінде қызмет ете алады. В.И. Шаховский эмоция сөз арқылы бейнеленіп, басқаларға түсінікті болатынын, сөз эмоцияны сипаттаумен қатар эмоциялы фактор ретінде тыңдаушының эмоциясын тудыра алатынын, эмоция бағалау нысаны ретінде де сөз арқылы бейнеленетінін айтады [2]. Ғалым сөйленім эмоцияларды атайтын бірлік қана емес, адамның әлемге қатысын білдіретін құрал ретінде қызмет ететінін айта келіп: «Эмотивный текст – высказывание устное/письменное в пределах одного и более предложений, эмоционально описывающее действительность или передающее наряду с фактуальной также и эмоциональную информацию с помощью минимум одного эмотивного средства, выражающего определённую эмоцию, более или менее адекватно осознаваемую всеми коммуникантами в данной ситуации», – дейді [2].

Н.А. Лукьянова, Т.Г. Винокур, В.Н. Телия, Ю.М. Скребнев сияқты зерттеушілер эмоциялылықты экспрессивтілік тудыратын құрал ретінде көрсетеді [13]. Н.А. Лукьянова экспрессивтілікті «сөйлеушінің коммуникация барысында белгілі бір затқа қатысты пікірін, ұстанымын білдіру үшін қолданылатын аффект» ретінде сипаттайды [14]. Ғалым экспрессияны тілдегі және сөйлесімдегі қолданысына қарай жіктей отырып, оларды ажырату үшін контексті ескеру керектігін айтады. Зерттеуші эмоциялы сөздер бейнелі, көркем болғанмен, олардың экспрессивті болуы міндетті емес екенін, эмоциялылық пен

экспрессивтілікті ажырату үшін эмоцияның не экспрессияның басымдығына мән беру керектігін ескертеді. Н.А. Лукьянова мәтінде эмоциялылық пен экспрессивтілік алмасып келе беретінін ескерте келіп, қайсысы басым түскеніне байланысты түрліше («эмоциялы лексика», «экспрессивті лексика») атайды [14]. Профессор З. Ахметжанова бірқатар зерттеушілердің экспрессивтілікті эмоциялы бағалаумен байланыстыратынын ескерте келіп: «Экспрессивность предполагает и логическое усиление, поэтому ограничение экспрессивности лишь сферой эмоциональной оценки представляется не совсем верным. Таким образом, не должно вызывать возражений разграничение двух категорий как самостоятельных, оценочность в целом не всегда экспрессивна, экспрессивность не всегда оценочна. Другое дело, что в системе функциональных разновидностей языка существуют стили, в которых преобладает оценочная экспрессивность, куда входит, например, и газетно-публицистический стиль», – дейді [15].

О.С. Ахманова «Лингвистикалық терминдер сөздігінде» экспрессияны «выразительно изобразительные качества речи, отличающие ее от обычной (или стилистически нейтральной) и придающие ей образность и эмоциональную окрашенность», – деп сипаттайды [8]. Орыс тіліндегі сөздіктерде эмоциялы сөздер *бран.*, *ирон.*, *шутл.*, *пренебр.*, *укор.*, *недобр.*, *торж.*, *ритор.*, т.с.с. стильдік белгілермен ерекшеленген. Алайда ол сөздер өзге де қосымша мәндерге ие болуы мүмкін. Мысалы, *неодобр.*, *презрит.*, *пренеб.*, *торж.*, *ритор.*, т.б. белгілер қойылған сөздер сөйлеушінің эмоциясын да білдіре алады, сондай-ақ *ирон.*, *шутл.*, *укор.*, т.б. белгі қойылған сөздер сөйлеушінің бір нәрсеге қатысты көзқарасын, ұстанымын да білдіруі мүмкін.

Сонымен, зерттеушілер эмотивті-бағалауыштық лексиканы түрлі қырынан сипаттайды:

А) Е.М. Галкина-Федорук, Н.Г. Комлев, Н.А. Лукьянова, М.В. Никитин, Р.Г. Пиотровский, И.А. Стернин, В.К. Харченко, Д.Н. Шмелев, В.И. Шаховский, т.б. зерттеушілер эмотивті-бағалауыштық мәнді сөздерді семантикалық тұрғыда қарастырып, сөздің мағынасын, ұғымға қатысын сөз етеді. Яғни аталған ғалымдар эмотивті-бағалауыштық лексиканы семантикалық, функционалдық тұрғыдан сипаттайды.

Ә) И.В. Арнольд, В.Н. Телия, И.А. Стернин, Н.А. Лукьянова, В.И. Шаховский, Л.А. Новиков, Е.М. Петрищева, Е.М. Вольф, Т.В. Матвеева, В.И. Говердовский, В.Н. Гридин, Т.А. Графова, В.К. Харченко сияқты ғалымдар эмотивті-бағалауыштық лексиканы денотативті және коннотативті тұрғыдан сипаттайды.

Эмотивтік-бағалаушы лексиканы зерттеуде бірнеше бағыт қалыптасқан:

- жүйелік-құрылымдық бағыт (В.В. Виноградов, Е.М. Галкина-Федорук, В.Н. Телия, Е.М. Вольф, И.А. Стернин, Л.М. Майданова, Л.С. Войтик, В.К. Гхарченко, Н.А. Лукьянова, В.И. Шаховский, Т.В. Матвеева, Н.Б. Лаврентьева, В.И. Говердовский, В.Н. Гридин және т.б.);


- функционалды-семантикалық бағыт (В.Н. Телия, Е.М. Вольф, И.А. Стернин, В.И. Шаховский, Е.А. Гутман, Ф.А. Литвин, М.И. Черемисина, Т.А. Графова),

- семантикалық-стилистикалық бағыт (Ш. Балли, И.В. Арнольд, Г.М. Петриш, т.б.); лексикографиялық (Н.А. Лукьянова, Ю.Д. Апресян, В.Н. Телия, Г.Н. Склярская, Н.Б. Лаврентьева, Т.А. Трипольская, О.А. Новоселова, Е.Ю. Булыгина, Л.Н. Храмова және т.б.);

- семантикалық-прагматикалық бағыт (Р.М. Харе, Ч. Стивенсон, Е.М. Вольф, В.Н. Телия, Е.С. Азнаурова, Н.Д. Арутюнова, Л.А. Киселева, Т.А. Графова, Т.В. Маркелова және т.б.).

Зерттеу еңбектерінде екі түрлі тіркес (*эмоциялар лексикасы*, *эмотивті лексика*) қалыптасқан. Екі тіркес те эмоцияға қатысты болғанмен, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар (1-схема). Эмоция тілде көрініс тапқан кезде атауыштық немесе предикативті қатынасқа түсіп, субъектінің жағымды (мелиоративті) не жағымсыз (пейоративті) әсерін білдіреді. Эмотивті лексика өз ішінен екіге жіктеледі. Эмоциялар лексикасы тілдегі эмоцияларды көрсетіп, атауыштық (номинативтік) қызмет атқарса, эмотивті лексика сөйлеушінің алуан түрлі көңіл күйін білдіріп, бағасын көрсетеді де экспрессивті, прагматикалық қызмет атқарады.

1-схема Эмотивтіліктің ерекшелігі



Екі тіркес те (*эмоциялар лексикасы*, *эмоционалды лексика*) эмоцияға қатысты болғандықтан, Л.Г. Бабенко олардың басын біріктіріп, «эмотивті лексика» деп атайды [16]. Эмоцияны психологиялық категория, эмотивтілікті тілдік категория ретінде сипаттай отырып, екі түрлі қарастыруға болатынын (тар шеңберде, кең шеңберде) ескертеді. Ғалым эмотивтілікті кең шеңберде қарастырғанда ол эмоцияны бейнелейтін тілдік құралдардың бәріне қатысты болатынын айтады. Ал тар шеңберде сөйлеушінің эмоциясын білдіретін тәсіл ретінде сипатталады да одағайларға, эмоциялы реңкі бар сөздерге қатысты болады. Эмотивтер одағай сияқты сөздің мағынасымен толық сәйкес келуі де мүмкін, экспрессиялы сөздер сияқты коннотат мәнді болуы мүмкін немесе



эмоцияға қатысты сөздердің атауы (атауыш эмотив) болуы мүмкін. Л.Г. Бабенко эмоция мен сезімді экстралингвистикалық фактор ретінде сипаттай отырып, олардың тілдегі көрінісін «эмотивті мән» деп атайды [16]. Эмотивті мән адамның түрлі эмоциялары туралы ақпарат беріп, тілдік құралдарда эмоцияға қатысты семантикалық компонентті сипаттайтын тілдік бірлік ретінде қызмет етеді.

Мәтінді екі жақты, яғни тілдік құралдардың жиынтығы ретінде (жүйелілік, тұтастық, тиянақтылық, коммуникативтілік, экспрессивтілік сияқты категорияларды қамтиды) және экстралингвистикалық факторлар (коммуникацияның мақсаты, уәжі, адресант пен адресаттың ерекшелігі) тұрғысынан сипаттауға болады. Мәтін талдауда эмоцияның тілдегі көрінісі өте маңызды. Ол мәтіннің экспрессивті бояуына әсер етеді. А.И. Ефимов, В.А. Звегинцев, Ю.П. Плотникова, Н.М. Шанский және т.б. еңбектерінде эмотивті-бағалауыштық лексика стильдерді ажырататын элемент ретінде сипатталады [7].

Контексте қарай сөз түрлі реңкке ие болуы мүмкін:

1. Сөз контексте түрлі эмоциялық реңк жамай алады. Жеке тұрғанда сөздің ондай мәні болмағанмен, контекстің ыңғайына, категориялық жағдаятқа байланысты сондай мәнге ие болуы мүмкін. Эмоциялық реңк пен бағалау бір сөзбен емес, тұтас контекст арқылы беріле алады.

Жағымсыз (пейоративті) мәнде қалыптасқан «өлім» сөзі Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерінде жағымды (мелиоративті) мәнде қолданылады:

*Өлім күйі – тәтті күй,  
Балқиды жаным бұл күйге.  
Мені де, өлім, алдиле,  
Әлдиле, өлім, алдиле!*

Өлімнің күйін тәтті күйге теңеп, осы күйдің әуеніне жаны балқитынын айтады. Сол сияқты жағымды мәнде қолданылатын «еңбекті» ақын от жүректі жерлейтін, жанға аспанға өрлеуге ерік бермейтін, езіп, соқыр қоңызға айналдыратын, сорлы адамзатқа көктегі күнді көрсетпейтін, еңбектеген мылқау диюға балайды:

*Еңбек – өлім жан қанатын қиятын,  
Еңбек – өлім жанды ашудан тыятын.  
«Еңбек» деген – еңбектеген мылқау дию  
Жаншып, жанның сұлу сынын жоятын.*

Яғни контексте сөз түрлі реңкке ие болуы мүмкін. Сөздің мәні контекст арқылы ғана ұғынықты болады.

2. Жағымсыз (пейоративті) бағалау мәні бар қосымша жалғанған сөздер контексте бейтарап мәнде жұмсалуды мүмкін. Мысалы, қазақ тілінде **-сымақ** жұрнағы кемсіну, қомсыну мәнін білдіретін сөз тудырғанмен (*әниісымақ, ақынсымақ*, т.б.), А. Байтұрсынұлы сол жұрнақ жалғанған сөздерден лингвистикалық термин жасаған (*затсымақ, сынсымақ, үстеусімек*) [17]. Нақтырақ айтсақ, «белгілі бір нәрсеге, адамға ұқсау» мәнін негізге ала отырып, жеке тұрып, зат есім (сын есім не үстеу) болмағанмен, контексте жаңа реңк жамап, солай көрінетін сөздерді *затсымақ, сынсымақ, үстеусімек* деп атаған.

Яғни шет тілдік атаулардың орнына қазақ тілінен балама ұсынған: *затсымақтану – субстантивация, сынсымақтану – адъективация, үстеусімек – адвербиализация*. Мұндай тәсіл көркем әдебиетте де кездеседі. Мәселен, Н.А. Некрасовтың «Коробейники» атты шығармасында «*смертушка*», «*обидушка*» сөздерінде еркелету, кішірейту мәнін үстейтін қосымшалар жалғанғанмен, контексте ондай мәнінен ажырап, жағымсыз мәнде қолданылған.

3. Контекст сөздердің мағынасын нақтылай түседі. Мысалы: *Однажды в вагон вошел пассажир в черной шляпе, наглухо застегнутом пальто и коричневых лайковых перчатках. Длинное, выхоленное его лицо выражало каменно равнодушие ко всему на свете. Но он был учтив... Когда он сошел у Красных ворот, весь вагон начал изошряться в насмешках над ним. Его обзывали «артистом из погорелого театра» и «фонбароном»* (Паустовский. Повесть о жизни) деген контекстегі *артист погорелого театра* деген тіркестің театрға да, әртіске де қатысы жоқ. Бұл тіркес алдаушы, көз бояғыш, жасанды әрекет иесіне, қолынан түк келмейтін, орашолақ адамға қатысты қолданылған. Яғни контекст арқылы сөздің қандай мәнде қолданылып тұрғанын айнықтауға болады.

4. Адам қандай да бір затты көріп, бір жағдайды, ахуалды есіне түсіруі мүмкін. Ол зат бір сөзбен ғана берілгенмен, контекст арқылы ол сөздің астарын ұғуға болады.

Эмотивті-бағалауыштық лексикаға оң (мажорлы) не теріс (минорлы) эмоция мен сезімді білдіретін сөздер (*қуаныш, сүйініш, қайғы, ашу, т.б.*); эмоциялық мәнді білдіретін жұрнақтар не шылаулар жалғанған сөздер (*әкімсымақ, әншісымақ, мал екеш, т.б.*), зат не құбылысты жағымды (мелиоративті) не жағымсыз (пейоративті) бағалау дихотомиясында сипаттайтын сөздер (*мейрімді, ашушаң, ақылды, сүйкімсіз, сұрықсыз, олақ, салақ, т.с.с.*); адами қасиетті көрсететін сөздер (*адал, әділ, шыншыл, т.с.с.*) жатады. Эмоциялық күй, эмоциялық қатынас тілде әртүрлі құралдармен беріледі: бірде жекелеген сөздер эмоциялық күйді атау үшін (*қорқыныш, махаббат, сүйіспеншілік, ашу, ыза*) қолданылса, енді бірде эмоциялық күй одағай сөздермен беріледі, сондай-ақ адамның сырт келбеті, болмыс-бітімі, жүріс-тұрысы, қимыл-қозғалысы, дауысын сипаттау арқылы да беріледі. Мағынаның құрылымы өте күрделі. Онда негізгі мағынамен қатар қосымша мағына, субъективті реңктер де көрініс табады. В.Н. Гридин қарапайым сөздер, бейпіл (боқтық) сөздер, ауыспалы мәнде қолданылған бейтарап сөздер (*козел, баран, мотылек, дуб*) эмоциялы реңкке ие болатынын айтады [17]. Зерттеушілер арасында одағайлардың эмотивті-бағалауыштық мәнде жұмсалыуына байланысты пікір алалықтары бар: В.Н. Гридин одағайды эмоцияны білдіру үшін жиі қолданылатын сөз табы ретінде атаса [17], Н.А. Лукьянова одағайды көмекші сөз ретінде атап, сөз табы ретінде қарастырмайды [14].

Эмотивті-бағалауыштық лексикаға тән бірліктерді (*лопух, медведь, баловень, недотепя, дивный, чарующий, плюгавый, расфуфырится, балбесничать, т.б.*) сөзтізбеде ерекшелеп көрсету қажет екені дау тудырмайды. Алайда оларды беруде бірізділік сақталмай, қарапайым, сөйлеу, дөрекі, т.с.с.

белгілер қойылып келеді. Эмоциялық бояу сөздің стильдік қолданысын көрсетеді. Әр стильдің өзіндік ерекшелігі болуына байланысты ғылыми стильде, ресми іс қағаздар тілінде эмотивті-бағалауыштық сөздер қолданылмайды, ал көркем әдебиет стилінде, публицистикалық стильде, сөйлеу тілінде ондай сөздер өте жиі қолданылады.

Қазақ тілінде әрдайым жағымсыз (пейоративті) мәнде жұмсалатын тіркестер қалыптасқан. Мысалы: *Бүгінде 4 мың адамның ағзасын шұғыл түрде ауыстыру керек. Алайда елімізде мәйіт донорлығының жағдайы мәз емес* (Қазақстанда мәйіт донорлығы қайтадан іске қосыла ма? // Жас алаш. 15.01.2024). *Кодекс жобасына қолданыстағы нормалардан басқа маңызды ештеңе қосылмағанын ескерсек, дәл осылай ой түюге тура келеді* (Фархат Қайратұлы Маңызды құжатқа мән берген жөн // Егемен Қазақстан. 15.01.2024). *Сол секілді «құжат саланың инвестициялық тартымдылығын арттырады» деген тұжырым да күмән тудырады* (Фархат Қайратұлы Маңызды құжатқа мән берген жөн // Егемен Қазақстан. 15.01.2024). *Бұл тұрғыда кодекс жобасы құрылыс индустриясының сауда-экономикалық қатынастарына қатысушылар арасында теңдік пен бәсекелестікті қамтамасыз етеді деу қисынсыз, – дейді ол* (Фархат Қайратұлы Маңызды құжатқа мән берген жөн // Егемен Қазақстан. 15.01.2024).

Сол сияқты бұқаралық ақпарат құралдарында *әсіресе, қалай да, әлі, әлі де, әлі де болса, әлі күнге, әлі күнге дейін* сияқты тілдік бірліктер екі түрлі (жағымды, жағымсыз) мәндегі интенсив түрінде қолданылған. Мысалы: *Әсіресе ауыл шаруашылығы саласындағы техниканың 80 пайызға жуығының тозығы жеткен* (Гүлмира Бағытқызы Өндіріс өркендесін десек... (Егемен Қазақстан. 15.01.2024). *Мектепте, балабақшада оқушы-оқытушылардан тек қытай тілінде сөйлеуді талап етеді. Бұл жағдай әсіресе үлкен қалаларда ушығып тұр* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). *Өкінішке қарай, бұрынғы кландық жүйе ондай қадамға баруға мүдделі еместігін көрсетіп, қалай да Жаңа Қазақстан деп аталған мемлекеттік басқару жүйесін қиратуды көздеді* (Нұргелді Әбдіғаниұлы Елімізде адам құқығы қалай бағаланады? //Жас алаш. 15.01.2024). *Әйтпесе, неміс ғалымы Э. Бенекенің Абайға жақсылығынан басқа зияны тиген жоқ. Абай мен Бенекенің ой сабақтастығы, Ғарифолла мырза қалай ма, қаламай ма, қалай да зерттелетіні кәміл* (Тұрсын Жұртбай, Сұлтан Ыбырай »Тура сөзін айта алмай...» //Егемен Қазақстан. 27.12.2023). *Екіншіден, біздің ұлттың жан дүниесі тарихи реабилитациядан әлі де өткен жоқ* (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024). *Еліміздегі экономиканың жалпы өсіміне жататын машина жасау мен металл өңдеу салалары әлі де болса импортқа тәуелділіктен арылмай келеді* (Гүлмира Бағытқызы Өндіріс өркендесін десек.. //Егемен Қазақстан. 15.01.2024). *Атом бомбасы жарылған ол жерлер әлі күнге ашық жатыр* (Бір заңның зардабы. 2003 жылы Жер кодексі қабылданған кезде сіз парламент сенатының депутаты болған Зәуреш Батталовамен аз-кем әңгіме дүкен //Жас алаш. 11.01.2024). *Жердің қадіріне жетіп, ердің қасиетін біліп, төрт*

құбыламызды түгендеп, енді бірқалыпты тірлік кешу ғана қалғандай, халқымыздың оңтүстік, солтүстік, шығыс я батыс немесе орталық өңірінің қайсысы мықты, қайсысы осал, қазақ тарихында кімнің үлес-салмағы айрықша деген сықылды ұғым төңірегінде өрістеген пікірталас кейде өршеленіп барып, өшпенділікке ұласып, ақыр-соңында аруақ пен аруақты таластырып тынатын бәтуасыздықтан **әлі күнге дейін** арыла алмағанымыз қалай? (Нұртөре Жүсіп Шаштайұлының шындығы //Айқын. №13 (2889). 28.01.2016). Мұның бәрі – жай тарих емес, тәуелсіздікті сақтау, баянды ету жолында **әлі де** кәдеге аса беретін тозбас құндылықтар (Жәнібек Әлиман Жанға сақтау болған жұрт //Егемен Қазақстан. 19.12.2023). Бірақ күшпен қабылданған құжаттың негізгі ережелері **әлі күнге дейін** орындалған жоқ (Бір заңның зардабы. 2003 жылы Жер кодексі қабылданған кезде сіз парламент сенатының депутаты болған Зәуреш Батталовамен аз-кем әңгіме дүкен //Жас алаш. 11.01.2024).

Байқап отырғанымыздай, әсіресе, қалай да, әлі, әлі де, әлі де болса сияқты тілдік бірліктер көбінесе жағымсыз мәнде қолданылған. Бұл орыс, ағылшын тілді бұқаралық ақпарат құралдарында да тән: «Презрение» – **едвали не самый знаменитый «фильм о фильме» с легендарным режиссером Фрицем Лангом в главной роли: он снимает там эпопею об Одиссее** (Дроздова М. Мир наших желаний //Санкт-Петербургские ведомости. 11.05.2016. URL: [http://spbvedomosti.ru/news/culture/mir\\_nashikh\\_zhelaniy/?sphrase\\_id=34561](http://spbvedomosti.ru/news/culture/mir_nashikh_zhelaniy/?sphrase_id=34561)). Конечно, **далеко не все работы Ли Уфана столь милы и безобидны** (Савицкий С. Выставка «Ли Уфан: Трость титана» проходит в Эрмитаже /С. Савицкий //Деловой Петербург. 1.04.2016. URL: [http://www.dp.ru/a/2016/03/31/Malij\\_ne\\_promah/](http://www.dp.ru/a/2016/03/31/Malij_ne_promah/)). Из балетных премьер осуществлены **лишь две** одноактные постановки – «Весна священная» Саши Вальц и «Concerto DSCN» Алексея Ратманского. (Про декорации и костюмы говорить не буду, потому что говорить не о чем). **И все! При этом оперный репертуар пополнился шестью! полнометражными! операми. И это не считая оперных премьер в концертном исполнении** (Кулагина В. Абсурд не улавливается в сети ни здравого смысла, ни понятий рассудка, ни идей разума //PRO Танец. 22.01.2014. URL: <http://www.protanec.com/#!/ccpp/1A4C065F-2481-450D-8BD5-014341C2DBE1>). Балерина **совсем не помогает партнерам, нет plie, для того чтобы они смогли подготовиться к поддержке, нет толчка, чтобы им было легче осуществлять подъем** (Кулагина В. «Дон Кихот» и «Баядерка» в рамках фестиваля «Мариинский» //PRO Танец. 2013. № 2 (5) ).

Бұқаралық ақпарат құралдарында журналистердің эмоцияны білдіретін сөздерді нақтылап, айқындап беретін тұстар да жиі кездеседі. Мысалы: **Ал оның «Қазақфильмнің» өнімі екенін ескерсек, «Тегін таралым арқылы фильмнің бәсін төмендетіп алған жоқпыз ба?» деген қауіп бар** (Гүлзина Бектас «Құнанбай» ғаламторда жүр. Бұл заңға томпақ емес пе? //Айқын. №17 (2893). 4.02.2016). **Тіпті ғалымдар кей ақиқатты әдейі жасырып та отыруы мүмкін зой. Себебі – «мен айтсам, ол да айтады» деген қорқыныш** (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024). **Тіпті үйге белгісіз аппарат алып келіп,**

**«Қазір мынаны қосамыз, үйде діни атрибут бар болса, шиқылдап сигнал береді» деп қорқытқан көрінеді** (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). Сондықтан **«Үйлерімізге жылу жетпей қала ма?» деген қалалықтардың қорқынышын да түсінуге болады** (Жақсыбай Самрат Мұржаның жыры қашан бітеді? //Егемен Қазақстан. 15.01.2024). Бірақ Кеңес заманында **«ура-ура, жоспар» деген ұранды айғайлармен жанталасып, сапасыз қаланған кірпіштер осал, арасына жел кіріп, су өтіп, құрылысты дымдай берген** (Жақсыбай Самрат Мұржаның жыры қашан бітеді? //Егемен Қазақстан. 15.01.2024). **«...Атасы баласын, анасы қызын жей бастады. Ел қырылды, жүрерге жол жоқ, барарға жер жоқ. Келген тағыз жәрдем жоқ... Қарны тоқ азайын, ашыққан тумана қарасар күнің осы күн!» деген жанайқайымен заман шындығын жеткізіп, барша саналы қауымды қандастарына қарайласуға шақырды** (Сағымбай Жұмағұл Ұлттық өрлеу ұйытқысы //Егемен Қазақстан. 21.12.2023). Оның келіп кеткенінен жекеменшіктегі иелері қандай да бір пайда көріп жатқаны шамалы, керісінше, әкімнің **«кесте-кесте» деп дігерлей бергені** ұнамайтын шығар. Кезінде **«план-план» деп асықтырып салғанның қорытындысы көрінді ғой, сондықтан әкімнің «ең маңыздысы – сапа-сапа» деп талап еткені қазіргі халыққа да, кейінгі ұрпаққа да тиімді болар еді** (Жақсыбай Самрат Мұржаның жыры қашан бітеді? //Егемен Қазақстан. 15.01.2024).

Экспрессивтілік – мәтіннің басты ерекшелігі. Тілдің фонетикалық, лексикалық, синтаксистік құралдары арқылы көрініс таба отырып, мәтіннің әсерін күшейтеді. Ол мәтіннің прагматикалық, семантикалық, стилистикалық деңгейлерінде көрініп, мәтіннің эмотивті, логикалық мазмұнына әсер етеді. Эмотивтілік – экспрессивтіліктің құрамдас бөлігі. Ол мәтінде адамның көңіл күйін, сезімін, аффектісін білдіріп, адамның шындық болмысқа, зат-құбылысқа қатысын көрсетеді, сол арқылы басқаларға ықпал етеді. Эмотивті лексиканың ішінен эмоциялылығы ассоциацияға байланысты болатын, денотатқа тікелей қатысы бар, эмоция мен сезімді атайтын сөздердің орны бөлек. Эмотивтілікті сипаттауда жағдаятты, субъектінің көңіл күйі, эмоциясына ерекше мән беріледі. Бұл орайда сөйлеушінің интенциясына, түрлі коммуникативтік жағдаятқа байланысты эмоциялы күй түрліше болатынын ескеру қажет.

Эмотивті-бағалауыштық лексиканың көмегімен адам эмоциясын, сезімін, бағасын білдіреді. Эмоция мен сезім тілдік құралдармен берілген жағдайда ғана тілдік тұрғыдан талдана алады. Бұл орайда сөйленімдегі лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларды ескеру керек. Коммуникативті жағдаятқа, нақты сөйлеу актіне қатысты эмотивтік-бағалауыштық сөздерді аса сақтықпен қолдану қажет. Яғни эмотивтік-бағалауыштық сөздер сөйлеушінің танымына, бағалауына, адресатқа, коммуникативті жағдаятқа байланысты болады. Эмотивтік-бағалауыштық сөздің лексикалық мағынасымен қатар эмоцияның берілуі, эмотивті-бағалауыштық, бағалауыштық мәндердің берілу жолдарын да нақтылау қажет.

## 1.2 Коннотация – эмотивті-бағалауыштық лексиканың негізгі семантикалық белгісі

Эмотивті-бағалауыштық лексиканы антропоэзектік бағытта зерттеуде коннотацияға ерекше мән беріледі. Эмотивті-бағалауыштық лексиканы прагматика, когнитивті лингвистика тұрғысынан сипаттағанда да осы ерекшелігі ескеріледі. Бағалауыштық мән мен эмотивті сипаттау өзара байланысты болғанмен, үнемі тең түсе бермейді. Сол себепті тілде бағалауыштық мән алуан түрлі болуы мүмкін. Ол объективті, субъективті факторларға да байланысты болады. Белгілі бір нысанға қатысты қалыптасқан пікір-тұжырымға сүйенген, айқын когнитивті негізі бар эмоция тудыратын баға эмоцияға қатысты болғанмен, адамның әлемге біршама объективті қатынасын көрсетеді. Бағалауыштық мәннің субъективті, объективті компоненттері өзара диалектикалық бірлікте болады. Бағалау – субъектінің объектіні тілдік бірліктердің көмегімен сипаттауы. Логикадағы «баға» ұғымы тіл біліміндегі «бағалау» семантикалық категориясымен сәйкес келеді. Яғни бағалауға қатысты пайым-түсінік тілде логика-семантикалық категория ретінде сипатталады. Бағалау категориясы экспрессивтілікпен тығыз байланысты болғанмен, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар: бағалауда адамның белгілі бір нысанға көзқарасы, оның пайдалы-зиян тұстары нақтыланса, эмоциялы-экспрессивті мәнде адамның соған қатысты сезімі, әсері, эмоциясы көрініс табады.

Лексикалық семантика таңбадан басқа екі макрокомпоненттен – денотация мен коннотациядан құралады. Бірқатар зерттеушілер үш түрін атайды: денотат (логикалық-заттық), коннотат (эмотивті), бейнелі компонент (функционалды-стилистикалық). Денотация объективті шындықты сол қалпында бейнелейді. Бұл жағынан ол сөйлеушіні, коммуникативті жағдаятты негізге алатын коннотацияға кереғар болады. Антропоэзектік бағыттағы зерттеулерде семасиологиялық сипатты мәселелер (денотат және коннотат компоненттердің өзара қатысы, көлемі, мазмұны) сөз болады. Бұл орайда әсіресе «сөйлеуші мен тілдік бірліктің» өзара қатысына ерекше мән беріледі. Сол арқылы тілдік тұлғаның ғалам бейнесін қалай қабылдап, қалай сипаттайтыны, ғаламның тілдік көрінісі айқындалады.

Денотат ақиқат болмысты шынайы бейнелесе, коннотат сөйлеушіге, коммуникативті жағдаятқа байланысты болады. Денотат логикалық-заттық мәнде қолданылатындықтан, зат, құбылыстың нақты сипаты, сапасын білдіреді. Яғни денотат – сатылай байланысқан, көпкомпонентті лексикалық семантиканың бөлігі, коннотат – лексикалық мағынаның шеткергі аймағы, сөйлеушінің көңіл күйін, белгілі бір адамға не затқа қатысын білдіретін, қосымша мән. Тіл білімінде денотат және коннотат макрокомпоненттерді ажырату, «бағалау» және «артықшылық» компоненттерінің орны туралы мәселе де талас тудырып келеді. Зерттеушілер бағалауды түрліше сипаттады: Н.А. Лукьянова, В.Н. Телия, В.И. Шаховский, В.К. Харченко, Н.Б. Лаврентьева, Л.С. Войтик, Э.А. Вайгла, А.В. Филиппов және т.б. зерттеушілер рационалды бағалау сөздің концептуалды және логикалық мазмұнын құрайтын элемент ретінде, эмотивтік бағалау коннотация белгісі ретінде көрсетеді [14]. Н.А. Шрамм

рационалды бағалау мен эмотивті бағалауды ажыратарлық нақты меже жоқ екенін ескеріп, бағалаушылық мәнді сөздердің денотативті немесе коннотативті сипатын айқындау қиынға соғатынын айтады [19].

Коннотацияны сипаттауда екі түрлі бағыт қалыптасқан: В.К. Харченко, Т.В. Матвеева, Н.А. Лукьянова, И.А. Стернин, т.с.с. тар шеңберде зерттеушілер «эмотивтілік», «эмотивтік бағалау», «артықшылық» компоненттерін негізге алса, В.И. Говердовский, В.Н. Телия сияқты кең шеңберде зерттеушілер коннотацияны тілдік бірліктің заттық-ұғымдық (денотативті) мәнімен, грамматикалық мәнімен байланыстыра сипаттайды [14]. Н.А. Лукьянова коннотация мен прагматиканы өзара сабақтастыра отырып, екі түрі субъектіні көрсетеді: номинация субъектісі (S-1); сөйленім субъектісі (S-2). Номинация субъектісі (S-1) қандай да бір зат, құбылысты бағалап, атау берсе, сөйленім субъектісі (S-2) дайын бірлікті өз мақсатына сәйкес сөйлеу барысында қолданады. Зерттеуші прагматикалық және коннотативтік элементтерді (эмотивтілік, бағалаушылық) бөлек сипаттап, адресант, адресат, коммуникативтік жағдаят сияқты факторларды прагматикамен сабақтастырып, номинация субъектісімен (S-1) емес, сөйленім субъектісімен (S-2) байланыстырады [14]. Ю.Д. Апресян прагматиканы сөйлеушілердің шындық болмысқа қатысы, хабарлама мазмұны, адресатқа қатысы тұрғысынан сипаттай отырып, сөздің эмотивтік-бағалаушылық мәнін талдайды [20]. Н.Д. Арутюнова да бағалауды тілдік бірліктің прагматикалық сипатының негізгі элементі ретінде сипаттайды [21]. Ғалым эмотивтік-бағалаушылық лексиканы антропоэзектік тұрғыдан сипаттағанда адамның бағалаушылық қызметіне ерекше мән берілетінін айтады. Сол себепті адамның бағалаушылық қызметі сөз болғанда субъект, адресат, сөйлеу әрекеті, коммуникация талаптары, сөйлеушінің интенциясы, т.б. мәселелер де назардан тыс қалмайды.

Коннотацияны тар шеңберде қарастырсақ, оның прагматикамен байланысы айқын көрінбейді: коннотативтік компоненттер (эмотивтілік және эмотивтік бағалау) мағынаның прагматикалық аймағына тән болады. Коннотация кең шеңберде сипатталып, прагматикалық макрокомпонентпен теңестірілсе, коннотацияны тілдік семантикаға, прагматикалық компонентті коммуникативті аймаққа телуге болады. Сонда әр элемент коннотацияның құрамдас бөлігі ретінде прагматикалық компонентке кіреді де сөйлеу барысында көрініс табады. Бұл орайда коннотативтік немесе прагматикалық элементтерді сөздің семантикалық ерекшеліктеріне қарай жүйелік-құрылымдық тұрғыдан немесе лексикалық мағынаны коммуникативті сипатына қарай талдай отырып, сипаттауға болады.

Коннотация адамның сезімі, ақиқат шындыққа қатысын білдіретіндіктен, ол іштей *эмоциялы, бағалаушылық, бейнелі, экспрессивті* болып бөлінеді. Эмоция адамның әлеуметтік орнын, адамгершілігін көрсетеді. Адам сөйлемей-ақ эмоциясымен көңіл күйін, жақтыратынын не жақтырмайтынын білдіре алады. Түрлі ұлт өкілдері адамның кейпіне қарап-ақ ашуланып не қуанып, ренжіп не мұңайып тұрғанын, қорқып не таң қалып тұрғанын біле алады. Сөздің лексикалық мағынасының құрылымына енбейтін, бірақ сол сөздің мағынасымен

қабаттаса, жарыса жүретін компонент *мәдени коннотация* деп аталады. Мысалы, *қымыз* «бие сүтінен ашытылған сусындық тағам» десек, вербалды таңбаның лексикалық мағынасы. Ал осы лексикалық мағынамен жарыса жүретін *қымыз* – *көптің асы, астың асылы* деген компоненттер мәдени коннотацияға жатады [22].

Адам сөйлеу арқылы эмоциялық қалпын білдіреді. Тілдің эмотивті қызметі эмотивті код арқылы жүзеге асады. Ол (код) тілдік құралдардың көмегімен тілдің эмотивті функционалды өрісін қалыптастырады. Эмоциялы сөздер мен тіркестердің синтаксисі туралы Ш. Балли, А. Сэше, Ж. Вандриес, С. Гюнтнер, М. Дрешер, С. Нимейер и Ф. Унгерер еңбектерінде де сөз болған [5]. Ш. Балли экспрессивті стилистикалық құралдарды *аффективті* және *логикалық* деп жіктесе [5], Ж. Вандриес эмоциялы сөздер қолданылғанда фразаның эмоциялылығы күшейе түсетінін айтады [23], А. Сэше эмоция фразаның жазба тілге тән синтаксистік құрылымын бұзып, сөйлеу тіліне тән құрылым тудыратынын айтады [24]. Н.О. Трубецкой экспрессияны стилистикаға қатысты сөз етеді [25].

В.И. Шаховский эмотивтерді *аффективтер* мен *коннотативтерге* жіктейді [2]. М. Дрешер одағайлардың көмегімен толыққанды коммуникация орнайтыны туралы сөз етсе [26], С. Нимейер іскери келіссөздер барысындағы эмоциялардың бейвербалды қолданысын сипаттайды [15]. Ал С. Гюнтнер келтехат жазу барысындағы эмоциялардың репрезентациясын талдаса, Ф. Унгерер ағылшын тілі мен неміс тіліндегі жаңалықтардағы эмоциялардың көрінісін сөз етеді [15]. И. Уилкинсон эмоциялы сөздерді көбірек қолданған сайын оралымдардың (фраза) эмоциялық бояуы да қанық болатынын айтады [15]. Ф. Унгерер эмоция оралымның жазба тілде тұрақтанған синтаксистік құрылымын бұза отырып, сөйлеу тіліне тән құрылым түзетінін ескертеді [15]. Дұрысында, мәтіннің эмоциялық жағынан қанық болуы үшін өзіндік тілдік сипаты, ерекшелігі болуы тиіс, оны синтаксистік құрылымның бұзылуы ретінде сипаттауға болмайды.

Эмотивті-бағалауыштық сөзде «эмотивтілік» те, «бағалауыштық» та болуы мүмкін. Сол себепті зерттеушілер оларды коннотативтік макрокомпонент ретінде сипаттайды. Лексикалық мағынаның бұл компоненттері субъективтіліктің алуан түрлі деңгейін көрсететіндіктен, сананың түрлі бөліктерін бейнелейді. Ақиқат болмысты когнитивті, эмоциялы тұрғыдан бейнелесек, эмоция мен баға өзара астасып кетуі мүмкін, оларды ажырату да қиынға соғады. Эмоцияның бағалауыштық қызметі туралы В.К. Вилюнас, Н.В. Витт сияқты ғалымдардың еңбектерінде сөз болады [10]. Ғалымдар эмоция адамға тән болғандықтан, субъективті элементке жатқызады.

Е.М. Вольф, В.И. Шаховский, Г.А. Золотова, Дж. Фодор сияқты зерттеушілер коннотацияның эмоциялық және бағалауыштық элементтері тығыз байланысты болатынын айтады [27]. Осыған байланысты Н.А. Лукьянова: «Оценочность, представляемая как соотносённость слова с оценкой, и эмоциональность, связываемая с эмоциями, чувствами человека, не составляют



двух разных компонентов значения, они едины, как неразрывны оценка и эмоция на внеязыковом уровне», – дейді [14].

Коннотацияны зерттеушілер эмотивті-бағалауыштық мәнді сөздің мағынасын талдауда сөйлеуші факторын, сөйлеушінің ақиқат болмысқа қатысын негізге алады [10]. Коннотация табиғатын анықтауға қатысты даулы мәселелер сөз мағынасының прагматикалық аймағы мен коннотация ұғымдарының аражігін нақтылауды қажет етеді. Яғни эмотивті-бағалауышты бірліктердің мәнін нақтылай отырып, семантикалық және прагматикалық ерекшеліктерін анықтау қажет. Тілдік бірліктің мазмұнындағы бұл компоненттердің өзара байланысы тілдік тұлғаның концептуалды кеңістігіндегі түрлі ақпараттардың сәйкестігін де көрсетеді.

А. Салқынбай, Е. Абақанның «Лингвистикалық түсіндірме сөздігінде» «коннотация» сөзі « (лат. *connotatio, connoto* – қосымша мағына бар) тіл бірлігінің эмоциялық, бағамды немесе стилистикалық реңі» ретінде сипатталған [28]. Коннотацияның субъективті сипаты тілдің когнитивтік (танымдық, гносеологиялық) қызметіне бағытталған тілдік бірліктердің объективті мазмұнына кереғар. Эмотивтік-бағалауыштық сөздің денотат және коннотат компоненттеріндегі түрлі ақпарат өзара қарама-қарсылыққа құрылуы мүмкін: 1) коннотаттың субъективті сипаты мен денотаттың объективті сипаты сәйкес келмеуі мүмкін; 2) «адам – ақиқат болмыс – тілдік бірлік» қатынастары логикалық мазмұнмен үйлеспеуі мүмкін; 3) денотат және коннотат ақпараттың негізгі және қосымша мәндері сәйкес келмеуі мүмкін. Эмотивтік-бағалауыштық мәнді жүйелі түрде зерттеу арқылы денотат пен коннотаттың арақатысын нақтылауға болады. Рационалды баға мен эмотивті баға коннотатты құрайтын элемент болуы тиіс. Эмотивті-бағалауыштық лексикадағы коннотат, бағалауыштық мән әртүрлі болады. Мәселен, қоғамда құндылық ретінде бағаланған кейбір қасиетті жеке адам құндылыққа жатқызбауы мүмкін. Сол сияқты жеке адам құндылыққа балап, ұмтылған нәрсесін көпшілік құндылық ретінде санамауы мүмкін. Адамдардың бақытты түрліше түсіндіруі де осыған байланысты. Мәселен, жеке адам «Бақытты болу үшін бай болу керек» деп есептегенмен, көпшілік «Не в деньгах счастье!», «Богатые тоже плачут» – деп, оны мансұқтауы мүмкін. Бұл орайда Сократтың «Ақшаға төсек сатып алғанмен, ұйқы сатып ала алмайсың; тамақ сатып алғанмен, тәбет сатып ала алмайсың; дәрі сатып алғанмен, денсаулық сатып ала алмайсың; құл сатып алғанмен, дос сатып ала алмайсың; үй сатып алғанмен, береке сатып ала алмайсың; ойын сатып алғанмен, қуаныш сатып ала алмайсың; мұғалім жалдағанмен, ақыл сатып ала алмайсың» деген сөзін де мысал ретінде келтіруге болады.

Н. Уәли бастапқы номинатив (*үлкен ат*) пен қосалқы номинативті (*есік пен төрдей ат*) өзара салыстырып, өзіндік ерекшеліктерін сөз ете келіп: Бастапқы номинатив те, қосалқы номинатив те ақиқат дүние үзiгiн бейнелейтiн таңбалар. Бірақ бастапқы номинативтер субъектінің ақиқат дүние үзiгiне салғырт қатынасын, бейтараптығын бiлдiрсе, қосалқы номинатив субъектінің (сөз субъектісінің) белгiлi бiр объектiге белсендi қатынасын бiлдiредi. Субъектінің белсендiлiгi тiлдiк таңбадағы коннотатив мағына арқылы айқын аңғарылып

тұрады... Ғаламның тілдік бейнесі бейнеленетін объектінің ғана емес, оны бейнелеуші субъектінің позициясына байланысты. Осымен байланысты әлеуметтік-типтік позициялар жүйесі, көзқарас, баға беру тәрізділер таңбалық бейнелеуде ұлттық ерекшелік ретінде қоса жүреді, – деген тұжырым жасайды [22].

Мағына құрылымындағы денотаттың негізгі мәні мен коннотаттың қосымша мәнін анықтау да оңайға түспейді. Кейде денотат мәні айқын көрінбеуі де мүмкін. Мәселен, орыс тіліндегі *блеск*, *ужас* сөздері жағымды мәнде де, жағымсыз мәнде де қолданыла береді. Сол сияқты қазақ тілінде *сұмдық*, *масқара*, *қатты*, *қиын*, *қызық* сөздері де түрлі мәндерде кездеседі. Мысалы: *Ормандай орыстың деревнядан шыққан сұмдық дарынды ақыны Сергей Есенин бағанаға тартылған электр сымдары кең даланың тынысын тарылтып, қысып, тұншықтырып жатқанына қатты қарсылық білдіріп өлең жазған* (Төреғали Тәшенов Сымсыз телефонның сұмдығы //Айқын. №34 (2910). 4.04.2016). *Саясаткер Балташ Тұрсымбаев Жер кодексіне байланысты қоғамдық комиссия құрды. Балташ аға қатты жұмыс істеді* (Бір заңның зардабы. 2003 жылы Жер кодексі қабылданған кезде сіз парламент сенатының депутаты болған Зәуреш Батталовамен аз-кем әңгіме дүкен //Жас алаш. 11.01.2024). *Бізге «Бату» үңгірі қатты әсер етті* (Есей Жеңісұлы Селамат датаң! //Айқын. №34 (2910). 4.04.2016). *Қызыл көз қытайға ХХІ ғасыр да, екі ел арасындағы тығыз экономикалық байланыс та қызық емес екен* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). *Шекара тарс бекіп, ауылға барар жолды қар мен шаң басқан қиын күндерде марқұм әжемнің әр жолы мен Қазақстанға кетерде дарбаза алдына дейін шығарып салып, кемсеңдеп қалатыны көз алдыма келетін* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024).

Мұндай қолданыс көбінесе сөйлеу тіліне тән. Публицистикада өзге функционалдық стильдің элементері еркін қолданылатындықтан, бұқаралық ақпарат құралдарынан мұндай қолданыстарды жиі кездестіруге болады.

Қазақ тілінде көбінесе жағымсыз мәнде қолданылатын сөздер кейде кереғар мәнде де жұмсалады. Мысалы, «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» *сұмдық* сөзінің мағынасы «1. Қара ниеттілік, арамзалық, сұмырайлық. 2. Жайсыздық, жайсыз жағдай, жаман хабар //Жайсыз, жаман, шошынарлық. 3. Қиындық, азап. 4. Масқара, адам айтқысыз жағдай. 5. Ерекше, тылсым» сияқты мағыналары көрсетілсе [29], профессор Б. Қалиев құрастырған «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «ауыс. экпср. *Керемет, тамаша, өте жақсы. Ал енді өлеңдері сұмдық. Бірінен-бірі өтеді* (Б. Омарұлы, 11- қаламұш, 144). «*Тәңірім-ау, мына қызың сұмдық сұлу гой*», – деді ішінен (Т. Әбдіков, Өліара, 111). ауыс. *Қатты, өте, тым. Отынды таңертең түсіруге бел будық. Өйткені біз сұмдық шаршаған едік* (Д. Амантай, Әңгім., 74). *Әзірдің өзінде қарным сұмдық ашып тұр* (С. Үсенұлы, Елік., 13)» түрінде жағымды, экспрессивті мәндері көрсетілген [30]. Сол сияқты Б. Қалиев, Ж. Түймебаев, Ш. Құрманбайұлы, С. Исакова құрастырған «Мұқағали тілі сөздігінде» де [31] *сұмдық* сөзінің *ғажап* сөзімен мәндес одағай сөз ретінде де қолданылатыны, «керемет, ерекше» мәнінде

қолданылатыны көрсетілген. Байқап отырғанымыздай, профессор Б. Қалиевтің қатысуымен құрастырылған сөздіктерде *сұмдық* сөзінің жағымды, экспрессивті мәндері толығырақ берілген.

Мұндай ерекшелік орыс тілінде де байқалады. Мысалы, Е. Ю. Булыгина *ужасный* сын есімінің жағымсыз мәнін (вызывающий неприятное чувство связанный с отрицательными эмоциями) көрсетеді: *ужасная одежда, ужасный метод, ужасная начинка* //вызывающий ужас или неприятные ощущения в высокой степени своего проявления (*ужасный гнев, ужасная перестрелка, ужасная бедность*). Бұл сын есім сын-сипаттың ерекше көп екенін білдіру үшін де қолданылады: *ужасный трус, ужасный отличник*. Соның негізінде кейін *ужасная радость* тіркесі қалыптасқан [32].

Эмотивті-бағалауыштық лексиканы зерттеу барысында жағымды және жағымсыз мәнді тілдік бірліктердің қолданысына, өрісіне де мән беру қажет. Стилистикалық коннотациялар өз ішінен эмотивті-экспрессивті (бағалаушы) және функционалды-стильдік болып жіктеледі [21]. Эмотивті-экспрессивті коннотация сөйлеушінің затқа қатысын білдіріп, бағасын көрсетеді: *зайчишка, веточка, старушонка, директорша, лиса, заяц, медведь* (адамға қатысты), *грандиозный, грядущий*. Эмотивті-экспрессивті тілдік құралдар **жағымды (мелиоративті)** және **жағымсыз (пейоративті)** болып бөлінеді. Функционалды-стильдік коннотациялардың мәні нақты коммуникацияда айқындалады. Осыған байланысты жағымды не жағымсыз мәнді эмотивті-бағалауыштық сөздердің қолданысы микродеңгей (сөз) мен макродеңгейге (сөз аралығында) жіктеледі. Мәселен, орыс тілінде «ақымақ» мәнін («глупый человек, низкий интеллект, глупое поведение») білдіру үшін жүздеген лексикалық бірлік қолданылады:

- сырт көрінісі бойынша: *дурак, идиот, кретин, осел, болван*;
- себебі бойынша: *балбес, обалдуй, осел, павлин, самовлюбленный дурак, молокосос, второгодник*;
- тұрақты не уақытша болуы: *сглупить, сморозить, сболтнуть, валять дурака, придуриваться, вести себя как дурак, выставлять себя дураком, идиотом*;
- адамдық сипатына қарай: *самовлюбленный дурак, самоуверенный дурак, идиот, павлин, осел, дубина, козел, дурак с инициативой*, т.с.с.

«Жалқау» лексикалық тобына қатысты сөздердің бәрінде де эмотивті-бағалауыштық мән бар: *балбес, прост., барин – барыня, разг., бездельник – бездельница, разг., белоручка, разг., гуляка, разг., дармод – дармодка, разг., захребетник, устар., квашня, прост., колода, прост., лайдак, прост., лежебока, прост., ленивец, лентяй – лентяйка, разг., лень, лоботряс, прост., лодырь, прост., нахлебник, оболтус, прост., пень, прост., прихлебатель, разг., прогульщик – прогульщица, симулянт – симулянтка, трутень, разг., туняедец – туняедка, увалень, разг., чурка, прост., шалопай, прост., шалопут, прост., шатун, прост* [14]. Бұл қатарға зат есім, сын есімдермен қатар етістіктерді де, тұрақты тіркестерді де қосуға болады: *бездельничать, лентяйничать, лодырничать, лоботрясничать, балбесничать, баклушничать, шалопайничать*,

*повесничать, прогуливать, вольтить, канителиться, волокитить, проволочки, безделье, праздность, бездельничание, ничегонеделание, повеса, тюлень, ленивый, праздный, лентяйский; бить баклуши, плевать в потолок, лежать на боку, пинать воздух, болтаться без дела, валять дурака, лодыря гонять, хронический перекур, т.с.с. Келтірілген тілдік бірліктердің бәрі жағымсыз (пейоративті) мәнде қолданылады. Оған қарама-қарсы мәнді «еңбекқор» сөзі жағымды мәнді *трудяга, работага, муравей, пчела, вол, ишак, ишачить, вкалывать, работающий, трудолюбивый, трудоголик, труженник* сияқты сөздерден құралады. Байқап отырғанымыздай, жағымсыз мәнді тілдік бірліктермен салыстырғанда жағымды мәнді бірліктер әлдеқайда аз. Тілдік бірліктердің эмоциялылығы мен бағалауыштық сипаты бір мәнді (*лентяй, бездельник, ленивец*) немесе көп мәнді (*охламон, повеса, шатун, шалопай, шалопут, увалень, т.б.*) болып келеді.*

Көп мәнді эмотивті-бағалауыштық сөздер өз ішінен бірнеше топқа жіктеледі: а) интенсивтілігіне қарай (*лодырь, лодырюга, дармоед, ничегонеделание, пинать воздух*), белгісіне қарай (*гуляка, гулена, лежебока, прогульщик, повеса, тюлень*), себебіне қарай (*балбес, неуч, разгильдяй, недоросль, лоботряс*). «Жалқаулық» мәнін білдіретін жағымсыз сипаттар «ақымақтық», «оңбағандық», «көргенсіздік», «тәрбиесіздік», т.с.с. мәндермен астасып, ұласып кетеді.

Эмоциялы бағалау әрқелкі болады: кейде эмоция басым түссе, енді бірде бағалау басты орынға шығады. И.А. Стернин сөздіктегі анықтамаларды негізге ала отырып, бағалауыш мәнді сөздердің денотативтік және коннотативтік мәндерін нақтылауға тырысқан: ***врун*** – *тот, кто говорит неправду, и это плохо; маляр* – 2. *перен. Плохой, неумелый художник* [33]. Сөздіктердегі анықтамаларда эмотивті-бағалауыштық сөздердің денотат және коннотат мәндері сипатталған. Алайда бұл тәсілге ғана иек артуға болмайды. Себебі орыс тіліндегі *маляр* сөзі тура мағынасында белгілі бір кәсіп иесін білдіргенмен, ауыспалы мағынасында «орашолақ, қолынан іс келмейтін, дарынсыз суретші» (*неумелый, неталантливый художник*) дегенді білдіріп, жағымсыз мәнде қолданылады. Сондықтан сөздің денотат, коннотат мәндерін нақтылауда бұл әдіс жеткіліксіз.

Коннотативті немесе прагматикалық сипатқа ие бірліктердің мағынасы сөздіктерде нақты беріліп, сөйлеу барысында дайын бірлік ретінде қолданылады. Мәселен, коммуниканттар әлеуметтік тұрғыдан тең болмаған жағдайда *бранить, дерзить, грубить, лебезить, т.б.* бірліктер қолданылады: *внук дерзит, грубит бабушке; бабушка бранит внука*. Бұл орайда коммуниканттардың орындарын ауыстыруға болмайды, яғни *внук бранит бабушку, бабушка грубит внуку* түрінде қолданылмайды. Бұл – сөйлесушілердің әлеуметтік мәртебесіне байланысты. Алайда «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» зекі, ұрыс етістіктерін сипаттауда бұл ерекшелік назардан тыс қалған:

**Зекі** = ет. Жекіріп тастау; ұрсу, ақыру [34].

**Ұрыс**<sup>2</sup> = ет. 1. Керісу, дауласу, жанжалдасу. 2. Қатты сөз айту, сөгу. 3. Араздасу. 4. Соғысу, төбелесу, қырқысу. 5. Күңкілдеп, жақтырмай сөйлеу. 6. Ақыл айту, дұрыс жолға бағыттау. 7. Налу, қапа болу [35].

Лексикографиялық еңбектердегі эмотивтік-бағалауыштық бірліктердің берілуі ғана емес, коммуниканттардың жасын, жынысын, білімін, әлеуметтік мәртебесін, т.б. ескере отырып, эмотивтік-бағалауыштық бірліктерді қолданған жеке адамның не тұтас ұжымның ерекшелігі сипатталады, тілдік тұлғаның интенциясы, тілдік актілердегі стратегиясы мен тактикасы, аялық білімі, санасындағы ғалам бейнесі нақтылануы керек. Эмоция білдіруде тік және көлденең дистанция ескеріледі. Басшы мен қызметкердің арақатынасы, әке мен баланың, аға мен інінің, әжесі мен немересінің арасындағы қатынас тік-көлденең дистанцияға байланысты. Арасы жақын болған сайын эмоция еркін білдіріледі де алыстаған сайын эмоция жасырын болады, қашықтық сақтайды.

Адамдар коммуникация арқылы әлеуметтік тұрғыдан байланысады. Аялық білімдеріне сәйкес белгілі бір ұлттың өкілдері бір-бірін түсініп, ақпаратты дұрыс қабылдай алады. БАҚ тіліндегі эмотивті-бағалауыштық лексиканың антропоэзектік сипатын айқындауда когнитивтік тұрғыдан зерттеудің маңызы зор. Таным тілдегі таңбалар арқылы толығып отырады. Тілдік таңбада (сөзде) белгілі бір ұлттың дүниетанымы, көп жылғы тәжірибесі арқылы жинақталған мәні көрініс табады. Тілдің танымдық қызметін білдіретін мағынасынан бөлек қарастыруға келмейді. Тілдік таңбадағы кодты дұрыс түсініп, қабылдау арқылы ұрпақтар сабақтастығы орнайды.

### **1.3 БАҚ-тағы ғаламның аксиологиялық бейнесі**

Тарихи-әлеуметтік ортақтығының нәтижесінде белгілі бір әлеуметтік топтың өкілдерінің дүниетанымы да ортақ болады, когнитивті, эмоционалды, нормативтік ұстанымдары да ұқсас болады. Соның нәтижесінде тіл таңбалар жүйесі ғана емес, белгілі бір ұлт өкілдерінің әлеуметтік тұрғыдан жетілуіне ықпал ететін, дүниетанымын қалыптастыратын құрал болады. Таным – адамның сезім мүшелері (көру, есту, иіскеу, дәмін тату, терімен сезіну) арқылы алатын деректі және дерексіз ақпараты. Психолог ғалым А.Р. Лурия: «Информация, получаемая человеком из внешнего мира, проходит длительный путь, который, наряду с активной деятельностью органов чувств, включает и активные действия человека, и его прежний опыт, и решающе важное участие языка, хранящего опыт поколений и позволяющего выходить за пределы непосредственно получаемой информации», – дейді [36].

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы эмотивті-бағалауыштық сөздер тілдің ақпараттық-когнитивтік қызметін көрсетеді. Тіл – ақиқат болмыс туралы ақпарат сақталған қойма іспетті. Адам санасы қабылдаған ақпарат сөз түрінде сақталып, қабылданады. Яғни сөз ғалам бейнесін түзіп, қалыптастыру үшін қолданылатын кірпіш сияқты. Айналадағы заттарға атау бергенде адамның оны қалай бағалағаны да көрінеді. Адам атау беріп, тілдік жүйеде сақтау арқылы білім қалыптастырады. Соның нәтижесінде ғалам бейнесі түзіледі. Ол ана тілі арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Осыған байланысты профессор Ж. Манкеева:

«...Тіл қызметін сол тілде сөйлеушінің жан-жақты қызметі мен болмысынан тыс қарау мүмкін емес. Ал ол қызмет тілдің ұжымдағы коммуникативтік қызметімен ғана шектелмейді. Себебі сол ұжымды ұйыстырушы, тұтастырушы, біріктіруші және жаңа ұрпаққа ұластырушы да – тіл қызметі. Яғни тілдік ұжымда тіл коммуникативті-прагматикалық қызметпен қатар танымдық, құжаттық (кумулятивтік) т.б. қызметтер де атқарады. Мемлекеттік мәртебеге ие тілде бұл қызметтер ерекше сипатта көрініс табуы тиіс. Олай болса, қазақ тілінің жан-жақты қоғамдық, әлеуметтік қызметін негіздейтін, дәлелдейтін, айқындайтын, жаңғыртатын, жандандыратын арқауын анықтауды мақсат ететін жаңаша сипаттағы антропологистикалық бағыт қазақ тіл білімінде де өріс алуы – қоғамдық қажеттілік», – дейді [37].

Эмотивтік-бағалаушы лексикада адамның әлемге деген көзқарасы, дүниетанымы көрінеді. Қандай бір нысанға қатысты пікірі жинақталып, адамның соған қатысты ұстанымы, пікірі байқалады. Нысанды түрлі қырынан сипаттай отырып, адам оған баға береді, қаншалық пайдалы не зиян екенін нақтылайды. Соған сәйкес аксиологиялық, эмоционалдық тұрғыдан бағалайды. БАҚ-тағы ақпаратта қоғамда болып жатқан түрлі жайттар туралы ақпарат қана беріліп қоймайды, сонымен қатар автордың сол жайтқа қатысты ұстанымы, көзқарасы да беріледі. Себебі бұқаралық ақпарат құралдарында журналист оқырманға ықпал етуді көздейді. «Газет лексикасы» (жүйесі мен құрылымы) деген кітабында ғалым Б. Момынова газет лексикасы қоғамдық-саяси лексика; бағалауыштық лексика; бейтарап лексика сияқты үш құрамнан тұратынын айтады [38].

Сөзге атау беретін кезде адам сезімін білдіреді. Алайда сезім тілде анық, біркелкі көрініс таба бермейді. Бағалау екі түрлі болады: эмоциялық, зияткерлік (рационалды, логикалық). Зияткерлік бағалау нысанның дұрыс, пайдалы, әлеуметтік, саяси, адамгершілік, этикалық талаптарға сай болуын білдірсе, эмоциялық бағалау адамның сезімдік қабылдауына байланысты болады. А. Байтұрсынұлы зияткерлік бағалауды «нәрсенің тиіс жағы», эмоциялы бағалауды «нәрсенің түйіс жағы» деп атап, логикамен байланыстыра отырып, былайша сипаттайды: «Ойлау екі түрлі: адам ойлағанда я нәрсеге тиісінше ойлайды, я көңілінің түйісінше ойлайды. Нәрсе түрлі ыспатты болады. Ол ыспаттарының біреулері бойына біткен ыспат болса, екіншілері адамның қосқан, таңған ыспаттары болады. Мәселен, нәрсенің бірін жылы, бірін суық, бірін тегіс, бірін бұдырмақ, бірін қатты, бірін жұмсақ дейміз. Бұл ыспаттар нәрсенің бойында бар ыспаттар. Бұл ыспаттаудың біреулері адамға ұнайтын болар да, біреулері ұнамайтын болар. Мәселен, жылы нәрсе, тегіс нәрсе, жұмсақ нәрсе адамға жағымды, сүйкімді болар да, суық нәрсе, бұдырмақ нәрсе, қатты нәрсе адамға жағымсыз, сүйкімсіз болар. Бұлардың біреулерін жағымды, сүйкімді деп, – екіншілерін жағымсыз, сүйкімсіз деп ыспаттау нәрсені тиісінше ыспаттау емес, адам өз көңілінің түйісінше ыспаттау болады. Сол сияқты бір нәрсе туралы сөйлегенде я тиіс жағынан алып, я түйіс жағынан алып сөйлейміз. Мәселен, кісі жайынан сөйлегенде я тиіс жағынан алып, түйісін, тұрпатын, мінезін, құлқын, туысын, тұрмысын, ісін айтамыз, я түйіс жағынан алып, сүйетін, сүймейтінімізді,

сыйлайтын, сыйламайтынымызды айтамыз... Нәрсенің тиіс жағы өзінде бар шын жағы; нәрсе, түйіс жағы – өзінде жоқ, жабатын жала, қоятын кінә, таңатын өсек, тағатын таба, жағатын опа сияқты, адам апарып жапсыратын нәрсе» [39].

Адамның логикалық ойлауы мен эмоционалды ойлауы бірдей болмайды. Осыған байланысты Н.Н. Амосова кез келген ақпарат мида өзара байланысты екі түрлі бағдарлама (зияткерлік және эмоционалды) арқылы өңделетінін айтады [40]. Субъектінің (сөйлеушінің) нысанға қатысты ұстанымын, танымын, бағасын білдіретіндіктен, эмоция мен бағалау өзара байланысты болады. Н.Л. Лукьянова, Ш. Балли, Е.М. Вольф, И.Н. Худяков, И.Л. Муханов, В.И. Болотов, т.б. зерттеушілер эмотивтілік бағалау барысында көрінетінін айтады [9]. Екеуін үнемі қатар қолданудың нәтижесінде ғылымда қос сөз (эмотивті-бағалаушытық) қалыптасты.

XIX-XX ғасырларда Эдмунд Гуссерль, Мартин Хайдеггер, Жан-Поль Сартр, Альбер Камю, т.с.с. зерттеуші, ғалымдар бағалауды «көпшіліктің қандай да бір нәрсеге бірдей баға беру» деп түсінді [9]. Фридрих Ницше де бағалауды «көпшіліктің ортақ шешімі, мақұлдауы» деп түсініп, «құндылықтарға қайта баға беру» деген ұғым енгізді [41]. Неміс философы Г. Лотце де бағалауды көпшілік мақұлдаған, бекіткен белгі ретінде көрсетіп, дербес ғылыми категория ретінде сипаттады [42]. Ғалым қандай да бір заттың сапасы адамдардың бағалауына байланысты екенін айтады. XIX ғасырда Ресейдегі зерттеушілер бұл ұстанымға қарсы шығып, әдеби сында баға сыншының эстетикалық талғамына сәйкес берілмеуі керек екенін, оны ақылға салып, нақты логикалық ұстанымдарға негіздеу керек екенін ескертеді [43].

Философия, логика, этика, тіл білімінде бағалаудың гедонистік, утилитарлық, деонтикалық, дезидеративті, параметрлік, нормативті, шындыққа сәйкес келетін және т.б. түрлері болатыны туралы сөз болып келеді. Зерттеушілер бағалауды түрліше жіктегендіктен, бір де бір ғылым саласында (философия, логика, этика, тіл білімінде) ортақ пікір жоқ. Пікірдің ала-құлалығы «баға» сөзінің көпмағыналы болуына да байланысты. А.А. Ивин «баға» («оценка») сөзінің 3 түрлі мәнде қолданылатынын, яғни қандай да бір заттың бәсін білдіретінін; затқа қатысты жағымды не жағымсыз пікірді білдіретінін; қалыптасқан критерийге сәйкес келуіне қатысты ұстанымды көрсететінін айтады [44]. Ғалым нәрсенің тиіс жағын «рационалды, бергілі бір өлшемге негізделген баға» деп, нәрсенің түйіс жағын «реляциялық баға» деп атайды.

Логикадағы «баға» ұғымы тіл біліміндегі «бағалау» семантикалық категориясымен сәйкес келеді. Бағалау категориясының логикада көрінісі мен тілдегі көрінісін өзара салыстырғанда логика мен тілдің өзара байланысы аңғарылады. Бағалау тіл жүйесінің түрлі деңгейін қамтиды. Н.А. Лукьянова «экспрессивтілік», «эмоционалдылық», «бағалау» ұғымдарын сипаттай келе бағалау барысында субъект (сөйлеуші) өзге субъект, объект, құбылысқа деген көзқарасын білдіретінін айтады [45]. Тілдік бағалау теориясын арнайы зерттеген Е.М. Вольфтің анықтамасы да осы сарындас [44]. Ғалым логика-философиялық тұжырымдарды негізге ала отырып, бағалауды «Бағалаушы субъектінің (А) тілдік құралдардың көмегімен бағаланатын нысанның (Б) жақсы/жаман

жақтарын көрсетуі» деп сипаттайды [27]. Е.М. Вольф бағалау категориясының модальділік, экспрессивтілік, эмоционалдылық, прагматикалық әлеуеті сияқты ерекшеліктерін көрсетеді. Ғалым экспрессивтілік пен бағалауыштық әрдайым өзара байланысты бола бермейтінін ескерте келіп, *Это прекрасно* деген сөйлем *я взволнован, потрясен* деген мәнде қолданылмайтынын, ол жай ғана констатация болуы мүмкін екенін айтады [27].

XX ғасырдың 50-жылдарынан бастап бағалау эмоциялылық ретінде сипатталды. Е.М. Галкина-Федорук лексикалық қабаттағы эмоциялы сөздерді «зат-құбылысты жағымды не жағымсыз мәнде сипаттайтын бағалауыштық сөздер» деп атады [46]. Сол себепті эмотивті-бағалауыштық сөздер лингвистикалық семасиология мен стилистиканың шеңберінде қарастырылды. А. Григорьев көркем шығарманың эстетикалық бағасы мазмұнының сұлулық, мейірім сияқты құндылықтармен сәйкес келуіне қарай берілуі керектігін айта келіп, оны *критериум деп атады* [47]. В. Соловьев адам баласының бағасы әртүрлі болатынын ескертіп, оның өзіндік себептерін көрсетеді [48].

А.П. Горбунов, Р.Г. Пиотровский, Л.И. Ефимов, Б. Чарльстон, т.б. зерттеушілердің еңбектерінде экспрессивтілік бағалау ретінде сипатталады. Соған байланысты А.И. Ефимов: «Экспрессивтілік – семантикалық қана емес, эмоционалды-бағалауыштық категория... Бағалау мәнді тілдік бірліктер экспрессивтіліктің нақты көрінісі болады», – дейді [49]. В.И. Шаховский, Р.А. Нехлина, О.В. Александрова, Т.Г. Винокур, т.с.с. ғалымдар бағалауды экспрессивтіліктің құрамдас бөлігі ретінде сипаттаса, А.Г. Баранов, И.В. Арнольд, С.С. Хидекель, Г.Г. Кошель экспрессивтілікті де, бағалауды да мағынаның коннотат компоненттері ретінде сипаттайды [10].

Бағалау категориясын анықтау үшін әдетте бағаның құрылымдық компоненттері негізге алынады. Бұл орайда көбінесе зерттеушілер мәтінде субъект, зат, мінез, модальдік белгілер, аксиологиялық предикатқа мән береді. В.И. Карасик бағалау категориясының құрылымын жан-жақсы сипаттап, аталған белгілермен қатар бағалау шкаласы, бағалау стереотипі, бағалау модустары, бағалау уәждемесі сияқты компоненттерді де атайды [50]. Р.З. Мурясов бағалау категориясын құрылымына қарай сипаттау әрдайым дұрыс бола бермейтінін, сигнификаттың айқын болмауы, бағалау белгілерінің импликациясына байланысты айтылымның өзара байланысты өзге де компоненттерін нақтылау қажеттігін айтады [51]. С.О. Малевинский бағалаудың бірнеше түрін (параметрлік бағалау; стандартты бағалау; нормативті бағалау; утилитарлықбағалау; өзіндік бағалау; қажет бағалау) көрсетеді [52]. Н.М. Разинкина бағалаудың ашық, жасырын түрлерін көрсетіп, талдайды [53].

Зерттеушілер бағалауды өз ішінен *жағымды, жағымсыз* деп екіге жіктейді. В.И. Шаховский эмотивті оралымдарда жағымсыз мәнді бағалауыш жиі кездесетінін айтады [2]. Белгілі бір тілдің адамның ментальді әлеміндегі мәдениет концептілері пайда болады. Ағылшын тіліндегі бұқаралық ақпарат құралдарында жағымсыз мәнде жұмсалатын тілдік бірліктер ретінде *brazen, horrifying, hysterical, peculiar, barbaric, unprepossessing, ferocious, mounting,*



*undercover, moot, relentless, ominous, flimsy, reluctant, mysterious, horrifying, blatant, ambiguous, macho, contradictory, sarcastic, outcry, through, reluctant, Frothing-at-the-mouth, Raped, Armed, to paint oneself into a corner, ambiguous and contradictory signals, a fool's errand сияқты қолданыстарды, жағымды мәнде жұмсалатын тілдік бірліктер ретінде jubilant, significant, inspired сияқты сөздерді атауға болады. Мысалы: In one of the most deadly episodes in Ukraine's turbulent 2014 power transition, 48 people were killed and hundreds injured on 2 May last year in the Black Sea port of Odessa... Street battles culminated in a fatal fire at Soviet-era building where hundreds of pro-Russia activists were barricaded in... Russian state-owned media characterised the day's events as a massacre planned by fascists in Kiev, a narrative that has gained widespread traction... Fighting in the city centre continued for several hours, with activists playing a vicious cat-and-mouse game, trying to outflank each other in Odessa's grid-like streets... Witnesses recalled the rapidity with which the relatively small fire became an inferno ... (<http://www.americanpress.com>).*

Ал орыс тілінде *трагедия, террор, вредительство, шуриша* своим желчным недовольством, негатив, недоверие, вражда, конфликт, провокация, неоднократно, фальсификация, фарс, отморозки, псы, нелюди, полицаи, каратель, нацагады, террорина, страшная, кровавый, кровопролитный, кровожадный, нелепый, дикий, злоеущий, свирепый, жестокий, хищный, трагический, ужасный, желчный, раздражительный, злой, опрометчивый, inferнальный, больной, беснующийся, националистический, фашистский, продажный, адский, дьявольский, бесовский, богом забытый, братоубийственный, беспринципный, языческий, мученический, терзаемый, неосторожный, нищающий, необдуманная сияқты сөздер жағымсыз (пейоративті) бағалауыштық мәнде қолданылса, *здоровомыслящий, вменяемый, исторический, братский, сильный, могущественный, мощный, знаменательный, спокойнее, проще, комфортнее, долгожданные встречи космической значимости, т.с.с.* сөздер жағымды (мелиоративті) мәнде қолданылған. Мысалы: *Одесса оккупирована нацистами. Накануне 2 мая в город стянули отморозков и карателей со всей страны – псов, нацагадов, самых беспринципных сотрудников МВД и даже спецподразделения СБУ, специально для этого переброшенные с восточного фронта... В общей сложности численность группировки карателей в Одессе составляет несколько тысяч нелюдей... Одесса сегодня похожа на оккупированный британцами Ольстер или на оккупированный израильянами сектор Газа, но никак не на украинский город. Раньше в Одессе была Юморина, теперь в Одессе Террорина... Но нет, псы режима упорно прячут морды под намордниками, потому что прекрасно осознают, что они не защитники, не на стороне света и добра, не часть народа, а цепные церберы оккупационной американской администрации, ненавидимые всеми полицаи и каратели... (<http://www.politnavigator.net/>).*

Украинадағы ахуалды сипаттаған ағылшын тілді мақалаларда эмотивті-бағалауыштық мәнді жеткізу үшін *to disassemble, to bully, to dwarf, to annex, to plunge, to invade, to squabble, to prompt* сияқты етістіктер қолданылса, орыс тілінде *растоптать, аннексировать, разжигать, раздавить, уничтожить,*

*развалить, изломать, разрушать, разорить, жаждасть, сожрать, разнести, захватить, плевать, разорвать, заморачиваться*, т.с.с. етістіктер қолданылған. Байқап отырғанымыздай, Украинадағы соғысты сипаттауда жағымды бағалаудан гөрі жағымсыз мәнді қолданыстар әлдеқайда көбірек.

3. Темірғазина бағалау мен экспрессивтіліктің ерекшелігін былайша сипаттайды: «Оценочность – это семантическая категория, которая базируется на логическом понятии оценки, экспрессивность – это, скорее семантическое качество, свойство речи, лишенное логического ядра и создаваемое необычными формально-содержательными языковыми средствами. Если оценочность и эмоциональность... увеличивают и обогащают его общий информативный объем новым содержанием, то экспрессивность лишь усиливает уже заданный высказыванием смысл» [54].

Бағалау категориясы «жағымды (мелиоративті) және жағымсыз (пейоративті) бағалау» дихотомиясына негізделіп, реттелген құрылым болып табылады.

Г. Ерсұлтанова тілдік тұлғалар қазақты бұрынғы қазақ және жана қазақ деп екіге жіктегенін ескертіп, қазақ халқына қатысты когнитивтік модельдерді өз ішінен жағымды-жағымсыз мәндерге жіктейді [55]. Зерттеушінің модельдерінде эмотивтік-бағалауыштық лексика молынан қолданылған: «Мақтаншақ халық», «Орыс рухында тәрбиеленген халық», «Тілінен айырылып қалған халық», «Сабырынан айырылған халық», «Аманатта адалдығын ұмытқан халық», «Шүкірлік, қанағат ете алмай жүрген халық», «Ысырапшыл халық», «Тойға шашылатын халық», «Тілімен зиян келтіріп жүрген халық», «Бата бере алмай қалған халық», «Ат тергемейтін болған халық», «Артық мақтайтын халық», т.с.с. Мұндағы «Шүкіршілік ете білетін халық» - «Шүкірлік, қанағат ете алмай жүрген халық», «Сұңғыла, ұлттық жадысы мықты халық» - «Тарихи санасынан айырылып қалған халық», «Тапқыр халық» - «Ат тергемейтін болған халық», «Сабырлы халық» - «Сабырынан айырылған халық» сияқты модельдер өз ішінен оппозицияға құрылған.

Эмотивті-бағалауыштық лексика портрет сомдауда, кейіпкер бейнесін ашуда, пейзаж жасауда жиі қолданылады. Автор субъектіні не объектіні сипаттай отырып, бағасын береді. Мысалы: *Екі ғимараттың ортасында, 46-қабаттың тұсында екеуін біріктіретін аспалы көпір бар. Неге екенін кім білсін, дәл осы көпірге еніп, терезесінен Куала-Лумпурды тамашалай бастағанымызда бойымды ерекше бір сезім биледі. Эйфория дерсіз! Ал 88-қабатқа, ең биігіне көтерілгенде сәулетті шаһардың әр тұсына қарап, қайта-қайта суретке түсіп, сәбиге айналып кеттік. «Петронастың» төменгі қабаты түгел – сауда үйлері. Сәл жоғарырақта – сурет галереясы. Өте жақсы ойластырылған, айтары жок! «Петронас» қаланың қай тұсына барсаңыз да, «менмұндалап» көрінеді. Куала-Лумпурдың сұлу қызы іспетті өзі! (Есей Жеңісұлы Селамат датаң! //Айқын. №34 (2910). 4.03.2016).*

*Біз сөз етіп отырған Әбікен Хасенұлының үлкен әкесі Таныбай батырдың немересі – Көпбай сонау ХІХ ғасырдың басында өмір сүрген, ел билеген, сөзге ділмәр, атағы бүкіл Қаракесек руына жайылған, қара қылды қақ жарған*

турашылдығымен дүйім елге мәшһүр болған адам. Сондай-ақ Көпбай өңшең жүйрік, әдемі бозшұбар бес мың жылқы біткен өте ауқатты адам болған деседі. Көпбайдың кісілігі, мәрттігі ауыл арасымен шектелмей, ел қамы, халық тағдырына қатысты өрелі істерде де ол көш бастап отырған. Кәрсөн Керней елін 20 жылдай билеген Көпбай болыс туралы Шөже ақынның:

Қаракесек Кәрсөннен шыққан Көпбай,

Шықты да, сөне қалды жанған оттай, –

деп жырлауынан оның тым жас қайтыс болғанын бағамдауға болады. Өз заманының әділ биі, от ауызды, орақ тілді шешен адамы болған Көбекең сол кездегі қазақтың біртуар билерімен тізе қоса отырып, талай ішкі-сыртқы шаруаларға бас болыпты (Күйге айналған тағдыр //Қазақ әдебиеті. 12.01.2024).

Аксиологиялық коммуникативті жағдаятта міндетті түрде адресат пен нысаннан бөлек хабарламаны қабылдайтын, түсінетін реципиентке де мән беру қажет. Бұл орайда қабылдаушының мақсат-мұраты, аялық білімі, жан дүниесі, құндылықтары да ескерілуі керек. Адресант пен адресаттың ұлттық, лингвомәдени ерекшелігі нақтыланып, дүниетаным, ұстанымдары «өзім-өзге» оппозициясына қатысты талдануы керек.

Ағылшын тілді бұқаралық ақпарат құралдарында Ресей президенті – Путинді сипаттауда *power-crazy, to sow death and destruction, tsarist fantasies* сияқты жағымсыз эмотивті-бағалауыштық тілдік бірліктер мақсатты түрде қолданылған. Мысалы: *But when the other option is the barbaric spectacle of Russians killing Ukrainians - what other choice is there to begin with?.. Yet these recent, horrifying days have also made me wonder if the Kremlin had painted itself into a corner... No-one, however, can say what Russia's goals ultimately are in Ukraine. The Kremlin has sent ambiguous and sometimes contradictory signals, leaving politicians and commentators squabbling over what's driving Mr Putin... Given that, many in Kiev feel that any calls for compromise with Russia are a fool's errand. How can you compromise when one side's end goal is subjugation? At the same time, a hope persists that cooler heads could prevail in the Kremlin and convince Mr Putin to change course... Ukraine's acting president accused Russia of backing the separatists in the east and demanded that Moscow stop its intimidation campaign, and leave his country alone... Meanwhile the Russian bear, still pretending to be an innocent party despite blood dripping from its paws, has begun stealthily rebuilding its forces on the border... Lounging in an arm-chair before Russian tricolor flags, Putin delivered a characteristic performance filled with earthy language, macho swagger and sarcastic jibes, accusing the West of promoting an unconstitutional coup in Ukraine... Will the West finally respond with the ruthless decisiveness required to put a **power-crazy** president back in his box, or will they continue to allow him **to sow death and destruction** as he acts out his **Tsarist fantasies** of restoring Russian hegemony over swathes of eastern Europe? (<http://www.americanpress.com/>).*

Эмоциялық-бағалауыштық мәнді мәтіндердің бәрінде де экспрессия күшті бола бермейді. Журналистер кейде оқиғаның бел ортасында жүргендей әсерлі етіп жазса, енді бірде бақылаушының позициясын ұстанады: **Бәрін сырттан бақылап жүрмін. Аталған тапсырманы орындау дәрежесі өте төмен. Әркім**

көрпені өзіне тартып, сиырқұймышақтанып, соңы сұйылып кетіп жатыр. Байқағаным, ауызбіршілік жоқ. Аймақтарға келетін болсақ, мықты мамандар аз. Сондықтан дайындық әлі бір жүйеге түсті деп айта алмаймын (Аслан Қаженов Халық ақиқатты білуге хақылы //Егемен Қазақстан. 7.01.2024). Д. Қамзабекұлының өзекті мәселелер мен көкейкесті мәселелерді батылдықпен әрі өте мәдениетті түрде көтере білгеніне **сүйіндік** (Дүкен Мәсімханұлы Жалпыұлттық құндылық бәрінен жоғары тұруға тиіс //Егемен Қазақстан. 11.01.2024). Ұлтын сүйген тұлғалардың ұлағатын ұрпаққа жалғастырып, ұлы мұрасын ұлықтаған ұжымның атқарып отырған ісіне **шын сүйсіндік** (Жанбота Сұлтанмұратқызы //Ұлтым деп соққан жүрек //Ана тілі. 26. 10. 2023). Елімізде Қытайға қатысты баяғы қасаң түсініктерге негізделген немесе бізге сырттан таңылған жәнсіз үрей болмауға тиіс (Президент байламы, перзент пайымы //Егемен Қазақстан. 11.01.2024). Талай жыл қуғын-сүргін көріп, санасын үрей билеген қазақ халқының бұл құжатқа қол жеткізуі – ұлы жеңіспен парпар еді (Сәкен Сейдуалиев Құрсаудағы қоғамның сілкінісі //Егемен Қазақстан. 11.01.2024). Біреудің қайғысына ортақ болу мен қуанышына қол соғу сезімі де барған сайын сұйылып, оның есесіне озғанға ор қазу, ардақтыны аяқтан шалу, жақсының жағасынан алу қазақ қоғамын жегі құрттай жаулап алды (Дүкен Мәсімханұлы Жалпыұлттық құндылық бәрінен жоғары тұруға тиіс //Егемен Қазақстан. 11.01.2024). Осыны біліп, жарияладым, артыңша жергілікті әкімдік қолдап, спортшымыз баспаналы болды. Жәмила үшін шын жүректен қуаныштымын (Аслан Қаженов Халық ақиқатты білуге хақылы //Егемен Қазақстан. 7.01.2024). Дүниеге заңды түрде жасылдар партиясы келді. Бұл халық үшін ортақ жеңіс, ортақ қуаныш болуы тиіс! («Байтақ» бір жылдығын атап өтті //Егемен Қазақстан. 3.01.2024). Бұл ретте 2106 бала білім алатын мектептің ұрпаққа ұлағат болар игі шараны қолға алып, нәтижелі іс қылғаны көңілге қуаныш ұялатты (Жанбота Сұлтанмұратқызы Ұлтым деп соққан жүрек //Егемен Қазақстан. 26. 10. 2023).

Сөйлеуші нысанда белгілі бір құндылық бар екенін анықтаса, ол нысан жағымды болады; ондай құндылық болмаса, жағымсыз нысан ретінде сипатталады. Сондықтан құндылықтарды тану екі түрлі болуы мүмкін:

- 1) жалпыға ортақ, көпшілік қабылдаған құндылықтар;
- 2) автор қабылдауында құндылық ретінде бағаланғандары.

Аксиологиялық жүйе – жеке адамның не ұжымның (қоғамның) ғалам бейнесінің бөлігі болып табылатын тұрақты не өзгермелі құндылықтар жүйесі. Ментальді-психологиялық құбылыс ретінде аксиологиялық жүйенің өзіндік ерекшеліктері болады:

1. Терең мәнділік. Тұрақты құндылықтар туралы пікір қандай да бір архетиппен байланысты болады. Архетип аңызға негіз болуы мүмкін.

2. Сатылай байланыс. Философиялық, лингвистикалық еңбектерде құндылықтар түрліше жіктелген (утилитарлық, идеологиялық, этикалық, жеке, ұжымдық).

3. Құбылмалылық. Жеке адамның санасында да, қоғамдық санада да құндылықтар жүйесі үнемі өзгеріп отырады. Кейбір құндылықтар мәнін

жоғалтуы мүмкін. Адамның ақыл-есі толысқан кезде, өмірлік тәжірибесі молайған кезде кейбір құндылықтардың мәні артып, қадіріне жетуі мүмкін.

4. Даралық. Құндылықтар жүйесі адамның физиологиялық, психологиялық ерекшеліктеріне, тәрбиесіне, айналасына, өмірлік тәжірибесіне, рухани дамуына байланысты болады.

5. Әлеуметтілік. Адам мен қоғамның аксиологиялық жүйесі өзара байланысты. Адам белгілі бір қоғамда өмір сүретіндіктен, қоғамдағы құндылықтар жүйесі жеке адамға да қатысты болады, сол елдің заңына бағынады, әдет-ғұрпына қарсы келмейді.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы мәтіндерде адресант-автор мен адресат-оқырман өмір сүретін қоғамның аксиологиялық жүйесіне басымдық беріледі. Мәтінде қандай да бір инвариант (қоғамның аксиологиялық жүйесінің ортақ өзегі) немесе ұжым (жасы, жынысы, денсаулығы және т.б. психологиялық, физиологиялық параметрлері бойынша ерекшеленетін, кәсібі, мамандығына сәйкес белгілі бір әлеуметтік топқа жататын, мәдени, идеологиялық және т.б. құндылықтары бойынша ерекшелетін топ) туралы сөз болуы мүмкін. Құндылықтар жүйесі түрлі топта алуан түрлі болуы мүмкін.

М. Рокич мақсаттық құндылықтарды жеке тұлғалық және қоғамдық түрінде, құралдық құндылықтарды моральдік және біліктілік түрінде жіктейді [56]. Өзіне деген құрмет, қоғамда мойындалу сияқты құндылықтар жеке тұлғалық, ал бейбітшілік пен теңдік қоғамдық құндылықтар санатына қосылады (1-кесте). Жеке тұлғалық құндылықтардың басым түсуі қоғамдық құндылықтардың мәнін азайтса, қоғамдық құндылықтар үстем болған жағдайда жеке бастың құндылығы мәнін кемітеді [57].

(1-кесте)

<b>Мильтон Рокичтің құндылықтар жіктемесі</b>			
<b>Мақсаттық құндылықтар</b>		<b>Құралдық құндылықтар</b>	
Жайлы өмір	Көңіл тыныштығы	Өршілдік	Дүниетаным кендігі
Қызықты ғұмыр	Шынайы махаббат	Қиялдау	Тәуелсіздік
Табысқа ұмтылу сезімі	Ұлттық қауіпсіздік	Қабілеттілік	Интеллект
Бейбіт өмір	Рақат	Позитивтілік	Логика
Сұлу өмір	Құтқару	Тазалық	Жанашырлық
Теңдік	Өз-өзіне құрмет	Батылдық	Тіл алғыштық
Отбасы қауіпсіздігі	Қоғамда мойындалу	Кешірімділік	Кішіпейілділік

Еркіндік	Шынайы достық	Пайдалылық	Жауапкершілік
Бақыт	Даналық	Шыншылдық	Өз-өзін бақылау

Ш. Шварц жалпыадамдық құндылық ретінде *күш (power), жетістік (achievement), гедонизм (hedonism), ынта-ықылас (stimulation), өзін өзі бағыттау (self-direction), әмбебаптық (universalism), мейірбандық (benevolence), дәстүр (tradition), сәйкестік (conformity), қауіпсіздікті (security)* атайды [58]. Д.В. Ольшанский құндылық бағдарды идеологиялық, саяси, жеке адамның бағалауы мен тәжірибесіне негізделген адамгершілікке қатысты мәнділік түрінде жіктесе [59], Т. Светоносова экономикалық (*байлық, бизнес, кіріс*) және саяси-демократиялық (*еркіндік, заң, билік, теңдік, баспасөз тәуелсіздігі, соттың тәуелсіздігі т.б.*), әлеуметтік (*азаматтық қоғам (халық), қауіпсіздік, білім, белсенді өмір, қоғамдық қабылдау, қызметтік жоғарылау*) және рухани (*қайырымдылық, ізгілік, патриотизм, дәстүр, сұлулық т.б.*) деп топтастырған [60]. Ал Е.С. Миронец құндылықтарды: *саяси, виталдық, моральдық, діни, эстетикалық және экономикалық* деп жіктейді [61].

Зерттеушілердің ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, құндылықтарды витальдық (*өмір, денсаулық, игілік, экология т.б.*); әлеуметтік (*әлеуметтік мәртебе, жағдай, байлық, отбасы, тәуелсіздік т.б.*); діни (*құдай, сенім, ғұрып, мешіт т.б.*); моральдық (*қайырымдылық, достық, сүйіспеншілік, парыз, адалдық, әділеттілік т.б.*); эстетикалық (*сұлулық, идеал, үйлесімділік т.б.*); саяси (*заңдылық, мемлекеттілік, ата заң, азаматтық, еркіндік, т.б.*) түрінде жіктеуге болады [62].

Құндылықтар теориясы философиялық тұрғыдан алғанда адам мен қоғамның жекелеген құндылықтары мен түрлі аксиологиялық жүйесін зерттейді. Бүгінгі таңда құндылықтар жүйесін бірнеше ғылымның тоғысында зерттелуде. А. Гуревич, О. Дробницкий, А. Ивин, М. Киссель, Г. Киаве, С. Кочеров, Н. Розов, В. Тугаринов, М. Шелер, Р. Лотце, Р. Перу, W. Thomas, F. Znaniecki, С. Нұрмұратов, Р. Қадыржанов, Ә. Нысанбаев т.б. ғалымдардың еңбектерінде құндылық философиялық қырынан сөз болса, Е. Бабаева, Л. Голованевский, В.И. Карасик, М.Ю. Кочкин, Е.С. Миронец, Т.А. Светоносова, Г.Г. Слышкин, В.А. Марьянчик, О.С. Синепупова, Н. Уэли Э. Сүлейменова, М. Мұсатаева, Ж. Манкеева, Г. Смағұлова, А. Салқынбай, Б. Момынова, Ж. Ибраева, Қ. Есенова, Г. Мұратова, А. Түсіпбекова, А. Қожахметова, т.с.с. зерттеуші, ғалымдардың еңбектерінде лингвистикалық қырынан талданған. Профессор Г. Смағұлова: «Әдетте адам өмірінде құндылықтар әртүрлі. Мәселен, моральдік (адалдық пен әділеттілік), діни (мойынсұнушылық, төзімділік), әлеуметтік (қайырымдылық), сезімдік (махаббат, достық), эстетикалық (сұлулық, әсемділік, үйлесімділік) т.б. Бірақ құндылықтар әлемі әрдайым өзгеріп отырады. Оған әсіресе қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер себепші болады. Себебі адамдардың өмір сүру ерекшеліктері және олардың жеке және топтық көзқарастары құндылықтардың әлсіреуі мен күшеюіне әкеледі. Алайда аталған және аталмаған құндылықтар арасында эстетикалық құндылықтар көп жағдайда өз деңгейін сақтап қалатын сияқты. Өйткені, өзге құндылықтар өзгермелі болса, сұлулық, әдемілік,

үйлесімділік қашанда адамдардың мәңгі құштарлығына арқау болатын конкретті дүние», – дейді [63].

Құндылықтарды

- мәніне не бағасына қарай: *оң/теріс (негатив мәнді/позитив мәнді)* ;
- дәрежесіне қарай: *жоғарғы/төменгі (априорлы/апостериорлы)* ;
- маңызына қарай: *бірінші кезектегі, екінші кезектегі, үшінші кезектегі маңызы жоқ*;
- қатынастың түр-тегіне қарай: *басымдықты және енгізілген*;
- табиғатына қарай, шынайы әлемге қатынасы, өмір сүру тәсіліне қарай: *материалдық/рухани, экзистенциалды/идеалды, немесе мүлктік жекелік, заттық нысандық, шынайы/қияли, объективті/концептуалды, идеалды/субъективті/нысандалған*;
- субъектісіне немесе таралуына қарай: *жекелік, ұжымдық, көпшілік және жалпыадамзаттық*;
- субъектінің бағдарына қарай: *шынайы мен жалған, даму мен құлдырау, қарапайым мен күрделі, жасырын мен айқын*;
- сананың дәрежесі мен мінез-құлқына қарай: *ресми және күнделікті сана*;
- шынайылық дәрежесіне қарай: *шынайы және декларацияланған*;
- уақытқа қарай: *қайтпалы, қайталанатын және прогрессивті, осы, өткен, келер шақ*;
- тұрақтылығына қарай: *тұрақты және жағдаяттық*;
- әсерлестігіне қарай: *жағымды және жағымсыз*;
- мазмұны немесе саласына қарай: *рухани, экономикалық, әлеуметтік пен саяси; танымдық, әдептік, қоғамдық-саяси, эстетикалық, діни түрінде топтастыруға болады [57].*

Бірде-бір мәтін аксиологиялық жүйені тұтастай бейнелей алмайды, мәтінде құндылықтар жүйесінің қандай да бір бөлігі көрініс табуы мүмкін.

Мәтін авторы қандай да бір аксиологиялық стратегия көздеуі мүмкін. Медиамәтінде автордың аксиологиялық ұстанымы алуан түрлі болады:

1. Конвенционалды тұрақтылар стратегиясы. Автор жалпыға ортақ аксиологиялық иерархияны қолдайды, қоғамдағы негізгі құндылықтарды түсінеді, оларға басымдық береді, ол құндылықтарға мән бермей, мансұқтайтындарды айыптайды. *Кеңес заманында әділдік теңдік құндылығымен қатар қойылып, «әділдік» концептісі «теңдік» концептісімен қатар сипатталды. Бұл құндылықтар жаңа Қазақстан үшін де маңызды болып отыр: Әділдік пен теңдік – «жаңа Қазақстанның» бағдары (<https://atameken.kz/kk/news/47239-spravedlivost-i-ravenstvo--orientiry-novogo-kazahstana>). Тоқаев: Әділдік – барлық азаматтардың заң алдындағы теңдігі (<https://stan.kz/tokaev-adildik-barlik-azamattardin-zan-aldindagi-tendigi-314931>). Әділдік пен теңдік – бәрімізге ортақ құндылық. Расында, әр азамат әділдік пен теңдікті өзінен, өз отбасынан бастауы керек. Сонда ғана қоғамда игілік салтанат құрады (<https://nurgasyr.kz/p/dildik-pen-tedik-orta-ndyly>). Әділдік пен теңдік салтанат құруы үшін саналы ұрпақ тәрбиелеу қажет (<https://turkystan.kz/article/236126-dildik-pen-te-dik-saltanat-ruy-shin-sanaly-rpa-t-rbieleu-azhet-darhan-te>). Состоялась*

республиканская научно-практическая конференция на тему «Закон. Справедливость. Равенство» – основа формирования антикоррупционной культуры (<https://www.gov.kz/memleket/entities/anticorruption-kyzylorda/press/ews/details/454026?lang=ru>). Бұл орайда мақаланың тақырыпаты, сюжеті, құрылымы, мәтіннің концептуалды парадигмасы, бағалау конструкциялары (бағалаушы предикация мен атрибуция, тікелей не жанама бағалау), оқырман пресуппозициясының актуалдануы, вербалды және бейвербалды құралдармен ассоциация түзу (эвфемизм, мәтінге прецеденттік атауларды енгізу, интермәтін құру және т.б.) аксиологиялық тактика ретінде қолданылады.

2. Конвенционалды доминанттар стратегиясы. Автор қоғамда қабылданған аксиологиялық жүйеге күмән келтірмегенмен, мәтінде негізгі құндылықтарға басымдық беріп, аксиологиялық инвариантты түрлі әдіс-тәсілмен сипаттайды. Мысалы: *«Степень удаленности от демократии указывает на степень дикости. Тот, кто лишен демократии, выпал из истории. Демократия есть предмет веры: достаточно произнести это магическое слово – и обретаешь статус правого в споре. Быть демократичным – значит быть либеральным, гулиным, порядочным. Быть демократом – значит противостоять тирании, варварству, рабству. В светских государствах люди верят в демократию так же истово, как их предки верили в бога»* (Независимая газета 18.04.2006). Мәтінде «демократия» концептісі либерализм, өркениет (цивилизация), гуманизм, сенім (вера), құдырет (магия), дін (религия), тәртіп (порядочность) сияқты құндылықтармен қатар қойылған. Конвенционалды тұрақтылар стратегиясы да, конвенционалды доминанттар стратегиясы да тіл арқылы жүзеге асады, екеуінде де ұжымдық адресат пен бұқаралық адресаттың құндылықтар жүйесі сәйкес келеді.

3. Аксиологиялық доминанттарды бұзу стратегиясы. Бұл стратегия түрліше жүзеге асуы мүмкін. Автор ол құндылықты мойындамай, теріске шығаруы мүмкін. Мысалы: *«...Так что все демократические «свободы» на деле – пирик, а законы служат принуждением к следованию догмам... А борьба демократов за так называемые свободы – это не более чем борьба за замену одних догматов другими»* (Независимая газета. 18.04.2006). Мәтінде «свобода» сөзінің тырнақшаға алынуы, ол сөздің («свобода») алдында *так называемые* сияқты тіркестердің қолданылуы автордың бүкіл адамзат баласы құндылық ретінде таныған «еркіндік» («свобода») сөзіне қатысты ұстанымы бөлек екенін көрсетеді. Автор *«православие», «демократия»* сөздерін қатыстырып, *шендестіру жасау* арқылы «еркіндік» («свобода») сөзін аксиологиялық жүйеден тыс сипаттайды: *В Православии все понятно. Главное предназначение разума – отличать, добро от зла. Предназначение свободной воли – выбирать добро и отвергать зло. Предназначение догм – удерживать людей на истинном пути к Царствию Небесному. А в демократии? Главное предназначение разума неизвестно (наверное, он там даже не нужен). Свобода существует для того, чтобы оправдывать «естественность» любого, самого мерзкого порока, тщательно избегая при этом главного выбора – между добром и злом. А догмы*



*придуманы для того, чтобы никто не свернул с этого гибельного пути в геенну огненную... Да, нелегко выбраться из зиндана демократии* (Русь Православная. 2002, март, №57). *«Существует идол – свобода, ему и приносятся жертвы, часто человеческие»* (Независимая газета. 18.04.2006). Келтірілген мәтіннен «еркіндік» («свобода») сөзін демократияның зинданына («зиндан демократии»), құрбандық шалынатын пұтқа («идол») балап, метафора тудырғанын да байқауға болады.

Келтірілген стратегиялардың бірін таңдай отырып, медиамәтін авторы оқырманның құндылықтар жүйесін бекемдей түседі не өзгертіп жіберуі мүмкін. Ділге қайшы келетін ауытқулар, адресаттың құндылықтар туралы түсінігін өзгерту диалектикалық сипатта болады: көпшілік қабылдаған құндылықтар жүйесіне сәйкес келмейтін мәтіндердің прагматикалық және стилистикалық жүгі болады. Ондай мәтіндердің мазмұны да (адамгершілік, этикалық парадокстар, ауытқушылықтар туралы сөз болғанда), түрі де (инвективті стилистикалық әсер тудыратын мәтіндер) құндылықтар жүйесіне қайшы келуі мүмкін.

Белгілі бір нысанға қатысты қалыптасқан пікір-тұжырымға сүйенген, айқын когнитивті негізі бар эмоция тудыратын баға эмоцияға қатысты болғанмен, адамның әлемге біршама объективті қатынасын көрсетеді. Бағалаушылық мәннің субъективті, объективті компоненттері өзара диалектикалық бірлікте болады. Бағалау – субъектінің объектіні тілдік бірліктердің көмегімен сипаттауы. Мәтіннен автордың позициясы, ұстанымы айқын көрініп тұрады. Мысалы: *Мұның бәрі – жай тарих емес, тәуелсіздікті сақтау, баянды ету жолында әлі де кәдеге аса беретін тозбас құндылықтар* (Жәнібек Әлиман Жанға сақтау болған жұрт //Егемен Қазақстан. 19.12.2023). *Кейде рулық деңгейде ойлап, әркім өз руынан шыққан тұлғаларды қорғаштап, қырықпышақ болады. Өйтудің де қажеті жоқ. Тарихтан өз орнын, өз бағасын алған тұлғаларға біздің ендігі берер бағамыздың қажеті жоқ* (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды //Жас алаш. 15.01.2024).

Сонымен, бағалауға қатысты пайым-түсінік тілде логика-семантикалық категория ретінде сипатталады. Бағалау категориясы экспрессивтілікпен тығыз байланысты болғанмен, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар: бағалауда адамның белгілі бір нысанға көзқарасы, оның пайдалы-зиян тұстары нақтыланса, эмоционалды-экспрессивті мәнде адамның соған қатысты сезімі, әсері, эмоциясы көрініс табады. Медиамәтіннің аксиологиялық құрылымы мәтіннің семантикалық өрісінде ашық не жасырын берілген құндылықтар жиынтығынан құралады. Құндылықтар адамның бағалауын көрсетеді. Ол архетип, аңыз, стереотиптерге негізделеді. Құндылықтар жиілігімен, алуан түрлілігімен ерекшеленеді де 1) мәтіннің тақырыбына, 2) автордың аксиологиялық өрісі, 3) идиостилі мен стилистикасына, 4) ауызша коммуникацияның мақсат-міндетіне сәйкес өзгеріп отырады. Тілдік бірлік арқылы көрініс тапқан эмоциялар сол тілде сөйлеушілердің бәріне түсінікті болады. Таным-түсінігі ортақ болуына байланысты белгілі бір ұлт өкілдерінің санасындағы ғалам бейнесі де ортақ болады. Коммуникативті жағдаятқа сәйкес туындаған мәндерді толық бейнелеу

үшін тілдік бірлікті түрлі қырынан сипаттау керек. Сол арқылы сөйлеушінің айналасына, адресатқа қатысы, тілдік жағдаятқа сәйкес лексикалық бірліктерді қалай сұрыптағаны көрінеді.

#### **1.4 Эмотивті-бағалауыштық лексиканың когнитивтік-прагматикалық аспектілері**

Соңғы уақытта зерттеушілер бағалауды когнитивтік-прагматикалық тұрғыдан сипаттауға ерекше мән бере бастады. Бұл үрдіс когнитивтік, ақпараттық феномендердің интеграциясы; мәтін доминанттарының жүйелілігі; бұқаралық ақпарат құралдарының түрлі мәтіндеріне тән лингвомәдени кеңістіктің бағалау аспектілері сияқты теориялық, лингвистикалық бағыттармен тығыз байланысты. Бұл бағыттарға сәйкес бағалау субъектінің нысанға құндылықтар жүйесі тұрғысынан тілдік бірліктер арқылы сипатталып, объективті және субъективті бағалауда тілдік сана элементтері қатысады. Эмотивтік-бағалаушы бірліктерді пайдалана отырып, тілдік тұлға белгілі бір нысан туралы ұстанымын білдіреді, интенциясын жеткізеді, коммуникативтік қажеттілігін өтейді. Осы тұрғыдан алғанда, эмотивтік-бағалаушы лексиканы антропоэзектік тұрғыдан сипаттауда прагматикалық ерекшелігіне; тілдік тұлғаның ақиқат болмысты аксиологиялық, эмоционалдық тұрғыдан жіктеуі; эмотивтік-бағалаушы бірліктерді дұрыс қолдана білуі; эмотивтік-бағалаушы бірліктер қолдану арқылы тілдік тұлғаның айтайын деген ойы, интенциясы, тілдік тұлғаның тілдік құзыреті, психологиялық ерекшелігі, мәтіннің ұйысуы сияқты мәселелерге мән беріледі.

Тілді когнитивтік аспектіде зерттеу тілдік коммуникацияның тәсілдерін түсінуге жол ашады. Сол арқылы тілдік қатынастың сапасын арттырып, автор өз ойын қаншалық дәл, толық жеткізгенін анықтауға, тыңдарман (оқырман) автордың ойын қаншалық дұрыс қабылдап, түсінгенін анықтауға мүмкіндік береді. М.В. Никитин сөздерді мағыналық құрылымы бойынша жіктеп, прагматикалық және когнитивтік компоненттердің сөзбен берілуіне қарай:

- 1) мағыналық құрылымында когнитивтік компоненті басым сөздер;
- 2) мағыналық құрылымында прагматикалық компоненті басым сөздер деп бөледі [64].

Когнитивтік компонент сананың когнитивтік құрылымдарында реттелген мән, белгілерді, таным-түсінікті білдірсе, прагматикалық компонент адамның мүддесі, құндылық бағдары тұрғысынан берілген өзіндік бағасын көрсетеді. Профессор Д. Әлкебаева: «Сөйлеу әрекетіндегі коммуниканттардың стратегиясы мен тактикасы – коммуникативтік-прагматикалық мақсаттың тиімді шарттарының бірі. Прагматика қатысым әрекетіндегі таңбаның бітім-болмысын көрсетеді. Автордың қолданысында таңба өзінің «іс-әрекетін ықпал ету», «белгілі мақсатқа арнап» құру қасиетіне ие. Прагматика тілдік таңбалардың оны қолданушы адамдарға қарым-қатынасын көрсетеді әрі ықпал етеді, қабылдаушының реакциясын тудырады. Кез келген айтылым адресаттарға ақпарат берумен қатар, оның қабылдауына ықпал ететін тілдік бірліктерді таңдайды және оның реакциясын тудырады» – дейді [65].

БАҚ дискурсы автор пікірінің ашықтығымен, баға берушілігімен, позициясының нақтылығымен ерекшеленеді. Бағалаушылық қызмет – бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі қызметінің бірі саналады. Профессор Н. Уәли функционалды стильдердің прагматикалық шарттылығы туралы: «Әдеби тілдің кез келген функционалдық түрі белгілі бір прагматикалық шарттылықпен байланысты жүзеге асады. Мысалы, ауызша тілдесуде *сөйлеуші – жағдаят – тыңдаушының* болуы шарт болса, жазба коммуникацияда бұл шарттылық, *жазушы – жағдаят – оқырман* түрінде болды. Мұндай прагматикалық шарттылықта, біріншіден, коммуникативтік ситуация айқындалады, екіншіден, тілдесудің мақсаты нақтыланады, үшіншіден, тілдік құралдарды талғап, таңдауда, олардың басын қосып, біріктіруге мүмкіндік болады. Мысалы, жоғары мектеп профессоры өз монографиясындағы теориялық зерттеулердің нәтижесін колледж студенттеріне тілдік құралдардың сол ситуацияға лайық келетін түрімен алмастыра отырып, баяндап береді. Өйткені қарым-қатынас прагматикасы сөз субъектісінен мәтіннің басқаша вариантын түзуді міндеттейді. Ал ситуацияға лайық мәтін түзу – шығармашылық процесс. Бұл айтылғандар әртүрлі прагматикалық жағдайда әдеби тілдің функционалдық түрлерін қолдана білу мәдениетіне жатады. Ситуацияға қарай мәтін түзудің коммуникативтік ережелеріне автордың сөз саптау шығармашылығына сөз қолданыстағы авторлық дербестігіне мүмкіндік беретіндей икемділік сипаты болады. Ал тілдік нормамен байланысты ережеде мұндай шығармашылық еркіндік бола бермейді, адресантқа екінің бірін таңдауына тура келеді», – дейді [22].

Прагматикалық және когнитивтік компоненттердің өзара байланысын *қарт, ақсақал, қария, шал* сөздері арқылы түсіндіруге болады. Когнитивтік тұрғыдан алғанда, бұл сөздердің бәрі де егде тартқан, қартайған адамды білдіргенмен, прагматикалық тұрғыда түрлі мәнге ие: «қарт» сөзі бейтарап мәнде қолданылады. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» «қарт» сөзінің дефинициясы *Жасы ұлғайған, қартайған адам* түрінде берілген [29].

Ал «ақсақал» сөзі «1. Жасы үлкен, құрметті ер адам, қария. 2. тар. Байырғы қазақ қоғамында ел тағдырын шешуге араласқан жасы үлкен, ықпалды ер адам, ру басы. 3. ауыс. Тәжірибесі мол адам, өз ісінің шебері» түрінде сипатталған [29].

«Қария» сөзіне *Көрген-білгені мол, көп жасаған қарт* деген дефиниция берілген [29].

Осы мағына «қария» сөзінің қатысуымен қалыптасқан тұрақты тіркестерде де сақталған:

**Кәрі құлақ қариялар.** *Естіген-білгені мол, шежіре кісілер.*

**Көнекөз [көне] қариялар.** *Көргені мен көңілге түйгені мол, көңілі зерек қарт кісілер.*

**Сөз ұстар қариялар.** *Сөзі өтімді, ақыл-кеңес беруші қарттар* [29].

Жасы үлкендігімен қатар «көпті көргендік», «көргенділік, кісілік» мәндері «қариялық», «кәриялық» сөздерінде де сақталған:

**ҚАРИЯЛЫҚ** з а т. 1. *Көп жасағандық, қарттық.* 2. *Көргенділік, кісілік* [29].

**КӘРИЯЛЫҚ** сын. *Қариялық (жасы үлкендік, көп көргендік) [29].*

Байқап отырғанымыздай, «ақсақал», «қария» сөздерінде «құрметті», «сыйлы», «ақылды» деген мәндер сақталған. Ал «жасы үлкен, қартайған» деген мәндегі «шал» сөзі бейтарап, жағымсыз мәнге ие: 1. *Өз үй іші шаруасымен айналысатын, әлеумет ісінен сырттай жүретін, бала-шаға қамында өзімен өзі болған қарт кісі. 2. Қария, қарт [29].*

«Шал» сөзінің қатысуымен жасалған тұрақты тіркестер де жағымсыз мәнде:

**Шал болды.** *Қартайды, қаусады.*

**Ет андыған шал.** *Сақалын сатып кунелткен, қарнын тойдырған жасы келген адам [29].*

Қосымша мәнді зерттеушілер түрліше (прагматикалық компонент, коннотация, коннотациялық макрокомпонент, экспрессивті, эмоциялық мән, эмоциялы реңк, т.б.) атап келеді.

Тіл – қатынас құралы болғандықтан, адамдар сөйлесу арқылы ақпарат алмасады. Ол иерархиялық байланыстағы жүйелер қатары іспетті. Оны өз ішінен а) хабар жеткізуге арналған ақпарат жүйе; ә) адресаттың психикасына әсер етуге бағытталған прагматикалық жүйе түрінде жіктеуге болады. Ақпараттық жүйе ақыл-ойға бағытталса, прагматикалық жүйе эмоцияға әсер ете отырып, ой өрісіне, ақыл-ойға әсер етеді. Осыған байланысты зерттеуші Қ. Есенова журналистің міндетін «1. оқырманды әлемде болып жатқан маңызды оқиғалардан хабардар ету; 2. оқырманның газетке деген қызығушылығын ояту, яғни басылымға назар аударту; 3. оқырманды баяндалған оқиғалар мен фактілердің дұрыстығына, шынайылығына және оларға берілген бағаның объективтілігіне сендіру; 4. мәтінде баяндалып отырған оқиғалар мен кейіпкер ретінде алынған тұлғаларға оқырман көзқарасын белгілі бағытта қалыптастыру» түрінде сипаттайды [66].

Эмоциялы бағалауда субъект белгілі бір зат-құбылысқа не адамға жағымды не жағымсыз мән үстейді. Сол себепті бір зат не құбылысты әр адам өзінше сипаттай алады. Бұл орайда эмотивті-бағалауыштық лексиканы психолингвистика тұрғысынан қарастыру қажеттігі байқалады.

Тілдік бірліктер (сөз, тіркес, т.б.) арқылы берілген эмоциялар сөйлеушілердің бәріне түсінікті болады, себебі ол – ғаламды сөзбен жеткізудің (ғаламның тілдік бейнесінің) бір көрінісі. Эмоциялы күй эмотивтер түрінде көрініс табады. Ондай бірліктердің мағынасында эмоциялы белгілер, эмоциялардың, түрлі сезімдердің атаулары болады.

Бұқаралық ақпарат құралдарында бастан-аяқ эмоцияға құрылған мәтіндер де кездеседі. Мысалы: *Бабаларымыз неге «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» қасіретіне тап болды? Таза «катындықтан»! Еуразияның дәл ортасында күні де арайлап ататын, таңы да бақытпен бататын гажайып өлкеге ормандай орыс, қаптаған қытай қызықпады дейсіз бе? Сөйтіп, екеуі екі жақтан отырып алып отты көсей берді. «Бет бергенде шырайы сондай жақсы», алдына қазақ барса да, қалмақ барса да төс қағыстырады, дос болады. Екеуінің де көзі тайғанда, қалмақтарға «от шашатын» қарулар беріп, тіпті,*

оны жасауды үйрететін шеберлерін де коса жіберіп, Сарыарқаны жайсаң жұрттан түп-түгел тазартуды ойластырды. «Бірі өліп, бірің қал» саясаты қызу жүріп жатты. Екі халық бірін бірі әлсіретіп, құртып тынғанда бос қалған жерге «Көптен күттім, сәулем-ай!» деп орныға қалуға ойлары кетпеді деңізші. Мұны еркектік дей аласыз ба, мысалы?.. (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. - №34 (2910). - 4.04.2016). Айқын. №34 (2910). Пушкинге оқ атқан Дантесті де ақтай алмайсыз – даңқы дәуірлеп тұрған ақынды кешіре салуға неге оның ерлігі жетпеді екен, а?! Ерлігі жетпесе де, «катындығы» жеткілікті болып тұр ғой, сірә... (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. - №34 (2910). - 4.04.2016). Бірінші, екінші дүниежүзілік соғыстар да таза «катындықтан» туындаған. 1916 жылғы қазақтардың ұлт-азаттық көтерілістерінің барлығы да патша өкіметінің «катындығына» қарсы еркектік жауап болатын. Әттең, зеңбірекке жалаң қылышпен аттанған бабаларым-ай, сендердікі нағыз ерлік те, жауындыкі таза «катындық» қой. Патша өкіметі әуелі «бұратана халықтардың еркектерін әскер қатарына алмаймыз» деп заң жүзінде бекітеді де, артынша заңды өзі бұзып, оқпен қазуға шақырады. Ердің ісі ме осы? (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. - №34 (2910). - 4.04.2016). Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деп қазақ даласын өлік сасытқан Құжақ – Голощекин көрінде өкіріп жатса да обалы жоқ (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. - №34 (2910). - 4.04.2016)...Біз журналистика әлеміне енген 1990 жылдары әр журналист өз еңбегімен ғана танылатын еді. Шұқына ізденіп, жұрт айтпағанды айтып, жұрт көрмегенді көріп, кабырғалы халқын әйтеуір бір жарыққа сүйреуге тырысатын. Арада не бары 20 жылға жуық уақыт өтті. Қазір ақпараттық сайттардың бәрі «копи-пастпен» айналысады, яғни өзгенің қоржынындағы жақсы жазбалаларды көшіріп басып бедел жинайды. Өзінде ештеңе де жоқ болуы мүмкін. «Атып кетті», «асып кетті», «жаза ұстатты», «қырып кетті», «алып қашып кетті», «күйеуімен еш қиналмай ажырасып кетті», «сүйгеніне сүрінбей қосылды» деген жаңалықтар барлық сайтта жүр. Бәрі – «катыни» әңгімелер. Сөйте тұрып, ұлдарымызға «ер бол» дейміз, ә... (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. - №34 (2910). - 4.04.2016).

Мақаласын «Ерлікке ода» деп атаған Есей Жеңісұлы сөзінің соңына таман: «Сөз басында ерлікке ода айтқымыз келіп еді. Ерлік деп жүргеніміздің бәрі «катындықпен» оңай қабыса кететінін байқап, іркіліп қалдық. Қайда бара жатырмыз? Келер ұрпаққа қандай үлгі қалдырамыз?», – дейді. Қоғамдағы өзгерістерге көңілі толмай, ашынған автор эмоциясын жеткізу үшін «ерлік», «еркектік» және «катындық» сөздерін өзара қарсы қойып, шендестіреді. Оқырманға сөзі өтімді болу үшін риторикалық сұрақтарды (Пушкинге оқ атқан Дантесті де ақтай алмайсыз — даңқы дәуірлеп тұрған ақынды кешіре салуға неге оның ерлігі жетпеді екен, а?! Бабаларымыз неге «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» касіретіне тап болды? Есі дұрыс адам өз жұртын жарылқап алмай жатып, жаттың байлығына көз аларта ма? Өз халқын бақытқа жеткізгісі келгені үшін «халық жауы» деп айдарлау азаматтық па?), диалогтық қолданыстарды (Еуразияның дәл ортасында күні де арайлап ататын, таңы да бақытпен бататын ғажайып өлкеге ормандай орыс, қаптаған қытай

қызықпады дейсіз бе? Мұны «еркектік» дей аласыз ба, мысалы? Екі халық бірін бірі әлсіретіп, құртып тынғанда, бос қалған жерге «Көптен күттім, сәулем-ай!» деп орныға қалуға ойлары кетпеді деңізші, Түркі жұртының ішіндегі сол кездегі ең саны көп халықты мақсатты түрде қырып-жоюды «коллективтендіру» деп әдемі айдарлап қойғанын айтсанызшы!), сөйлеу тіліне тән элементтерді («Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деп қазақ даласын өлік сасытқан Қужақ – Голощекин көрінде өкіріп жатса да обалы жоқ), инверсияны (Сайын далада еркін көшіп, ерке құспен сырласып өмір кешкен ордалы жұртымның қаймағының бәрін сыпырып алып, билікті өмірі кісі басқарып көрмеген, алдындағы баққан қойына ғана айқайлауды білетін можантопайға беріп, өзін өзі тауысқан халыққа мұртынан күліп отырған шығар. Өз «қатындық» әрекетінің нәтижелілігіне риза болып... Жақындатып жатқан «катындық» қалпымыз), т.с.с. молынан пайдаланған.

Мұндай эмоциялық бояуы қанық мақалалар жиі кездеседі: Ал біз, пәлсапашы айтқандай, «философия ілімінен сауатсыз» болсақ та, Абайдың философиялық көзқарасынан арнайы кандидаттық, докторлық диссертация қорғаған бір қауым философ-ғалым таба алмаған, дұрысы қарымы жетпеген осы үш ұғымды Абай кімнен және қай еңбегінен алғанын, өзара ой сабақтастығын, яғни ақын ізденіп, тапқан ой өрісін анықтап, жұртшылыққа қуана жеткізіп отырмыз. Сол үшін әдепті, сауатты білім иесі жалған намыстанбай, іштарлық танытпай, «Абайдың жан қуаты туралы философиялық көзқарасын енді салыстыра талдаудың реті келді. Бұл бұрын біздің көзімізге түспеген дерек көзі еді. Енді Бенекенің осы еңбегін қаперге аламыз» деп, отандық философтарға қарата айтылған пікірге өкпесі бар екеніне емеурін танытса, ешқандай зілсіз, түсіністікпен қабылдар едік. Бұл жерде өзі өмір бойы су ішкен батыс философиясын терістеудің, ғылымды Алланың бір аты ретінде таныған Абайды «философияны мойындамады» деп жаңсақ пайымдаудың қажеті жоқ (Тұрсын Жұртбай, Сұлтан Ыбырай «Тура сөзін айта алмай...» //Егемен Қазақстан. 27.12.2023).

В.И. Шаховский 1) адамның эмоциясы өзгелерге сөз арқылы берілетінін, 2) сөз эмоцияны білдіріп қана қоймай, өзі де эмоция тудыра алатынын, 3) эмоция бағалаудың нысаны болғандықтан, сөзбен беріле алатынын айтады [2]. Бұл тұрғыдан алғанда, сөйленім эмоцияларды атау үшін ғана қолданылмайды, сонымен қатар ол адамның айналасына қатысын, ұстанымын, бағасын білдіре алады. Эмоция мен бағалау тығыз байланысты. Себебі эмоция да, баға да адамның айналасына қатысын білдіреді. Эмотивтер арқылы сөйлеушінің қандай да бір нәрсеге, адамға қатысты ұстанымы, ризашылығы, өкпе-реніші, т.б. көрінеді. В.И. Шаховский адамның ішкі сезімі, күйзелісі, қуанышы сөз арқылы жарыққа шығатынын айтады. Қасында ешкім болмаса да, адам көңіл күйін сөз арқылы шығара алады: «*What a swine he is! — Ну, он и свинья!*», «*What an ass I'm! — Ну, я осел!*». Мұндай кезде адам эмоцияны атамайды, эмотивтер арқылы өзінің ішкі сезімін шығарады. Сол себепті Қ. Жұбанов одағайларды жауап беруді қажет етпейтін, бір жақты коммуникацияға жатқызады. Эмоциялардың тосын шығуы,

тілде көрініс табуы мен саналы түрде шығуы – сипатталуы – екі бөлек нәрсе, сондықтан екеуін теңестіруге болмайды.

В.И. Шаховский эмотивті мәтіндерді өз ішінен бірнеше бөлікке жіктейді: **тілдік** – эмотивті лексика мен фразеология, эмоциялы құрылымдар, сөз түрінде көрініс тапқан эмоциялы кинемалар мен просодемалар, т.б.; **тілдік емес** – эмоциялы жағдаят, эмоциялық пресуппозиция, эмоциялық интенциясы, қарым-қатынас барысындағы коммуниканттардың позициялары, көңіл күйі (тренд) [2]. Эмоциялы мәтіндер публицистикалық мәтінде айқын көрініс табады.

Сөйлеу актісінің жүзеге асырылуы үшін айтылым болуы маңызды болсағалым М.Р. Львовтың пікірінше сөйлеу актісінің өзі бірнеше кезден тұрады:

1) **коммуникацияға дейінгі кез**. Бұл кезеңде жағдаяттық және уәждемелік факторларға көрініс беріп, *сөйлеу интенциясы* айтылымның ішкі, ой дайындығын айқындайтын сөйлеу ниеті, бүкіл мақсаты дегенді білдіреді;

2) **коммуникация кезі**. Бұл кезең екі сатыдан тұрады: дайындалған айтылымның материалдануы, яғни ойлаудан акустикалық немесе графикалық кодтарға өту және айтылымның қабылдануы. Бұл тұстарда кодтан кодтық ауысу іс-әрекеті жүргізіледі. Себебі, қабылданған айтылым ішкі сөйлеудің ойлау кодына ауысады.

3) **коммуникативтіктен кейінгі кез**. Ол вербалды түрде, яғни сұхбаттасушының жағдайы, жаңа сөйлеу актісі, жаңа айтылым ретінде жүзеге асырылады [67].

Мәтіннің прагматикалық құрылымын қарастырған Ю.Д. Апресянның пікірінше: «...Прагматикалық ақпараттың үш түрі болады. Олар: а) адресанттың ақиқат болмысқа; ә) хабарлама мазмұнына; б) адресатқа көзқарасы, қарым-қатынасы» [20]. «Автор-мәтін-адресат» тізбегінде экспрессивтілікті екі бағытта қарастыруға болады: а) «автор-мәтін» бағытында автордың мақсатына сәйкес мәтінде экспрессивті мәнді қолданыстар көп болады да автордың позициясы айқын көрініп тұрады; ә) «мәтін-адресат» бағытында автордың позициясы айқын көрінбейді. Сол себепті сөйлемде экспрессивті, бағалау мәнді сөздер, бейнелі қолданыстар көп қолданылмайды. Алайда мұндай мәтінде автор адресатқа ерекше ықпал етіп, діттеген ойына адресат өз еркімен келуін көздейді.

БАҚ мәтіндерінде адресатқа бағытталған адресанттың белгілі бір прагматикалық ұстанымын профессор Қ. Есенова былайша көрсетеді:

«1. Оқырманды әлемде болып жатқан маңызды оқиғалардан хабардар ету;  
2. Оқырманның газетке деген қызығушылығын ояту, яғни басылымға назар аударту;

3. Оқырманды баяндалған оқиғалар мен фактілердің дұрыстығына, шынайылығына және оларға берілген бағаның объективтілігіне сендіру;

4. Мәтінде баяндалып отырған оқиғалар мен кейіпкер ретінде алынған тұлғаларға оқырман көзқарасын белгілі бағытта қалыптастыру» [66].

Мазмұндық-концептуалды ақпарат автордың өзіндік пікірін білдіріп, түсінік қалыптастырады, оқиғаның себеп-салдарын түсіндіріп, олардың халықтың әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени өміріндегі маңызын, жеке адамдар арасындағы қарым-қатынасты, психологиялық, эстетикалық-танымдық

сипаттайды. Мұндай ақпарат мәтіннің өн бойынан алынады, автор оқиға, іс-әрекетті баяндай отырып, өз пайымын білдіреді. Тыңдаушының аялық білімі, дүниетанымы автормен деңгейлес, шамалас болса, сөзді дұрыс қабылдап, түсіне алады. Сонымен қатар тыңдаушының сенімі, ұстанымы, уәжі, мақсат-мүддесі автордың сөзін өз деңгейінде қабылдауына мүмкіндік береді. Публицистикада автордың коммуникативті интенциясына сәйкес әлеуметтік факторлардың да орны ерекше.

Бұқаралық ақпарат құралдарында автордың мақсаты, қабылдаушы адресатпен байланысы автордың бағалауына байланысты болады. Автор қандай да бір оқиғаны сөз ете отырып, адресатқа ықпал етуді көздейді. Ақпараттың бұлайша берілуін эмоциялы-бағалауыштық сипатқа жатқызуға болады. Ол көбінесе репортаждарға, мақала, корреспонденцияларға тән. Репортаж оқиғаның дамуын нақты, айқын көрсететін публицистикалық жанрға жатады. Репортажда тыңдарманды үйіріп әкетіп, болған жайға енжар қарамауға итермелеу көзделеді. Репортаждың авторы оқиғаның анық-қанығына көз жеткізген адам ретінде оқиғаны өзінің қабылдауы, өзінің әсері бойынша баяндайды. Сондықтан бұл жанрда нақтылық қасында тұрып, көзбен көргендей әсер қалдырады. Автор нақты дерек, аргументтер келтіру арқылы сөзін дәйектендіріп, баяндап тұрғанына тыңдарманының көзін жеткізуге тырысады. Мысалы: *«Шамалған ауылында Үшқоңыр тауы бар. Олар қарулы адамдарды орналастырып, үстіртке баратын жолды жауып тастады. Олар тіпті ешкімді өткізбейді. Адамдар мал жайылымдарына жете алмайды. Қолында мемлекеттік құжаттары бар адамдар өз жерлеріне бара алмай жүр. Ешкімді кіргізбейді. Олар мені де кіргізбеуі мүмкін. Бұны тіпті жеке мемлекет десе де болады», – деді Мақсат Толықбай. Ауыл тұрғындарының айтуынша, бұл жерді Кеңес Үкіметі кезінде совхоздарға бөліп берген. Ұзынағаш, Күрт ауданының халқының бәрі малын осында әкеліп жайған. «15 мың га жер. Соның бәрін игеріп отырған мал бар деп мен ойламаймын. Қоршап алған. Ешкімді жолатпайды. Топшылап отырмын, Назарбаевтар резиденциясы бар. Ары қарай болса да осы жолмен барады», – дейді депутат. Мақсат Толықбайдың айтуынша, аталған жер мәселесі бойынша мәселені реттеуге жергілікті прокуратура, мемлекеттік органдар «қолымыздан ештеңе келмейді» деп жауап берген («Назарбаевтікі болмаса, кімдікі?»): Үшқоңыр қарулы күзетпен қорғалуда (Жас алаш. 10.01.2024)*

*Израильдік әскерилер Анклавтың солтүстігінде ХАМАС содырларымен соғысып, «қарқынды операциялық белсенділік» Газаның орталығында және оңтүстік Хан қаласының айналасында орын алды. «Біз орталықта да, оңтүстікте де ауыр шайқастарға қатысып жатырмыз», – деді Израиль армиясының өкілі контр-адмирал Даниел Хагари. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, Израиль күштері шығыс Хан-Юнис пен Газа секторының орталық бөлігін жаппай бомбалады. Дейр әл-Баледегі ереуіл кезінде бір түнде 18 адам қаза тапты. Сонымен қатар, Хамас басқаратын Анклавтағы денсаулық сақтау қызметкерлері бір түнде 247 адамның қаза тапқанын хабарлады (АҚШ пен*



Таяу Шығыс елдері Газадағы шабуылды жеңілдетуге шақырды //Жас алаш. 9.01.2024).

Репортаж болған жайтты толық қамти алмайды. Себебі журналист толық ақпаратқа қол жеткізе алмауы да мүмкін. Репортажда сөз болған жайтқа қатысты автордың субъективті пікір, өзіндік ұстанымы болуы, ол шындыққа сәйкес келмеуі де мүмкін. Толық ақпаратқа қол жеткізе алмағандықтан, журналист ақпаратты өзіндік пайым-түсінігімен толықтыруы мүмкін. Журналист оқиганы өз қабылдауы, психологиялық қалпы, көңіл күйіне, эмоциясына, экспрессиясына байланысты жеткізе алады.

Репортажда баяншы болған жайтты басы-қасында тұрып, көз жеткізген, анық-қанығын анықтаған адамдай көрінеді әрі соған қатысты өз ойын, пікірін жеткізеді. Сол себепті репортажда ақпаратты эмоциялық-бағалауыштық тұрғыдан баяндайтын жанр ретінде сипаттауға болады. Репортаж мәтінінде автордың өзіндік эмоциясы, авторлық позициясының басым болуы репортаждың стиліне ықпал етеді, сөздер мақсатқа сәйкес сұрыпталып алынады, сөйлем құрылымына да соған сәйкес болады. Мысалы: *Абсолютный фейк. Абсолютный. У нас есть свободные медиа. Есть свободный интернет. Правда, в связи с военным положением у нас имеют место некоторые ограничения, но раньше никаких ограничений не было. Число пользователей интернета в Азербайджане превышает 80 процентов. Можете ли вы представить себе ограничение медиа в стране, где свободный интернет, нет цензуры и 80 процентов пользователей интернета? У нас миллионы людей в «Facebook». Как вы можете говорить о том, что у нас нет свободных медиа? Это опять предвзятый подход. Это – попытка сформировать у западной аудитории определенное мнение об Азербайджане. У нас есть оппозиция, есть НПО, у нас есть свободная политическая деятельность. Есть свободные медиа. Есть свобода слова* (<https://www.youtube.com/watch?v=uQnaQYtjBIM>).

Сөйлеу тіліне тән элементтер қолданылатындықтан, ақпараттың ресмилік сипаты әлсірейді, күнделікті болмыстың көрінісі ретінде эмоциялық реңк тудырады. Репортаждың материалы нақты көрініс, сипаттама, баяндау, шегініс, тақырыпқа қатысты сұхбат, ой қорыту сияқты схемаға құрылады.

Эмоциялық күйдің экспрессивтік қызметін анықтау үшін эмоциялардың сыртқы көрінісі өте маңызды. Эмоциялы экспрессия екі түрлі жолмен беріледі: а) психомоторлы тәсіл (бейвербалды коммуникациядағы негізгі факторлардың бірі – пантомимикадағы арнайы өзгерістер; ым-ишара, дыбыспен шығатын реакциялар және т.б.); ә) вербалды (сөйлеудің просодикалық ерекшеліктері, тілдік бірліктердің мағынасы, сөйлемдердің құрылысы). Тыңдарманын үйіріп әкетіп, сезімін күшейте түсу, иландыру үшін өзге де тәсілдер қолданылуы мүмкін. Сипаттаған кезде де, баяндаған кезде де, талқылап, ой қорытқан кезде де авторлық модальділікке басымдық беріледі.

Барлық репортажда ақпараттық элементтер қолданылады. Бірақ мөлшері тым көп болмайды. Материалда көрініс, баяндау, талдау басым болады. Онда бірізділік сақтала бермейді.

Баяндау барысында мүлде басқа көріністерге, сұхбат, т.б. ұласып, шындықты қаз-қалпында бейнелегендей әсер қалдырады. Мысалы:

**Журналист:** *Техас против Вашингтона, юг против севера новая гражданская война назревает в Америке. Президент Байден дал властям штата 24 часа чтобы снять заграждение на границе с Мексикой и пригрозил последствиями. А тем временем митингующие формируют новую конфедерацию конечная цель которой выход из Соединенных Штатов. Дмитрий Забрус продолжит.*

**Дмитрий Забрус:** *Мы здесь чтобы защитить Техас. Самый большой штат Америки вышел из-под контроля Белого дома. Власти Техаса запустили протокол с уверенного права на самооборону, губернатор объявил об иностранном вторжении на свою территорию, речь идет о более 3 млн нелегалов. Национальные гвардии и полиция расширили полномочия действия Техаса полностью относятся к праву на самооборону, что закреплено и статьей о десятого пункта Конституции президента Соединенных Штатов. Не выполняет свой долг по обеспечению соблюдения законов принимаемых конгрессом, которые в частности запрещают нелегальный въезд в Соединенные Штаты (Дмитрий Забрус, Алексей Дутченко МИР 24 <https://www.Youtube.Com/watch?v=mnIM2PCZf7s>). (1-сурет).*

1-сурет. Жаңалық жүргізушісі хабарды айтады, ары қарай репортер жалғастырады



Репортажда түрлі стильдерге тән қолданыстар орын алып, кітаби тілдің элементтері де, сөйлеу тілінің элементтері де қолданылуы мүмкін.

Соның нәтижесінде бірнеше стиль бір арнада тоғысып, публицистикалық стильге тән ерекшелігі көрінеді. Репортаж эмоцияға қанық болатындықтан, стильдік тұрғыдан алуан түрлілігі байқалмай да қалады. Мұнда болған оқиғаны көркем баяндаудан гөрі автордың қабылдауына ерекше мән беріледі (2-сурет).

Репортаждың стильдік-жанрлық ерекшелігіне байланысты дайын штамп болмайды. Онда оқиға сол күйінде, салқынқандылықпен баяндала салмай, автордың соған қатысты ұстанымы, эмоциясы айқын көрінеді. Ақпарат эмоциялы-бағалауыштық сөздермен беріледі.

2-сурет. Репортаж



Эмоционалдылықты стилистикалық тұрғыдан талдағанда авторға ерекше мән беріледі, автордың эмоциясы, адресатқа қатысы ескеріледі. Аристотельден бастап қазіргі уақытқа дейін зерттеушілер эмоция аспектілерінің бес моделін көрсетеді, олар: физиологиялық, сенсорлық, мінез-құлықтық, когнитивтік және бағалауыштық [68].

Лексиканы өз ішінен **эмоциялық реңкі бар** және **эмоциялық реңкі жоқ** сөздерге жіктеуге болады. Эмоциялық реңкі бар сөздерге эмотивтер жатады. Эмотивтерге тілдегі ұқсас эмоцияны білдіру үшін қолданылатын тілдік бірліктер жатады. Эмоциялық реңкі жоқ сөздер лексиканың басым бөлігін құрайды. Бұл топқа атауыш лексика жатады. Эмоция мен сезім тілдік құралдармен берілген жағдайда ғана тілдік тұрғыдан талдана алады. Бұл орайда эмоционалды сөйленімдегі лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларды ескеру керек. Коммуникативті жағдаятқа, нақты сөйлеу актіне қатысты эмотивті-бағалауыштық мәнді сөздерді аса сақтықпен қолдану қажет. Яғни эмотивті-бағалауыштық сөздер сөйлеушінің танымына, бағалауына, адресатқа, коммуникативті жағдаятқа байланысты болады. Эмотивті-бағалауыштық сөздің лексикалық мағынасымен қатар эмоцияның берілуі, эмотивті-бағалауыштық, бағалауыштық мәндердің берілу жолдарын да нақтылау қажет.

Эмоцияны, эмоциялық күйді атау үшін, сипаттау үшін қолданылатын тілдік бірліктер өте көп. Бірақ оларда экспрессия күшті болмайды, олар тек сол күйді атап, сипаттау үшін қолданылады. Мысалы: *Бала-шағаның ана тілін ұмытып жатқанына да қатты күйінеді* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). *Амал жоқ, ауыр күрсінеді де, қояды* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). *Қаралы хабарды естіген біздің жоғары жақтағылар ең болмағанда жеделхат жолдап, қайғыға ортақтастығын білдіре алмағаны өкінішті* (Кенжебек Тұманбайұлы Алдаспан ғұмыр //Егемен Қазақстан. 7.12.2023). *«Бермесең жаман болады!» – деп*

қорқытқансиды. *Амал жоқ, келісуге тура келді* (Жарлы Байғанин «Қорғансыздың күні» // Ана тілі. 30.112023).

Ал эмотивтер эмоцияны дәл көрсету үшін қолданылады. Олардың экспрессиясы күшті болады. Эмоциялы семантиканың түріне қарай эмотивтер эмоциялы мағынаны жеткізетін *афффектив* және эмоциялық семантика коннотация деңгейінде көрінетін *коннотатив* болып бөлінеді [2]. Афффективтерге одағайлар, боқтық сөз, қарапайым, тұрпайы сөздер жатады. Коннотативтерге эмоциялы-бағалауыштық сөздер, эмотивті-субъективті бағалауды білдіретін дериваттар, жаргон сөздер, эмоциялы бояуы бар үстеулер, көнерген сөздер, поэтизмдер, т.б. жатады (1-кесте).

1-кесте. Эмотив түрлері.

эмотивтер	
<i>афффектив</i>	<i>коннотатив</i>
эмоциялы мағынаны жеткізеді	эмоциялық семантика коннотация деңгейінде көрінеді
одағайлар, боқтық сөз, былапыт сөз	эмоционалды, субъективті бағалау мәнді қосымшалар жалғанған туынды сөздер, сленг, жаргон сөздер, эмоциялы-бағалауыштық сын есімдер, күшейткіш үстеулер, күнделікті сөйлеу тілінде қолданылатын эмоциялы бояуы қанық сөздер, т.б.

Фразадағы эмоцияның қанықтығын тілдік норманың бұзылуы ретінде қарастыруға болмайды. Эмоцияны білдіретін фразаның өзіне тән ерекшеліктері болады. Ол сөйлеушінің өзіндік ерекшелігіне, болмысына, мінезіне байланысты болады. Бір тілде сөйлеушілер эмоциясын түрліше жеткізгенімен, сезімін жеткізу үшін әр адам бүкіл қоғам қабылдаған, тұрақтанған тілдік құралдарды пайдаланады. «Автор-мәтін» бағытында автор экспрессивті сөздерді, эмоциялы-бағалауыштық лексеманы, әлеуметтік бағалау, окказионал сөздерді жиі қолданады. Қалыптасқан тіркестерді бұзып, окказионал мәнді сөздерді қолдану арқылы *ойын әсерлі етіп жеткізуге тырысады*. Мысалы: *Бұл мезгілде олар Тайпусам мерекесін өткеріп, Муруган құдайдың құрметіне сананы тазарту рәсімін атқарады. Ол үшін тәндеріне түрлі істіктерді шаншып, еріндерін піскілеп, бір қарағанға қорқынышты «салтанат» өткізеді екен* (Есей Жеңісұлы Селамат датаң! //Айқын. - №34 (2910). - 4.04.2016). *Оның себебі – шындықты өте ауыр қабылдаймыз. Қарым-қатынас бұзылады. Жеккөрінішті боласың. Ал бар нәрсені бар күйінде қабылдап үйренсек, бәрі де басқаша болар ма еді?* (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт

алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024). Дегенмен **Қытайдың қытыгына тиетін сөз** айтып қалды. Мәселен, халықтың сыртқы күштердің ықпалына ұшырамағанын, лайық қарсылық таныта білгеніне назар аударды. Бейбітшілікті жақтайтынын және Бейжіңмен шартты түрде араласуға ашық екенін, сонымен бірге елдің қорғанысын күшейтуге уәде берді (Абай Асанкелдіұлы Тайвань тағына талас //Егемен Қазақстан. 15.01.2024).

Сөйлеуші тыңдаушысына айтпақ ойының мазмұнын жеткізумен қатар өзінің ұстанымын, көзқарасын да білдіреді. Сол себепті лингвист эмоцияның тілде қандай тәсілмен берілгенін анықтап, эмоция мәнмәтін арқылы не тілдік жағдаят арқылы беріліп тұрғанын нақтылауы керек.

## 1-бөлім бойынша түйін

Эмоция адамның танымын, ақиқат болмысқа қатысын көрсетеді. Бұл орайда адам танымның объектісі де, субъектісі де болады. Себебі эмоциясыз адам болмайды, эмоция – адамдық белгінің бірі. Эмотивтік-бағалаушы лексикада адамның әлемге деген көзқарасы, дүниетанымы көрінеді. Қандай бір нысанға қатысты пікірі жинақталып, адамның соған қатысты ұстанымы, пікірі байқалады. Нысанды түрлі қырынан сипаттай отырып, адам оған баға береді, қаншалық пайдалы не зиян екенін нақтылайды. Соған сәйкес аксиологиялық, эмоционалдық тұрғыдан бағалайды. Бағалау – субъектінің объектіні тілдік бірліктердің көмегімен сипаттауы. Эмотивтік-бағалаушы бірліктерді пайдалана отырып, тілдік тұлға белгілі бір нысан туралы ұстанымын білдіреді, интенциясын жеткізеді, коммуникативтік қажеттілігін өтейді. Осы тұрғыдан алғанда, эмотивтік-бағалаушы лексиканы антропоэзектік тұрғыдан сипаттауда прагматикалық ерекшелігіне; тілдік тұлғаның ақиқат болмысты аксиологиялық, эмоционалдық тұрғыдан жіктеуі; эмотивтік-бағалаушы бірліктерді дұрыс қолдана білуі; эмотивтік-бағалаушы бірліктер қолдану арқылы тілдік тұлғаның айтайын деген ойы, интенциясы, тілдік тұлғаның тілдік құзыреті, психологиялық ерекшелігі, мәтіннің ұйысуы сияқты мәселелерге мән беріледі.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы мәтінде эмотивті мәтін жиі қолданылады. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы эмотивті-бағалаушылық сөздер тілдің ақпараттық-когнитивтік қызметін көрсетеді. Тіл – ақиқат болмыс туралы ақпарат сақталған қойма іспетті. Адам санасы қабылдаған ақпарат сөз түрінде сақталып, қабылданады. Яғни сөз ғалам бейнесін түзіп, қалыптастыру үшін қолданылатын кірпіш сияқты. Айналадағы заттарға атау бергенде адамның оны қалай бағалағаны да көрінеді. Адам атау беріп, тілдік жүйеде сақтау арқылы білім қалыптастырады. Соның нәтижесінде ғалам бейнесі түзіледі. Ол ана тілі арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады.

Бағалаушылық мән мен эмоциялы сипаттау өзара тығыз байланысты болғанмен, үнемі тең түсе бермейді. Сол себепті тілде бағалаушылық мән алуан түрлі болуы мүмкін. Ол объективті, субъективті факторларға да байланысты болады. Денотат ақиқат болмысты шынайы бейнелесе, коннотат сөйлеушіге, коммуникативті жағдаятқа байланысты болады. Денотат логикалық-заттық мәнде қолданылатындықтан, зат, құбылыстың нақты сипаты, сапасын білдіреді. Яғни денотат – сатылай байланысқан, көпкомпонентті лексикалық семантиканың бөлігі, коннотат – лексикалық мағынаның шеткергі аймағы, сөйлеушінің көңіл күйін, белгілі бір адамға не затқа қатысын білдіретін қосымша мән. Денотат мазмұнын сипаттау нәтижесінде сөйлеушінің сол мінезге, болмысқа қатысын, эмоциясын, бағалауын білдіретін коннотатты мазмұнын да нақтылауға болады.

Бұқаралық ақпарат құралдары – баспасөз, радио, телевизия, фильм, интернет арқылы берілетін ақпарат ауызша, жазбаша мәтін, бейнекөрініс, дене қозғалысы, дыбыс, әуен, т.с.с. негізінде семиотикалық кешен құрайды. Алуан түрлі семиотикалық жүйелердің жиынтығынан құралған ақпарат түрлі

құралдармен (аудио, бейнежазба, компьютер, т.с.с.) жеткізілетіндіктен, бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы күшті, тілі әсерлі болады. Бұқаралық ақпарат құралдары ақпарат тарата отырып, қоғамдық пікір қалыптастырады. БАҚ арқылы берілетін хабарламада қандай да бір ақпаратпен бірге автордың бағасы да көрінеді. Ол жеке адамның көзқарасы немесе белгілі бір әлеуметтік топтың ұстанымы болуы мүмкін. Белгілі бір нысанға қатысты қалыптасқан пікір-тұжырымға сүйенген, айқын когнитивті негізі бар эмоция тудыратын баға эмоцияға қатысты болғанмен, адамның әлемге біршама объективті қатынасын көрсетеді. Бағалаушытық мәннің субъективті, объективті компоненттері өзара диалектикалық бірлікте болады.

## 2. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ ЭМОТИВТІ-БАҒАЛАУЫШТЫҚ ЛЕКСИКАНЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ

### 2.1 Эмоция мен бағаны жеткізудегі тілдік тұлғаның стратегиялары мен тактикалары

Бұқаралық ақпарат құралдарының тілі әсерлі болуы үшін, адресатқа ықпал етуі үшін ол түсінікті болуы керек. Сол себепті журналистердің тілінде сөйлеу тілінің элементтері жиі қолданылады. Мысалы: *Біздің әдебиетімізде Жарасқан Әбдірәш деген талантты ақын болды. Ғажап поэмаларын, балладаларын, өткір сынын, лирикалық әйбат өлеңдерін айтпаған күннің өзінде, эпиграмма жанрын үлкен деңгейге жеткізіп кетті. Осы жанр қазір ақсап қалды. Оның себебі – шындықты өте ауыр қабылдаймыз. Қарым-қатынас бұзылады. Жеккөрінішті боласың. Ал бар нәрсені бар күйінде қабылдап үйренсек, бәрі де басқаша болар ма еді?* (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024). *Депутаттарға халықтың пікірін, өз ойын айтты. Пленарка мен жұмыс топтарына қатысты. Парламентте жұмыс істейтін адам сияқты таңертең келіп, кешке кетіп жүрді* (Бір заңның зардабы //Жас алаш. 11.01.2024). *Саясаткер Балташ Тұрсымбаев Жер кодексіне байланысты қоғамдық комиссия құрды. Балташ аға қатты жұмыс істеді. Ол кісіні қорқытпақ болып автокөлігін өртеп кеткен оқиғалар да болды* (Бір заңның зардабы //Жас алаш. 11.01.2024). *Есесіне, өзге қос отандасымыз өздерін жақсы қырынан көрсете білді* (Қанжығада қос алтын //Айқын. №37 (2913). 15.03.2016). *Тұсаукесер кездесуде Александр Недовесов әлемнің бірінші ракеткасы Новак Джоковичке жарытып қарсылық көрсете алмады – 1:6, 2:6, 3:6. Келесі бәсекеде Михаил Кукушкин Виктор Троицкиге тізе бүктірді – 7:5, 6:2, 6:4* (Ғалым Сүлеймен Сербия сан соқтырды //Айқын. №35 (2911). 10.03.2016). *Елдегі саяси додаға үш үміткер қатысты. Қай-қайсы да билік тізгінін қолына алуға барын салды* (Абай Асанкелдіұлы Тайвань тағына талас //Егемен Қазақстан. 15.01.2024). *Оның үстіне экраны күйтымдай болғандықтан, балаңыздың көз майы да тез таусылады* (Төреғали Тәшенов Сымсыз телефонның сұмдығы //Айқын. №34 (2910). 4.03.2016).

Журналистердің эмотивті-бағалауыштық лексикасында сөйлеу тілінің элементтері мақсатты түрде қолданылған: *лирикалық әйбат өлеңдері, шындықты өте ауыр қабылдаймыз, үлкен деңгейге жеткізіп кетті, осы жанр қазір ақсап қалды, қатты жұмыс істеді, қарақұрым техникалық құрылғы, экраны күйтымдай болғандықтан, жарытып қарсылық көрсете алмады, өздерін жақсы қырынан көрсете білді, барын салды, т.с.с.*

Профессор Р. Әмір газет бетіндегі ауызекі сөйлеу тіліне тән ерекшелік ретінде 3 нәрсені атап өтеді: 1) образдылығы, эмоциялылығы; 2) конструкцияны жеңіл, ықшам болып құрауға талап қылуы; 3) ауызекі сөйлеу тілі тіркестердің, сөйлемдердің ылғи бір тұрпатта шаблонмен құрылуына қарсы. Ол параллель, синоним амалдары мол қатыстырады [69]. Зерттеуші О. Бүркітов ауызша сөз стиліне жақындығын болуын публицистикалық стильдің өзіндік ерекшеліктерінің бірі ретінде көрсетіп, бұл байланыс публицистикалық стильдің



барлық деңгейінде көрініс табатынын, сол арқылы ол қалың бұқарамен тығыз байланыста болатынын айтады [70]. Ғалым публицистикалық стиль әдеби тіл мен ауызша сөз стилінің арасындағы дәнекер қызметін атқаратынын, олардың жақындасуына әсер ететінін ескерте келіп, бұл үдерісті *әдеби тілдің демократиялануы* деп атайды [70].

Е.А. Земская бұқаралық ақпарат құралдары мен зиялы қауым өкілдері қолданатын жаргон сөздерді «ортақ жаргон» деп атап, олардың қатарында *разборка, зачистка, тусовка, крутой, ящик* (теледидар) сияқты атайды [71]. Мұндай сөздер БАҚ тілінде жиі кездеседі: *ювелирка* (зергерлік кәсібі), *обменник* (ақша айырбастау пункті), *мобильник* (ұялы телефон), *боевики* (террористер), *силовик* (Қарулы күштер министрлігі, бөлімшелері), *оэртэшник* (ОРТ телеарнасының қызметкері), т.с.с.

Соңғы жылдары бұқаралық ақпарат құралдарында ағылшын сөздері жиі қолданылатын болды: *Баспасөз хайп* қуып, *біреудің интернет сайтта жариялаған сұқбатын үзіп-жұлып беретін, сөйтіп рейтингін арттыратын орган емес. Жолы бөлек. Бағыты да салмақты. Бір ғана мысал, қазір адам өлтірсе де, жаңалық тапқандай жариялайтын салмақсыз сайттар* көп. *Тіпті жеңіл жаңалықтар қазір сайтты былай қойғанда, халық арасында қаралымын арттырып, уатсап аралап* кететін болды. *Болашақта жаңалықты жедел таратудың жеңіл жолы уатсап-ақпарат болуы да мүмкін. Қазірдің өзінде мұның алғашқы нышандары көріне бастады. Салмақсыз сайттың салмағы өкінішке қарай, осылай артады* (Берік Бейсенұлы Ұлттық мүдденің қорғаны //Ана тілі. 02.112023). *Жеңіл, іліп алар жылы жаңалығы жоқ, бірақ хайп қуғыш «сайтани сайттардың» дәурені жүріп тұр. Қайтпек керек? Осылай салмақсыз жаңалықты санаға қабылдап жүре береміз бе? Олқылықтың орнын қалай толтырамыз? Оның жолы бар. Дәстүрлі баспасөзді қарау, «Ана тіліне» жазылу* (Берік Бейсенұлы Ұлттық мүдденің қорғаны //Ана тілі. 02.112023).

«Қазақ тілінің кірме сөздігінде» «хайп» сөзіне мынадай анықтама берілген: 1) (жалпы) белгілі біртақырып, зат немесе құбылыс туралы (көбіне жасанды түрде) шу, даурықпа әңгімелер. Кез келген жолмен бір мезеттік, жылдам, арзан атаққа қол жеткізуге бағытталған әрекеттер; 2) (марк.) тұтынушылардың қалауларын қалыптастыру мақсатында жасалатын агрессивті, жабысқақ жарнама. Сілтеме керек

«Хайп» сөзінің семаларында жағымды бағалау мәні жоқ. «Арзан атаққа қол жеткізу», «бір мезеттік атақ», «даурықпа әңгіме» сияқты жағымсыз эмоциялар мен бағалаулар қамтылған. Сондықтан «хайп» сөзі эмотивті-бағалауыштық лексика бола алады.

«Салмақсыз сайт», «уатсап аралау» сөздері окказионал тіркес ретінде эмотивті-бағалауыштық лексика болып тұр. «Сайт» және «уатсап» сөздері жеке-дара эмоция мен бағалау мәнін тудыра алмайды. Себебі екеуі де – белгілі бір ғаламтор платформаларының атауы.

Сонымен қатар өзге тілдің (көбінесе орыс тілінің) ықпалымен, калька аударма негізінде құрылған қазақ тілінің нормаларына жат сөйлемдер де жиі кездеседі. Мысалы: *Мектептер жазылмаса, оларға насихаттай алмасақ,*

жазылуға мәжбүрлеу деп қиындықтан қашсақ, «ертеңгі күні сол мектепті бітірген бала әдебиетті қалай оқиды? Көркем әдебиетке, эстетикаға қалай барады?», деп бас редактор құзырлы орынның басшыларына **мәселені қабырғасынан қойды** (Айгүл Аханбайқызы Балалар басылымы: Кешенді бағдарлама әзірленбек // Егемен Қазақстан. 15.01.2024). **Жалпы жастар саясаты, жастарға қолдау мен қамқорлық Қасым-Жомарт Кемелұлының Президенттік қызметінің басым бағыттарының бірі десек еш қателеспейміз** (Дүкен Мәсімханұлы Жалпыұлттық құндылық бәрінен жоғары тұруға тиіс //Егемен Қазақстан. 11.01.2024). **Барлық қазақстандықтар жерге ие болды деп айта алмаймыз** (Бір заңның зардабы // Жас алаш. 11.01.2024). **15 мың га жер. Соның бәрін игеріп отырған мал бар деп мен ойламаймын** («Назарбаевтікі болмаса, кімдікі?»): **Үшқоңыр қарулы күзетпен қорғалуда** (Жас алаш. 10.01.2024). **Топшылап отырмын, Назарбаевтар резиденциясы бар. Ары қарай болса да осы жолмен барады** («Назарбаевтікі болмаса, кімдікі?»): **Үшқоңыр қарулы күзетпен қорғалуда** (Жас алаш. 10.01.2024).

Мұндай қолданыстар көбінесе сұхбат берген мамандардың сөзінде жиі кездеседі. Мысалы, тамақтану саласының маманы ретінде сұхбат берген Назым Дінмұханбетқызының (*Сондықтан өнімнің құрамын оқып үйреніп, кез келген күмәнді қоспалардан алшақтауды ұсынар едім*) («Адал ас ішсек, ризық-несібеміз артады» // Егемен Қазақстан. 30.11.2023). *Күйзеліс, депрессияның әсерінен болып жатқан жағдайлар өте көп және ол бөлек тақырып. Барлығының астарында біздің асымыздың адал болмау себебі жатыр* («Адал ас ішсек, ризық-несібеміз артады» //Егемен Қазақстан. 30.11.2023), *Жетісу өңірінің Ұлттық ат спорты федерациясының басшысы Рүстем Досжановтың* (*Менің түсінігімде атасы мен анасы шетелден келсін, қай жерден келсін, Қазақстанда туған атты қазақтың тұлпары деп есептеймін* (Рүстем Досжанов Шетел жылқысын алуға 6 млрд қаржы кетеді // Ана тілі. 9.11.2023) сөзінде орыс тілінің заңдылықтарына тән қолданыстар көп.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жазылған (айтылған) сөздің бәрін көпшілік дұрыс қолданыс ретінде қабылдайтындықтан, журналистер ондай қолданыстарды түзеп жіберуі керек еді. Алайда журналистің сауалдарынан да қазақ тілінің нормасын толық түсіне қоймайтыны байқалады: *Рүстем аға, жылқы шаруашылығына қалай келдіңіз? Жалпы қанша жылдан бері атбегілікпен айналысып келесіз? Қалай ойлайсыз, жылқылар жарыс алаңында бір-бірімен бәсекелес екенін сезіне ала ма? Өзіңіз баптаған ең мықты сәйгүлігіңізді қаншаға бағалаған болар едіңіз? Мәселен, «Айторыны»? Кеңестік кезеңде Фин соғысына Қазақстаннан көп жылқылар алдырып, соның ішінде біраз уақыттан кейін, қанша мыңдаған шақырымдарды артқа тастап туған жеріне жаяу жортып оралған жылқылар бар деп естігенім бар еді. Сіздің тәжірибеңізде мұндай жағдайлар кездесті ме? Қазір еліміздегі жылқы шаруашылығына нақты қандай көмек керек деп айтар едіңіз? Сәйгүліктерді қалай танысыздар? Қалай сынайсыздар? Мәселен бәйге аттарын* (Сұхбаттасқан – Эленора Ыбырайқызы).

Баспасөз сөздің тұрақтанып, қалыптанып кетуіне қызмет етеді. Сондықтан бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері әр сөзіне мән берулері қажет. Ел ішінде орыс тіліндегі нұсқасы жиірек айтылғанмен, баспасөз бетінде қазақша баламасын ұсынып жүрген журналистер де бар. Мысалы: *Тіпті жеңіл жаңалықтар қазір сайтты былай қойғанда, халық арасында қаралымын арттырып, уатсап аралап кететін болды* (Берік Бейсенұлы Ұлттық мүдденің қорғаны //Ана тілі. 02.11.2023). Бұл сөйлемдегі *қаралым* сөзін көпшілік просмотр ретінде қолданады. Баламасын (*қаралым* сөзін) қолданушылар әлдеқайда аз. Берік Бейсенұлы «Ұлттық мүдденің қорғаны» атты мақаласында қазақша баламасын орнымен қолдана білген. Сонымен қатар журналист шеттен енген сөздерді эмотивті-бағалауыштық мәнді сөздермен тіркестіру арқылы окказионал қолданыстар түзген: *салмақсыз сайт, жеңіл жаңалық, уатсап аралап кететін жаңалық, салмақсыз сайттың салмағы артады, іліп алар жылы жаңалық, хайп қуғыш «сайтани сайттардың» дәурені жүріп тұр, салмақсыз жаңалықты санаға қабылдау*, т.с.с.

Журналистер кейде халық тілінде қалыптасып кеткен тұрақты тіркестерді де сол күйінде қолданады: *Тіпті аты жоқ жаман аурудың осы телефоннан туатынын кейбір ғалымдар зар қақсап айтып та жүр* (Төреғали Тәшенов Сымсыз телефонның сұмдығы //Айқын. №34 (2910). 4.04.2016).

«Жаман ауру» тіркесіндегі «жаман» сөзі жағымсыз мәнде қолданылатыны түсінікті. Ауру – 1. мед. Ағзаның тіршілік ету, өсіп-өну әрекеті мен құрылысының бұзылуы; науқас, кесел, дерт, сырқат; 2. Науқас адам, дімқас кісі, сырқат адам; 3. ауыс. Жағымсыз қылық, жаман әдет; 4. Бір нәрсеге құмарлық [72].

«Ауру» сөзінің барлық семасы жағымсыз бағалауды қамтитынын байқаймыз. Сондықтан бұл тіркес екі сөзді эмоция мен бағалаудан құралған.

«Зар қақсады» тұрақты тіркесі академик І. Кеңесбаевтың «Фразеологиялық сөздігінде»: «1. Сай-сүйегі сырқырап ауырды; 2. Зар иледі, жапа шегіп, зар жылады, ботадай боздады. 3. Сарнап, құлақтың құртын жеді, мазаны алды» түрінде берілген [73].

Бұл тіркестің үш мағынасының бәрі жағымсыз эмоциядан туындаған. *Алайда соған құлақ түріп, елеп жатқан кім бар?* (Төреғали Тәшенов Сымсыз телефонның сұмдығы //Айқын. №34 (2910). 4.04.2016).

«Құлақ түрді» тұрақты тіркесінің мағынасы сөздікте «Аңысын аңдыды; зейін салды; тыңдады; дерек, хабар күтті» деп көрсетілген [73].

Көңіл қою, зейін қою жағымды бағалау болады. Өйткені адамның көңіл бұрғаны, ештеңеге алаңдамай бір нәрсеге зейін қоюын жағымды әсерді береді.

Біздің ойымызша, тұрақты тіркестер эмотивті-бағалауыштық лексикаға жатады. Себебі тұрақты тіркестер бір ұлттың қандай да нәрсеге, болмысқа, әрекетке, мінезге берген бағасынан, туындайды. Бұл сөздерде экспрессиямен қатар эмоция да бірге жүреді. Сөзімізге дәлел ретінде келесі мысалдарды келтіруге болады: *Осылайша, кезінде тағдырдың жазмышымен екіге бөлінген бір ұлт бүгін бір-бірін кеңірдектен алып, түтіп жеуге даяр отыр* (Корей түбегіндегі қара түнек //Айқын. №36 (2912). 11.03.2016).

**Кенірдегінен алды** – а) Тамағына шап берді, буындырды, қылғындырды; ә) Қыспаққа алды, састырды [73].

**Түтіп жеді** – Жан-жақтан талады, барлығы жабылды [73].

Байқап отырғанымыздай, жоғарыдағы келтірілген мағыналарында әрекетті бағалаудан туындаған тіркес екенін аңғарамыз. Екі тіркес те жағымсыз бағалаудан пайда болған.

*Елдің мүддесін, жұртшылық көкейін толғандырған өзекті мәселені ортаға салуда алдына жан салмайтын кәсіп иелері бұл журналистер екені сөзсіз* (Ақбота Исләмбек БАҚ өкілдерінің әлеуметтік мәртебесі назардан тыс қалып келеді. Неге? //Ана тілі. 23.06.2016).

«Қазақ сөздігінде» бұл тұрақты тіркеске «Өз қатарының алды, теңдесі жоқ, үздік» деген анықтама берілген [72].

Демек, бұл жағымды эмоция беретін тұрақты тіркес деуге болады. Алайда бұл тіркестің алдындағы сөзіне байланысты. «Өтірік айтудан, көлгірсуден... алдына жан салмады» сияқты қолданыстарда *өтірік айту, көлгірсу* сияқты жағымсыз мәнді сөздермен тіркесуіне байланысты тіркес те жағымсыз мәнге ие болады.

Әрине, журналистер әрдайым сөйлеу тілін ғана қолдана бермейді. Сөз етіп отырған мәселенің ыңғайына қарай терминдер де қолданылады: **Ғаламторға, оның ішіндегі неше түрлі әлеуметтік желілерге қосылғандықтан, жер шарының түкпір-түкпірінен хабарламалар минут сайын ойнақ салып, шыңғырып, бұрқырап түсіп жатады** (Төреғали Тәшенов Сымсыз телефонның сұмдығы //Айқын. №34 (2910). 4.04.2016). **Себебі электромагниттік сәулелер ойлау қабілетін реттейтін мидың жүйке Горталығына енеді екен** (Төреғали Тәшенов Сымсыз телефонның сұмдығы //Айқын. №34 (2910). 4.04.2016). **Екіншіден, біздің ұлттың жан дүниесі тарихи реабилитациядан әлі де өткен жоқ** (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024). **Бұл ұлтқа психологиялық тұрғыда өте ауыр** (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды // Жас алаш. 15.01.2024). **Біздің әдебиетімізде Жарасқан Әбдірәш деген талантты ақын болды. Ғажап поэмаларын, балладаларын, өткір сынын, лирикалық әйбат өлеңдерін айтпаған күннің өзінде, эпиграмма жанрын үлкен деңгейге жеткізіп кетті** (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024). **Қазақстанда 2019 жылы мемлекетті отыз жылдан аса басқарған президенттік билік алмасты. Тәуелсіздіктен кейінгі ұзақ жылдарда билікте өзгерістің болмауы - елімізді авторитарлы билік формасына алып келді. Сондықтан адам құқы мен демократиялық дамуда авторитарлық билікке тән барлық сипаттар орын алды. Осы уақытқа дейін мемлекетте сыбайласқан коррупциялық жүйе күшіне еніп, ол барлық мемлекеттік құрылымдарды өзіне бағындырды** (Нұргелді ӘбдіғаниұлыЕлімізде адам құқығы қалай бағаланады? //Жас алаш. 15.01.2024). **Семей, Павлодар, Қарағанды облыстарында ядролық жарылыстан кейін қауіпті аймақ болып қалған жерлер бар. Ол аймақта**

*залалсыздандыру жұмыстары атқарылуы тиіс болатын. Комплексті түрде экологиялық зерттеу жұмыстары мен радиация қалдықтарына мониторинг жүргізілуі тиіс еді* (Бір заңның зардабы //Жас алаш. 11.01.2024). *Жер ауыл шаруашылығына жарамды болуы үшін культивация жасалмады* (Бір заңның зардабы //Жас алаш. 11.01.2024).

Келтірілген мысалдардағы *электромагниттік сәуле, ойлау қабілетін реттейтін мидың жүйкесі, Горталығы, тарихи реабилитация, психологиялық тұрғыда, поэма, баллада, өткір сын, лирикалық өлең, эпиграмма жанры, галамтор, әлеуметтік желі, хабарлама, т.с.с.* сөздер – түрлі салалардың терминдері. Алайда журналистер бұл терминдерді эмотивті-бағалауыштық сөздермен тіркестіріп, халыққа өте түсінікті тілмен жеткізгендіктен, олар сала терминдері, ғылыми стильдің элементтері ретінде қабылданбайды. Керісінше, мұндай терминдер журналистің сол ғылым саласын жақсы меңгергенінің белгісі, көрсеткіші ретінде ақпаратты шынайы етеді, оқырманын (көрермен, тыңдарманын) сендіреді, иландырады, сонысымен өтімді болады.

Зерттеуші О. Бүркітов публицистикалық стильдің ерекшелігі ретінде 1) берілген материалдың деректілігі және ресми деректермен сәйкестігі; 2) берілген материалдың қалың көпшілікке түсініктілігі; 3) берілген материалдың оқырманға әсерлілігі сияқты белгілерді атайды [70]. Салалық терминдер адресатқа түсініксіз болмауы үшін, эмотивті-бағалауыштық мәннен айырылып қалмау үшін журналистер кейде сөздерін түсінікті, қарапайым тілмен қайта айтып (жазып) шығады. Мысалы: *Жылу компаниясының басшылығы өтінімді жаңадан түзіп, жіберуге толық құқылы болған. Үшінші өтінімді қарастыра келіп, оның кәсіпорынның негізгі шығындарын жабуға арналғанына көзіміз жетті. Табиғи монополияның кез келген түріне жаңа тариф енгізудің өзіндік экономикалық негіздері болады. Тариф мәселесін талқылағанда қарапайым тұтынушылар біле бермейтін жайттар бар. **Қарапайым тілмен түсіндіріп көрейін.** Мысалы, сіз үйіңізді қыста жылытқанда пешке пайдаланылатын көмір мен электр энергиясының бағасы қосымша шығын болатыны анық қой* (Мұрат Қапанұлы Бюджеттік мекеме сауын сиыр ма? Жылу шығынының 81 пайызын қазыналық кәсіпорындар көтермек //Егемен Қазақстан. 14.01.2024).

Келтірілген мысалы, экономика, бюджетке қатысты ойы түсініксіз болып қалмау үшін журналист «Қарапайым тілмен түсіндіріп көрейін» деп, күнделікті тұрмыстағы дүниелерді мысалға келтіре отырып, ойын барынша ұғынықты етіп жеткізуге тырысады. Олай болмаған жағдайда автордың сөзі өтпейді, оқырманға жетпей қалады, эмотивті-бағалауыштық әсерінен айырылады.

Жазба тілде журналистер сөзі түсінікті болу үшін жақшаны көбірек пайдаланады. Мысалы: *1953 жылдан бері (осы жылы екі ел бейбіт келісімге келген) талай мәрте түбі бір екі ел бір-біріне дойыр сілтей жаздаған* (Корей түбегіндегі қара түнек //Айқын. №36 (2912). 11.03.2016). *Сөйтіп, жаулар қазақ тілінің галамат, талантты қолбасшыларын құртып тынды. Әскерінің тоз-тозын шығарды (1931-1932 жылдардағы аштық пен 1937-38 жылдардағы репрессия)* (Қайрат Бекенұлы Тілдер соғысы //Егемен Қазақстан. 2019, 10 маусым).

«Корей түбегіндегі қара түнек» атты мақалада автор 1953 жылды не үшін айтып отырғанын жақша ішінде түсіндіріп кетеді. Сол сияқты Бекен Қайратұлы қазақ тіліне берілген соққыларды астарлы түрде сипаттай келіп, жақша ішінде нені меңзеп тұрғанын нақтылап жазады. Жазба тілде пунктуациялық белгілер арқылы көрсетуге болса, ауызша тілде (кейде ауызша тіл хатқа түскенде де) автор *басқаша айтқанда, нақтылап айтқанда, мысалы, яғни, қарапайым тілмен түсіндірсек*, т.с.с. қыстырмаларды қолданады: **Жыл басында, яғни 6 қаңтар күні сутегі бомбасын сынақтан өткізген Пхеньян одан кейін бірнеше мәрте баллистикалық зымырандарын ұшырды** (Корей түбегіндегі қара түнек //Айқын. №36 (2912). 11.03.2016). *Осы сұқбаттағы келесі бір өзекті тақырып, Мемлекет басшысының тілші сұрағына орай айтылған біздің бүгінгі ұлттық болмысымыз туралы пайымдауы. Яғни еңбек сүйгіштік пен еңбек адамына деген құрмет мәселесі* (Дүкен Мәсімханұлы Жалпыұлттық құндылық бәрінен жоғары тұруға тиіс //Егемен Қазақстан. 11.01.2024). *Депутат Нартай Аралбайұлы көтерген мәселе – 775 миллион доллар ресми тіркелген 180 спорт түріне бөлінген қаржы. Яғни осынша спорт түрінің мемлекеттік бюджеттен қаржыландыратынын есептесек, бұл көп* (Аслан Қаженов Халық ақиқатты білуге хақылы //Егемен Қазақстан. 7.01.2024). *Мен бұл қақтығысты ең әуелгі екі түсініктен тарқатар едім: бірі «діни дәстүршілдік», екіншісі «гуманистік рационализм»* (Гүлзия Сәдуақас «Иран конференциясы»: ақыл мен сезім таласы //Егемен Қазақстан. 30.11.2023). *Бір ретте бельгиялық әріптесім: «Екі күш күресіп жатыр. Алла мен Coca-Cola» деп әзілдеп айтып еді. Қате түсініп қалмаңыздар, әрине, бұл – қалжың* (Гүлзия Сәдуақас «Иран конференциясы»: ақыл мен сезім таласы //Егемен Қазақстан. 30.11.2023).

Кейде қыстырма құрылымдар да, жақша сияқты пунктуациялық белгілер қолданылмай да беріле алады: *Үкімет президент әкімшілігінің бұйрығымен заң жобасын әзірлейді. Назарбаевтың кодексі десе де болады* (Бір заңның зардабы // Жас алаш. 11.01.2024).

Сөзі түсінікті де әсерлі болу үшін журналистер репликаларын диалогтық қатынасқа құрып, адресатпен сөйлесіп отырғандай әсер қалдырады. Мысалы: *Бізде жабық тақырыптар бар. Оны ашық айтуға әсте болмайды. Бірақ ошақ басында пыш-пыштауға рұқсат. Сыбырлап, сыр қып айтуға болады. Тек айғайламасаң болды. Егер сол «сырды» дауыстап айтып қойсаң, қалың жұрт тағы шу ете қалады. «Өлгеннің артынан жаман айтуға болмайды! Тек!» Олай қарасаңыз – кешегі Шығайбай мен Қарабай да өлген адам.*

*Дегенмен бұл біздің ділімізде бар ұстаным болса керек. Тек қана өлген адамның емес, тірі адамның да артынан жаман сөз айтуға болмайды. Бірақ біз осының тірісін алып, өлгенін қалдырдық. Және жаман сөз айтуға болмайдыны – қылмысын ашуға болмайдымен алмастырып алдық. Өте ыңғайлы жол. Кешегі сатқынның ұрпағы бүгін бастық болуы мүмкін. Атасының әрекетін айтсаңыз, ренжиді. Айта да алмайсыз. Сондықтан «жас ұрпаққа оның керегі қанша?» деп тоқтаймыз.*

*Расымен, осы тарихымызда қанша тұлға бар? Солардың әрқайсының артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Соны айту керек пе? Кемшілік –*

жамандық емес. Жеке басының да кемшілігі емес, қызметінің, әрекетінің кемшілігі. Енді алдыңғы ұрпақтың айыбын айтқанда, кемшілігін білгенде не тұр? (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024). Екіншіден, біздің ұлттың жан дүниесі тарихи реабилитациядан әлі де өткен жоқ. Бір фобия бар. Біреудің кемшілігін айтудан қорқамыз. Неге қорқамыз? Бұның тарихи, әлеуметтік себебі бар. Біз 1937 жылдың қырғынын, сатқындығын, айдауын – бәрін көрдік. Солардың бәрі біреуді кінәлаумен, күйе жазумен, сатумен жүзеге асқан. Егер біреудің айыбын айтсақ, ол біздің тұтас трагедиямызды еске салады. Жеке адамның кемшілігі ғана емес, ұлттың шеккен зардабы, тартқан азабы сөз болады. Бұл ұлтқа психологиялық тұрғыда өте ауыр. Сол үшін өткенді ұмытуға тырысамыз. Айтпаймыз, айтқызбаймыз. Егер біреу айта қалатын болса, өз еркімен айтпайды. Айтқызады (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024).

Ормандай орыстың деревнядан шыққан сұмдық дарынды ақыны Сергей Есенин бағанаға тартылған электр сымдары кең даланың тынысын тарылтып, қысып, тұншықтырып жатқанына қатты қарсылық білдіріп өлең жазған. Сол Есенин ғайыптан тіріліп келсе, электормагниттік сәулелер тек сымдардан емес, қолымыздағы қаптаған ұялы телефоннан, сансыз антеннадан, үйдегі **қарақұрым техникалық құрылғылардан** анталап, андыздап шығып жатқанын көріп, көзге көрінбейтін, иісі жоқ жаумен жағаласа да алмай, жанынан қайта безіп кетер еді-ау дейсің (Төреғали Тәшенов Сымсыз телефонның сұмдығы //Айқын. №34 (2910). 4.03.2016). Екі халық бірін бірі әлсіретіп, құртып тынғанда бос қалған жерге «Көптен күттім, сәулем-ай» деп орныға қалуға ойлары кетпеді деңізші. **Мұны еркектік дей аласыз ба, мысалы?..** (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.04.2016). Адалын айтып, ақ сөйлеу шын мәнінде қиын ба? Бір қарағанда оп-оңай секілді, бірақ мұндай ұстаным екінің бірінің маңдайына бұйырмаған, адал айтып, ақ сөйлеу тек табанының бүрі бар тұлғалардың ғана қолынан келеді. Жұм-ағаңның жұртқа сүйкімі жоғары болса, тап осы қасиетінен дер едік (Нұртөре Жүсіп Шаштайұлының шындығы //Айқын. №13 (2889). 28.01.2016). Алайда бұл фильмнің даңқын аспандата алмаған кінә **өзімізде жатқан секілді. Әттеген-ай дейсің!** (Гүлзина Бектас «Құнанбай» ғаламторда жүр. Бұл заңға томпақ емес пе? //Айқын. №17 (2893). 4.02.2016).

Диалогтық қатынас орнату үшін журналистер көбінесе I, II жақтық жіктеу есімдіктерін, өздік есімдіктерін, тәуелдік, жіктік жалғауларын пайдаланады (Бізде жабық тақырыптар бар; тек айғайламасаң болды; сол «сырды» дауыстап айтып қойсаң; олай қарасаңыз; біздің ділімізде; біз осының тірісін алып, өлгенін қалдырдық; жаман сөз айтуға болмайдыны – қылмысын ашуға болмайдымен алмастырып алдық; атасының әрекетін айтсаңыз, ренжиді; айта да алмайсыз. Сондықтан «жас ұрпаққа оның керегі қанша?» деп тоқтаймыз; біздің ұлттың жан дүниесі; Біреудің кемшілігін айтудан қорқамыз. Неге қорқамыз?.. Біз 1937 жылдың қырғынын, сатқындығын,

айдауын – бәрін көрдік; өткенді ұмытуға тырысамыз; айтпаймыз, айтқызбаймыз, көзге көрінбейтін, иісі жоқ жаумен жағаласа да алмай, жанынан қайта безіп кетер еді-ау дейсің, т.с.с.). Мұндай қолданыстар мәтіннің эмотивті-бағалауыштық мәнін күшейте түседі.

Журналистер прецедентті есімдерді, прецедентті айтылымдарды пайдалана отырып та мәтіннің эмотивті-бағалауыштық қызметін күшейтеді. Мысалы: **«Ас – адамның арқауы» дейміз. Қазақта асқа қатысты қанатты сөздер өте көп. «Артық ішкен ас зиян», «Саулығымды сақтаймын десең аз же, бірақ уақтылы же». Ал біздің ішіп жүрген асымыз өмір салтымызға, денсаулығымызға қалай әсер етіп жатыр? Бұл туралы осы саланы зерттеп жүрген Назым Дінмұханбетқызы толығырақ айтып берді («Адал ас ішсек, ризық-несібеміз артады» //Егемен Қазақстан. 30.11.2023). Ең бірінші сол «жамандықты жасырып, жақсылықты асырып» сөйлейтін ұлттық мінезімізге жат** (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024).

Журналистер эмотивті-бағалауыштық мәнді мифологиялық, діни мазмұндағы прецедентті мәтіндердің көмегімен де береді. Мысалы: **«Сен бір мұсылманның күнәсін жасырсаң, сенің де күнәң жасырылады». Осы принципті негіз етіп алғанда, бұрын өткен бір адамның ұлт алдындағы айыбын ашу, жалпы азаматтық келбетіне нұқсан келетін детальды айту – мұсылмандық, қазақшылық болып есептелмеген болса керек** (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024). **Алланың бір аты – әділет. Ұраны әділет болған Жаңа Қазақстан жаңғыруға беттеді. Отандастарымыздың үмітіне үміт қосылды. Жасампаздыққа ұмтылды. Жұмыла көтерген жүк жеңіл. Міне, осылайша өршіл рухты халқымыз тарихтың тағы бір парағын ашқалы тұр! Осы параққа жаңа жасырды елең еткізер ерен ерлігіміз жазылғай, ағайын! Жаңа 2024 жыл, сондай, құтты да мықты жыл болғай!** (Оқырман өзгерді, қаламгер, сен де өзгер //Қазақ әдебиеті. 29.12.2023). **Қазақ босанғаннан кейінгі күйзелісті бұрыннан білген. Сондықтан болса керек, «жын-шайтан үйіреді» деп жас босанған әйелдің 40 күн бойы күтімін жасаған. Ыстық сорпасын дайындап, баласына қарап, ананың ұйқысының қануын қатты қадағалаған. Үйде жалғыз қалдырмаған, далаға жаулықсыз шығармаған, сүйегі қатқанша қолдап-қорғап отырған. Өйткені қазақ түсінігінде «марту» деген жын бар. Аңызға сенсек, шашы жалбырап, 6 баласын ертіп, төсі жерге жеткенше салбырап жүреді-мыс. Сол жын жас босанған әйелге қиындық әкелетін жын. Бұған сену, сенбеу – әрине, әркімнің өз еркі. Десе де шама келгенше босанып келген келінге алғашқы айларда жан-жақты көмектің көрсетілгені дұрыс** (Ақгүл Айдарбекқызы Атаана болу оңай емес //Егемен Қазақстан. 30.11.2023).

Журналистер мәтіннің эмоциялық-бағалауыштық бояуын қанықтыра түсу үшін Абай Құнанбайұлы, Махамбет Өтемісұлы, Сырым Датұлы, Сәкен Сейфуллин, Мұқағали Мақатаев, т.с.с. ақын-жазушылардың, би-шешендердің қолданыстарын прецедентті мәтін ретінде пайдаланған. Мысалы: **Абайға әдебиетшінің көзімен үңілу бір басқа да, философтың көзімен қарағанның жөні**



бөлек. Әдебиеттанушы сөздің астарын көбірек қаузаса, философ ойдың қатпарын терең қопарады. Алғашқысы **ой түбінде жатқан сөзге** мейлінше зер салса, соңғысы **сөз түбінде жатқан ойға** барынша қадалады (Бауыржан Омаров Нақтылық формуласы (эссе) //Ана тілі. №7 (1421). 13-21.02.2018). Журналистика саласында үлкен-кішінің түгел ықыласына бөленген, қажет кезінде ешкімнен қаймықпай, ақырып теңдік сұраған көсемсөз шеберлері көп емес. Тіпті саусақпен санарлықтай ғана шығар. Олар туралы әңгіме қозғалса, **сөз арасын былғайтын бөтен сөз** айтылмайды. Себебі, елдің қадір-құрметі бөлек. Сол мүлтіксіз мойындалған аз ғана журналистика жампозының бірі – көрнекті көсемсөзші Нұрмахан Оразбек (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез //Ана тілі, №2 (1312). 14-20. 2016). **Жол мұраты – жету.** Ал журналистің мұраты – жолға шығу. Бұл жазғынан да Нұрмахан ағамыздың бағы бар. Оның бүкіл ғұмыры жол жүру мен сапарға шегуге арналды. Яғни, өзіне мінезі дарыған Махамбетше айтсақ, еңбектегеннен еңкейгенше **еңку-еңку шер шалды** (Бауыржан Омаров Махамбет-мінез //Ана тілі, №2 (1312). 14-20. 2016). **Сөйтіп, Пернебай ағамыз қаламға құмартқан Қали інісінің сыршыл сезімінің пернелерін дөп басып, қабілет-қарымының құлақ күйін келтіріп берінті.** Сол құлақ күйі келіскен әуенді ұғымтал шәкірттің әзірге бұзып алған жері жоқ (Бауыржан Омаров Көсемсөздің Қаллекиі //Ана тілі. №3 (1313). 2016, 21-27 қаңтар).

Субъектінің басынан өткен қиын-қыстау кезең көбінесе Сәкен Сейфуллиннің шығармасына арқау болған «тар жол, тайғақ кешу» тіркесі арқылы берілген: **Өнерпаз ретінде де ол өте бір тар жол, тайғақ кешулерден өткен адам** (Күйге айналған тағдыр //Қазақ әдебиеті. 12.01.2024). **Халқымыз осы уақытқа дейін небір қиын-қыспақ заманды, тағдыр талқаны таусылатындай талай тар жол, тайғақ кезеңді бастан өткерді** (Нұртөре Жүсіп Масыл болма, асыл бол //Айқын. 25. 10. 2019).

Прецедентті мәтіндер автордың сөзіне эмотивті-бағалауыштық мән үстеумен қатар ұлттық колоритті жеткізіп, экспрессиясын да күшейтеді. Бұл ретте әсіресе прецедентті есімдердің қызметі ерекше: **«Өлгеннің артынан жаман айтуға болмайды! Тек!»** Олай қарасаңыз – кешегі **Шығайбай** мен **Қарабай** да өлген адам. Дегенмен бұл біздің ділімізде бар ұстаным болса керек. Тек қана өлген адамның емес, тірі адамның да артынан жаман сөз айтуға болмайды. Бірақ біз осының тірісін алып, өлгенін қалдырдық. Және жаман сөз айтуға болмайдыны – қылмысын ашуға болмайдымен алмастырып алдық. **Өте ыңғайлы жол. Кешегі сатқынның ұрпағы бүгін бастық болуы мүмкін. Атасының әрекетін айтсаңыз, ренжиді. Айта да алмайсыз. Сондықтан «жас ұрпаққа оның керегі қанша?» деп тоқтаймыз** (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024). **Осы күні тарихта түрліше аталып жүрген Черчилль де, генерал Франко да, Гитлер де, Сталин де, 1939 жылы «бейбіт келісімге қол жеткізген» Молотов пен Риббентроп та әлемге ер көзімен қарай алған жоқ** (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.04.2016). **Голощекин заманының желеуімен**

*бас көтерер ауқаттыларды бірін қалдырмай тонау, соттау, шетінен өлтіріп, жер аудару басталды* (Күйге айналған тағдыр //Қазақ әдебиеті. 12.01.2024).

Прецеденттік мәтіндер халық жадында код түрінде сақталған ғалам бейнесі. Прецеденттік есімдерді арнайы зерттеген ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Г. Мәдиева адамзаттың когнитивті кеңістігін құрайтын әмбебап прецеденттік есімдер (*Отелло, Шахерезада, Гамлет, Наполеон, Гитлер, Александр Македонский*) мен нақты ұлттық когнитивті базаға енгізілген таза ұлттық прецедентті есімдерді (қаз. Қарабай, орыс. Плюшкин – сараңдық белгісі; қаз. Судырахмет, орыс. Обломов – жалқаулық, боссөздік белгісі; қаз. Мырқымбай, орыс. Иван – алаңғасырлық, ақымақтық белгісі) сипаттай келе оларды өз ішінен социум үшін құнды болып табылатын жеке қасиеттерімен ерекшеленген тұлғаларға байланысты пайда болған прецеденттік есімдерді кеңінен танымал тарихи тұлғамен байланысты прецеденттік есім (*Абылай хан, Кеңесары*); қазақ халқының мәдени және қоғамның дамуында ерекше орын алған, алатын тұлғалар (*Абай, Алтынсарин, Жамбыл, К. Байсейітова*) деп жіктейді [74].

Эмотивті-бағалауыштық мән сұрақ түрінде келген сөйлемдерде де айқын көрінеді. Мысалы: *Жақын арада соғыс бастала ма, жоқ па? Елдің үрейін ұшырған осы мәселе* (Корей түбегіндегі қара түнек //Айқын. №36 (2912). 11.03.2016). *«Тасты тасқа ұру» үшін әдейі соларды қойды ма әлде Іле өңірінде ұйғырлар көп болғандықтан көбіне солар тұр ма, ол жағзы бізге белгісіз* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024).

Автор сұрақ қою арқылы белгілі бір мәселеге оқырманның назарын аудартады: *Голливуд өнімдерінің пайдасы шаш етекпен, ал қазақ киносының деңгейі неге бұған жетпей отыр?* (Гүлзина Бектас «Құнанбай» ғаламторда жүр. Бұл заңға томпақ емес пе? //Айқын. №17 (2893). 4.02.2016). *Сонау Абайдан бүгінгі Жұмабайға дейін жалғасқан ұлт жанайқайына құлақ түрер жан бар ма? Елдік негізді құрайтын екі мінезді қайта қалыпқа келтірудің жолын табатын қазақ қайраткерлері қайда?* (Нұртөре Жүсіп Шаштайұлының шындығы //Айқын. №13 (2889). 28.01.2016).

Журналистер адресаттың назарын аудару үшін телевизиялық аңдатпаларды, мақаланың тақырыпаттарын сұрақ түрінде береді: *Тұрсынбек Башар Мәдениет саласындағы тендерлер. Тергеліп жатқан Майлыбаевтың қай орынбасары?* (Жас алаш. 2.01.2024); *Серікбол Хасан Кітап музейінің басына күн туды немесе министрліктің мұнысы несі?* (Айқын. №26 (2902). 20.02.2016) *Гүлзина Бектас «Құнанбай»ғаламторда жүр. Бұл заңға томпақ емес пе?* (Айқын. №17 (2893). 4.02.2016); *«Назарбаевтікі болмаса, кімдікі?»*: *Үшқоңыр қарулы күзетпен қорғалуда* (Жас алаш. 10.01.2024); *Қазақстанда коронавирусқа байланысты бетперде кию міндеттеле ме?* //Жас алаш. 9.01.2024). *Шынында, не бітіріп, не қойдық?! Өткен 2023 жылы. Ғасыр жүгін арқалаған осынау жылда ғасыр жұмысын атқара алдық па?! Осы сауал жыл сайын жыл тоғысында алдымыздан шығып тұрады. Жер басып жүрген Ұлы Дала ұл-қыздарына, осы*

сауалды, алдымен, ана дүниедегі ата-бабалары да қояды (Оқырман өзгерді, каламгер, сен де өзгер //Қазақ әдебиеті. 29.12.2023).

Айтылатын ойды танық мәнде қалдырып, адресаттың қызығушылығын тудырады. Адресат жауабын білгенше тағатсыздана күтеді. Осылайша, автор мәтіннің эмоциялық бояуын күшейтіп, бағалауыштық мәнін арттырады.

Сонымен қатар журналистер аңдатпада немесе мақаланың кіріспе бөлігін сұрақпен бастап, жауабын сала мамандарына, арнаулы адамдарға қалдырады. Мысалы: **Шамалғандағы Үшқоңыр тауы қарулы күзетпен қорғала ма?** Бұл ақпаратты желіде мәжіліс депутаты Мақсат Толықбай растап, Шамалғандағы қоршалған Үшқоңырға кіре алмағанын жазды. Оның айтуынша, 15 мың гектар мемлекет жері қарулы күзетпен қоршалған («Назарбаевтікі болмаса, кімдікі?»): Үшқоңыр қарулы күзетпен қорғалуда (Жас алаш. 10.01.2024). **Қазақстанда коронавирусқа байланысты бетперде кию міндеттеле ме?** Бұл туралы Zhasalash.kz хабарлайды (Қазақстанда коронавирусқа байланысты бетперде кию міндеттеле ме? //Жас алаш. 9.01.2024). **Ажар Финияттың айтуынша, коронавирус жыл бойы таралатын инфекция.** «Біз бұл инфекцияны ай сайын тіркейміз. Мен қазірдің өзінде баяндамада негізгі аурулары бар адамдар өте ауыр және ауруханаларға жатқызылатынын атап өттім, олар негізінен егде жастағы адамдар», – деді ол (Қазақстанда коронавирусқа байланысты бетперде кию міндеттеле ме? //Жас алаш. 9.01.2024). Сала мамандарының уәжді сөздерін аргумент ретінде пайдалана отырып, өз сөзімен сабақтастыра отырып, мәтіннің эмоциялық-бағалауыштық әлеуетін арттырады.

Бұқаралық ақпарат құралдарында сұрақ мәселенің өзектілігін көрсетіп, сол мәселеге қатысты эмоциясы мен бағасын білдіру үшін, адресаттың ерекше назар аударып, мән беруі үшін де қолданылады. Сұрақты қоя отырып, автор өз жауабын береді, ұстанымын білдіреді. Мысалы: **Бір фобия бар. Біреудің кемшілігін айтудан қорқамыз. Неге қорқамыз?** Бұның тарихи, әлеуметтік себебі бар. Біз 1937 жылдың қырғынын, сатқындығын, айдауын – бәрін көрдік. Солардың бәрі біреуді кінәлаумен, күйе жағумен, сатумен жүзеге асқан. Егер біреудің айыбын айтсақ, ол біздің тұтас трагедиямызды еске салады. Жеке адамның кемшілігі гана емес, ұлттың шеккен зардабы, тартқан азабы сөз болады. Бұл ұлтқа психологиялық тұрғыда өте ауыр. Сол үшін өткенді ұмытуға тырысамыз. Айтпаймыз, айтқызбаймыз. Егер біреу айта қалатын болса, өз еркімен айтпайды. Айтқызады (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024).

Журналистер көп ретте тілімізде әбден қалыптасқан сұрау мәнді құрылымдарды қолдану арқылы да өзінің эмоциясы мен бағасын білдіреді: **Енді алдыңғы ұрпақтың айыбын айтқанда, кемшілігін білгенде не тұр?** (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024). **Осы дилеммаға қай уақытта тап болдық екен?** (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024). **Әттең, алтынды бағалай алмаған сұрқия заманға не дерсіз?!** (Күйге айналған тағдыр //Қазақ

әдебиеті. 12.01.2024). *Сондықтан жас ұрпаққа оның керегі қанша?* (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024). *Телефонда не жоқ дейсіз, не керектің бәрі бар* (Төреғали Тәшенов Сымсыз телефонның сұмдығы // Айқын. №34 (2910). 4.03.2016). *Неге екенін кім білсін, дәл осы көпірге еніп, терезесінен Куала-Лумпурды тамашалай бастағанымызда, бойымды ерекше бір сезім биледі* (Есей Жеңісұлы Селамат датаң! // Айқын. №34 (2910). 4.03.2016). *Шынында, не бітіріп, не қойдық?!* (Оқырман өзгерді, қаламгер, сен де өзгер // Қазақ әдебиеті. 29.12.2023).

Оқырман назарын аудару, сөз болып отырған мәселеге қатысты өз ойын, бағасын білдіріп, эмоциясын жеткізу үшін автор оралымды диалогтық қатынасқа құрып, адресат сұрақ қойғандай әсер қалдырады: *Ал мұндағы жүз мыңдаған жәдігер қайда барады дейсіз бе? Алматыдағы Ұлттық кітапханаға, Астанадағы академиялық кітапханаға және Орталық мұражайға бөліп бермекші* (Серікбол Хасан Кітап музейінің басына күн туды немесе министрліктің мұнысы несі? // Айқын. №26 (2902). 20.02.2016).

Автор кейде сұрақты үсті-үстіне қоя отырып, оның амалын, шешу жолын өзі көрсетеді. Мысалы: *Жеңіл, іліп алар жылы жаңалығы жоқ, бірақ хайп қуғыш «сайтани сайттардың» дәурені жүріп тұр. Қайтпек керек? Осылай салмақсыз жаңалықты санаға қабылдап жүре береміз бе? Олқылықтың орнын қалай толтырамыз? Оның жолы бар. Дәстүрлі баспасөзді қарау, «Ана тіліне» жазылу* (Берік Бейсенұлы Ұлттық мүдденің қорғаны // Ана тілі. 02.11.2023).

Сұрақ қоя отырып, автор кейде үзілді-кесілді жауап береді: *Солай табылмаған, ашылмаған папка жалғыз сол ғана деп ойлайсыз ба? Жоқ! Әлі қаншама шындық ашылған жоқ* (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024). *Осының бәріне қолын бір сілтеп, Қазақстанға кетіп қалса қайтер екен? Жоқ, оның да жөні келмейді. Алдымен қатал саясат, кейін карантин қосылып, жиган-тергенін тауысып, қамбасын ортайтып алған* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі // Жас алаш. 15.01.2024). *Егер тұлғаларға қатысты бар шындық ашылса, онда тағы сол «Осының керегі қанша?» деп отырамыз ба? Біздіңше, айту керек. «Ұлт алдындағы азаматтық парызын толық өтеді ме деген сауал үнемі тұлғаларға қатысты қойылады. Ол мәңгілік сұрақ. Осы сияқты ұлт алдында жасалған сатқындықтар, кемшіліктер де ешқашан ұмытылмайды. Бұл тарихтың сабағы. Оны осы күнгі атқамінерлер де естен шығармауға тиіс* (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024).

Бұл сөйлемдерде жоқ сөзін тұтас сөйлем ретінде қолданып, соңына леп белгісін қою арқылы, *Жоқ, оның да жөні келмейді, Біздіңше, айту керек* сияқты қысқа да нұсқа сөйлемдер арқылы репликаның эмоциялық-бағалауыштық мәнін күшейткен.

Сонымен қатар сұрақтардың өзі жоққа шығару, терістеу мәнді болып келеді. Мұндай сұрақтардың эмоциялық-бағалауыштық мәні күшті болады:

*Патша өкіметі әуелі «бұратана халықтардың еркектерін әскер қатарына алмаймыз» деп заң жүзінде бекітеді де артынша заңды өзі бұзып, оқоп қазуға шақырады. **Ердің ісі ме осы?** (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.04.2016). **Есі дұрыс адам өз жұртын жарылқап алмай жатып, жаттың байлығына көз аларта ма?** (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.03.2016). **Өз халқын бақытқа жеткізгісі келгені үшін «халық жауы» деп айдарлау азаматтық па?** (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.04.2016). **Кітапханаға барғасын бұл кітап қолдан қолға өтіп, құрымай ма? Мұндай кітаптардың негізгі тұрағы музей емес пе еді?** (Серікбол Хасан Кітап музейінің басына күн туды немесе министрліктің мұнысы несі? //Айқын. №26 (2902). 4.02.2016). **Егер сол газет музейде сақталмаса, осы уақытқа дейін жетер ме еді?** (Серікбол Хасан Кітап музейінің басына күн туды немесе министрліктің мұнысы несі? //Айқын. №26 (2902). 4.02.2016)*

Кейде сұрақтар оқырманның күмәнін күшейтіп, ойландыру үшін жауапсыз қалдырылады. Мысалы: *Сөз басында ерлікке ода айтқымыз келіп еді. Ерлік деп жүргеніміздің бәрі «қатындықпен» оңай қабыса кететінін байқап, іркіліп қалдық. **Қайда бара жатырмыз? Келер ұрпаққа қандай үлгі қалдырамыз?** (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.04.2016). **Ал ондағы қазақтың тағдыры қалай болатынын болжау қиын. **Тілі қытайша шыққан балалар біз туралы ойлай ма екен?..** (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). **Өзіне дейін Асан қайғы, Доспамбет пен Қазтуған жыраулар болмаса, Алаш поэзиясының алтын тамырына айналған **Мағжанның да шығуы екіталай емес пе?** (Жәнібек Әлиман Жанға сақтау болған жұрт //Егемен Қазақстан. 19.12.2023). **Ал бар нәрсені бар күйінде қабылдап үйренсек, бәрі де басқаша болар ма еді?** (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024). **Пушкинге оқ атқан Дантесті де ақтай алмайсыз – даңқы дәуірлеп тұрған ақынды кешіре салуға неге оның ерлігі жетпеді екен, а?!** (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.04.2016).*****

Кейде сұрақ қоя отырып, адресаттың назарын аударып алады да сұрақ қоюының себебін түсіндіреді: ***Біріншіден, Әбікен кім? Оның қазақ руханияты мен мәдениетіндегі орны қандай? Сөзді осындай сауалдармен бастауымының себебі осы уақытқа дейін Әбікеннің өмірбаяны толық жазылған емес. Әлі күнге дейін оның туған жылы, ата шежіресі жайлы, қай ортадан шықты, қандай жағдайда өмір сүрді деген сұраққа жарытымды жауап болған жоқ. Ол жөнінде жазылған мәліметтер, тарихи деректер өте аз** (Күйге айналған тағдыр //Қазақ әдебиеті. 12.01.2024).*

Журналистер риторикалық сұрақты экспрессияны күшейтіп, сөзіне сендіру үшін қолданады: ***Небір дәулескер күйшілердің бір мезгілде бір заманда өмір сүргені гажсап құбылыс емес пе?!** (Күйге айналған тағдыр //Қазақ әдебиеті. 12.01.2024). **Ауыл молдасын жаназа шығарғаны үшін 8 жылға соттап жібергенін көзбен көрген тұрғындар діннен қорықпай қайтсін?!** (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). **Кұдай о баста еркекті жаратқанда, жүрегіне осындай кеңдік***

*дарытпап па еді? (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.03.2016). Шоқан Уәлиханов «көшпелілер философы» атаған Асан қайғының төрт-бес толғауының өзі санаға төңкеріс жасамай ма? (Жәнібек Әлиман Жанға сақтау болған жұрт //Егемен Қазақстан. 19.12.2023). «Отан отбасынан басталады» деген мақалдың төркіні осы жерден көрінбей ме? (Жәнібек Әлиман Жанға сақтау болған жұрт //Егемен Қазақстан. 19.12.2023). Еуразияның дәл ортасында күні де арайлап ататын, таңы да бақытпен бататын гажайып өлкеге ормандай орыс, қаптаған қытай қызықпады дейсіз бе? Сөйтіп, екеуі екі жақтан отырып алып отты көсей берді (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.04.2016). Себебі кітап музейінің сирек кітаптары Ұлттық академиялық кітапханаға қажет болып тұрған сыңайлы. **Бірақ кітапхана бөлек те, музей бөлек емес пе? Музейде тұрған кітаптар мен қолжазбаларды ешкімнің қолына ұстап көруіне рұқсат берілмейді. Қай мұражай экспонатын қолға ұстап қарауға рұқсат береді?** Бұл да солай (Серікбол Хасан Кітап музейінің басына күн туды немесе министрліктің мұнысы несі? //Айқын. №26 (2902). 4.02.2016)*

Мұндай сөйлемдер жауап беруді қажет етпейді. Әрине, расында, шынында деген сияқты қыстырмалармен бір өрісте қолданылып, оқырманын иландыру, көзін жеткізу үшін қызмет етеді.

Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері халық тілінде тұрақтанған, қалыпқа түскен сұраулы оралымдарды қолдана отырып, күдер үзу, үміт үзу мәніндегі эмоциясын, бағасын білдіреді: *Заманында қазаққа қажет деп Дінмұхаммед Қонаевтың ұсынысымен ашылған Кітап музейін енді Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы жапқалы отыр. Мәдени ошақты Мәдениет министрі керек қылмаса, **басқадан не қайыр?** (Серікбол Хасан Кітап музейінің басына күн туды немесе министрліктің мұнысы несі? //Айқын. №26 (2902). 4.02.2016)*

Назар аударумен қатар кейде сол сұраққа жауап бере отырып, мәтіннің эмотивті-бағалаушытық мәнін, қызметін арттырады.

БАҚ өкілдері эмотивті-бағалаушы мәнді лексикамен уәждеп, негіздеген пікірінің соңын сұраулы сөйлеммен бітіріп, ұсыныс-тілектерін жеткізеді: *Көпшілікке белгілі, бүгінде журналистер қызмет істейтін мекемелердің барлығы Жауапкершілігі шектеулі серіктестік немесе Акционерлік қоғам. Демек, осындай мәртебе аясында өзінің кәсіби қызметтерін жүзеге асырып отырған БАҚ өкілдеріне сай бағдарлама неге жасамасқа? (Ақбота Исләмбек БАҚ өкілдерінің әлеуметтік мәртебесі назардан тыс қалып келеді. Неге? //Ана тілі. 23.06.2016). Ендеше, әр басылымның әр санында тіл үшін тіресіп әрі күресіп келе жатқан, қазақ тілінің бай, құнарлы тіл екенін дәлелдеп келе жатқан «Ана тілін» неге қолдамасқа? (Берік Бейсенұлы Ұлттық мүдденің қорғаны //Ана тілі. 02.11.2023). Елімізде теміржолшыларға, әскери және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, дәрігерлерге, мұғалімдерге бірқатар жеңілдіктер қарастырылғаны мәлім. Алайда бейресми түрде төртінші билік өкілдері деп айтылатын кәсіп иелеріне ондай жеңілдіктер неге жасалмайды?*

(Ақбота Исләмбек БАҚ өкілдерінің әлеуметтік мәртебесі назардан тыс қалып келеді. Неге? //Ана тілі. 23.06.2016).

Бұқаралық ақпарат құралдарында пунктуациялық белгілердің автор интенциясын, эмоциясы мен экспрессиясын, бағасын беруде маңызы өте зор. Бұл ретте леп белгісінің қызметі ерекше: *Журналист және халық! Журналист және қоғам! Бұл – бір-бірінен ажырағысыз, біте қайнасқан ұғымдар* (Ақбота Исләмбек БАҚ өкілдерінің әлеуметтік мәртебесі назардан тыс қалып келеді. Неге? //Ана тілі. 23.06.2016). *Биыл бір кездегі ескі жолдас – әуенмен қайта қауыштым! Ән жаздым. Орындаушысы табылса, алдағы уақытта алдарыңызға барып қалармыз. Жыр да – жүрек, ән де – жүрек мен үшін. Бірзағы бұзылмай лүпілдей берсе, келесі жылы да жылы жүзбен қауышармыз!* (Оқырман өзгерді, қаламгер, сен де өзгер //Қазақ әдебиеті. 29.12.2023). *Міне, осылайша өршіл рухты халқымыз тарихтың тағы бір парағын ашқалы тұр! Осы параққа жаңа засырды елең еткізер ерен ерлігіміз жазылғай, ағайын! Жаңа 2024 жыл, сондай, құтты да мықты жыл болғай!* (Оқырман өзгерді, қаламгер, сен де өзгер // Қазақ әдебиеті. 29.12.2023).

Келтірілген сөйлемдерді хабарлы сөйлем ретінде де беруге болар еді. Алайда лепті сөйлем түрінде беру арқылы авторлар мәтіннің эмотивті-бағалауыштық бояуын күшейткен. Сол сияқты қаратпа атауыштардан кейін үтір емес, леп белгісін қоюда да мәтінге экспрессивті мән үстеп, оқырманның назарын аудартуды мақсат еткен: *«Ей, Ұлы Дала ұлдары мен қыздары! Не бітіріп, не қойдық өткен жылда?» деп сұрайды* (Оқырман өзгерді, қаламгер, сен де өзгер //Қазақ әдебиеті. 29.12.2023).

Леп белгісі субъектінің көңіл күйін, таңданысын, өкпе-ренішін, масаттануын, қынжылысын, т.с.с. білдіру үшін де қойылған. Мысалы: *Алайда бұл фильмнің даңқын аспандата алмаған кінә өзімізде жатқан секілді. «Әттеген-ай!» – дейсің* (Гүлзина Бектас «Құнанбай» ғаламторда жүр. Бұл заңға томпақ емес пе? //Айқын. №17 (2893). 4.02.2016). *Неге екенін кім білсін, дәл осы көпірге еніп, терезесінен Куала-Лумпурды тамашалай бастағанымызда бойымды ерекше бір сезім биледі. Эйфория дерсіз!* (Есей Жеңісұлы Селамат датаң! //Айқын. №34 (2910). 4.03.2016). *Бір бай бір кедейге үй алып беріп жатса: «Азамат екен!» деп таң қаламыз* (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.04.2016). *Екі халық бірін-бірі әлсіретіп, құртып тынғанда, бос қалған жерге «Көптен күттім, сәулем-ай!» деп орныға қалуға ойлары кетпеді деңізші. Мұны еркектік дей аласыз ба, мысалы?..* (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.03.2016). *«Онда жүр! Көрейік!» – деп кабинетіне ертіп апарып, тыңдаса сұмдық! «Сұрапыл күйші екен!» – дейді* (Күйге айналған тағдыр //Қазақ әдебиеті. 12.01.2024).

Сонымен леп белгісі бұйрық, тілек мәнді сөйлемдерге де қойылған: *«Өлгеннің артынан жаман айтуға болмайды! Тек!» Олай қарасаңыз – кешегі Шығайбай мен Қарабай да өлген адам* (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024). *Керек десеңіз, атымды өзгертіп беріңіз. Бәріне келісемін. Тек ел білсін! Мен сияқты қанша жастың қалай қиналғанын, қалай өздерінің де сол*

жауыздарға қосыла балаларын талағанын **түсінсін, білсін!** Мүмкін кейбіреулер ұялар!.. (Жарлы Байғанин «Қорғансыздың күні» //Ана тілі. 30.11.2023).

Соңғы сөйлемде *білсін* етістігінен кейін леп белгісін қойып, репликада екі рет қайталау арқылы автор субъектінің ерекше тілегін, эмоциясын көрсете отырып, жастардың жағдайын шынайы етіп көрсеткен.

Леп белгісі автордың өзіндік тұжырымын, бағасын, ұстанымын білдіру үшін де жұмсалған. Мысалы: *Бабаларымыз неге «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» қасіретіне тап болды? Таза «катындықтан»!* (Есей Жеңісұлы Селамат датаң! //Айқын. №34 (2910). 4.03.2016). *1941 жылдың 22 маусымында Гитлер армиясы кеңес шекарасына «катындықпен» басып кірді. Нақты анықтамасы – осы!* (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.04.2016).

Журналистер ерекше эмоцияны білдіру үшін кейде сұрақ белгісінің үстіне леп белгісін де қояды: *Небір дәулескер күйшілердің бір мезгілде бір заманда өмір сүргені гажап құбылыс емес пе?! (Күйге айналған тағдыр //Қазақ әдебиеті. 12.01.2024). Ал біз, жаңа Қазақстанның жиырма миллион халқы, ескі жылды шығарып салып тұрып осы сұраққа жауап беруге тиіспіз. Шынында, не бітіріп, не қойдық?! Өткен 2023 жылы. Ғасыр жүгін арқалаған осынау жылда ғасыр жұмысын атқара алдық па?! (Оқырман өзгерді, қаламгер, сен де өзгер //Қазақ әдебиеті. 29.12.2023).*

Бұқаралық ақпарат құралдары – баспасөз, радио, телевизия, фильм, интернет арқылы берілетін ақпарат ауызша, жазбаша мәтін, бейнекөрініс, дене қозғалысы, дыбыс, әуен, т.с.с. негізінде семиотикалық кешен құрайды. Алуан түрлі семиотикалық жүйелердің жиынтығынан құралған ақпарат түрлі құралдармен (аудио, бейнежазба, компьютер, т.с.с.) жеткізілетіндіктен, бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы күшті, тілі әсерлі болады. Бұқаралық ақпарат құралдары ақпарат тарата отырып, қоғамдық пікір қалыптастырады. БАҚ арқылы берілетін хабарламада қандай да бір ақпаратпен бірге автордың бағасы да көрінеді. Ол жеке адамның көзқарасы немесе белгілі бір әлеуметтік топтың ұстанымы болуы мүмкін.

Тілдік бірлік арқылы көрініс тапқан эмоциялар сол тілде сөйлеушілердің бәріне түсінікті болады. Таным-түсінігі ортақ болуына байланысты белгілі бір ұлт өкілдерінің санасындағы ғалам бейнесі де ортақ болады. Коммуникативті жағдаятқа сәйкес туындаған мәндерді толық бейнелеу үшін тілдік бірлікті түрлі қырынан сипаттау керек. Сол арқылы сөйлеушінің айналасына, адресатқа қатысы, тілдік жағдаятқа сәйкес лексикалық бірліктерді қалай сұрыптағаны көрінеді [75].

## **2.2 Шетелдік БАҚ тіліндегі эмотивті-бағалауыштық лексиканың қызметі**

Бұқаралық ақпарат құралдары – баспасөз, радио, телевизия, фильм, интернет арқылы берілетін ақпарат ауызша, жазбаша мәтін, бейнекөрініс, дене қозғалысы, дыбыс, әуен, т.с.с. негізінде семиотикалық кешен құрайды. Алуан түрлі семиотикалық жүйелердің жиынтығынан құралған ақпарат түрлі құралдармен (аудио, бейнежазба, компьютер, т.с.с.) жеткізілетіндіктен,



бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы күшті, тілі әсерлі болады. Бұқаралық ақпарат құралдары ақпарат тарата отырып, қоғамдық пікір қалыптастырады. БАҚ арқылы берілетін хабарламада қандай да бір ақпаратпен бірге автордың бағасы да көрінеді. Ол жеке адамның көзқарасы немесе белгілі бір әлеуметтік топтың ұстанымы болуы мүмкін. Профессор Н. Уэли: «Коммуникация тек вербалды құрылымнан ғана тұрмайды. Белгілі бір ой, пікір, сезім түрінде тіл арқылы объективтенгенге дейін санада нобайы пайда бола бастайды. Сөз актісі, коммуникатордың санасындағы бұл құрылым, тілдік кодқа түсіп, тілдік құрылым арқылы объективтенумен де аяқталмайды. Кодты тыңдаушының (оқырманның) қабылдауы және кодқа салынған ой-пікір, сезім т.б. ақпараттарды мүмкіндігінше адекватты түрде ашуы қажет. Сондықтан тілдік коммуникацияны қарастыруда таза тілдік құрылыммен шектелсек, мәтіннің коммуникативтік сапасын объективті түрде бағалай алмауымыз мүмкін... Коммуникацияға қатысушылар – сөз субъектілері, яғни адресант пен адресат, ал тілдік емес мәнділіктер дегенде, біріншіден, сөз құрылымын ситуациямен, яғни сөз субъектілерінің әлеуметтік мәртебесі, жас ерекшеліктері, жыныс айырмашылығы, таныс/бейтаныстығы, тілдік қатынастың ресми/бейресмилігі т.б. жайттармен, екіншіден, ең бастысы, сөз құрылымын, сөз субъектілерінің когнитивтік санасымен, яғни білім, түсіну, түйсіну, ойлау (ұғым, пайымдау, ой қорыту) т.б. өзара байланыста қарау негізге алынады», – дейді [22].

Бұқаралық ақпарат құралдарында эмоцияның ашық берілуінің өзіндік себептері бар. М.А. Кормилицына, Н.М. Володина сияқты зерттеушілер БАҚ төртінші билікке жататындықтан, қоғамға әсер етіп, пікір қалыптастыра алатынын айтады. Көпшілікке әсер ету үшін БАҚ түрлі құралдарды пайдаланады. Эмоция адамның есінде көпке дейін сақталатындықтан, эмоция тудыратын мәтіндердің ықпалы күшті болады. Эмоция зияткерлік үдерістің катализаторы ретінде ойлау қызметін күшейтетін не әлсірететіндіктен, бұқаралық ақпарат құралдарында автор өз ойын эмоциямен жеткізуге тырысады, сол арқылы оқырманына (көрермен, тыңдарманына) әсер етуге тырысады, қандай да бір іске түрткі болады. Эмоцияның әсері туралы Г. Мюнстерберг: «...Эмоция должна направлять весь организм к действию какого-нибудь определенного рода. Подобно тому, как внимание дает концентрацию представления против всех мешающих, соперничающих представлений, точно так же эмоция дает концентрацию реакции и задерживает все остальные возможные деятельности. (...) Эмоция – это органическая волна, которая проходит через всю центральную нервную систему, подавляя и устраняя все, что не имеет отношения к источнику эмоционального возбуждения», – дейді [76].

Бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылған терминдер, әсіресе қоғамдық-саяси терминология көпшіліктің санасында ғалам бейнесін қалыптастырады. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы әлеуметтік терминдердің көмегімен ақиқат болмыс концептуалды деңгейде сипатталады. Терминдер белгілі бір ақпаратты жеткізетін құралға айналады. Терминдегі ақпарат белгілі бір тілде сөйлеушілердің концептуалды түрде (ұғымдық деңгейде) көрініс тауып, тілдік санаға енгізілетін арнайы білім ретінде қарастырылады [77].

Терминологиялық ақпараттың прагматикалық сипаты да осыған байланысты болады, яғни ғылыми-техникалық, саяси-әлеуметтік саланың терминдері адамның ойына әсер етіп, пікір қалыптастырады. Қоғамдық-саяси терминологияның ақпараттық мазмұны нақты, анық болып келеді. Бұл жерде мәтіннің ықпалы автордың қандай тілдік бірліктерді таңдап алуына байланысты болады. Мәселен, кеңес дәуірінде «социализм» сөзі жағымды мәнде, капиталистік қоғамнан бір саты жоғары тұрған, коммунизмге бет алған қоғамдық құрылыс ретінде дәріптелсе, енді «алдамшы», «аграрлық», «деформацияланған», «бюрократиялық» сияқты сөздермен нақтыланады.

БАҚ-тағы лингвистикалық өзгерістер экстралингвистикалық факторларға да негізделген: БАҚ-тың қоғамдағы мәртебесі мен қызметінің өзгеруі, демократиялық еркіндік, цензураның жойылуы, қоғамның саяси, идеологиялық бөлінуінен БАҚ жүйесінің қайта құрылуы, БАҚ арасындағы бәсекелестік қатынастардың дамуы, аудиторияның коммуникативтік мәртебесінің өзгеруі. медиа дискурс осы өзгерістерге тез бейімделіп, өзгерді. К. Ныязбекова қоғам өмірінің айнасы болып табылатын бұқаралық ақпарат құралдары, ондағы саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, спорт, өнер, кино, денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы барлық қордаланған проблемаларды жұртшылық назарына ұсынатын да, қандай да бір ғылыми жаңалықтар мен жетістіктерді көпшілікке таныстырып жеткізетін де әмбебап құрал болғандықтан, журналистер қауымын ғаламның ақпараттық бейнесін жасаушылар ретінде тануға болатынын айтады [78].

Терминдердің, атаулардың түрлі мәнге ие болуы, бұрынғы мәнінен ажырап қалуы уақыт өтуіне байланысты бола бермейді. Ресей президенті болған Б. Ельцин бір сұхбатында «оппозиция» сөзінің жағымсыз реңкі бар екенін айта келіп, оның орнына «альтернатива», «плюрализм» деген сөздерді қолданған жөн» деген пікір айтады. Журналистің «оппозиция» мен «альтернатива» сөздерінің өзара мәндес екенін айтқан ескертуіне жауап ретінде президент екеуі синоним болғанмен, «оппозиция», «фракция» сөздері үрей тудыратынын, олар «халық жауы» деген тіркеске ұқсайтынын ескерткен еді [79].

1949 жылдың 7 қазанынан 1990 жылдың 3 қазанына дейін Орталық Еуропада Германия Демократиялық республикасы салтанат құрғаны белгілі. Неміс лингвисті В. Фляйшер Германия Демократиялық республикасының 40 жылғы қоғамдық-саяси, әлеуметтік өміріне тән 600 тілдік бірлікті анықтаған: *Arbeits brigade* – *бригада рабочих*, *Bürgerforum* – *конгресс граждан*, *Bürgerinitiative* – *гражданская инициатива*, *Einzelhandels-gesellschaft* – *общественно-торговая палата*, *Gemeindeverband* – *общественный союз*, *Klassenstandpunkt* – *классовая основа*, *landwirtschaftliche Produktionsgenossenschaft (LPG)* – *сельскохозяйственный кооператив*, *Neuererwesen* – *новаторство*, *Parteilichkeit* – *членство, принадлежность к партии*, *Wohnungspolitik* – *жилищная программа* [80].

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы мәтіндерде терминдер көбінесе метафора түрінде қолданылады. Мысал ретінде *плюрализм мен демократияның шіріген жемістері, заңдар соғысы, үрей мәшинесі, егемендіктер шеруі (тухлые*

плоды плюрализма и демократии, война законов, машина страха, парад суверенитетов), т.с.с. атауларды келтіруге болады [78].

Терминдердің метафоралануынан автордың белгілі бір құбылысқа берген эмоциясы, бағасы айқын көрінеді. Сол арқылы оқырманға, тыңдарманға, көрерменге әсер етеді. Е.С. Кубрякова бұқаралық коммуникацияда адресатқа ықпал ету көзделетіні, ақпараттың әдейі бұрмаланатыны туралы ескерте келіп, тілдің жаңа қызметі – көп адамға әсер етіп, санасын өзгерту (ояту не тұмшалау) қызметі пайда болғанын айтады [81].

Ықпал етуші қызметіне сәйкес публицистика баға бере отырып, қайта жасайды. Осы мақсатта ауыспалы мағынадағы арнайы лексика: *қылмыс инкубаторы, милитаризм конвейері, техникалық прогресс жолы, білім ордасы, ғылымның қара шаңырағы*, спорттық лексика: *раунд, тур, сайлауалды марафон*, әдеби жанрлардың атаулары, театр лексикасы: *халық драмасы, қанды трагедия, саяси фарс, демократияның пародиясы* және т.с.с. қолданылады. Газет өз фразеологиясын туғызады: *ұпай еншілеу, төрткүл әлем көз тіккен дүбірлі дода, сәнін келтіріп, ажарын айшықтау, бас қаламыздың сәні мен салтанаты, үздіктер қатарынан көріну*, т.с.с. Тұрақты тіркестер газеттік стандарттар мен бұлжымайтын тіркестердің арсеналы болып табылады. Мысалы: *ұрпақтар жалғастығы, үлкен үміт күту, табыстарға қолы жету, адал еңбек, мандай тер, Қазақстанның елордасы, засырлар қойнауы, жасампаз партия* және т.б. Бұл жалпытілдік фразеологизмдер болуы мүмкін, бірақ жаңа мазмұнмен толықтырылған және газетте жоғары сапаға ие болған.

Журналист эмотивті-бағалауыштық сөздерді қолдану арқылы адресатты сендіріп, ықпал етуге, жетегіне ертуге тырысады. Осыған байланысты ғалым Х. Кәрімов: «Тыңдаушыға әсер ете алу және айтушының әр түрлі бағалауын, сезімдерін бейнелей алу мүмкіндігі сөздің бәрінде бірдей емес. Олардың кейбірі бейтарап болып келсе, енді бірі ерекше түрлендіру қабілетіне ие», – дейді [82]. Мысалы, *жылау, боздау, өксу, аңырау, өкіру; алаңдау, уайымдау, қобалжу, мазасыздану* сияқты синонимдік қатарлардың бірқатары бейтарап, әмбебап, енді бірқатары экспрессивті, эмоциялы. БАҚ мәтіндерінде эмотивті-бағалауыштық сөздердің жиі қолданылуы автордың өзіндік қолтаңбасына да байланысты болады. БАҚ-тың авторы өзіндік стилі, сөз саптау үлгісі болғандықтан, эмотивті-бағалауыштық сөздерді де өз ыңғайына қарай қолданады.

Ағылшын тілді БАҚ тілінде мәтіннің эмотивті-бағалауыштық мәнін күшейту үшін арнайы сөздер : *triumphant, historic, unforgettable (honey, kid, : triumphant, historic, unforgettable)* мен тіркестер (*a hell of a lot*), қаратпа сөздер (*What the hell is going on here?!*), клише, қысқарған сөздер, жаңа сөздер, шет сөздер, кәсіби сөздер мақсатты түрде қолданылады. Мәтіннің экспрессивтілігін арттыру үшін жаргондар да қолданылады: «*I was trying no to organizations, no to assholes, no to ideals other than personal*», *Stooges frontman Iggy Pop recalls in his autobiography, I need more.*

Жасақтарды атау үшін ағылшын тілінде *rebels, heavily armed separatists, Russian-backed separatists, paid operatives from Russia, pro-Russian assailants, Pro-Moscow activists, relentless advance* сияқты тіркестерді қолданады: *A government*

*spokesman said the rebels had broken into one of the terminals but were later pushed back. The rebels say they have seized the airport... More than 3,500 people have been killed in the eastern Ukrainian regions of Donetsk and Luhansk since the conflict erupted between the heavily armed separatists and the new Kiev government in April... Still, it is an improvement on the massive bloodletting that preceded it, and it stopped the relentless advance of the Russian-backed separatists and, by all evidence, Russian forces among them... The central government has so far been unable to rein in the insurgents, who it says are being stirred up by paid operatives from Russia... Viktoria Syumar, a deputy head of Ukraine's Security and Defense Council, said Ukrainian special forces had driven the pro-Russian assailants from Ukraine's Security Service headquarters in Donetsk, which they had seized earlier in the day... Pro-Moscow activists barricaded inside government buildings in eastern Ukraine proclaimed their regions independent Monday and called for a referendum on seceding from Ukraine – an ominous echo of the events that led to Russia's annexation of Crimea (<http://www.americanpress.com>).*

Мұндай қолданыстарынан ағылшын тілді бұқаралық ақпарат құралдарының украин халқын жақтаған позициясы айқын көрінеді.

Ал орыс тілді мәтіндерде *жасақ (ополченцы)* сөзі денотативті мәнде қолданылған, коннотативті мәнінде жағымсыз реңк жоқ. Мысалы: *В связи с захватом административных зданий в Симферополе центр города был оцеплен милицией (позднее, впрочем, через оцепление к парламенту прорвались несколько сотен пророссийских активистов) ... Военный конфликт на востоке Украины бывший президент назвал кошмаром и геноцидом «населения Донбасса». По его словам, Донецкая и Луганская области, которые частично контролируются пророссийскими сепаратистами, должны остаться в составе Украины... СБУ играла важную роль в двух моментах расследования катастрофы МН17. Она передала аудиозаписи телефонных переговоров пророссийских мятежников, перехваченных незадолго до того, как 17 июля 2014 года самолет с 298 пассажирами и членами экипажа на борту был поражен ракетой «Бук»... В частности, президент США Барак Обама заявил, что Россия «является угрозой для мира после ужасающего крушения МН17». Судя по этому заявлению, американцы никаких дополнительных свидетельств, по которым можно было прояснить обстоятельства случившегося, предоставляют не планируют и по-прежнему винят в авиакатастрофе не киевские власти, а пророссийских ополченцев ДНР (<http://www.rosbalt.ru>).*

Ресей әскерінің Қырымдағы іс-әрекетін сипаттауда ағылшын тілді бұқаралық ақпарат құралдары *to annex, to seize, to invade, annexation, rebellion, takeover, military incursion, to plunge, stand-off, flimsy excuse, blatant violation* сияқты эмотивті-бағалауыштық сөздерді қолданады. Мысалы: *Russia once again seized and annexed Crimea in March 2014, amid the chaos following the fall of President Viktor Yanukovich, plunging European into its worst diplomatic crisis since the Cold War... Russian annexation of Crimea and encouragement of separatism in the east put Ukraine at heart of a stand-off between Moscow and West... In addition, Moscow sent its forces into Crimea, denying it at first but admitting it later. This was*

*done in violation of agreements Moscow had signed, and, experts and Western officials say, under a flimsy excuse of protecting the local population. Now an ever-expanding body of evidence points firmly to the fact that Russian troops have invaded Ukraine for a second time, although Kremlin officials again deny this is happening... The pro-Russian rebellion began in Donetsk and Luhansk in April, inspired by Russia's annexation of the Ukrainian peninsula of Crimea weeks before... Russia's takeover of the strategic Black Sea region, its troop buildup near Ukraine's border and its attempts to compel constitutional changes in Ukraine have markedly raised tensions with the West and prompted fears that Moscow intends to invade other areas of its neighbor... Russia will face sanctions over its military incursion in Ukraine's Crimean peninsula unless it withdraws its troops or engages in credible talks to defuse the situation, European leaders said Thursday... Tusk said there was «no enthusiasm» in Europe on sanctioning Russia, but he called the moves inevitable given the country's blatant violation of international rights by its actions in Crimea (<http://www.americanpress.com>).*

Ағылшын тілінде эмотивті-бағалауыштық мән үстейтін қосымша (-y, ie (daddy, auntie), -er, -ard (gangster, dullard) жалғанған сөздер жиі қолданылады. Мұндай қосымшалар орыс тілінде де бар: **пре-** немесе **пере-** (Чтоб вы перелопались, дьявольское племя! Не падая в голубую прекрасную бездну. Чуб почувствовал пребольной удар в плечо); **не-** (кочуют по его неизмеримости); **на-, по-** (Много прохожих поглядывало с завистью на высокого гончара. Одиноко в стороне тащился на истомленных волах воз, наваленный мешками); **-ок, -оньк, -еньк, -очек, -ошенек, -охонек, -ищ; -ышк, -ишк** (Всех этих повес прошколить хорошенько).

Ағылшын тілді БАҚ Украинада орын алған ахуалды сипаттау үшін *to sit on the fence, to paint oneself into a corner, fool's errand, to comb through, cooler heads prevail* сияқты тұрақты тіркестерді қолданса, орыс тілді БАҚ *убираться восвояси, кость в горле, поставит на колени, не высовывать нос, разнести в щепки* сияқты экспрессивті тұрақты тіркестерді қолданған.

Украинаның саясатын сипаттау үшін орыс тілді журналистер *революция невежества, беснующаяся толпа, втоптывать в грязь, зловонная помойка, отстойник гитлерюгенда, позорный, фашистская нечисть, враги Христа, разнести в щепки, оставит руины, загнать под плинтус, трусы, подонки, продажные шкуры, бездари, невежды, извращенцы, майдауны, т.с.с. жағымсыз* мәнді эмотивті-бағалауыштық тілдік бірліктерді қолданған. Орыс журналистері *майдан* сөзі мен ағылшын тілінде «ақыл-есі кем» деген мағына беретін *даун* сөзін біріктіріп, *оказионализм (майдауны)* жасаған.

Бұқаралық ақпарат құралдарында эмотивті-бағалауыштық мән көбінесе зат есімдер арқылы да беріледі. Бұл орайда әсіресе эмотивті-бағалауыш зат есімдер жиі қолданылады. Мысалы: *кошмар, геноцид, агрессор, психоз, инсценировка, разгул, бес, бесовщина, беззаконие, бездарь, невежда, извращенец, абсурд, убийца, ад, холуй, подонок, отбросы, нечисть, резня, бойня, трус, предатель, стукач, т.б.*

Орыс, ағылшын тілдеріндегі эмотивті-бағалауыштық зат есімдерді өз ішінен семантикалық топтарға жіктейтін болсақ, адамға қатысты зат есімдер мен дерексіз атаулар жиі кездесетінін байқаймыз. Мысалы: *separatist, rebel, assailant; genocide, intervention, standoff; агрессор, бездарь, стукач; кошмар, беззаконие, абсурд*, т.с.с. Ағылшын тілді бұқаралық ақпарат құралдарының тілінде жағымды мәнді эмотивті-бағалауыштық сөздермен салыстырғанда (*encouragement*) жағымсыз мәнді зат есімдер әлдеқайда көп: *genocide, occupation, hostility, confrontation, assault, standoff, intervention, intimidation, separatist, rebel, assailant, annexation, rebellion, takeover, violation, outcry, subjugation, swagger, jibe*, т.с.с. Ағылшын тілдерімен салыстырғанда орыс тілінде адамға қатысты жағымсыз мәндегі эмотивті-бағалауыштық зат есімдер жиі қолданылады.

Бұқаралық ақпарат құралдарында үстеулер де эмотивті-бағалауыштық мән үстеу үшін қолданылады. Мысалы: *fiercely, outright, repeatedly, heavily, firmly, markedly; медленно, лениво, хаотично, восвояси*, т.с.с.

Ағылшын тілінен орыс тіліне аударылған жаңалықтарда эмотивтік-бағалауыштық сөздердің мәні берілмей қалған жайттар жиі кездеседі. Мысалы: *They insist that Russia is steadfast she added, but they also hold an insurance card: their even closer relationship with Iran and their ability to juggle two very different allies* деген сөйлем (The Scorpion's Tale: Did Assad Take Putin for a Ride? /<http://www.nytimes.com/2016/03/23/world/middleeast/bashar-al-assad-syria-russia-west.html?r=3>) орыс тіліне «Они верят в Россию, добавляет она, но на всякий случай у них есть страховка – еще более тесные отношения с Ираном. Сирийские власти умеют вести дела с двумя очень разными союзниками» түрінде аударылған [Басня о скорпионе: Асад, вероятно, считает, что он нужнее России и Западу, чем они ему /<http://inosmi.ru/politic/20160328/235895387.html>

Ағылшын тіліндегі *to juggle* етістігі тура мағынасында «toss and catch» (two or more objects) so that at least one of them is in the air at all the times», ауыспалы мәнде «balance insecurely; manipulate in order to deceive; trickery for an dishonest end» деген мәнге ие болады [83]. Аудармадағы *вести дела* тіркесі «осуществлять какую-либо работу, руководство» деген мәнде қолданылады [84]. Яғни мәтіндегі жағымсыз мәнді эмотивтік-бағалауыштық сөздің баламасы орыс тіліне бейтарап мәнді сөзбен берілген. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады (2-кесте):

2-кесте. Ағылшын тілді ақпараттың орыс тіліндегі баламасы.

Ағылшын тілді:	Орыс тілді баламасы:
The Scorpion's Tale: Did Assad Take Putin for a Ride? (The Scorpion's Tale: Did Assad Take Putin for a Ride? / <a href="http://www.nytimes.com/2016/03/23/world/middleeast/bashar-al-assad-syria-russia-west.html?r=3">http://www.nytimes.com/2016/03/23/world/middleeast/bashar-al-assad-syria-russia-west.html?r=3</a> ).	Басня о скорпионе: <i>Асад, вероятно, считает, что он нужнее России и Западу, чем они ему</i> (Китай: новая эпоха экономических тревог URL: <a href="http://inosmi.ru/economic/20160317/235755997.html">http://inosmi.ru/economic/20160317/235755997.html</a> )..

<p>His officials <i>show up</i> at peace talks but essentially refuse to negotiate (The Scorpion's Tale: Did Assad Take Putin for a Ride? //http://www.nytimes.com/2016/03/23/world/middleeast/bashar-assyria-russia-west.html?r=3).</p>	<p>Его представители <i>приходят</i> на переговоры, но фактически отказываются договариваться (Китай: новая эпоха экономических тревог URL: <a href="http://inosmi.ru/economic/20160317/235755997.html">http://inosmi.ru/economic/20160317/235755997.html</a>).</p>
<p>Less than a week after the lost souls of the 'Islamic Caliphate' destroyed the lives of more than 30 innocent human beings in Brussels, we should - should we not? - have been clapping our hands at <i>themoost crushing military reverse</i> in the history of Isis (Why is David Cameron so silent on the recapture of Palmyra from the clutches of Isis? URL: <a href="http://www.independent.co.uk/news/world/middle-east/syrian-civilwar-five-years-on-2011-bashar-al-assad-isis-iran-conflict-a6929186.html">http://www.independent.co.uk/news/world/middle-east/syrian-civilwar-five-years-on-2011-bashar-al-assad-isis-iran-conflict-a6929186.html</a>).</p>	<p>Со дня, когда пропащие души из ИГИЛ лишили жизни почти 30 невинных человек в Брюсселе, прошло менее недели. Мы же должны – должны, не так ли? – бурно аплодировать <i>самому серьезному поражению</i> - ИГИЛ в их истории (Почему Дэвид Кэмерон молчит о том, что Пальмиру вырвали из когтей ИГИЛ? URL: <a href="http://inosmi.ru/politic/20160329/235910587.html">http://inosmi.ru/politic/20160329/235910587.html</a>).</p>

Кейде орыс тіліндегі аудармаларда эмотивтік-бағалауыштық мәні солғындау сөздер мен тіркестер де қолданылған. Мысалы: «Less than a week after the lost souls of the 'Islamic Caliphate' destroyed the lives of more than 30 innocent human beings in Brussels, we should - should we not? - have been clapping our hands at *themoost crushing military reverse* in the history of Isis» деген сөйлем (Why is David Cameron so silent on the recapture of Palmyra from the clutches of Isis? URL: <http://www.independent.co.uk/news/world/middle-east/syrian-civilwar-five-years-on-2011-bashar-al-assad-isis-iran-conflict-a6929186.html>). Со дня, когда пропащие души из ИГИЛ лишили жизни почти 30 невинных человек в Брюсселе, прошло менее недели. Мы же должны – должны, не так ли? – бурно аплодировать *самому серьезному поражению* - ИГИЛ в их истории (Почему Дэвид Кэмерон молчит о том, что Пальмиру вырвали из когтей ИГИЛ? URL: <http://inosmi.ru/politic/20160329/235910587.html>) түрінде аударылған. Мұндағы *The most crushing military reverse* тіркесі *серьезное поражение* түрінде аударылған. Ағылшын тіліндегі *the most crushing* тіркесі «*physically or spiritually devastating, overwhelming (a crushing defeat)*» деген мәнде қолданылады [85]. Ал орыс тіліндегі баламасы – *самое серьезное* «*существенный и важный по содержанию, чреватый важными последствиями, опасный*» деген мәнде [84]. Яғни ағылшын тіліндегі эмотивтік-бағалауыштық мәнді *the most crushing* тіркесінің мәні аударған кезде солғындаған. Ағылшын тілінен дәлме-дәл аударылмаған мысалдар да өте көп (3-кесте):

3-кесте. Ағылшын тілінен дұрыс аударылмаған мысалдар.

Ағылшын тілінде:	Орыс тіліндегі аудармасы:
<p>At the same time, Mr. Assad and his circle often test the patience of badly needed allies, according to a Syrian who, while <i>deeply critical</i> of the president, supports the government over the opposition [China's New Age of Economic Anxiety (URL:<a href="http://www.newyorker.com/news/daily-comment/chinas-new-age-of-economic-anxiety">http://www.newyorker.com/news/daily-comment/chinas-new-age-of-economic-anxiety</a>).</p>	<p>В то же время г-н Асад и его окружение зачастую испытывают терпение своих ключевых союзников, считает <i>критически настроенный</i> к президенту сириец, который, тем не менее, поддерживает правительство, а не оппозицию (Китай: новая эпоха экономических тревог URL:<a href="http://inosmi.ru/economic/20160317/235755997.html">http://inosmi.ru/economic/20160317/235755997.html</a>).</p>
<p>They <i>insist</i> that <i>Russia is steadfast</i> she added, but they also hold an insurance card: their even closer relationship with Iran and their ability to juggle two very different allies (The Scorpion's Tale: Did Assad Take Putin for a Ride? <a href="http://www.nytimes.com/2016/03/23/world/middleeast/bashar-lassad-syria-russia-west.html?r=3">http://www.nytimes.com/2016/03/23/world/middleeast/bashar-lassad-syria-russia-west.html?r=3</a>).</p>	<p>Они <i>верят в Россию</i>, добавляет она, но на всякий случай у них есть страховка – еще более тесные отношения с Ираном. Сирийские власти умеют вести дела с двумя очень разными союзниками (Басня о скорпионе: Асад, вероятно, считает, что он нужнее России и Западу, чем они ему <a href="http://inosmi.ru/politic/20160328/235895387.html">http://inosmi.ru/politic/20160328/235895387.html</a>).</p>

Сонымен қатар эмотивтік-бағалауыштық мәнін жоғалтпаған, сәтті аударылған сөйлемдер де кездеседі. Мысалы: Mr. Putin seems bent on capping a *triumphant return* to the world stage by presiding over a political solution for Syria, hand in hand with the United States деген сөйлем (The Scorpion's Tale: Did Assad Take Putin for a Ride? URL: <http://www.nytimes.com/2016/03/23/world/middleeast/bashar-lassad-syria-russia-west.html?r=3>) орыс тіліне Г-н Путин, предположительно, настроен увенчать свое *триумфальное возвращение* на мировую арену организацией политического урегулирования в Сирии совместно с Соединенными Штатами (Басня о скорпионе: Асад, вероятно, считает, что он нужнее России и Западу, чем они ему. URL: <http://inosmi.ru/politic/20160328/235895387.html>) түрінде аударылып, «*exulting in success or victory, victorious, triumphant, conquering*» мәнін білдіретін *triumphant* сөзінің баламасы орыс тіліне «*выражающий блестящий успех, торжество*»,



«торжественный, победный» [84] мәнін білдіретін *триумфальный* сөзімен берілген. Мұндай сәтті аудармалар да жиі кездеседі (4-кесте):

4-кесте. Ағылшын тілінен орыс тіліне сәтті аударылған мысалдар.

Ағылшын тілінде:	Орыс тіліндегі аудармасы:
<p>The Cossacks, whose <i>cruelty</i> had even <i>the bravest</i> of their adversaries trembling in case they were captured alive, harried the retreating French, never engaging, just inflicting pin pricks, a sort of slow torture never experienced before or since [Putin has shown the West up as a paper tiger //http: //www. spectator. co. uk/2016/03/putin-has-shown-the-west-up-asa-paper-tiger].</p>	<p>Казакы, <i>жестокость</i> которых повергала в трепет <i>самого храброго</i> противника, если он попадал в плен живым, изматывали отступающих французов. Казаки не ввязывались в бой, а просто наносили им «мелкие, но ощутимые уколы» – подвергая врага своего рода медленной пытке, которую французам не доводилось испытывать ни до этого, ни после [Путин показал, что Запад – «бумажный тигр» //http: //inosmi. ru/politic/20160326/235871865. html].</p>
<p>Several prominent pro-Assad insiders have also <i>sought to woo</i> the United States [The Scorpion’s Tale: Did Assad Take Putin for a Ride? //http: //www. nytimes. com/2016/03/23/world/middleeast/bashar-lassad-syria-russia-west. html?r=3].</p>	<p>Некоторые из видных представителей режима также <i>заигрывают</i> с Соединенными Штатами [Басня о скорпионе: Асад, вероятно, считает, что он нужнее России и Западу, чем они ему //http: //inosmi. ru/politic/20160328/235895387. html].</p>

Сондай-ақ аударма барысында орыс тіліндегі мәтіннің эмотивтік-бағалауыштық мәні күшейіп кеткен тұстары да кездеседі. Мысалы: Eight years ago, at an earlier National People’s Congress, Wen Jiabao, then Prime Minister, remarked that Chinese growth was «*unstable, unbalanced, uncoordinated, and unsustainable*» [China’s New Age of Economic Anxiety URL: [http: //www. newyorker. com/news/daily-comment/chinas-new-age-of-economic-anxiety](http://www.newyorker.com/news/daily-comment/chinas-new-age-of-economic-anxiety)] деген сөйлем орыс тіліне Выступая восемь лет назад на съезде народных представителей, тогдашний глава китайского правительства Вэнь Цзябао (Wen Jiabao) отметил, что рост в Китае «*нестабилен, несбалансирован, неуправляем и расточителен*» (Китай: новая эпоха экономических тревог URL: [http: //inosmi. ru/economic/20160317/235755997. html](http://inosmi.ru/economic/20160317/235755997.html)) түрінде аударылған. Мұнда ағылшын тіліндегі «*tending strongly to change, not constant, fluctuating, wavering or fickle*»

*Unstable* сөзінің баламасы орыс тілінде «*неустойчивый, постоянно меняющийся*» деген мәндегі (Ефремова) *нестабильный* сын есіммен берілген. «*Not in balance or in proper balance*» мәнін білдіретін *Unbalanced* сөзінің баламасы *несбалансированный* сын есіммен берілген. Ал *lacking system, order or organization*» мәнін білдіретін *uncoordinated* сөзінің баламасы ретінде «*не поддающийся воздействию, требованиям дисциплины*» деген мәнді білдіретін *неуправляемый* сөзі қолданылған. Орыс тілінің сөздіктерінде *неуправляемый* сөзінің мағынасы *совершенно небрежливый, легкомысленно, много и нецелесообразно тратящий, быстро расходующий что-нибудь*», «*проявляющий излишнюю щедрость, требующий больших затрат*» түрінде берілген. Яғни орыс тіліндегі баламасындағы эмотивті-бағалауыштық мән түпнұсқадағы қолданысынан әлдеқайда күшті болып шыққан. Мұндай мысалдарды да көптеп келтіруге болады (5-кесте):

5-кесте. Ағылшын тілінен аударғанда, орыс тіліндегі эмотивті-бағалауыштық мәні күштірек болған.

<p>One expression of Beijing's <i>obsessive attempts</i> to control the economy is the way it has alternately fuelled both a stock-market bubble and a real-estate one [China's New Age of Economic Anxiety UR: <a href="http://www.newyorker.com/news/daily-comment/chinas-new-age-ofeconomic-anxiety">http://www.newyorker.com/news/daily-comment/chinas-new-age-ofeconomic-anxiety</a>].</p>	<p>Один из примеров <i>маниакальных попыток</i> Пекина управлять экономикой это то, как он по очереди надувает то биржевой пузырь, то ипотечный [Китай: новая эпоха экономических тревог URL: <a href="http://inosmi.ru/economic/20160317/235755997.html">http://inosmi.ru/economic/20160317/235755997.html</a>].</p>
<p>Ms. Khalil, who compared Mr. Assad to de Gaulle, is a longtime supporter of his, with a flair for <i>flamboyant statements</i> and her meetings with officials were not about the war but about a court case involving a son of Muammar el-Qaddafi, the deposed Libyan dictator [The Scorpion's Tale: Did Assad Take Putin for a Ride? URL: <a href="http://www.nytimes.com/2016/03/23/world/middleeast/bashar-alassad-syria-russia-west.html?r=3">http://www.nytimes.com/2016/03/23/world/middleeast/bashar-alassad-syria-russia-west.html?r=3</a>].</p>	<p>Г-жа Халиль – давняя сторонница г-на Асада – славится <i>эпатажными заявлениями</i>. Именно она сравнивала сирийского лидера с де Голлем. Вдобавок, ее встречи с сирийскими чиновниками были связаны не с войной, а с судебным процессом сына свергнутого ливийского диктатора Муаммара Каддафи [Басня о скорпионе: Асад, вероятно, считает, что он нужнее России и Западу, чем они ему. URL: <a href="http://inosmi.ru/politic/20160328/235895387.html">http://inosmi.ru/politic/20160328/235895387.html</a>].</p>

Осылайша, біз лексикалық және лингвистикалық, осы кеңістікті эмоционалды өрнекпен қуаттайтын көріністерді атап өттік. Бұл процестер тосыннан туындау, стихиялылығы нәтижесінде пайда болды. Жеке қарым-қатынаста пайда болатын экспрессивті құралдарды алмастыратын әртүрлі паравербальды өрнектер қолданылды. Соңғылары алмасудың жалпы түсіндірмесін бағыттау үшін ауызша мазмұнмен өзара әрекеттесетіні анықталды. Олардың синхрондылығы сөйлеушілердің экспрессивтілігін жазбаша тілге, әсіресе белгілі бір жазбаға аударуға мүмкіндік береді. Оның үстіне, бұл цифрлық контексте тек тілдік материалға қызығушылық таныту жеткіліксіз. Сонымен қатар біз лингвистикалық және тілдік емес процестерді және олардың өзара әрекеттесуін ескеруіміз керек. Мағынаның құрылысы мен эмоционалды лексемалардың қолданысы медиамәтіннің мақсатына қарай ықпал ету мүмкіндігі арта түсетіндей етіп жүзеге асады. Сондықтан эмотивті лексика бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды тіл білімімен және экстарлингвистикамен бірге қарастыру маңызды саналады.

Жоғарыда, жалпы алғанда, *to sit on the fence, to paint oneself into a corner, fool's errand, to comb through, cooler heads prevail, cruelty, separatist, rebel, assailant* және т.б. 100-ге жуық эмотивті-бағалауыштық лексикалар талданды. Соның ішінде 40 тілдік бірлік жаһандық мәселелерге (экология, экономика, саясат) қатысты бағалаулардан тұрады. Бұл жалпы көрсеткіштің 40%-ы. Демек, шетелдік БАҚ мәтіндеріндегі бір ерекшелік глобализацияланған тілдік бірліктер жиі қолданысқа енген. Бұл тілшілердің қозғайтын тақырыбына да қатысты болуы мүмкін. Бұл басылымдардың оқырман саны ауқымды болғандықтан, олар саясат, әлемдік жаңалықтар, экономика сынды тақырыптың төңірегінде жазуы міндетті болады. Сондықтан осындай лексикаларды қолдану оқырманға әлемдік трендтерді көрсетуге мүмкіндік береді.

### **2.3 Қазақстандық БАҚ-тағы эмотивті-бағалауыштық лексиканың тілдік механизмдері**

Тілдің эмотивті қызметі эмотивті код арқылы көрініс табады. Эмотивті код тілде өзіндік өріс құрап, тілдік, сөйлесімдік құралдар арқылы беріледі. Тілде ұғымдардың ғана емес, эмоциялардың да таңбалары болады. Эмоция – экстралингвистикалық категория [86] болғанмен, адам эмоциясын сөз арқылы шығарады. Сондықтан эмоция ғаламның тілдік бейнесін қалыптастыруда маңызды орын алады. Эмотивті-бағалауыштық сөздердің қызметі туралы В.П. Шутова, Д.Н. Шмелев, И.П. Распопов, Н.Ю. Шведова, Л.В. Лебедева, Т.А. Кильдибекова., Л.К. Жулинская, Л.А. Киселева, В.П. Проничев, А. Wierzbicka, т.с.с зерттеушілердің еңбектерінде сөз болды.

Қазіргі кезде эмоция тілі жан-жақты зерттелуде. Эмоциялардың түрі, қызметі, ғаламның тілдік бейнесін тудырудағы қызметі, ұлттық ерекшелігіне баса назар аударылуда [87]. Ю.М. Малинович эмоция предикативті категория болғандықтан, оны синтаксис аясында қарастыру керектігін айтады [88]. Л.А. Пиотровская эмотивті лексиканы синтаксис, лексика мен интонацияның тоғысында зерттеу керек екенін айтады [89]. «The Concise Oxford Dictionary of

Linguistics» атты еңбекте «эмотивті» сөзінің мағынасы «эмотивті: сөйлеушінің сезіміне қатысты» («emotive: having to do with the feelings of the speaker») деп берілген [85.]. Сол сияқты «A Dictionary of Linguistics» атты еңбекте эмотивтілікке «ақыл мен логикаға жүгінбей, эмоция мен сезімге негізделген» (emotive: relating or appealing to or based on emotions or sentiments rather than reason or intelligence) » деген анықтама берілген [83] де эмотивті сөйлесімді эмоцияны жеткізу үшін қолданылатын сөйленім не айтылым ретінде сипаттаған (emotive speech: speech or utterance intended to express or convey emotion) ».

Л.А. Пиотровская эмотивті айтылымға «высказывания, доминирующей иллюквативной силой, которых является намерение говорящего выразить свое эмоциональное состояние или эмоциональное отношение к определенному положению дел во внеязыковой действительности, к самому себе, собеседнику или лицу, не участвующему в акте коммуникации, например: *Кто бы мог подумать!*» деген анықтама береді [89] де эмотивті айтылымның үш түрін көрсетеді:

а) эмоцияны білдіретін сөздері бар эмотивті айтылымдар;  
ә) арнайы синтаксистік модельдер бойынша құрылған эмотивті айтылымдар;

б) интонация маңызды орын алатын эмотивті айтылымдар [89].

Бұқаралық ақпарат құралдарында предикативті емес бірліктер – эмоциялы коммуникативтер жиі қолданылады: *Слава Богу, Thankheavens*. В.Ю. Меликян коммуникативтердің антропоэзектік сипаты басым, экспрессивтік бояуы қанық, прагматикалық әлеуеті күшті болатынын айта келіп, сол арқылы сөйлеуші ақиқат болмысқа қатысты ұстанымын білдіре алатынын, тыңдарманның эмоциясына, еркіне ықпал ететінін, ақпаратты әсерлі етіп жеткізетінін айтады [84].

Коммуникативтердің құрамы алуан түрлі болғандықтан, түрліше атауға ие болған: тұрақты тіркестер, коммуникатив сөздер [90], релятивтер [91], коммуникаттар [92], толымсыз сөйлемдер [93], коммуникемдер [94], сөз-сөйлемдер [95]. Сонымен қатар коммуникативтердің қатарында одағайларды, лепті сөйлемдерді жатқызушылар да бар [96]. Коммуникативтердің мазмұны, коммуникативті сипаты, синтаксистік тұрғыдан ажырамайтыны, предикативтілігі болмайтыны туралы да сөз болады [97]. Коммуникативтерді арнайы синтаксистік бірлік ретінде атап, алғаш сипаттаған ғалым – Г.В. Валимова коммуникативтерді «релятив» деп атайды [98].

В.Ф. Киприянов коммуникативтерді екіге бөледі:

1) өзге сөз таптарында омонимі жоқ, бастапқы коммуникативтер (*ау, браво, спасибо*);

2) өзге сөз таптарында омонимі бар коммуникативтер (*беда, все, здравствуй, полно, ну, что ты*) [97].

С.В. Андреева коммуникативтіктерді предикативтіліктің түріне қарай жіктеп, құрылымына қарай функционалды-семантикалық тұрғыдан өзгерген предикативті бірлік (формалды предикативтілігі бар коммуникатив), предикативті-релятивті бірлік (аралас коммуникатив), релятивті бірлік (коммуникативтің өзі) сияқты түрлерін көрсетеді [99].

О.Есперсен коммуникативтерге ұқсайтын коммуникативті- синтаксистік бірліктерді бөлінетін (*Thanks; What?*) және жартылай бөлінетін (*Thank you!, What to do?*) деп жіктейді [100].

«Орыс грамматикасының» авторлары коммуникативтерді функционалды қызметіне қарай топтастырып, түрлі эмоция, сезімді білдіретіндерін «сөз-сөйлемдерге» жатқызады [101]. В.Ю. Меликян «Словарь: Эмоционально-экспрессивные обороты живой речи» атты еңбегінде коммуникативтерді функционалды-семантикалық белгісіне қарай топтастырып, эмотивті-бағалауыштық сөздерді жеке топ ретінде атайды [84]. Т.Н. Колокольцева коммуникативтердің не арнаулы коммуникативті бірліктердің прагматикалық қызметін негізгі белгі ретінде сипаттап, мақұлдау/ келісу, қарсы болу/келіспеу, когнитивті-модальді тұрғыдан бағалау, эмоция тұрғысынан жіктеу сияқты түрлерін көрсетеді [102]. Зерттеуші эмоциялы, аксиологиялық коннотациясы бар коммуникативтерді (*А как же!, Что ты!?*) когнитивті-модальді тұрғыдан бағалайтын, эмоция тұрғысынан жіктейтін коммуникативті бірліктерге жатқызады [102]. Е.К. Кожина бір сөзден тұратын предикативті емес айтылымдарды да (*Да, Нет, Ну!*) коммуникативтердің қатарында қарастырады [103].

И.И. Прибыток коммуникативтерді сөйлемнің бөлшектенбейтін бірліктері ретінде «сентенсоид» деп атайды [104]. Ғалым сентенсоидтардың предикативтілігі болмайтынын негізге ала отырып, оларды парадигматив, синтагмативтер, фузивтерге қарсы қояды. И.И. Прибыток эмоция мен бағалауды білдіретін сентенсоидтарды экспрессивтерге жатқызады да экспрессивтерді эмотивтер, оптативтер, экспозитивтер, интенсивтер деп 4-ке жіктейді. Зерттеуші эмотивтерде эмоциялы сема басым болатынын, басқаларында рационалды таным да болатынын айтады. Мысалы, оптативтер эмоцияны білдірумен қатар «егер де» элементі қатысатынын, экспозитивтерде рационалды модус атаулары ашық не жасырын түрде келе алатынын, интенсивтерде қайталау, синоним, күшейткіш сөздер қатысатындықтан, сандық ұғым болатынын айтады [104].

Б.М. Чарльстон ағылшын тіліндегі эмоцияны білдіретін коммуникативті бірліктерді жеке топтастырып, олар сөйлеушінің түрлі көңіл күйін білдіретінін, тыңдаушыға сөйлеушінің күйін жеткізу үшін қолданылатынын, сондай-ақ қандай да бір іске қозғау салу үшін, түрткі болу үшін жұмсалатынын ескерте келіп, оларды өз ішінен бастапқы одағайлар (*ugh!, bah!*), кейінгі одағайлар (*damn!, curse!*), одағай мен лепті сөйлемдердің аралығындағы коммуникативті бірліктерге (*Blessme!, Upon my soul!*) жіктейді [105].

Сонымен, коммуникативтер – коммуникацияға қатысушының қандай да бір нысанға не оқиғаға қатысын білдіретін тілдік бірліктер. Олар мазмұндық, коммуникативтік, синтаксистік жағынан тұтасып, бір бүтін бірлік ретінде ұғынылады. Прагматикалық белгісіне қарай эмоцияны білдіретін бірліктер **эмотивті коммуникативтер** деп аталады.

Коммуникативтерді функционалды-семантикалық тұрғыдан 7 топқа жіктеуге болады:

1) келісу/келіспеу коммуникативтері: *Ага! Да, да! Да, конечно! Ну да! Ну да! ; Ну да! Ладно (ладушки, лады); Ну ладно! Конечно! Допустим! И то! И то правда! По рукам! Понятно!*

2) эмотивті-бағалауыштық коммуникативтер: *Не может (могло) быть! Вот видал (-а, -и) (видел, видишь)! Вот так /·Вот так (-то)! Господи! Дожили! Вот [Вот тебе] дожили! Как-/ Как?!; Как так?! Красота! Легко сказать! Мамочки! Отлично! С ума сошёл! С ума сошёл! (-а, - и)! Спятил (-а, -и)! Свихнулся (-лась, - ись)]?! Слава богу! Супер! Ух ты! Что же ты [вы, он, она, они, мы]?!*

3) этикет коммуникативтері: *Доброе (-ый) утро [день, вечер]! Привет! Здравствуй (-те)! Извини (-те) Прости (-те)! Поздравляю!*

4) ерік, ықтиярын білдіретін коммуникативтер; *Давай (-те)! Смотри (-те)!*

5) мәтін құраушы коммуникативтер: *Вообще, Подумай. Так, Всё!*

6) сұрау мәнді коммуникативтер: *Да ну? Что?*

7) байланыстырушы коммуникативтер: *Алло! Ау!*

Бұқаралық ақпарат құралдарында эмотивті-бағалауыштық мәнді сөздерді ерекшелеп беру арқылы да экспрессивтілігін, әсерін айттырады. «Қазақ әдебиеті» газетінде әнші, өнертанушы Ерлан Төлеутайдың Әбікен Хасенов туралы «Иә, Әбікен күйші туралы сөз болғанда оның текті ортадан шыққандығы, Сарыарқа жерін жоңғарлардан азат еткен Таныбай батырдың ұрпағы екендігі туралы айтпай кетуге болмайды» деген сөзі қою қаріппен ерекшеленген (Күйге айналған тағдыр //12.01.2024). «Шетел жылқысын алуға 6 млрд қаржы кетеді» деген мақалада кіріспе сөз (*Әдетте жылқының текті жануар екенін білеміз. Бүкіл қазақ елі сияқты мен де жылқыны жақсы көремін. Жақсы танымын деп ойласам, қателесіппін. Атбегі Рүстем Досжановпен өткен сұқбаттан кейін, жылқымен, жаңа әлеммен қайта танысып шыққандай болдым. Және қазір ата кәсібімізге не жетпейді, атбегілерді алаңдататын нендей мәселе? Оны терең ұғынып, оқырманға жеткізуге тырыстық*) мақсатты түрде ерекшеленіп берілген (Шетел жылқысын алуға 6 млрд қаржы кетеді //Ана тілі. 9.112023). Сондай-ақ Берік Бейсенұлы бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдағы орнын көрсетуге арналған мақаласына тұздық ретінде «Ағылшынның әдеби сыншысы С. Коноллидің бір ұлағатты сөзі бар: «Әдебиетті екі рет оқып түсінесің, ал журналистиканы бір-ақ рет оқығанда түсінуге болады». Мұның сыры не? Журналистика деректі сараптап сөйлетеді. Ақиқаты керек, дәл қазір баспасөз билік пен оқырманның арасындағы алтын көпір. Мойындайық, мойындамайық, әлімсақтан солай» деген сөзді қолданған (Берік Бейсенұлы Ұлттық мүдденің қорғаны //Ана тілі. 02.112023).

Жиналған мысалдарды жүйелеп, саралай келе, мынадай ерекшелік байқалды. Эмотивті-бағалауыштық сөздерді сөз таптарына байланысты бөлер болсақ, ең жиі кездесетіні, қолданыста жүргені сын есім екені анықталды. Бұның сыры да түсінікті. Себебі сын есім заттың жай-күйін сипаттайтын болғандықтан, оның бойында бағалау мәні, эмоция мәні болуы таңғаларлық емес. Эмотивті бағалауыштық лексика етістіктер қатарынан да жиі кездесетіні байқалды. Кейбір етістіктердің өң бойында іс-әрекетке берілген бағаның бар екені, сол арқылы

эмоция шақыра алатыны ерекше көзге түсті. Төменде эмотивті-бағалауыштық лексиканы сөз таптары бойынша жіктеуімізді келтірдік. Реттілігі жиілігіне байланысты қойылған.

#### А) Эмотивті-бағалауыштық сын есімдер

Эмотивті-бағалауыштық сөздер көбінесе сын есімнен болады. Себебі эмотивті-бағалауыштық лексиканың негізгі қызметі – бағалаудан туындаған эмоцияны тілдік бірліктер арқылы жеткізу. Статистикалық талдау нәтижесінде де сын есім эмотивті-бағалауыштық мәнде жиі қолданылатыны анықталды. Жұмысымызда эмотивті-бағалауыштық сөздер жиілігіне қарай берілді.

Қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдарында да сын есімнен жасалған эмотивті-бағалауыштық қолданыс өте көп. Мысалы: *Ғажап* поэмаларын, балладаларын, *өткір* сынын, лирикалық *әйбат* өлеңдерін айтпаған күннің өзінде, *эпиграмма жанрын үлкен деңгейге жеткізіп кетті* (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024). *Еуразияның дәл ортасында күні де арайлап ататын, таңы да бақытпен бататын ғажайып өлкеге ормандай орыс, қаптаған қытай қызықпады дейсіз бе?* (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.04.2016). *Рухани жаңғырудың негізі – тіл мен дәстүр, тарих пен мәдениет, әдебиет болса, осындай база жетпес құндылықтарды шығармашылығына өзек еткен ақын-жазушылар мен өнер қайраткерлерінің туған жерге ат басын бұрып, халқымен жүздесулер өткізіп жатқаны да бір ганибет* (Анар Дүйсенбайқызы Тыңдарман жүрегін баураған жыр кеші //Ана тілі. 25.01.2018).

Бұл орайда әсіресе *ғажап*, *керемет*, *тамаша* сын есімдері жиі қолданылады: *Небір дәулескер күйшілердің бір мезгілде бір заманда өмір сүргені ғажап құбылыс емес пе?!* (Күйге айналған тағдыр //Қазақ әдебиеті. 12.01.2024). *Жылына 28 миллион турист табиғаты жайлы, атмосферасы да керемет Малайзияға асықса, соның елеулі бөлігі Куала-Лумпур кереметтеріне де бас шайқап қайтады* (Есей Жеңісұлы Селамат датаң! //Айқын. №34 (2910). 4.03.2016).

«Қазақ сөздігінде» «ғажап» сөзі былайша сипатталған:

**Ғажап** – 1. Керемет, ғажайып; 2. Тамаша, өте қызық, таңғаларлық; 3. Шебер жасалған, келісті; 4. Өзгеше, ерекше [72].

Келтірілген 4 семаның барлығы «ғажап» сөзінің бағалауыштық қызметін айқын көрсетіп тұр. Жоғарыда айтқанымыздай, бағалауыштық қызметтен эмоцияның тууы да заңды.

«Қазақ сөздігінде» «әйбат» сөзінің мәні бағалауыштық мағыналарға негізделген: **Әйбат** – 1. Әдемі, әсем, көркем; 2. Дұрыс, тәуір, жөн, жақсы [72].

Мәтіннің ыңғайына қарай *ғажап*, *керемет*, *тамаша* сын есімдері бірде эмоциялық бояуы, енді бірде бағалауыштық бояуы басым болып келеді. Мысалы: *Еліміздің ауыр атлетика спортының тарихы бай, жеңіспен өрілген тамаша дәстүрі бар* (Э. Ыбырайқызы «Бұл спорт түрінен бас тартуға болмайды» // Егемен Қазақстан. 30.11.2023). *Сюжетті, оқиғалы фотосуреттер: о, олар тіптен тамаша, әркім қиялына ерік беріп кімнің неге*

жымызанын, не үшін қабат шытқанын, неге таңданып, неге мұңайғанын өзінше болжайды. Бұл да білген жанға бір қызық іс (Қарагөз Сімәділ Дамыл тап бір сәт, дүр дүние // Егемен Қазақстан. 2.11.2023).

«Ғажайып» эмотивті-бағалауыштық сын есімі *ғажап, керемет, тамаша* сын есімдерімен мәндес болғанмен, қолданыс жиілігі әлдеқайда төмен әрі ол екі функцияны қатар атқара алмайды. «Ғажайып» сөзінің бағалауыштық мәні басым: *Көне замандардан жеткен осы мұрада ғажайып сырлар мен ұлы емеуріндер бар* (Жәнібек Әлиман Жанға сақтау болған жұрт //Егемен Қазақстан. 19.12.2023).

Бұқаралық ақпарат құралдарында жиі қолданылу нәтижесінде бірқатар сын есімдер нақты зат есіммен қатар келіп, тіркес түзеді де көбінесе сол қалпында қолданылады. Мысалы: *Мұнай дүмпуінде мұнай магнаттарының елге жасаған қайырымдылықтары мен ерен еңбектеріне қарап, мұнай – елдің бағы ма дейміз* (Қарагөз Сімәділ арғы жағы каспийдің, бергі жағы.. //Егемен Қазақстан. 30.11.2023). *Халықпен кездесуіндегі ұсынған бағдарламасын сенімді түрде жеткізуі, өзін нық ұстап, саяси дебатта кез келген мәселенің шешілу жолдарын тереңінен білетін жан-жақты білімдарлығы мен әділдіктен айнымай тіке айтатын кесек мінезі, оның беделін қарапайым жұрттың арасында асқақтата түсті* (Кенжебек Тұманбайұлы Алдаспан ғұмыр //Егемен Қазақстан. 7.12.2023). *Ормандай сыңсыған жұрттың ыстық пейілі мен сеніміне ие болу – менмін деген саясаткердің маңдайына жазбаған бақ, атан түйеге жүк боларлық абырой мен бедел* (Кенжебек Тұманбайұлы Алдаспан ғұмыр //Егемен Қазақстан. 7.12.2023). *Арада ай өтпей, Аман ағадан «Үкіметтік» деген грифпен таңбаланған хат алдым. «Бұл еңбек жаңадан орныққан дәуірдің темір логикасы мен диктатының әсерінен тіршілігін амалсыздан өзгерткен ағайындардың тағдыр жылнамасы. Бабаларымыз өткен ғасырдың қасіреті мен қуанышын бойына сіңіре отырып, кез келген құбылысқа даналықпен қарауды үйреніп, қазақ патриотизмі – туган жерге деген қастерлі сезімін сақтай білді», – деп әділ бағасын берген еді* (Кенжебек Тұманбайұлы Алдаспан ғұмыр //Егемен Қазақстан. 7.12.2023).

Келтірілген мәтіндердегі *ерен еңбек, кесек мінез, ыстық пейіл (ықылас), әділ баға* сияқты тіркестер тілімізде біршама орныққан.

«Ерен» сөзінің архисемасы «ерек», «ерекше» деген мағынаға жақын, мәндес: «**Ерен** – 1. сын. Ерекше, айрықша; 2. Асқан, аса, тым зор [72].

Жоғарыда келтірілген сөйлемде де (*Мұнай дүмпуінде мұнай магнаттарының елге жасаған қайырымдылықтары мен ерен еңбектеріне қарап, мұнай – елдің бағы ма дейміз*) бұл сөз бағалау мәнінде қолданылған.

«Кесек» сөзінің мағынасы сөздікте «**Кесек** – 1. Топырақтың жентектеліп, қатып қалған ірісі; 2. Бір бөлік, бөлшек, түйір [72].

*Кесек мінез* тіркесінде мінездің ірілігі туралы сөз болады. Яғни тіркеске *кесек* сөзінің ауыспалы негіз болған.

Бұқаралық ақпарат құралдарында мөлшерден тыс, көзге айқын көрінетін белгіні көрсету үшін *айрықша* сөзі өте жиі қолданылады. Мысалы: *Қай бір жылдары бес парыздың бірі – қажылық сапарын атқарып, 2008 жылы*



анасының құрметіне «Мунира» мешітін тұрғызған, әр пенденің мұсылман екенінің соңғы әрі **айрықша** дәлеліндей әсер беретін жаназа намазы шығарылған, Жаратқан Жаппар иенің бір аты – Әділдіктен ауытқымаған марқұмның бес күн тірліктегі біліп істеген, білмей істеген қателіктерін Құдай Тағала кешіріп, өз қамқорлығына алсын (Кенжебек Тұманбайұлы Алдаспан ғұмыр //Егемен Қазақстан. 7.12.2023). 1941 жылдың шілде-қыркүйегінде кеңестік соғыс тұтқындары осындай уақытша лагерьлерге қамалып, **айрықша** қиындық көрді (Гүлжауһар Көкебаева тарих ғылымының болашағы алаңдатады //Егемен Қазақстан. 9. 11. 2024). Музей ішіндегі құнды деректерді таныстырған ардагер ұстаз Анар Босқынбаева бүгінгі ұрпаққа сабақ болар мағлұмат айтып, осы бастамаға мұрындық болған мектеп директоры Зәмзәгүл Төлеубекқызының еңбегін **айрықша** атап өтті (Жанбота Сұлтанмұратқызы Ұлтым деп соққан жүрек // Ана тілі. 26. 10. 2023).

Сонымен қатар осы сөздің жіңішке сыңары да жиі қолданылады. Мысалы: **Ерекше** сыншылық дарынымен, туа бітті болмыс-бітімімен ақыл мен парасаты бөлек сын сардарынан абайсызда, күтпеген тұста оқырманы көз жазып қалды (Гулзина Бектас Сыршыл сыншы //Айқын. №20 (2896). 10.02.2016). Неге екенін кім білсін, дәл осы көпірге еніп, терезесінен Куала-Лумпурды тамашалай бастағанымызда, бойымды **ерекше** бір сезім биледі (Есей Жеңісұлы Селамат датаң! // Айқын. №34 (2910). 4.03.2016). **Айрықша**, **ерекше** сөздері публицистикалық стильде ғана емес, ғылыми стильде де, көркем әдебиет стилінде де жиі қолданылады.

БАҚ тілінде **қатты** сын есімі адвербиалданып, **айрықша**, **ерекше** үстеулерінің орнына қолданылады. Мысалы: **Ормандай орыстың деревнядан шыққан сұмдық дарынды ақыны Сергей Есенин бағанаға тартылған электр сымдары кең даланың тынысын тарылтып, қысып, тұншықтырып жатқанына қатты қарсылық білдіріп өлең жазған** (Төреғали Тәшенов Сымсыз телефонның сұмдығы //Айқын. №34 (2910). 4.03.2016). **Назым Әмірбекқызының өз ісінде заманауи әдіс-тәсілдер таңдай білуі, оны жетілдіру жолдарын табуы, ата-аналармен жұмысты ұйымдастыруы жастарға қатты әсер етті** (С. Көшімбетова Баспалдағы білімнің бастауыштан басталған //Егемен Қазақстан. 7.12.2023). **Дәл осыған біздің асымыздың адал болуы қатты әсер береді** (Ақгүл Айдарбекқызы Ата-ана болу оңай емес //Егемен Қазақстан. 30.11.2023). **Ол менен мұндай жауап күтпесе керек-ті, қатты ашуланды** (Жарлы Байғанин «Қорғансыздың күні» // Ана тілі. 30.11.2023).

Сонымен, сын есімдердің мағынасы бағалаудың нәтижесінен туындаған. Адам бір нәрсенің қатты екенін танығаннан кейін баға беру арқылы түсінеді. Сол бағаның салдарынан эмоция туындайды.

### Ә) Эмотивті-бағалауыштық етістіктер

Қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдарында эмотивті-бағалауыштық мәнді етістіктер өте жиі қолданылады әрі атқаратын қызметі де көп. Мысалы: **Сол қалпақты жаңа гасырда Қазақстанға келіп-кетіп жүрген қазақтарға кигізген көрінеді. Көп адам үйіндегі Қазақстанның туы бар киімдерін, оюлы**

*ыдыс-аяқтарын өртеуге мәжбүр болыпты* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). *Сол секілді «құжат саланың инвестициялық тартымдылығын арттырады» деген тұжырым да күмән тудырады* (Фархат Қайратұлы Маңызды құжатқа мән берген жөн // Егемен Қазақстан. 15.01.2024).

«Мәжбүр болу» тіркесі сын есім мен етістіктің тіркесінен жасалған. Жоғарыда айтқанымыздай, сын есім – бағалаудың нәтижесінен туындаған лексикалық бірліктер. Сондықтан бұл сөздің мағынасы эмоция мен бағалауға негізделеді. «Қазақ сөздігінде» «мәжбүр» сөзінің «Істелуге тиіс, мұқтаж, амалсыз, шарасыз» сияқты мағыналары берілген [72]

Демек, «мәжбүр болу» сөз тіркесі бір іс-әрекетті орындаудан басқа амалы қалмағандығына баға беру арқылы туындап, соған сай эмоция тудырады.

Екінші мысалдағы «күмән тудырады» тіркесі де «мәжбүр болу» сияқты екі түрлі сөз таптарынан жасалған. Бұл жерде «күмән» сөзінің мағынасы – «сенбеуден туған сезікті ой, шүбә, күдік» [72].

Яғни, «күмән» сөзінің өзінде «сенбестік, сенімсіздік» сияқты жағымсыз бағалау түрі бар. Демек, «жағымсыз болған сезікті ойды пайда қылу» деп сипаттауға болады. Жағымсыз болғандықтан да, бұл жерде эмоцияның пайда болуы орынды.

Тілімізде субъектінің эмоциясы мен бағасын білдіретін етістікті құрылымдар қалыптасқан. Мысалы, *тура кел* тіркесі субъектінің осы іс-әрекетке мәжбүрліктен, амалсыздан барып отырғанын білдіреді: *Кодекс жобасына қолданыстағы нормалардан басқа маңызды ештеңе қосылмағанын ескерсек, дәл осылай ой түйеге тура келеді* (Фархат Қайратұлы Маңызды құжатқа мән берген жөн //Егемен Қазақстан. 15.01.2024). *Амал жоқ, келісуге тура келді* (Жарлы Байғанин «Қорғансыздың күні» //Ана тілі. 30.112023). *Осы тақырыпты тағы да қозғауыма тура келіп тұр* (Жазушы Айзат Рақышпен сүбелі сұқбат //Егемен Қазақстан. 1.112023).

«Тура келді» тіркесінің де эмотивті-бағалауыштық қызметі айқын көрініп тұр. «Тура келді» сөз тіркесін талдар болсақ: «а) тікелей кезікті, дөп түсті»; ә) мәжбүр болды, амалы қалмады; б) айтқаны болды, расқа шықты [72].

Сондықтан бұл тіркестің де баға беріп, эмоция тудыруы орынды.

Экспрессивті етістіктер де автордың эмоциясы мен бағасын білдіре алады: *Өндірістік тәжірибеден өтуге келетін жас мамандар біздің бейнетімізді көреді де телеарналарға қашып кетеді* (Айгүл Аханбайқызы Балалар басылымы: Кешенді бағдарлама әзірленбек //Егемен Қазақстан. 15.01.2024).

«Қашып кету» сөз тіркесін қарастырар болсақ, алдымен «қашу» етістігін талдау қажеттілігі туындайды:

**Қашу** – 1. Бір нәрседен қорқып безу, зыту. 2. Жанын қорғау үшін қауіпсіз жерге бас сауғалау, жылыстау. 3. ауыс. Алыстау, ұстатпау, жоқ болып кету. 4. ауыс. Безіну, алшақтау. 5. ауыс. Жалтару, құтылу. 6. ауыс. Бас тарту, істегісі келмеу. 7. ауыс. Қыздың ата-анасының рұқсатынсыз тұрмысқа шығуы. 8. ауыс. Қарсы болу [72].

Сонымен, «қашу» сөзінің негізгі семасы – «бір нәрседен қорқып безу, зыту». Басқа семаларымен де осы мағына ұштасады. «Бір нәрседен кетіп қалу, басын аулақ ұстау» сияқты мағынаға ортақтастыруға болады. Бұл жерде қашу әрекетімен бірге қорқу, қарсы болу, бас тарту әрекеттері бар екенін байқаймыз. Қорқу әрекетінің эмоциядан туындайтыны белгілі. Қарсы болу мен бас тарту келіспеушілікті білдіреді. Яғни адам өзіне жағымсыз нәрселерден бас тартары анық. Бұл әрекеттердің «қашу» сөзімен байланысты болуы да осы сөздің өң бойында эмоция мен бағалаудың бар екенін көрсетеді. «Қашу» етістігінің семаларының көп болуынан, «қоян жүрек қорқақша қашу», «қатындай қорқып қашу», «үріккен қойдай қашу», «еңбек қашу», «ұйқы қашу» сияқты тұрақты тіркестер пайда болған.

Болған жайтты баяндағанда етістік тұлғалары эмотивті-бағалауыштық мәнге ие болады: *Қолымызға ұстап көрдік, үлбіреп әзер тұр* (Серікбол Хасан Кітап музейінің басына күн туды немесе министрліктің мұнысы несі? //Айқын. №26 (2902). 4.02.2016).

**Үлбіре** – 1. ет. Мамықтай, жұп-жұмсақ болу. 2. ауыс. Уілжу, нәзіктену. 3. ауыс. Үлпілдеу. 4. ауыс. Жұқару, тозу. 5. Жап-жас, уыздай. 6. Сұлу, ару [72].

**Әзер** – үст. Әрең дегенде, зорға [72].

Мәтіндегі «үлбіре» сөзінің негізгі мағынасы «жұқару, тозу» дегенге келеді. Демек, іс-әрекетті сипаттауда бағалаудан туған сөз. «Әзер» сөзінің өзі бір іс-әрекетке баға беруден туғаны түсінікті.

*Мен де қатайып алсам керек, енді былқ етпедім* (Жарлы Байғанин «Қорғансыздың күні» //Ана тілі. 30.112023).

**Қатай** – 1. ет. Жұмсақ күйден қатты қалыпқа көшу. 2. ауыс. Өсіп жетілу, ширау. 3. ауыс. Үдей түсу, күшею. 4. ауыс. Ызғарланып беки түсу, түсін суытып, қайраттану. 5. ауыс. Қаһарлана түсу, қатаңдалу. 6 ауыс. Көбею, асқына түсу [72].

«Қатаю» сөзі қатты қалыпқа көшуді білдіреді. Ауыспалы мағыналары да «қатты» мағынасына жақын. Контексте «қаһарлана түсу, қатаңдалу» мағынасында қолданылып тұр.

Эмотивті-бағалауыштық мәнді жеткізуде әсіресе аналитикалық формалы етістіктердің орны ерекше. Мысалы: *Қаласа шекараны да жаба салады, қаласа біреуді соттап, біреуді қамай салады* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). *Бала-шағаның ана тілін ұмытып жатқанына да қатты күйінеді. Өзара күңкілдесіп, баласына ұрысқан болады* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024).

Келтірілген сөйлемдерде журналист іс-әрекеттің немқұрайдылықпен жасалғанын білдіретін **-а сал, -ған бол** форманттарын орынды пайдаланған.

## **Б) Эмотивті-бағалауыштық зат есімдер**

Қазақ, орыс тілдеріндегі басылым беттерінде «елбасы» сөзі бір ғана нұсқада берілген әрі көбінесе жағымды мәнде қолданылған. Профессор Ж. Ибраева мен Б. Қордабайдың «Дипломатиялық дискурстың прагмалингвистикалық ерекшеліктері» атты мақаласында 2016-2018 жылдар

аралығында жарық көрген 30 мәтінде «елбасы» сөзі қазақ тіліндегі мәтіндерде де, орыс тіліндегі мәтіндерде, көбінесе тақырыпаттарда («Лекция в библиотеке Елбасы: государственным символом Республики Казахстан – 25 лет» // <http://presidentlibrary.kz/ru/news/lekcija-v-biblioteke-elbasy-gosudarstvennym-simvolamrespubliki-kazahstan-25-let>; Наш Елбасы // <http://www.allib.org/ru/node/1183>; Народным реформам Елбасы – поддержка всей страны // Казахстанская правда, 5 мая, 2015) кездескені туралы сөз болады [107, 320-325-б.]. Зерттеушілер дипломатиялық дискурстың ауызша түрі ретінде 2017 жылдың 27 қараша күні Астана қаласында ҚР Тұңғыш Президенті күніне арналған Қайрат Әбдірахмановтың «Жаңа жаһандық болмыстағы Қазақстанның жаңғыру моделі» тақырыбындағы халықаралық парламенттік конференциясындағы баяндамасын талдай келе Мемлекет басшысын жоғары мәртебе дәрежесіне көтеру интенциясы бір баяндама шеңберінде Президентті 16 рет айрықша атаулармен («Елбасы», «Главой нашего государства», «Главы государства», «нашего Елбасы», «нашего Лидера») атап көрсетуінен байқалатынын ескертеді [106].

Қазақ тіліндегі бұқаралық ақпарат құралдарында эмотивті-бағалауыштық зат есімдер көп кездеседі. Мысалы: *Шекарашылар көзінен «кіндігің бізге байланған» деген менмендікті аңғарасыз* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі // Жас алаш. 15.01.2024). *Отандық спортта былық көп екені белгілі* (Аслан Қаженов Халық ақиқатты білуге хақылы // Егемен Қазақстан. 7.01.2024).

**Менмендік** – 1. зат. Менмен болушылық; тәкаппарлық, өркөкіректік; 2. психол. Өзімшілдік, өзін басқалардан жоғары қою сияқты адам бойындағы жағымсыз мінез [72].

*Менмендік* сөзі адамның жағымсыз мінезін сипаттайды. Семалары да жағымсыз мінезді білдіреді. Адамның мінезіне жағымсыз баға беру эмоцияны да тудырады.

*Былық* сөзінің сын есім, етістік мәнінде жұмсалуды сөздікте былайша берілген: **Былық**<sup>1</sup> 1. сын. жағымсыз. Асты-үстіне шыққан лас // Белшеден батқан шатақ жағдай. 2. Таза емес, арам.

**Былық**<sup>2</sup> ет. 1. Ретсіз, асты-үсті араласып, ыбырсып жату. 2. Шатасып, әбігерлену, әлек болу, бүліну [72].

«Былық» сөзінің сын есімдік мағынасы жағымсыз екені көрсетіліп, зат есім мәнінде «Белшеден батқан шатақ жағдай» мәнінде қолданылатыны көрсетілген. Мәтіндегі қолданысына осы мәні негіз болған.

Эмотивті-бағалауышты етістіктерден жасалған туынды зат есімдерді қыстырма сөз ретінде қолдана отырып, журналистер оқиғаға қатысты эмоциясы мен бағасын нақты көрсетеді. Мысалы: *Бір қуанарлығы, оның дүние есігін қазақтың қара домалақ баласы болып ашқандығы... Бір шүкір етерлігі, Ресей сынды иығын жұлып жеп отырған азулы державаның халқын тұтас мойындатқан қандасымызбен тіршілікте мәжілістес болмасақ та, бір дәуірде ғұмыр кешкеніміз. Бір қынжылатынымыз, жан-жақты білімдар, өндірісте әбден шыңдалған, әлеуметтің мұң-мұқтажын терең білетін, аймаңдай азаматтың Құдай молынан берген әлеуетін қазақ әлеуетінің бір пайдасына жарата*

алмағандығымыз (Кенжебек Тұманбайұлы Алдаспан ғұмыр //Егемен Қазақстан. 7.12.2023). *Қуантарлығы, спорт журналистикасы дамып келе жатыр* (Аслан Қаженов Халық ақиқатты білуге хақылы //Егемен Қазақстан. 7.01.2024).

*Қуану, шүкір ету, қынжылу* етістіктері эмоцияның атаулары болып, оны туынды зат есімге айналдырып қолдану арқылы адресантка әсер етеді. Эмоцияны білдіретін сөздер ортақ мәнде қолданылған.

БАҚ тілінде эмотивті-бағалауыштық мәнді жеткізуде «өзім-өзге» оппозициясында қолданылған зат есімдер маңызды орын алады: *Бір шүкір етерлігі, Ресей сынды иығын жұлып жеп отырған азулы державаның халқын тұтас мойындатқан қандасымызбен тіршілікте мәжілістес болмасақ та, бір дәуірде ғұмыр кешкеніміз* (Кенжебек Тұманбайұлы Алдаспан ғұмыр //Егемен Қазақстан. 7.12.2023). *«Саясат» деген айла-шарғысы жетіп артылатын, өзгенің қолымен от көсегенді дәреже санайтын арпалысқа, интригаға толы аламанда, шашасына шаң жұқтырмаған алыстағы ағатайымның ата-жұртты ет-бауыры елжірей сағынатыны сол кезде аңғарылып еді* (Кенжебек Тұманбайұлы Алдаспан ғұмыр //Егемен Қазақстан. 7.12.2023). *Аталған еңбекте Аман Молдағазыұлы туралы жазылған «Аман жүрші, ағатай» атты эссе басылды* (Кенжебек Тұманбайұлы Алдаспан ғұмыр //Егемен Қазақстан. 7.12.2023).

Бұл орайда журналистер қазақ менталитетіне сәйкес құрметтеу, сыйлау мәнін үстейтін жұрнақтарды жалғап, мақсатты түрде қолданады. Мысалы: *Әншейінде балуанбыз дегенде үзеңгіміз үзіле жаздайтын халықпыз, бірақ атойлап шыққан оғланды бұрын да, кейін де мандайынан сипап, бауырымызға тартқанымыз жоқ. Әбекең ондай қошеметті іздеген де жоқ* (Көкірегінде кетті бір арман //Айқын. №35 (2911). 10.03.2016). *«Қазақстан» сөзінің орнына «ата жұрт», «Аман Төлеев» – «Саясат» деген айла-шарғысы жетіп артылатын, өзгенің қолымен от көсегенді дәреже санайтын арпалысқа, интригаға толы аламанда, шашасына шаң жұқтырмаған алыстағы ағатайым* (Кенжебек Тұманбайұлы Алдаспан ғұмыр //Егемен Қазақстан. 7.12.2023). *Жұм-ағаңның жұртқа сүйкімі жоғары болса, тап осы қасиетінен дер едік* (Нұртөре Жүсіп Шаштайұлының шындығы //Айқын. №13 (2889). 28.01.2016). *«Қазақстан барысы» турнирінің ашылу салтанатында Әбекеңе бата беру рәсімі тапсырылды* (Көкірегінде кетті бір арман //Айқын. №35 (2911). 10.03.2016).

Зат есімдер адъективтеніп, сын есімнің орнына да жұмсалады. Мысалы: *Үміткер ретінде тіркелген аймүйіз саясаткерлердің арасында ол кісінің шоқтығы тым биік еді* (Кенжебек Тұманбайұлы Алдаспан ғұмыр //Егемен Қазақстан. 7.12.2023). *Қазақ деген текті ұлттың абыройына шетте жүрсе де кір келтірмей өткен арыстан ағаны сырттай мақтан тұтып, тілеуін тілеуші едім* (Кенжебек Тұманбайұлы Алдаспан ғұмыр //Егемен Қазақстан. 7.12.2023).

«Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» «Ай мүйізді қошқар» тіркесіне «мықты, қуатты» деген сипаттама берілген [73].

Мүйіз сөзіне «Қазақ сөздігінде» «зат. 1. Кейбір жабайы жануарлар мен малдың бас сүйегіндегі қатты өсінді. 2. биол. Мандай сүйегі мүйіз өсіндісін қаптап тұрған тері туындысы. 3. зоол. Қазіргі кезде тіршілік ететін тұяқтылардың

басындағы қатты өсіндіре (қорғаныш және жекпе-жек құралы). 4. ауыс. Ауыр жұмыс істегендіктен, алақан терісінің қалыңдап, сіріленуі, қатуы» деген түсінік берілген [72].

Арыстан – 1. зат. зоол. Мысық тұқымдас, ең ірі жыртқыш аң. 2. ауыс. Азулы, мықты адам. 3. ауыс. Ер жүрек, қайтпас, қайсар адам; батыр. 4. ауыс. Қылшылдаған, нағыз бабындағы жігіттің сұлтаны, төресі [72]

«Арыстан» сөзі бұл жерде ауыспалы мағынасында қолданылып, ағаның сипаттамасы болып тұр. Ауыспалы мағынада «арыстан» сөзі өте жағымды мәнде жұмсалады. Демек, жағымды бағалаудан туындаған сөз. Бұл жерде «арыстан» сөзі эмотивті-бағалауыштық лексика қызметінде тұр.

Бұқаралық ақпарат құралдарында журналистер эмотивті-бағалауыштық мән тудыру үшін антономазия тәсілін қолдана отырып, зат есімдерді эмоция мен бағаны беру үшін пайдаланады. Мысалы: *Аспандап сөйлегісі кеп, империялық астам пиғылын әр іс-әрекетінен сездіретін іргедегі елдің ең жоғарғы лауазымы – Президент тағына үш мәрте таласуға ниет ету үшін де көл-көсір білім, терең парасат, үлкен жүрек, мұқалмас жігер мен күрескерлік рухтың керегі белгілі* (Кенжебек Тұманбайұлы Алдаспан ғұмыр //Егемен Қазақстан. 7.12.2023). *Бұл кітапта жиырмасыншы жасырдың бас кезінде қызыл империяның озбырлығынан жан-жаққа тарыдай шашылған ағайынның қилы тағдыры баяндалады* (Кенжебек Тұманбайұлы Алдаспан ғұмыр //Егемен Қазақстан. 7.12.2023). *Негізі «екіжүзді» деген атау «Мәдениет төңкерісі» кезінде партия ішіндегі сенімсіз шенділерге қаратылған. Сол қалпақты жаңа жасырда Қазақстанға келіп-кетіп жүрген қазақтарға кигізген көрінеді* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024).

Келтірілген мәтіндерде «Ресей» елі «Аспандап сөйлегісі кеп, империялық астам пиғылын әр іс-әрекетінен сездіретін іргедегі ел», «совет үкіметі» тіркесі «қызыл империя» тіркесі арқылы, «екіжүзді» деген атау «қалпақ» сөзімен берілген.

Бір нысанды түрлі қырынан сипаттау арқылы журналистер эмотивті-бағалауыштық мәнді зат есімдерді пайдалана отырып, бір-біріне кереғар ұғымдармен атайды. Мысалы: *Мұнай дүмпуінде мұнай магнаттарының елге жасаған қайырымдылықтары мен ерен еңбектеріне қарап, мұнай – елдің бағы ма дейміз. Сол таңғажайып ғимараттар әлі күнге ел игілігіне жарап келеді – әрқайсысы ЮНЕСКО-ның арнайы қорғауына алынған, туризмнің орталығына айналған, аңызы мен әңгімесі сақталған... Соншама мұнайдың судай ағып, ел игілігіне толық айналмауына қарап, мұнай – елдің соры ма дейміз...* (Қарагөз Сімәділ Арғы жағы каспийдің, бергі жағы.. //Егемен Қазақстан. 30.11.2023) деген мәтінде мұнай бірде елдің бағы, енді бірде елдің соры деп аталған. Осылайша журналист мұнайдан келетін пайда мен зиянды таразылай отырып, екі түрлі тұжырым жасайды. Сол арқылы мәтіннің эмотивті-бағалауыштық бояуын қанықтыра түседі.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы эмоциялық-бағалауыштық лексиканы қолдануда журналистер хабарлау, сұрау, иландыру, сендіру т.с.с. мақсаттарды

көздеп, коммуникантқа әсер етуді, қандай да бір әрекет жасауға түрткі болуды мақсат етеді.

### **В) Эмотивті-бағалауыштық үстеулер**

БАҚ тілінде автордың эмоциясы мен бағасын білдіру үшін қолданылатын үстеулер бар. Мәтіннің экспрессиясын күшейте түсетін үстеу ретінде *тіпті* сөзін алуға болады. мысалы: ***Тіпті** кейбір ереже адамды шаршатып жібереді* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). ***Тіпті** үйге белгісіз аппарат алып келіп, «қазір мынаны қосамыз, үйде діни атрибут бар болса, шиқылдап сигнал береді» деп қорқытқан көрінеді. Осы айғай-шу кезінде әр үйдің төрінде тұратын жайнамаз, Құран кітап, арабша жазуы бар кілем сияқты заттардың күлі көкке ұшыпты* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). ***Тіпті** 15-18 жастағы жеткіншектер арасында да ана тілін білмейтіндер кездеседі* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). *Олар қарулы адамдарды орналастырып, үстіртке баратын жолды жауып тастады. Олар **тіпті** ешкімді өткізбейді* («Назарбаевтікі болмаса, кімдікі?»): Үшқоңыр қарулы күзетпен қорғалуда (Жас алаш. 10.01.2024).

*Тіпті* үстеуі жағымды мәнде де, жағымсыз мәнде де қолданылып, мәтінді сөйлеу тіліне жақын етеді. Сол арқылы эмоциясы мен экспрессиясын арттырады. Сонымен қатар *тіпті* сөзімен мәндес, кейде сол сөздің орнына да қолданылатын *мүлде* /*мүлдем*сөзінің де қолданысы жиі: *Ал аталған мәселелер өте маңызды екенін ұмытпайық әрі бұлар біздің елде іс жүзінде **мүлдем** реттелмейді* (Фархат Қайратұлы Маңызды құжатқа мән берген жөн //Егемен Қазақстан. 15.01.2024). *Сол себепті «бір ел – екі жүйе» бастамасын қолдауды көздейді. Бірақ тайваньдықтар мұндай жобаға **мүлдем** қарсы* (Абай Асанкелдіұлы Тайвань тағына талас //Егемен Қазақстан. 15.01.2024). *Біріншіден, Бейжің билігі оны **мүлдем** жақтырмайды* (Абай Асанкелдіұлы Тайвань тағына талас //Егемен Қазақстан. 15.01.2024). *Машинаға артық адам отырғызуға **мүлде** болмайды* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024).

Бұқаралық ақпарат құралдарында даралау, ерекшелену мәні *бірден-бір* сөзі арқылы да беріледі. Мысалы: *Жапония дәріханаларында жылқы етін емге холестерин, қант диабеті, басқа да сондай ауруларға қолданатын **бірден-бір** аналогы жоқ препарат ретінде сатады екен* (Рүстем Досжанов Шетел жылқысын алуға 6 млрд қаржы кетеді //Ана тілі. 9.11.2023). *Келіншектің толғанысын шешіп беретін **бірден-бір** адам – дін ұстазы молда* (Нұрдәулет Бәбиханұлы Бағың нұрлансын.. //Егемен Қазақстан. 12. 10. 2023).

Субъектінің эмоциясы мен бағасын айқын көрсететін үстеулердің қатарында *тап* сөзін ерекше атауға болады. Бұл үстеу көбінесе есімдіктердің алдынан келіп, нақтылау, жинақтау, айқындау мәнін үстейді. Мысалы: *Жұмағаңның жұртқа сүйкімі жоғары болса, **тап** осы қасиетінен дер едік* (Нұртөре Жүсіп Шаштайұлының шындығы //Айқын. №13 (2889). 28.01.2016). *Бектердің*

бегі Әмір Темірден қалған бір сөз бар: «Күш әділдікте!» деген. Жұмекеңнің де күшті болатын жері **тап осында!** (Нұртөре Жүсіп Шаштайұлының шындығы //Айқын. №13 (2889). 28.01.2016). Бірақ маған **тапсол** кез осыдан басқа пана жоқтай көрінген (Жарлы Байғанин «Қорғансыздың күні» //Ана тілі. 30.11.2023). Басқа-басқа, **тап** сенен мұндайды күтпеген едік (Жарлы Байғанин «Қорғансыздың күні» //Ана тілі. 30.11.2023).

Сонымен қатар дәл үстеуі де **тап** сөзімен жарыса жұмсалады. Мысалы: *Дәл осы күрделі жағдайды Қазақстан билігі бақылап отырса да, еліміздегі авторитарлық заңнама жүйесі нақты кінәлі адамдарды орнынан алуға, оларды қудалауға не жазалауға мүмкіндік бермес еді* (Нұргелді Әбдіғаниұлы Елімізде адам құқығы қалай бағаланады? //Жас алаш. 15.01.2024). *Ал Қазақстан болса дәл сол кезде «билік трансформациясын» бастан кешіп жатқан болатын* (Нұргелді Әбдіғаниұлы Елімізде адам құқығы қалай бағаланады? //Жас алаш. 15.01.2024).

*Дәл, тап үстеулерімен қатар адвербиалданған тура сөзі де қолданылады.* Мысалы: *Енді «Өнер барысын» ешкім мазақтамайды, жарыс талабы тура «Қазақстан барысымен» тең болды* (Аслан Қаженов Халық ақиқатты білуге хақылы //Егемен Қазақстан. 7.01.2024). *Біздің үй тура орталықта орналасқан* (Жарлы Байғанин «Қорғансыздың күні» //Ана тілі. 30.11.2023).

Эмотивті-бағалауыштық, ерекшелену, даралау мәні **тек** үстеулері арқылы да беріледі. Мысалы: *Менің тәжірибемде қанша ат мінсем де, 1300 шақырымды толық, басынан соңына дейін кесіп өткен тек осы «Айторы» болды* (Рүстем Досжанов Шетел жылқысын алуға 6 млрд қаржы кетеді //Ана тілі. 9.11.2023). *Сана мен рухтың алып бейнесі, ерлік пен елдік жолындағы батылдық, жаныңды қию, малыңды шашу тек ұрпақ үшін, болашақ үшін, ел мен жердің бүтіндігі мен тұтастығы үшін екен* (Жәнібек Әлиман Жанға сақтау болған жұрт //Егемен Қазақстан. 19.12.2023). *Тек бұл ғана емес, нағыз қазақы қолтума аттарды дәріптеу мақсаты да бар* (Рүстем Досжанов Шетел жылқысын алуға 6 млрд қаржы кетеді //Ана тілі. 9.11.2023). *Қатардағы адам тарихты тек фильмдер, көркем әдебиет, театрдағы қойылымдар және интернет арқылы біледі* (Гүлжауһар Көкебаева тарих ғылымының болашағы алаңдатады //Егемен Қазақстан. 9. 11. 2024).

**Тек** сөзі шектеу мәнінде де, қарсылықты мәнде де жұмсалады. Мысалы: *Айына 60 000 теңге тек шөпке кетеді* (Рүстем Досжанов Шетел жылқысын алуға 6 млрд қаржы кетеді //Ана тілі. 9.11.2023). *Сол Есенин гайыптан тіріліп келсе, электромагниттік сәулелер тек сымдардан емес, қолымыздағы қаптаған ұялы телефоннан, сансыз антеннадан, үйдегі қарақұрым техникалық құрылғылардан анталап, андыздап шығып жатқанын көріп, көзге көрінбейтін, иісі жоқ жаумен жағаласа да алмай, жанынан қайта безіп кетер еді-ау дейсің* (Төреғали Тәшенов Сымсыз телефонның сұмдығы //Айқын. №34 (2910). 4.03.2016). *Еліміздегі архивтерде жұмыс істеу шектелмеген, тек әлі құпиялық статусы алынбаған материалдар бар, бірақ жаппай саяси жазалау құрбандарын ақтау комиссиясы жұмыс істеген кезде бұл мәселе де талқыланды* (Гүлжауһар Көкебаева тарих ғылымының болашағы алаңдатады //Егемен Қазақстан. 9. 11. 2024). *Сыбырлап, сыр қып айтуға болады. Тек айғайламасаң*



болды (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024). *Қазақ ертеректе жылқы етін тек салқын түсе бастаған кезде жеген* (Рүстем Досжанов Шетел жылқысын алуға 6 млрд қаржы кетеді //Ана тілі. 9.112023). *Жалпы біз жылқы етін тек тағам ретінде пайдаланамыз* (Рүстем Досжанов Шетел жылқысын алуға 6 млрд қаржы кетеді //Ана тілі. 9.112023).

БАҚ тілінде журналистер тек сөзін қана шылауымен іргелес не қашықтан тіркестіру арқылы «шектеу» мәнін күшейтіп, мәтіннің эмоциялық-бағалауыштық мәнін арттырады. Мысалы: **Тек қана** өлген адамның емес, тірі адамның да артынан жаман сөз айтуға болмайды (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024). *Адалын айтып, ақ сөйлеу шын мәнінде қиын ба? Бір қарағанда оп-оңай секілді, бірақ мұндай ұстаным екінің бірінің маңдайына бұйырмаған, адал айтып, ақ сөйлеу тек табанының бүрі бар тұлғалардың гана қолынан келеді* (Нұртөре Жүсіп Шаштайұлының шындығы //Айқын. №13 (2889). 28.01.2016). *Кеңес-герман қарым-қатынастарымен айналысуым соғысқа деген қызығушылық туғызды, бірақ соғысқа қатысты деректерді тек қана Мәскеу мен Еуропа архивтерінен табуға болатынын білгендіктен, докторлық диссертацияда бұл тақырыпқа жоламай-ақ қояйын деп ойлап, еуропалық эмигранттар мәселесін зерттеп, архивте жұмыс істей бастадым* (Гүлжауһар Көкебаева тарих ғылымының болашағы алаңдатады //Егемен Қазақстан. 9. 11. 2024). **Тек қана** өлген адамның емес, тірі адамның да артынан жаман сөз айтуға болмайды (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024).

БАҚ тілінде субъектінің эмоциясы мен бағасын білдіру үшін *амалсыздан, шарасыздан* сияқты үстеулер де жиі қолданылады. Мысалы: **Амалсыздан** аяқ-қолым дірілдеген күйі алдыңғы бөлмеге шығуыма тура келді (Жарлы Байғанин «Қорғансыздың күні» //Ана тілі. 30.112023). *Бұл еңбек – жаңадан орныққан дәуірдің темір логикасы мен диктатының әсерінен тіршілігін амалсыздан өзгерткен ағайындардың тағдыр жылнамасы* (Кенжебек Тұманбайұлы Алдаспан ғұмыр //Егемен Қазақстан. 7.12.2023). *«Біз ешқандай саяси ұйым я қозғалыс, оппозиция емеспіз. Біз сот жүйесінен әділдік таппай, шарасыздан келіп тұрған қарапайым азаматтармыз», – деді жиналғандардың бірі Әділхан Шынтасов* (<https://arasha.kz/alem-jane-zan/qqyqytyq-alandagy-qogam/biz-sot-zh-jesinen-dildik-tappaj-shar/>). *Тағдырдың талкегіне түсіп, өмір атты асау арғымақтың тулауына шарасыздан көніп, пешенесіне жазылған жазуға еріксіз байланған ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларға қол ұшын берер мейірбандыққа ұмтылған салаға таңдауымыз түсіп, өмір жолымызды, бар күш-қайратымызды арнауға білек сыбанып, бел буып отырмыз* (<https://daryn.online/article/2842>).

Қазақ тіліндегі үстеулер мәтіннің эмотивті-бағалауыштық мәнін күшейтеді. Мысалы: *Солтүстіктердің әскері – жан беріп, жан алуға даяр, әбден ысылған, отанышылдық рухты бойға сіңіргендер. Неден болса да аянып қалмайтындар* (Корей түбегіндегі қара түнек //Айқын. №36 (2912). 11.03.2016).

*Тілге қысым әлі жоғары деңгейде жүріп жатыр* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). *Бұл жағдай әсіресе үлкен қалаларда ушығып тұр* (Дүкен Мәсімханұлы Жалпыұлттық құндылық бәрінен жоғары тұруға тиіс //Егемен Қазақстан. 11.01.2024).

**Әбден** – үст. 1. Біржола, мүлдем. 2. Толық, жете, жан-жақты, барынша. 3. Мейлінше, өлгенше, мүлде. 4. Өте, тым, тіпті, мүлде. 5. Толысып, дер шағына жетіп. 6. Сөз жоқ, сөзсіз деген мағынада қолданылатын қуаттау мәніндегі күшейткіш сөз [72].

Әбден сөзі күшейтпелі мәнде жұмсалады. Демек, «әбден» сөзі эмотивті лексика бола алады.

**Әлі** – 1. үст. Осы уақытқа дейін, қазірге дейін. 2. Тағы да, бұдан кейін де. 3. Қоймай, үсті-үстіне, қайта-қайта [72].

«Әлі» сөзінің әр семасы бағалау мәнін бере алады. Яғни бір іс-әрекеттің осы уақытқа дейін болып жатқанын білдіру, бітпегенін білдіру жағымды-жағымсыз эмоция тудыра алады.

### **Г) Эмотивті-бағалауыштық одағайлар**

БАҚ тілінде эмотивті-бағалауыштық мәнді жеткізуде одағайлардың орны бөлек, әсіресе көңіл күй одағайлары жиі қолданылады. Мысалы: *Әттең, зеңбірекке жалаң қылышпен аттанған бабаларым-ай, сендердікі нағыз ерлік те, жауындікі таза «қатындық» қой* (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.03.2016). *Пушкинге оқ атқан Дантесті де ақтай алмайсыз – даңқы дәуірлеп тұрған ақынды кешіре салуға неге оның ерлігі жетпеді екен, а?! Ерлігі жетпесе де, «қатындығы» жеткілікті болып тұр ғой, сірә...* (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.03.2016). *Голливуд өнімдерінің пайдасы шап етекпен, ал қазақ киносының деңгейі неге бұған жетпей отыр? Жалғыз Ақан Сатаевтың «Жаужүрек мың бала» фильмі прокаттан жақсы табыс тапты. Бір ғана тарихи тұлғаның өмірі туралы емес, сол кезеңдегі қазақ қоғамының көрінісін, тұрмыс-тіршілігін қаз-қалпында бейнелеген «Құнанбай» фильмі осындай деңгейге жетуі тиіс еді. Алайда бұл фильмнің даңқын аспандата алмаған кінә өзімізде жатқан секілді. «Әттеген-ай!» – дейсің!* (Гүлзина Бектас «Құнанбай» ғаламторда жүр. Бұл заңға томпақ емес пе? //Айқын. №17 (2893). 4.02.2016). *Бәрі – «қатыни» әңгімелер. Сөйте тұрып, ұлдарымызға «ер бол» дейміз, ә...* (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.04.2016).

Бұл орайда *Бәрекелді! Тамаша! Паһ-паһ!* сияқты одағайлар жағымды мәнде, *Әттең! Әттеген-ай! Қап!* сияқты одағайлар жағымсыз мәнде жұмсалған. Ал *А! Е! О! Түһ! Уау! Пәлі! Паһ!* сияқты одағайлар контекске байланысты жағымды мәнде де, жағымсыз мәнде де қолданылған. Мысалы: *Сюжетті, оқиғалы фотосуреттер: о, олар тіптен тамаша, әркім қиялына ерік беріп кімнің неге жымығанын, не үшін қабақ шытқанын, неге таңданып, неге мұңайғанын өзінше болжайды* (Қарагөз Сімәділ «Дамыл тап бір сәт, дүр дүние» Егемен Қазақстан. 2.11.2023). *Әттең, алтынды бағалай алмаған сұрқия заманға не дерсіз?!* (Күйге айналған тағдыр //Қазақ әдебиеті. 12.01.2024). *Алайда бұл фильмнің даңқын аспандата алмаған кінә өзімізде жатқан секілді. Әттеген-ай*

**дейсің!** (Гүлзина Бектас «Құнанбай» ғаламторда жүр. Бұл заңға томпақ емес пе? //Айқын. №17 (2893). 4.02.2016). *Бәрі – «катыни» әңгімелер. Сөйте тұрып, ұлдарымызға «ер бол» дейміз, ә...* (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.04.2016).

### **Ғ) Эмотивті-бағалауыштық шылаулар**

Бұқаралық ақпарат құралдарында эмотивті-бағалауыштық мән шылаулар арқылы да беріледі. Бұл ретте әсіресе жалғаулық шылаулар жиі қолданылады. Мысалы: **Әлде** *пешенеме жазылған тағдырым солай болды ма?! (Жарлы Байғанин «Қорғансыздың күні» //Ана тілі. 30.112023).* **Және** *«жаман сөз айтуға болмайдыны» «қылмысын ашуға болмайдымен» алмастырып алдық (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024).* **Бірақ** *кітапхана бөлек те, музей бөлек емес пе? (Серікбол Хасан Кітап музейінің басына күн туды немесе министрліктің мұнысы несі? //Айқын. №26 (2902). 4.02.2016)*

Қарсылықты жалғаулықтар алдыңғы ой-пікір, тұжырымды жоққа шығару үшін жиі қолданылады. Мысалы: **Дегенмен** *бұл біздің ділімізде бар ұстаным болса керек (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024).* **Бұған сену, сенбеу – әрине, әркімнің өз еркі. Десе де** *шама келгенше босанып келген келінге алғашқы айларда жан-жақты көмектің көрсетілгені дұрыс (Ақгүл Айдарбекқызы Ата-ана болу оңай емес //Егемен Қазақстан. 30.112023).* **Сонда да** *кешірдім. «Бүлінер тағдырым бүлінді ғой, бір әйелге бола зияным бүкіл еліме тимесін» деп тағы да өзімді тоқтаттым. Солай! (Жарлы Байғанин «Қорғансыздың күні» //Ана тілі. 30.112023).* **«Бары осы»** *дегендей ол үнсіз қалды. Бірақ көз жасын көрсетпеді (Жарлы Байғанин «Қорғансыздың күні» //Ана тілі. 30.112023).* **Ал «тирандар базасы» – тұрмыстық зорлықтан жапа шегушіге сот ісінде, алимент мәселесінде көмек болмақ (Ғалия Кеңесқызы Екінші рет татуласу мүмкіндігі де берілмейді //Ана тілі. 11.01.2024). **Қазір** *еліміздің бірқатар қалаларында қызылша ауруы көбейгенін байқап отырмыз. Алайда мектептер жабылып қалмас үшін бұл туралы ашық айтпайды (Ақбота Мұсабекқызы«Қызыл шапан» киме, бала.. //Ана тілі. 16.112023).* **Бір қарағанда он-оңай секілді, бірақ** *мұндай ұстаным екінің бірінің маңдайына бұйырмаған, адал айтып, ақ сөйлеу тек табанының бүрі бар тұлғалардың ғана қолынан келеді (Нұртөре Жүсіп Шаштайұлының шындығы //Айқын. №13 (2889). 28.01.2016).***

Журналистер себеп-салдар жалғаулықтарын ой-тұжырымын негіздеу үшін пайдаланады. Мысалы: **Сондықтан** *«Тағдырың өз қолыңда» деген тағылымға таласым да көп, үнсіз келісер тұстарым да бар (Жарлы Байғанин «Қорғансыздың күні» //Ана тілі. 30.112023).* **Осы Қостанай жылқысын дамытуымыз керек. Өйткені** *шындап келгенде біздегі шабуға да, басқаға да жарайтын тұқым осылар (Рүстем Досжанов Шетел жылқысын алуға 6 млрд қаржы кетеді //Ана тілі. 9.112023).* **Өйткені** *тез бітетін аз шақырымға жылдамдығы жетпей қалады (Рүстем Досжанов Шетел жылқысын алуға 6 млрд қаржы кетеді //Ана тілі. 9.112023).* **Себебі** *кітап музейінің сирек кітаптары*

Ұлттық академиялық кітапханаға қажет болып тұрған сыңайлы (Серікбол Хасан Кітап музейінің басына күн туды немесе министрліктің мұнысы несі? //Айқын. №26 (2902). 4.02.2016). **Сол себепті де** ұлттық командамыздың бас бапкері Мырзағали Айтжанов Рио де Жанейрода алауы тұтанатын Олимпиада ойындарына қатысу мәселесін күні бұрын шешіп тастаған боксшыларды **ғана** Суоми еліне аттандыруды жөн көрді (Қанжығада қос алтын //Айқын. №37 (2913). 15.03.2016).

Эмотивті-бағалауыштық мән тудыру үшін демеулік шылаулар да жиі қолданылады. Мысалы: «Бүлінер тағдырым бүлінді **ғой**, бір әйелге бола зияным бүкіл еліме тимесін» деп тағы да өзімді тоқтаттым. Солай! (Жарлы Байғанин «Қорғансыздың күні» //Ана тілі. 30.11.2023). Ерлігі жетпесе де, «катындығы» жеткілікті болып тұр **ғой**, сірә... (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.03.2016). Кеше **ғана** өз тізгінін өз қолына алған Қазақстан **ше?** (Оқырман өзгерді, қаламгер, сен де өзгер //Қазақ әдебиеті. 29.12.2023).

Бұқаралық ақпарат құралдарында **ғой**, **қой** демеулік шылаулары жиі қолданылып, автордың эмоциясы мен бағасын білдірумен қатар адресатты иландыру, сендірудің амалы ретінде де қолданылады. Мысалы: Жылқы малы – өте бір текті жануар **ғой** (Рүстем Досжанов Шетел жылқысын алуға 6 млрд қаржы кетеді //Ана тілі. 9.11.2023). Әттең, зеңбірекке жалаң қылышпен аттанған бабаларым-ай, сендердікі нағыз ерлік те, жауындікі таза «катындық» **қой** (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.04.2016). Мысалы, сіз үйіңізді қыста жылытқанда пешке пайдаланылатын көмір мен электр энергиясының бағасы қосымша шығын болатыны анық **қой** (Мұрат Қапанұлы Бюджеттік мекеме сауын сиыр ма? Жылу шығынының 81 пайызын қазыналық кәсіпорындар көтермек //Егемен Қазақстан. 14.01.2024).

Қазақ тіліндегі **ғана/қана** демеулігі шектеу мәнін білдіреді. Бұқаралық ақпарат құралдарында да осы мәнде қолданылған: Бір **ғана** тарихи тұлғаның өмірі туралы емес, сол кезеңдегі қазақ қоғамының көрінісін, тұрмыс-тіршілігін қаз-қалпында бейнелеген «Құнанбай» фильмі осындай деңгейге жетуі тиіс еді (Гүлзина Бектас «Құнанбай» ғаламторда жүр. Бұл заңға томпақ емес пе? //Айқын. №17 (2893). 4.02.2016). Сайын далада еркін көшіп, ерке құспен сырласып өмір кешкен ордалы жұртымның қаймағының бәрін сыпырып алып, билікті өмірі кісі басқарып көрмеген, алдындағы баққан қойына **ғана** айқайлауды білетін можантопайға беріп, өзін өзі тауысқан халыққа мұртынан күліп отырған шығар (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.04.2016). Көңілге медеу болатыны оның әдебиет тарихындағы рухани өмірінің басталғаны **ғана** (Гүлзина Бектас Сыршыл сыншы //Айқын. №20 (2896). 10.02.2016).

БАҚ тілінде журналистер **ғана/қана** демеулігін эмотивті-бағалауыштық мән үстеу үшін, даралау үшін де қолданған. Мысалы: Біз журналистика әлеміне енген 1990 жылдары әр журналист өз еңбегімен **ғана** танылатын еді (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.04.2016). Әдебиет пен сынның биік белесіне сирек дарын, тума талантымен, ешкімді қайталамайтын өзіндік стилімен, жазу мәнерімен, ең бастысы, осынау ұзақ жылдардың өн бойында

тынымсыз ізденіс пен таза еңбекке **ғана** арқа сүйеген Сайлаубек Жұмабектің қазақ оқырманына ұсынған сын жинақтары аз емес (Гулзина Бектас Сыршыл сыншы //Айқын. №20 (2896). 10.02.2016). Бір қарағанда он-оңай секілді, **бірақ** мұндай ұстаным екінің бірінің маңдайына бұйырмаған, адал айтып, ақ сөйлеу **тек** табанының бүрі бар тұлғалардың **ғана** қолынан келеді (Нұртөре Жүсіп Шаштайұлының шындығы //Айқын. №13 (2889). 28.01.2016). Енді Қазақстанға көшу – қалтасы қалың аз тұрғын мен жағдайы жақсы жастардың **ғана** қолынан келмек (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024).

БАҚ тілінде *да, де* демеулігі эмотивті-бағалауыштық мән үстеу үшін жұмсалады. Бұқаралық ақпарат құралдарының тілінде *да, де* демеулігі «сонымен қатар», «сол сияқты», «оның үстіне» деген мәнде қолданылады. Мысалы: *Егер бәрі ойдағыдай өтіп, жарақат алмаса, 2023 жылы қарашада өткен Қазақстан спартакиадасының басқа да олимпиадалық салмақ дәрежелеріндегі жеңімпаздары сияқты ол да барады* (Елеусінов пе, Шымбергенов пе? Қазақстан бокс құрамасының капитаны 2024 жылғы Олимпиадаға қатыса ма? (Жас алаш. 9.01.2024). *Өзіне дейін Асан қайғы, Доспамбет пен Қазтуған жыраулар болмаса, Алаш поэзиясының алтын тамырына айналған Мағжанның да шығуы екіталай емес пе?* (Жәнібек Әлиман Жанға сақтау болған жұрт //Егемен Қазақстан. 19.12.2023).

Сонымен қатар *да, де* демеулігі жағдайдың ушыға түскенін білдіріп, автордың субъективті пікірін білдіру үшін жұмсалады. Мысалы: *Сондықтан үйлерімізге жылу жетпей қала ма деген қалалықтардың қорқынышын да түсінуге болады* (Жақсыбай Самрат Мұржаның жыры қашан бітеді? //Егемен Қазақстан. 15.01.2024). *Жас өскіннің өз төл басылымдарымен қылаусыз достығы да кешегідей емес* (Айгүл Аханбайқызы Балалар басылымы: Кешенді бағдарлама әзірленбек //Егемен Қазақстан. 15.01.2024). *Сол секілді «құжат саланың инвестициялық тартымдылығын арттырады» деген тұжырым да күмән тудырады* (Фархат Қайратұлы Маңызды құжатқа мән берген жөн //Егемен Қазақстан. 15.01.2024). *Ұзақ мерзімді қарыз да біршама адамды жіпсіз байлап отыр* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). Мұндай мәтіндерде *да, де* демеулігі эмотивті-бағалауыштық мән үстеу үшін қолданылады.

Журналистер *да, де* демеулігін сұрау есімдіктерімен тіркестіре қолдану арқылы да мәтіннің эмотивті-бағалауыштық мәнін күшейтеді. Мысалы: *Өкінішке қарай, бұрынғы кландық жүйе ондай қадамға баруға мүдделі еместігін көрсетіп, қалай да Жаңа Қазақстан деп аталған мемлекеттік басқару жүйесін қиратуды көздеді* (Нұргелді Әбдіғаниұлы Елімізде адам құқығы қалай бағаланады? //Жас алаш. 15.01.2024). *Оның келіп кеткенінен жекеменшіктегі иелері қандай да бір пайда көріп жатқаны шамалы, керісінше, әкімнің «кесте-кесте» деп дігерлей бергені ұнамайтын шығар* (Жақсыбай Самрат Мұржаның жыры қашан бітеді? //Егемен Қазақстан. 15.01.2024). *Қай-қайсы да билік тізгінін қолына алуға барын салды* (Абай Асанкелдіұлы Тайвань тағына талас //Егемен Қазақстан. 15.01.2024).

Келтірілген мәтіндерде *да* демеулігі қалай есімдігімен тіркесіп, «барынша», «жан таласа», «жанын салып» деген мәнге ие болса, қандай есімдігімен тіркесу арқылы «ешқандай», «бір де бір», «ешбір» деген мәнге ие болған, қай-қайсысы есімдігімен тіркесу арқылы «бәрі», «барлығы», «бірі де қалмастан» деген мән жамаған. Бұл тіркестердің бәрі де автордың эмоциясы мен бағасын білдіру үшін қолданылады.

БАҚ журналистері *да, де* демеулігін аналитикалық форманттарға кіріктіру арқылы да мәтіннің эмоциялық-бағалауыштық мәнін арттырады: *Атасының әрекетін айтсаңыз, ренжиді. Айта да алмайсыз* (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024).

Бұқаралық ақпарат құралдарында *да, де* демеулігін қайталау арқылы контекстік синонимдер жасалып, бірыңғай мүшелер түзілген. Сол арқылы мәтіннің эмотивті-бағалауыштық мәнін күшейткен. Мысалы: *Еуразияның дәл ортасында күні де арайлап ататын, таңы да бақытпен бататын гажайып өлкеге ормандай орыс, қаптаған қытай қызықпады дейсіз бе? Осы күні тарихта түрліше аталып жүрген Черчилль де, генерал Франко да, Гитлер де, Сталин де, 1939 жылы «бейбіт келісімге қол жеткізген» Молотов пен Риббентроп та әлемге ер көзімен қарай алған жоқ* (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.04.2016). *Ол кісі осындай алмағайып заман туатынын да, «қаңғыбас» баласын көре алмай келмеске кететінін де сезген сияқты* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). *Кезінде «план-план» деп асықтырып салғанның қорытындысы көрінді ғой, сондықтан әкімнің «ең маңыздысы – сапа-сапа» деп талап еткені қазіргі халыққа да, кейінгі ұрпаққа да тиімді болар еді* (Жақсыбай Самрат Мұржаның жыры қашан бітеді? //Егемен Қазақстан. 15.01.2024).

Сонымен қатар *да, де* демеулігін қайталау арқылы мәтіннің экспрессиясын күшейтіп, субъектінің не объектінің қажыр-қарымын, мүмкіндігін, әлеуетін сипаттай отырып бағалаған. Мысалы: *Осы Қостанай жылқысын дамытуымыз керек. Өйткені шындап келгенде біздегі шабуға да, басқаға да жарайтын тұқым – осылар* (Рүстем Досжанов Шетел жылқысын алуға 6 млрд қаржы кетеді //Ана тілі. 9.11.2023). *Қызыл көз қытайға ХХІ ғасыр да, екі ел арасындағы тығыз экономикалық байланыс та қызық емес екен* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). *«Біз орталықта да, оңтүстікте де ауыр шайқастарға қатысып жатырмыз», – деді Израиль армиясының өкілі контр-адмирал Даниел Хагари* (АҚШ пен Таяу Шығыс елдері Газадағы шабуылды жеңілдетуге шақырды //Жас алаш. 9.01.2024).

БАҚ журналистері *да, де* демеулігін пайдалана отырып, градация (дамыту) да тудырған: *«Ойхой, Абай даласы «Абайлаған», «Семей» десе, «Абай» деп қарайды адам», – деп Мұқағали ақын жырлағандай, ақынды осы тарихи қаласыз ойға оралту да, елестету де мүмкін емес* (Сәтжан Қасымжанұлы Абай заманының кітапханасы //Егемен Қазақстан. 03.01.2024). *Бұл шығарманың да, автордың да атағын гарыштың жылдамдығымен айға бір-ақ шығарған кітап*

болды (Маржан Әбіш Сананы сілкінткен «Аз и Я» //Егемен Қазақстан. 19.12.2023).

Бұқаралық ақпарат құралдарында журналистер *да, де* демеулігі шартты рай тұлғалы етістіктермен тіркестіріп, қарсылықты мән түзеді де сол арқылы мәтіннің эмоциялық-бағалауыштық мәнін арттырады. Мысалы: *Дәл осы күрделі жағдайды Қазақстан билігі бақылап отырса да, еліміздегі авторитарлық заңнама жүйесі нақты кінәлі адамдарды орнынан алуға, оларды қудалауға не жазалауға мүмкіндік бермес еді* (Нұргелді Әбдіғаниұлы Елімізде адам құқығы қалай бағаланады? //Жас алаш. 15.01.2024). *Қатпары қалың болса да, оқулығы жұқа тұнған тарих та қуә* (Маржан Әбіш Сананы сілкінткен «Аз и Я» //Егемен Қазақстан. 19.12.2023). *Мұржаның бойында міні бар деген ескертулерге құлақ аспаған кәсіпорынның директоры мен бас инженеріне қызметке тұрғанына көп болмаса да, қылмыстық іс қозғалды* (Жақсыбай Самрат Мұржаның жыры қашан бітеді? //Егемен Қазақстан. 15.01.2024).

Мұндай қолданыстарда авторлар кереғар сөйлемдерді қатар қолдана отырып, мәтіннің экспрессиясын, адресатқа әсерін күшейтеді.

Бұқаралық ақпарат құралдарында журналистер сұраулық демеуліктерді қатыстыра отырып, риторикалық сұраулар түзу арқылы мәтіннің эмоциялық-бағалауыштық мәнін күшейте түседі. Мысалы: *Есі дұрыс адам өз жұртын жарылқап алмай жатып, жаттың байлығына көз аларта ма?* (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.04.2016). *Адалын айтып, ақ сөйлеу шын мәнінде қиын ба?* (Нұртөре Жүсіп Шаштайұлының шындығы //Айқын. №13 (2889). 28.01.2016). *Еуразияның дәл ортасында күні де арайлап ататын, таңы да бақытпен бататын гажайып өлкеге ормандай орыс, қаптаған қытай қызықпады дейсіз бе?* (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.03.2016).

БАҚ тілінде журналистер септеулік шылауларды мақсатқа сәйкес эмоциялық-бағалауыштық мән тудыру үшін пайдаланған. Мысалы: *Бір қарағанда оп-оңай секілді, бірақ мұндай ұстаным екінің бірінің маңдайына бұйырмаған, адал айтып, ақ сөйлеу тек табанының бүрі бар тұлғалардың ғана қолынан келеді* (Нұртөре Жүсіп Шаштайұлының шындығы //Айқын. №13 (2889). 28.01.2016). *Сана мен рухтың алып бейнесі, ерлік пен елдік жолындағы батылдық, жаныңды қию, малыңды шашу тек ұрпақ үшін, болашақ үшін, ел мен жердің бүтіндігі мен тұтастығы үшін екен* (Жәнібек Әлиман Жанға сақтау болған жұрт //Егемен Қазақстан. 19.12.2023). *Куала-Лумпурдың сұлу қызы іспетті – өзі!* (Есей Жеңісұлы Селамат датаң! //Айқын. №34 (2910). 4.03.2016). *Алайда объективті түрде мойындау керек, Кодекс жобасы қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер мен заңдардың конгломераты секілді әсер қалдырды* (Фархат Қайратұлы Маңызды құжатқа мән берген жөн //Егемен Қазақстан. 15.01.2024).

Бұқаралық ақпарат құралдарында септеуліктер (көбінесе атау септігін меңгеретін септеуліктер) өткен шақ етістікпен тіркесіп келіп, автордың оқиғаға, болған жайтқа қатысты эмоциясы мен бағасын білдірумен қатар сенімсіздігін де көрсетеді. Мысалы: *Соган қарағанда, Чэнь Цюаньго жүргізген саясаттың*

тоқпағы шынымен қатты болған **сияқты** (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). Ол кісі осындай алмағайып заман туатынын да, «қаңғыбас» баласын көре алмай келмеске кететінін де сезген **сияқты** (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). Бірақ қазір бұл күлкілі ереже өзгерген **сияқты**, ерлер қайтадан қынына пышақ салып жүретін болыпты (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024).

Келтірілген мәтіндердің бәрінде де **сияқты** септеулігінің өткен шақ тұлғалы етістікпен тіркескенін байқаймыз. Сол сияқты **секілді** септеулігі де жиі қолданылған. Мысалы: *Оған дейін талай әңгіме болған секілді* (Дағжан Белдеубай Қуаныштан жылаған күн //Ана тілі. 26. 10. 2023). *Алайда бұл фильмнің даңқын аспандата алмаған кінә өзімізде жатқан секілді* (Гүлзина Бектас «Құнанбай» ғаламторда жүр. Бұл заңға томпақ емес пе? //Айқын. №17 (2893). 4.02.2016). *Бірақ керісінше соққы алған сайын қатая түскен секілдімін* (Жарлы Байғанин «Қорғансыздың күні» //Ана тілі. 30.11.2023).

Одан бөлек **сыңайлы**, **тәрізді**, **сықылды** септеуліктері де жұмсалады. Мысалы: *Көп нәрсе айтқан сыңайлы* (Жарлы Байғанин «Қорғансыздың күні» //Ана тілі. 30.11.2023). *Музейде тұрған кітаптар мен қолжазбаларды ешкімнің қолына ұстап көруіне рұқсат берілмейді. Қай мұражай экспонатын қолға ұстап қарауға рұқсат береді? Бұл да солай. Кітап музейіндегі жәдігерлер ескірген, олар оқуға емес, болашақ ұрпақтың көруіне, жадына тәуіне арналған. Осыны түсінбей жатқан сыңайлы* (Серікбол Хасан Кітап музейінің басына күн туды немесе министрліктің мұнысы несі? //Айқын. №26 (2902). 4.02.2016). *Себебі кітап музейінің сирек кітаптары Ұлттық академиялық кітапханаға қажет болып тұрған сыңайлы* (Серікбол Хасан Кітап музейінің басына күн туды немесе министрліктің мұнысы несі? //Айқын. №26 (2902). 4.02.2016)

Септеуліктер **-атын/-етін**, **-йтын/йтын** тұлғалы есімшелермен тіркесіп, дағдылы түрде қайталанатын немесе болашақта болатын іс-әрекетке қатысты автордың көзқарасын білдіреді. Мысалы: *Ал айлық санаған ағайын мен аз малына қараған ауыл жұртының ауа көшуге күйі келмейтін сияқты* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). *Паспортты алып, жабық бөлмеге кетіп қалады екен, соған қарағанда, бұрын сіз тұрған ауданға хабарласып, анықтаманың шын-жалғанын тексеретін сияқты* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024).

Есімше тұлғаларынан кейін келген септеуліктердің тіркесі барыс септік тұлғалы есімше мен «ұқсайды» етістігінің тіркесімен мәндес болып келеді: *Сол үшін кейбір пәннен бағаларын да төмендетіп қоятыңа ұқсайды* (Жарлы Байғанин «Қорғансыздың күні» //Ана тілі. 30.11.2023).

Бұл тарауда 150-ден астам эмотивті-бағалауыштық лексика талданды. Алдыңғы тараудағыдай бұл тарауда қазақстандық БАҚ мәтіндеріндегі эмотивті-бағалауыштық лексиканың қолданыс ерекшелігін анықтап көрелік. Қазақстандық мәтіндерде эмотивті-бағалауыштық лексика ұлттық және мәдени



контекстте туындайтыны басым екені байқалды. Мысалы, *қандас, ағатай, ганибет, аймүйіз, мәжбүр болу, айбат* сияқты эмотивті-бағалауыштық лексикалар локализацияланған (қазақи, мемлекеттік) тақырыптарда 45%-ға дейін кездеседі.

Алдыңғы тарауда шетелдік БАҚ мәтіндерінде жаһандық тақырыптағы эмотивті-бағалауыштық лексиканың басым екенін айттық. Қазақстандық БАҚ мәтіндеріндегі осы лексикалардың мына ерекшелігі олардың өзгеше тұстарын анық көрсетіп тұр.

#### **2.4 Тақырыпаттағы эмотивті-бағалауыштық лексика**

Соңғы кездері көпшілікті қамтуына, түрлі әлеуметтік топтарға әсер ете алуына байланысты медиа ортаға, әсіресе телевизияға ерекше көңіл бөлінуде. Себебі экран арқылы берілетін ақпараттық өнімнің тақырыбы қоғамдағы ең өзекті, көкейтесті мәселелерге арналып отыр. Ақпарат интегративті қызмет атқарып, қоғамды дамытуға, өзгертуге бағытталған жаңа идеялардың таралуына мұрындық боп отыр. Коммуникацияның түрі көп: ауызша, жазбаша коммуникация, жеке адамға немесе көпшілікке бағытталған коммуникация. Коммуникация кеңістік пен уақытқа байланысты 1) тікелей және жанама коммуникация; 2) екі жақты және бір жақты коммуникация; 3) жеке және қоғамдық коммуникация болып бөлінеді [24].

Бұқаралық коммуникацияда адамдар қауымдастығы ішкі үдерістері мен мәдени ерекшеліктері бар, шектеулі әлеуметтік кеңістік ретінде сипатталады. Америкалық зерттеуші – Х. Лассуэлл бұқаралық коммуникацияда кімнің кімге не айтқаны; коммуникацияның қай түрін пайдаланғаны, нәтижесі қандай болғаны маңызды болатынын айтады [107]. Кейін ғалым ойын тарқата түсіп: «коммуникацияға қатысушылар - перспективасы - жағдаят - негізгі құндылықтар - стратегия – ақпарат қабылдаушының реакциясы - нәтиже» түрінде схемаға түсіреді [107]. «Философиялық энциклопедиялық сөздікте» бұқаралық коммуникация «адамдардың ой-пікіріне, іс-әрекетіне, құндылықтарды тануына ықпал ету үшін жүйелі түрде таратылатын ақпарат» ретінде сипатталған [108]. Бұқаралық коммуникация баспа, радио, кино, телехабарлар арқылы тарайды. Сондықтан олар «бұқаралық ақпарат құралдары» деп аталады.

Бұқаралық коммуникация актісі төрт компоненттен құралады: хабарлаушы субъект, қабылдаушы тұлға, хабар – оның мазмұны мен тұрпаты, коммуникация құралы [109]. А.Д. Урсул әлеуметтік байланыс жүйесін «ақпарат көзі – теледидарда дәріс оқитын ғалым, таратқыш – теледидар таратқышы, байланыс арнасы – берілген теледидар стансысы үшін бөлінген жиілік диапазоны, қабылдағыш – теледидар, адресат – телебағдарламаның көрермендері (тыңдаушылары)» түрінде сипаттайды [110]. Сонымен қатар байланыс жүйесінің тағы бір схемасы бар. Онда коммуникацияға қатысушылар саны төртеу: 1) коммуникатор; 2) ақпарат; 3) байланыс құралдары; 4) қабылдаушы [111]. Мұндағы коммуникатор – жеке адам (сөйлейтін, жазатын, сурет салатын, ымдайтын) немесе белгілі бір ұйым (мысалы, телестудия); ақпаратта хабарламаның түрі мен мазмұны көрініс табады, байланыс құралы сигналды

коммуникатордан қабылдаушыға жеткізеді, қабылдаушы – жеке адам (тыңдайды, оқиды, көреді) немесе белгілі бір топ (көрермендер, тыңдаушылар).

Ақпарат жеткізуде аралық медиатордың қызметі ерекше болады. Орыс тіл білімінде 4 негізгі медиатор көрсетіледі: таңба, символ, сөз, аңыз. Адамзат дамуындағы медиаторлардың қызметі туралы В.С. Соловьев, П.А. Флоренский сияқты дінтанушылармен қатар Л.С. Выготский, М.М. Бахтин, А.Ф. Лосев сияқты ғалымдардың еңбектерінде сөз болды [112]. А.Ф. Лосев «Аңыз (миф) – ойдан шығарылған, қиял ғана емес, ойдың сақталу тәсілі. Ол тұрмыспен тығыз байланысты болып, адамның іс-әрекетін шектейді, белгілі бір арнаға бұрады. Аңыз арқылы адам белгілі бір ұжымға телінеді. Көпшілік пен аңыз тығыз байланысты», – дейді [113]. Медиаторлардың ерекшелігі, энергетикалық қуатына байланысты сөз, символ, аңыз жойқын күшке айнала алады. Коммуникацияның прагматикалық сипаты коммуниканттардың тілдік бірліктердің эмотивті әсерін дұрыс түсініп, дұрыс қолдана білуіне байланысты болады. Бұл орайда ғаламның ақпараттық бейнесі – ақпаратты қабылдайтын қоғам – ақпарат жүйесі (инфосфера) үштігі түзіледі. Ғаламның ақпараттық бейнесін таңбалар жүйесінің, сигналдар мен ақпараттық байланыстардың жиынтығы ретінде қарастырсақ, тілді әлеуметтік ақпараттық байланыстардың ерекше түрі ретінде сипаттауға болады. Тілдің көмегімен ғаламның ақпараттық бейнесі түрліше құбылады. Бір ақпаратты әртүрлі медиатор түрліше жеткізуі мүмкін. Сол арқылы қоғамда белгілі бір ахуал орнатады.

Ақпарат таңбалардың құрылымы, мазмұны мен құндылығына қарай үш деңгейде – синтаксистік, семантикалық және прагматикалық деңгейде жеткізіледі [114]. Бұқаралық ақпараттың мәтіні коммуникативті интенцияның коммуникативті әрекетке ауысуы негізінде жасалады. Мұнда ақпарат жіберуші мәтіннің мазмұнын пайдалана отырып, өзіндік мақсат көздейді, ақпаратты қабылдаушыны өз айтқанына сендіріп, қандай да бір іске түрткі болуды көздейді. Бұл орайда ақпаратты жіберуші мен қабылдаушының аялық білімі сәйкес келуі керек. Реципиент мәтінді дұрыс түсінген жағдайда коммуникация сәтті болады, коммуникатор мақсатына жетеді [115]. Ұстамды дәлелдеу формасы мәнерлі, яғни экспрессивті болса ғана оқырманына өз деңгейінде ықпал ете алады. Бұл тікелей коммуникация талаптарынан туындайды. Контекстен оқырманға ықпал ете аларлық тілдік құралдарды таңдау жазып отырған адамның шеберлігіне байланысты болмақ. Осыған байланысты профессор Н. Уэли: «Коммуникация тек вербалды құрылымнан ғана тұрмайды. Белгілі бір ой, пікір, сезім түрінде тіл арқылы объективтенгенге дейін санада нобайы пайда бола бастайды. Сөз актісі, коммуникатордың санасындағы бұл құрылым, тілдік кодқа түсіп, тілдік құрылым арқылы объективтенумен де аяқталмайды. Кодты тыңдаушының (оқырманның) қабылдауы және кодқа салынған ой-пікір, сезім т.б. ақпараттарды мүмкіндігінше адекватты түрде ашуы қажет. Сондықтан тілдік коммуникацияны қарастыруда таза тілдік құрылыммен шектелсек, мәтіннің коммуникативтік сапасын объективті түрде бағалай алмауымыз мүмкін... Коммуникацияға қатысушылар – сөз субъектілері, яғни адресант пен адресат, ал тілдік емес мәнділіктер дегенде, біріншіден, сөз

құрылымын ситуациямен, яғни сөз субъектілерінің әлеуметтік мәртебесі, жас ерекшеліктері, жыныс айырмашылығы, таныс/бейтаныстығы, тілдік қатынастың ресми/бейресмилігі т.б. жайттармен, екіншіден, ең бастысы, сөз құрылымын, сөз субъектілерінің когнитивтік санасымен, яғни білім, түсіну, түйсіну, ойлау (ұғым, пайымдау, ой қорыту) т.б. өзара байланыста қарау негізге алынады», – дейді [22].

Ғалым функционалды стильдердің прагматикалық шарттылығы туралы: «Әдеби тілдің кез келген функционалдық түрі белгілі бір прагматикалық шарттылықпен байланысты жүзеге асады. Мысалы, ауызша тілдесуде *сөйлеуші – жағдаят – тыңдаушының* болуы шарт болса, жазба коммуникацияда бұл шарттылық, *жазушы – жағдаят – оқырман* түрінде болды. Мұндай прагматикалық шарттылықта, біріншіден, коммуникативтік ситуация айқындалады, екіншіден, тілдесудің мақсаты нақтыланады, үшіншіден, тілдік құралдарды талғап, таңдауда, олардың басын қосып, біріктіруге мүмкіндік болады. Мысалы, жоғары мектеп профессоры өз монографиясындағы теориялық зерттеулердің нәтижесін колледж студенттеріне тілдік құралдардың сол ситуацияға лайық келетін түрімен алмастыра отырып, баяндап береді. Өйткені қарым-қатынас прагматикасы сөз субъектісінен мәтіннің басқаша вариантын түзуді міндеттейді. Ал ситуацияға лайық мәтін түзу – шығармашылық процесс. Бұл айтылғандар әртүрлі прагматикалық жағдайда әдеби тілдің функционалдық түрлерін қолдана білу мәдениетіне жатады. Ситуацияға қарай мәтін түзудің коммуникативтік ережелеріне автордың сөз саптау шығармашылығына сөз қолданыстағы авторлық дербестігіне мүмкіндік беретіндей икемділік сипаты болады. Ал тілдік нормамен байланысты ережеде мұндай шығармашылық еркіндік бола бермейді, адресантқа екінің бірін таңдауына тура келеді», – дейді [22].

Журналистің белсенділігі ақиқат болмысты танып-білуінен ғана емес, ол туралы өзіндік пікір білдіруінен көрінеді. Танымдық әрекетінің нәтижесіндегі ақпарат құқықтық, саяси, діни, эстетикалық, этикалық, адамгершілік, көркем т.с.с. аксиосфералардың құндылықтарымен байланысты. Осыған байланысты профессор Н. Уәли: «Автор өзі үшін емес, тыңдаушы (оқырман) үшін сөз саптайды. Сөз авторының қарама-қарсы жағында мәтінді қабылдаушы (адресат) тұрады. Адресат жеке адам, көп адам болуы ықтимал. Сонымен қатар адресат уақыт, кеңістік жағынан автормен тұспа-тұс келмеуі немесе бетпе-бет отыруы мүмкін. Сонымен қатар адресат белгілі бір мақсатқа орай жиналған шаршытоп болуы (ғылыми конференция, поэзия кеші, бала тәрбиесі, денсаулық күтімі т.б. жағдайында дәріс тыңдаушылары), я болмаса белгілі бір мақсат көздеп жиналмаған шаршытоп (мысалы, митинг, жиын, саяси акциялар кезіндегі жиналыстар т.б.) түрінде де бола алады. Автор мен адресаттың білім деңгейі әртүрлі, олар бір саланың немесе әр басқа саланың маманы т.б. болуы мүмкін. Міне, бұл айтылғандар – тілдік емес мәнділіктер. Коммуникациядағы осы аталған тілдік емес құрылымдардың автор-адресатқа ықпалы ерекше болатыны белгілі. Коммуникациядағы тілдік емес құрылымдарды ескере білген коммуникатор сөйлеген (жазған) сөзінің құрылымын адресат факторына қарай

бейімдеп отырады. Олай болмаған жағдайда сөз адресін таппауы, коммуникация сәтті, ойдағыдай аяқталмауы мүмкін. Адресат факторын ескеру сөздің (речь) тілдік құрылымына енетін таңбаларды дұрыс, тиімді, діттеген мақсатқа орай таңдауға ықпал етеді», – дейді [22].

А. Төтебаева БАҚ тілінің негізгі бірлігі ретіндегі медиамәтіннің медиалылық, бұқаралық, ықпалдастық және ашықтық сияқты негізгі категорияларға сүйенетін күрделі, көп деңгейлі жүйесі бар екендігін айта келе, медиамәтіндердің мәтін өндіру тәсілі (авторлық-алқалық), жасалу түрі (жазбаша-ауызша), тарату арналары (баспасөз, радио, теледидар, интернет), мәтіннің функционалды-жанрлық түрі (жаңалықтар, комментарийлер, публицистика, жарнама), медиатақырыпқа жататындығы сияқты тұрақты өлшемдер жүйесімен толықтырылатынын көрсетеді [116]. «Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде)» атты еңбегінде профессор Қ. Есенова газет мәтінінде адресанттың белгілі бір прагматикалық ұстанымы көрініс табатынын айта келіп, зерттеушілер оны 3 түрге – ақпараттық ұстаным (мәліметті іріктеп ұсыну); фатикалық ұстаным (материалды оқырман назарын аударту үшін пайдалану); манипулятивтік ұстаным (мәтінде баяндалатын оқиғаларға қатысты оқырман көзқарасын қалыптастыруды мақсат ету) жіктейтінін ескертеді [66].

Медиа мәдениеттің ерекшелігі – әлеуметтің бір сәттік қызығушылығын оятып, сол кезде ғана әсерленуіне бағытталып, адамның мәңгілік құндылықтардан (өмірдің мәні, ұлттық болмыс, т. т.) безініп, имманентті байланысының әлсіреуіне әкелуі мүмкін. Медиа мәдениет адамды бір күндік өмірін ғана ойлап, терең бойламауға әкеледі. Әлеуметтің «телевизия-аудитория» имманентті байланысы журналистердің цифрлы ортада қызмет ете білуі, телевизия өнімінің, бағдарламаның көпшілік тарапынан бағалануы, қолдау табуы тұрғысынан сипатталуы тиіс. Цифрлы ортада өнімін эфир, кабель, спутник, мобильді, интернет желісі арқылы тарататын телеарналар көбейіп, жергілікті телеарналардың сапасына, көпшіліктің сұранысын қанағаттандыра алмауына байланысты өнімдеріне сұраныс азайып кетуі мүмкін. Экран мәдениетінің артуы, қоғамның түрлі аудиовизуалды ақпаратты тез әрі қызығушылықпен қабылдауы жазба дүниені оқитындардың қатары азаюына ықпал етті [117].

Оқырмандарын елең еткізіп, баурап алу үшін бұқаралық ақпарат құралдарындағы мәтіндердің тақырыпаттарының қойылуында өзіндік заңдылық бар. БАҚ тілінде журналист адресатқа әсерін жеткізуді мақсат ететіндіктен, тақырыпаттарның экспрессиясы басым болады. Осыған байланысты профессор Н. Уәли: «Мәтінге ат қою, тақырып қою, айдар тағу жазба тіл стильдерінің бәрінде дерлік кездеседі. Бірақ басқа стильдерде бұл мәселе бірқалыпты шешімін тауып жатса, БАҚ тілінде «ат қойып, айдар тағу» ерекше ең бір өзекті мәселе болып табылады. Тақырып оқырманды өзіне еріксіз тартып, «менмұңдалап» тұруға тиіс. Мысалы, әлемдегі аса ірі мемлекеттердің сыртқы саясатына байланысты *«Күштілер тіл табысса, басқалар бас жарыспайды»* («Егемен Қазақстан») деген тақырып, еліміздегі аса көрнекті

қайраткерлер жөнінде «*Таудың басы бөлек болғанмен, етегі бір*» («Егемен Қазақстан») деген тақырып, «*Филатриттің көз жасы*» («Жас Алаш») деген тақырыптарды әлгіндей өзекті мәселенің төңірегіндегі ізденістердің белгісі деуге болады», – дейді [22].

Газет мәтінінде адресант белгілі бір прагматикалық ұстанымды көздеп, ақпараттық (мәліметті іріктеп ұсыну); фатикалық (материалды оқырман назарын аударту үшін пайдалану); манипулятивтік ұстанымдарды (мәтінде баяндалатын оқиғаларға қатысты оқырман көзқарасын қалыптастыруды мақсат ету) басшылыққа алатындықтан [118], газет тақырыптарында эмотивті-бағалауыштық лексика өте жиі қолданылады. Газет мәтіндерінде стандарттар, қалыпты тіркестер (*әлемдік қауымдастық, ресми қатынас, стратегиялық серіктестік, аумақтық тұтастық, бейбіт келісім, т.б.*), термин-сөздер (*маркетинг, менеджмент, бизнес, биржа, идеология, валюта бағамы, т.б.*), бағалауыш мәнді эпитеттер; метафора, т.б. көріктеу құралдары, тұрақты тіркестер, кітаби лексика, сөйлеу тілінің элементтері, сөз ойнату (каламбур), дыбыс ойнату, т.с.с. жиі қолданылады [119]. Бұқаралық ақпарат құралдарында оқырманға ықпал ету мақсаты көзделетіндіктен, газет тілінде стандарт пен экспрессия алмасып келеді, мәтіндер түсінікті, мәнерлі де экспрессивті болып, эмотивті-бағалауыштық мәні басым болады. Бұл әсіресе тақырыптардан айқын көрінеді.

Ағылшын тілді басылымдардың тақырыптары

- 1) құрамында бағалауыштық мәнді сөздер болады;
- 2) қайраткер, белгілі тұлғалардың сөздерінен алынған үзінді түрінде келеді. Ондай сөздер көбінесе бағалауыштық мәнді болып келеді.
- 3) қысқа болып келеді, көбінесе етістіктер түсіріліп, әріптік аббревиатуралар жиі қолданылады. Компрессия талаптарына сәйкес жақтық мән ашық берілмейді;
- 4) тақырыптар көбінесе иронияға құрылады; коннотацияға толы эпитеттер жиі қолданылады;
- 5) тақырыптар ұйқасқа құрылып, оқырманды белгілі бір іс-әрекетке үндейді.

БАҚ беттеріндегі тақырыптар Г.О. Винокур, В.Г. Костомаров, Э.А. Лазарева, Е.В. Падучева, О.В. Григоренко, М.С. Стам, И.С. Фоменко, А.Э. Лазерова, Н.Е. Бахарев, Б. П. Вомперский, Л.А. Коробова, А.В. Абашина, Г.Г. Хазагерев, Д.И. Заславский, т.с.с. ғалымдардың еңбектерінде сөз болса, қазақ тіл білімінде бұл мәселе Б. Әбілқасымов, С. Исаев, Н. Қарашева, Ж. Райымбекова, Б. Момынова, Қ. Есенова, Ф. Жақсыбаева, Г. Ихсанғалиева, А. Аширова, Р. Қожабекова, т.с.с. зерттеуші-ғалымдардың еңбектерінде талданды.

Профессор Б. Момынова газет тақырыптары мен айдарлары БАҚ-тың хабар жеткізу, әсер ету қызметіне байланысты болатынын ескерте келіп, «Қазақ» газетіндегі тақырыптар туралы: «Тақырыптардың, газетте көтерілген әр алуан күрмеулі мәселелердің келіп тоғысар тұсы – қазақ жағдайы еді. Өйткені газет шығарушыларының ұстанған жолы, діттеген мақсаттарының өзі қазақ жағдайын жақсарту, көзін ашу, ұлт ретінде қалыптастыру, ол үшін қазақ зиялылары қандай

ұлт жұмысын атқару керектігін саралап алу сынды әлеуметтік маңызы зор мәселелерден тұрды. Ал газеттегі «Ішкі жағдай», «Сыртқы хабарлар», «Еуропа соғысы», «Г. Дума», «Думадағы қазақ мәселесі», «Жер жұмысына дін жұмысын тықпалау», т.б. сынды тақырыптар сөзіміздің айқын дәлелі бола алады», – дейді [120].

Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасын арнайы зерттеген Қ. Есенова: «Кеңес дәуірінде кеңінен таралған трафареттік, жаттанды тақырыпаттардан үлкен айырмашылығы бар бүгінгі тақырыпаттар прагматикалық бағдарлылығы анық, мағыналық жүгі күшті, барынша мәнерлі болып келеді. Тақырыпат ерекше пішінге ие болып, бағалауыштық, экспрессивтік, жарнамалық қызмет те атқарады. Ол бүкіл материалдың қалай қабылданатынын болжай отырып қойылатындықтан адресаттың ойлау жүйесін белгілі бір бағытқа бейімдейді. Басқаша айтқанда, бүгінгі газет мәтінінде тақырыпат айрықша ақпараттық және прагматикалық бағдарда жұмсалады. Қазіргі кезде тақырыпаттардың бағалауыштық сипаты оның эмотивтік қызметінен көрініс табады. Мұндай қызмет әсіресе, теріс баға берілген тақырыпаттарда анық байқалады (мұндай қолданыстарда иронияға, кейде тіпті сарказмға да жол беріледі) : Мысалы, *Біздікілер сыртқа тартады, ал олар бізді өзекке теуіп отыр (Жас Алаш, 27.07.2006)* (прагматикалық қарқындырғыштар: *олар – біз, сыртқа тарту, өзекке тебу*). *Таспаға түскен қазақ тілі қапастан да шығар (Айқын, 11. 10. 2006)* (прагматикалық қарқындырғыштар: *түсу, шығу, қапас*). *Каримовтың құдайы берді, Путиннің ешқандай амалы қалмады (Жас Алаш, 20.06.2006)* (прагматикалық қарқындырғыштар: *құдайы беру, амалы қалмау*). Бұлар – қазіргі газет мәтіні тақырыпаттарында бағалауыштықтың ерекше өткір сипат алып отырғанын көрсететін нақты мысалдар», – дейді [66].

Ғалым қазіргі қазақ баспасөзінде оқырманның назарын аудартып, мақаланы оқып шығуға «мәжбүр ету» мақсатымен ұлттық танымды көрсететін, эмоционалдық бояуы қанық, бедерлі оралымдарды қолдануға ұмтылыс дәстүрге айналып келе жатқанын айта келіп, мысал ретінде «Сақтансаң сақтайды» («Құдай сақтанғанды сақтайды») (Егемен Қазақстан. 22.05.04); «Күлшелі бала сүймекке жақсы» Жас Алаш), «Түйені түгімен жұту жеңіл-желпі диета болып қалды» (Жас Алаш. 22. 11. 05); «Дымды түсінбейтін депутаттар» (Т., 02.06.05), «Әр әнші өз қазанында қайнап жүр» (Жас Алаш.01.01. 04) т.б. қолданыстарды келтіреді. Қ. Есенова газет тақырыпаттарындағы лингвопрагматикалық тәсілдер ретінде таңбалық сипатта жеткізілетін прагматикалық әсер – тыныс белгілері мен әріптанбаның көлемі, түсі, қанықтығы, көлбеу немесе тік орналасуы сияқты визуалды түрде қабылданатын таңбалық белгілер; оқырманның когнитивтік санасына тікелей әсер ететін этнолингвистикалық, лингвоелтанымдық мазмұндағы лингвокультуремаларды таңдау тәсілі; таза ақпараттық емес, прагматикалық-коммуникативтік міндет артылатын тақырыпаттар ретінде логоэпистемалардың, тілдегі әртүрлі фразеологиялық бірліктердің, мақал-мәтелдердің құбылысы түрлендіре қолданылуы; ұлттық емес, ұжымдық сипатта кеңінен танымал болған кино, музыкалық, опералық шығармалардың

кейіпкерлерінің есімдерімен (*Никулин, Чаплин, Ревизор* т.б.) байланысты қолданыстарды атайды [66].

Ф. Жақсыбаева газет мәтініндегі тақырыпаттардың прагматикалық қызметін сөз ете келіп, сұраулы сөйлем түрінде берілген, ойдың аяқталмағанын білдіру мақсатында көп нүктемен берілген, мақал-мәтел, өлең жолдарынан үзінді түрінде берілген тақырыпаттарды талдайды [121]. Г. Ихсанғалиева да газет мәтіндері мен теледидар бағдарламаларының тақырыпаттарын функционалды-прагматикалық тұрғыдан арнайы зерттеп, номинативтік (атауыштық), ақпараттық, прагматикалық, болжау сияқты қызметтерін негізгі, қалған қызметтерін қосалқы қызмет ретінде сипаттайды [122].

Р. Қожабекова баспасөз беттеріндегі тақырыпаттардың фразеологиялық ерекшеліктерін талдаса [123], А. Аширова газет мақалаларының синтаксистік құрылымын сөз етеді [124]. Зерттеуші А. Аширова тақырыпаттардың ерекшелігі туралы: «Тақырып өзінен кейін келетін мәтінді анықтап, олардың арасында белгілі бір байланыс орнайды: оқырман ↔ тақырып ↔ мәтін Газетті ашып оқи бастағанда оқырман ең алдымен тақырыптың жазылуына (графикалық жазылымына, пішініне, орналасу орнына) назар аударады және ішінен, біріншіден, өзінің қызығушылығына сай, екіншіден, мәселеден өзіне лайық жауап алу үшін таңдайды, ал кейде белгілі бір мәселе төңірегінде өз ойының сол журналиспен бөлісу үшін оқиды... Тақырып – мәтіннің бөлінбес, ажырамас бөлігі. Оны екі жақты түсінуге болады. Біріншіден, бұл тілдік құрылым, ол мәтіннен тыс әрі белгілі бір дербестігі бар коммуникативтік бірлік ретінде сөйлеу элементі сияқты қабылданады, ондағы пікір аяқталған ойды білдіреді. Екіншіден, тақырып мәтіннің толыққанды компоненті, ол мәтінге кіреді және онымен байланысты болып келеді», – дейді [124]. Зерттеуші тақырыпаттарды қызметіне қарай әмбебап (1) номинативтік; 2) ақпараттық; 3) прагматикалық; 4) болжау), факультативті (танымдық-ағартушылық) түрінде жіктейді [124].

Қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдарындағы тақырыпаттардың эмотивті-бағалауыштық бояуы қанық болып келеді: *Кәсіпкерлер жүгі жеңілдейді; Жығам деп жалғандықтың қыш қорғанын; «Өткелде ат ауыстырмайды»; Соғыс өрті шарпыған балалар; Lexus «мінген» жеткіншек; Аралдың ақ алтыны; Жылқы жылына жармасқан үміт* (Егемен Қазақстан. 31.01.2015, №20); *Тазарғың келсе, театрға бар; Мемлекет - сауын сиыр емес* (Жас Алаш. 22.01.2015, №6); *Интеллигенция «саяси ойынның құралы» болғанына наразы* (Азаттық радиосы, 28.04.2014); *Қасымбековтің «Қасқа» жолы* (Жас Алаш. 20.01.2015, №5); *Жолға сіңген нұр немесе жолдаудың жұртқа жұмбақ қырлары туралы бірер сөз* (Жас Алаш. 26. 12. 2014, № 103-104); *«Көш тізгіні» өзге ұлттардың қолына көшкен сынды* («Қазақстан ZAMAN» газеті, 22.01.2015, №3); *Қазақстан – кім көрінгеннің қолжаулығы емес!* («Қазақстан ZAMAN» газеті, 15.01.2015, №2); *...Жейтін не бар?* (Айқын. 23.01.2015, №13), *«Дымды түсінбейтін депутаттар»* (Т., 02.06.05), *«Әр әнші өз қазанында қайнап жүр»* (Жас Алаш.01.01. 04), *«Сақтансаң сақтайды»* (Егемен Қазақстан. 22.05.04); *«Күлшелі бала сүйемке жақсы»* (Жас Алаш), *«Түйені түгімен жұту жеңіл-желпі диета болып қалды»* (Жас Алаш. 22. 11. 05), т.б.

Автор аудиторияның назарын аудару, естерінде сақтап қалдыру мақсатында мақала тақырыбын бейнелі түрде берген. Келтірілген тақырыпаттар оқырманын елең еткізіп, назарын аудартары анық. Мәтін авторлары реципиенттердің жас ерекшелігін, болмыс-бітімін, олардың аялық білімін ескере отырып, оларға бұрыннан таныс, атап айтқанда, көркем әдебиет (*Жығам деп жалғандықтың қыш қорғанын; Соғыс өрті шарпыған балалар; Қазақстан – кім көрінгеннің қолжаулығы емес!*) тарихи оқиғалар (*Қасымбековтің «Қасқа» жолы*), халық ауыз әдебиеті үлгілеріне (*Жолға сіңген нұр немесе жолдаудың жұртқа жұмбақ қырлары туралы бірер сөз; «Көш тізгіні» өзге ұлттардың қолына көшкен сынды*) қатысты мәтіндерді негізге ала отырып, өзгертіп қолданады. Сөздерді құбылту арқылы бұрыннан белгілі дүниенің күтпеген жерден өзгеріп кетуі прагматикалық әсер етіп, мәтінді басынан аяғына дейін оқып шығуына, оны қабылдауына ықпал етеді.

Журналистер тақырыпаттарды мақсатты түрде танық реңде қолданады. Мысалы: «Абай өлеңдерін жатқа айтатын орыс қызы», «Алтын қайдан табылған?», «Ағаштың пайдасы», «Аударманың ахуалы қандай?», «Жаһандану дәуіріндегі жаңашылдық», «Сарыарқа төріндегі шаһар», «Жұлдеден үміттімін», т.с.с. Мақала авторлары прагматикалық мақсат көздеп, оқырманды қызықтыру үшін, өзіне баурап алу үшін тақырыпаттарды әдейі танық мәнде берілген. «Абай өлеңдерін жатқа айтатын орыс қызы» дегеннің орнына «Татьяна Ситникова – Абай өлеңдерін жатқа айтатын орыс қызы» деп берсе, оқырман тақырыбынан-ақ бәрін түсініп, ол мақаланы әрі қарай оқымай қояр еді. Сол сияқты «Ағаштың пайдасы» дегеннің орнына қай ағаш екені, қандай пайдасы бар екені тақырыпатта нақты көрініп тұрса, ол мақала қызық болмайды. Ал «Ағаштың пайдасы» деген соң оқырман оның қай ағаш екенін, қандай пайдасы барын білгісі келеді: «Мынау – қызық екен!» деп бірден оқи жөнеледі. Тақырыпаттардың сұрақ түрінде қойылуы («Алтын қайдан табылған?», «Аударманың ахуалы қандай?») да мақала авторының осындай позициясынан туындаған.

Профессор Н. Уэли: «Коммуникация тек вербалды құрылымнан ғана тұрмайды. Белгілі бір ой, пікір, сезім түрінде тіл арқылы объективтенгенге дейін санада нобайы пайда бола бастайды. Сөз актісі, коммуникатордың санасындағы бұл құрылым, тілдік кодқа түсіп, тілдік құрылым арқылы объективтенумен де аяқталмайды. Кодты тыңдаушының (оқырманның) қабылдауы және кодқа салынған ой-пікір, сезім т.б. ақпараттарды мүмкіндігінше адекватты түрде ашуы қажет. Сондықтан тілдік коммуникацияны қарастыруда таза тілдік құрылыммен шектелсек, мәтіннің коммуникативтік сапасын объективті түрде бағалай алмауымыз мүмкін... Коммуникацияға қатысушылар – сөз субъектілері, яғни адресант пен адресат, ал тілдік емес мәнділіктер дегенде, біріншіден, сөз құрылымын ситуациямен, яғни сөз субъектілерінің әлеуметтік мәртебесі, жас ерекшеліктері, жыныс айырмашылығы, таныс/бейтаныстығы, тілдік қатынастың ресми/бейресмилігі т.б. жайттармен, екіншіден, ең бастысы, сөз құрылымын, сөз субъектілерінің когнитивтік санасымен, яғни білім, түсіну, түйсіну, ойлау (ұғым, пайымдау, ой қорыту) т.б. өзара байланыста қарау негізге алынады», – дейді [22].



Қысқа уақыттың ішінде қоғамда өтіп жатқан соңғы жаңалықтар мен өзгерістер жайлы жедел ақпарат беруге тырысу коммуникативті міндеттердің сапасына белгілі бір дәрежеде әсер етеді. Газеттің оқырман көпшілікке ықпал ету қызметі эмоционалды-экспрессивті сипатымен тығыз байланысты. Бір жағынан, публицистикада тілде белгілі бір дәрежеде қалыптасқан штамптар, қоғамдық-саяси және т.б. терминдер қолданылса, екінші жағынан, оқырманды иландыруға тырысудың өзі көбірек ықпал ететіндей жаңа бір тілдік құралдар қолданылады. Соған байланысты көркем әдебиет және сөйлеу тілі элементтері қолданылады.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы тақырыпаттарда сілтеу есімдіктерін қолдану арқылы журналистер сөз болған нәрсеге қатысты өзіндік ұстанымын, бағасын білдіреді. Оны Хасан Серікболдың «Кітап музейінің басына күн туды немесе министрліктің мұнысы несі?» атты мақаласынан да аңғаруға болады (Айқын. №26 (2902). 4.02.2016) Журналистер сұрау есімдіктерін тақырыпатта мақсатты түрде қолдану арқылы адресаттың назарын сол мәселеге аударып, ықыласын аударады: Тұрсынбек Башар «Мәдениет саласындағы тендерлер. Тергеліп жатқан Майлыбаевтың қай орынбасары?» (Жас алаш. 2.01.2024); Серікбол Хасан «Кітап музейінің басына күн туды немесе министрліктің мұнысы несі?» (Айқын. №26 (2902). 20.02.2016).

Журналистер адресаттың назарын аудару үшін телевизиялық аңдатпаларды, мақаланың тақырыпаттарын сұрақ түрінде береді: Тұрсынбек Башар Мәдениет саласындағы тендерлер. Тергеліп жатқан Майлыбаевтың қай орынбасары? (Жас алаш. 2.01.2024); Серікбол Хасан Кітап музейінің басына күн туды немесе министрліктің мұнысы несі? (Айқын. №26 (2902). 20.02.2016); Гүлзина Бектас «Құнанбай»ғаламторда жүр. Бұл заңға томпақ емес пе? (Айқын. №17 (2893). 4.02.2016). «Назарбаевтікі болмаса, кімдікі?»: Үшқоңыр қарулы күзетпен қорғалуда (Жас алаш. 10.01.2024); Қазақстанда коронавирусқа байланысты бетперде кию міндеттеле ме? //Жас алаш. 9.01.2024).

Шынында, не бітіріп, не қойдық?! Өткен 2023 жылы. Ғасыр жүгін арқалаған осынау жылда ғасыр жұмысын атқара алдық па?! Осы сауал жыл сайын жыл тоғысында алдымыздан шығып тұрады. Жер басып жүрген Ұлы Дала ұл-қыздарына, осы сауалды, алдымен, ана дүниедегі ата-бабалары да қояды (Оқырман өзгерді, қаламгер, сен де өзгер //Қазақ әдебиеті. 29.12.2023).

Айтылатын ойды танық мәнде қалдырып, адресаттың қызығушылығын тудырады. Адресат жауабын білгенше тағатсыздана күтеді. Осылайша, автор мәтіннің эмоциялық бояуын күшейтіп, бағалауыштық мәнін арттырады.

Сонымен қатар журналистер аңдатпада немесе мақаланың кіріспе бөлігін сұрақпен бастап, жауабын сала мамандарына, арнаулы адамдарға қалдырады. Мысалы: Шамалғандағы Үшқоңыр тауы қарулы күзетпен қорғала ма? Бұл ақпаратты желіде мәжіліс депутаты Мақсат Толықбай растап, Шамалғандағы қоршалған Үшқоңырға кіре алмағанын жазды. Оның айтуынша, 15 мың гектар мемлекет жері қарулы күзетпен қоршалған («Назарбаевтікі болмаса, кімдікі?»: Үшқоңыр қарулы күзетпен қорғалуда (Жас алаш. 10.01.2024).

*Қазақстанда коронавирусқа байланысты бетперде кию міндеттеле ме? Бұл туралы Zhasalash.kz хабарлайды (Қазақстанда коронавирусқа байланысты*

бетперде кию міндеттеле ме? //Жас алаш. 9.01.2024). Ажар Гинияттың айтуынша, коронавирус жыл бойы таралатын инфекция. «Біз бұл инфекцияны ай сайын тіркейміз. Мен қазірдің өзінде баяндамада негізгі аурулары бар адамдар өте ауыр және ауруханаларға жатқызылатынын атап өттім, олар негізінен егде жастағы адамдар», – деді ол (Қазақстанда коронавирусқа байланысты бетперде кию міндеттеле ме? //Жас алаш. 9.01.2024).

Сала мамандарының уәжді сөздерін аргумент ретінде пайдалана отырып, өз сөзімен сабақтастыра отырып, мәтіннің эмоциялық-бағалауыштық әлеуетін арттырады.

**Лепті сөйлем, бұйрық мәнде:** Ерлан Әбдиев Ақпаратқа «екі шоқып, бір қара!» (Айқын. №45 (2921). 29.03.2016); Тазарғың келсе, театрға бар (Жас Алаш. 22.01.2015, №6); «Уәдеге берік бол!» (Егемен Қазақстан, 2019, 22 қазан);

**Сұраулы сөйлем түрінде:** Сейсен Әмірбекұлы Қарызға батқан Қытай өзгені жарылқай ма? //Айқын. №45 (2921). 29.03.2016);

**Прецедентті мәтін ретінде:** Жұмагүл Оралбаева Құт қонған елде Қызыр қыдырар Айқын. №45 (2921). 29.03.2016); Қасымбековтің «Қасқа» жолы Жас Алаш. 20.01.2015, №5); «Әр әнші өз қазанында қайнап жүр» (Жас Алаш.01.01.2004);

**Сендіру, иландыру мақсатымен аксиома түрінде:** Жұмагүл Оралбаева Құт қонған елде Қызыр қыдырар Айқын. №45 (2921). 29.03.2016); «Күнә иесін қорлайды» (Егемен Қазақстан, 2019, 18 маусым); «Жүздік құрылымда рулық үлес жоқ» (Егемен Қазақстан, 2018, 20 ақпан); «Ат тергеудің астарында ұят бар» (Егемен Қазақстан, 2018, 25 қаңтар); «Тыныштық бар жерде бақ тұрады» (Егемен Қазақстан, 2017, 10 мамыр);

**Бейнелі образ тудыру үшін көріктеу құралдарымен:** Гүлзина Бектас Алматы – алты алаштың алтын тәжі Айқын. №44 (2920), 2016, 25 наурыз); Қайрат Жаңабеков Ел болашағы – оның Темірқазығы Айқын. №6 (2882), 2016, 15 қаңтар); Аралдың ақ алтыны (Егемен Қазақстан. 31.01.2015, №20); Жылқы жылына жармасқан үміт (Егемен Қазақстан. 31.01.2015, №20); «Дүние – бақтың жемісі» (Егемен Қазақстан, 2019, 22 мамыр);

**Ұйқасқа, дыбыстық ойнатуға құрылған:** Сейсен Әмірбекұлы Мұнайым бар – мұным бар Айқын. №39 (2915), 2016, 17 наурыз);

**Іске шақыру, түрткі болу мақсатында жіктік жалғауының 1-жағы мақсатты түрде қолданылған:** «Қазақстандық арманды» жүзеге асырамыз Айқын. №22 (2898), 2016, 12 ақпан);

**Анықтама түріндегі тақырыпаттар:** «Құрбан айт – ұлық мейрам» (Егемен Қазақстан, 2019, 12 тамыз); «Тәрбие өзегі – тарихи сана» (Егемен Қазақстан, 2019, 12 шілде); «Ұлттық танымның өзегі – тарихи сана» (Егемен Қазақстан, 2017, 1 маусым); «Айлардың қайырлысы – Рамазан» (Егемен Қазақстан, 2019, 6 мамыр);

**Ескерту, көпшіліктің ұстанымы түріндегі тақырыпаттар:** Мемлекет – сауын сиыр емес Жас Алаш. 22.01.2015, №6); Қазақстан – кім көрінгеннің қолжаулығы емес! («Қазақстан ZAMAN» газеті, 15.01.2015, №2); «Тыныштықты сөз бұзады» (Егемен Қазақстан, 2018, 28 тамыз);

**Еске салу мақсатымен талап-тілек, арман түрінде:** Қазақ батырлары ескерусіз қалмаса екен Айқын. №6 (2882), 2016, 15 қаңтар); Интеллигенция «саяси ойынның құралы» болғанына наразы (Азаттық радиосы, 28.04.2014); Оқырман өзгерді, қаламгер, сен де өзгер //Қазақ әдебиеті. 29.12.2023);

**Тұрақты тіркес, сентенция, мақал-мәтел түрінде:** «Өткелде ат ауыстырмайды» (Егемен Қазақстан. 31.01.2015, №20); «Түйені түгімен жұту жеңіл-желпі диета болып қалды» (ас Алаш. 22. 11. 05); «Сақтансаң сақтайды» (Егемен Қазақстан. 22.05.04); «Күлшелі бала сүйемекке жақсы» //Жас Алаш); «Жалған тарих жарға жығады» (Егемен Қазақстан, 2019, 14 тамыз);

**Өлең түрінде:** Жығам деп жалғандықтың қыш қорғанын (Егемен Қазақстан. 31.01.2015, №20); «Ұрпағы мықтының ұлысы мықты» (Егемен Қазақстан, 2019, 28 қараша);

**Ақпарат жеткізу, хабарлау:** Кәсіпкерлер жүгі жеңілдейді (Егемен Қазақстан. 31.01.2015, №20); «Көш тізгіні» өзге ұлттардың қолына көшкен сынды («Қазақстан ZAMAN» газеті, 22.01.2015, №3);

**Атаулы сөйлем түрінде:** Соғыс өрті шарпыған балалар (Егемен Қазақстан. 31.01.2015, №20); Lexus «мінген» жеткіншек (Егемен Қазақстан. 31.01.2015, №20);

**Нақтылау, айқындау мақсатымен берілген қос құрамды тақырыпаттар:** Жолға сіңген нұр немесе жолдаудың жұртқа жұмбақ қырлары туралы бірер сөз Жас Алаш. 26. 12. 2014, № 103-104);

**Ирония, мысқыл түріндегі тақырыпаттар:**...Жейтін не бар? Айқын. 23.01.2015, №13), «Дымды түсінбейтін депутаттар» (Т., 02.06.05);

**Тыныс белгілер мақсатты түрде қолданылған:** Ауыл молдасынан оқыған... (Егемен Қазақстан. 8.08.2018); Lexus «мінген» жеткіншек (Егемен Қазақстан. 31.01.2015, №20).

Бұқаралық ақпарат құралдарының тақырыпаттарында қолданылған эмотивті-бағалауыштық лексика мәтіннің экспрессиясын арттырып, оқырманның қызығушылығын тудыру үшін мақсатты түрде қолданылады.

## 2-бөлім бойынша түйін

Антропоэзектік бағыттағы зерттеулерде семасиологиялық сипатты мәселелер (денотативті және коннотативтік компоненттердің өзара қатысы, көлемі, мазмұны) сөз болады. Бұл орайда әсіресе «сөйлеуші мен тілдік бірліктің» өзара қатысына ерекше мән беріледі. Сол арқылы тілдік тұлғаның ғалам бейнесін қалай қабылдап, қалай сипаттайтыны, ғаламның тілдік көрінісі айқындалады. Эмотивтік-бағалаушы лексика мағыналық құрылымында денотативті және коннотативті макрокомпоненттер қамтылған тілдің лексикалық жүйесі ретінде сипатталады. Эмоция тілде көрініс тапқан кезде атауыштық немесе предикативті қатынасқа түсіп, субъектінің жағымды не жағымсыз әсерін білдіреді. Эмотивті лексика өз ішінен екіге жіктеледі. Эмоциялар лексикасы тілдегі эмоцияларды көрсетіп, атауыштық (номинативтік) қызмет атқарса, эмоционалды лексика сөйлеушінің алуан түрлі көңіл күйін білдіріп, эмотивті бағасын көрсетеді де экспрессивті, прагматикалық қызмет атқарады. Бағалау категориясы «жағымды, жағымсыз бағалау» негізінде шоғырланып, реттелген құрылым болып табылады. Алуан түрлі эмотивті сөздер эмотивтілік категориясында шоғырланады. Эмотивтілік категориясында эмоцияны білдіретін тілдік бірліктер бас қосып, түрлі деңгейдегі тілдік бірліктер мағына жақындығына қарай топтасады.

Публицистикалық мәтіндегі эмотивтік-бағалауыштық мән тілдің түрлі деңгейлерінде көрініс табады. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы эмотивтік-бағалауыштық лексика қоғамдық пікірді қалыптастырады. Бір ұлт өкілдерінің эмотивтік-бағалауыштық мәнді тілдік бірліктері адресаттың қоғамдық санасына ықпал ете алады. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы эмотивтік-бағалауыштық мәнің берілуін, түрлі ұлт өкілдерінің таным-түсінігін саралай білу арқылы когнитивті ерекшелігін, мәдениетаралық коммуникацияны дұрыс ұйымдастыру жолдарын меңгеруге болады. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы эмотивтік-бағалауыштық сөздердің мәнін дұрыс қабылдап, орнымен қолдана білген жағдайда ғана коммуниканттар арасында түсіністік, сыйластық орнайды. Эмотивтік-бағалауыштық мәтіндегі тілдік тұлғаны зерттеу сөйлесушілердің тілдік қабілетін, эмотивтік-бағалауыштық мәнді құрылымдарды тудыру не қабылдауға қаншалық дайын екенін нақтылауды қажет етеді. Бұл орайда тілдік тұлға эмотивтік-бағалауыштық бірліктерді бейберекет қолдана салмайтыны, ол тілдегі жүйеге сәйкес келуі керек екені де ескерілуі керек.

### **3. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ ЭМОЦИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН БАҒАЛАУШЫ ТІЛДІК ТҮЛҒА**

#### **3.1 Эмотивті-бағалауыштық лексиканың БАҚ-тың түрлі жанрларындағы қызметі**

Қазіргі кезде технологиялық платформа адамның ұшқыр қиялымен бірге жедел түрде дамып келеді. Телевизия сапасы, дыбысы, көрсетілуі (3D, 4D форматтар) күннен күнге дамып, жетілуде, экран технологиясының сенсорлы-тактильді мүмкіндігі артуда. Технологиясын жетілдіру арқылы телевизия өзінше бөлек әлем түзіп, заманауи экран өнімі вербалды, аудиовизуалды, мультимедиялық тілдер негізінде доминант болып отыр. Көпшіліктің коммуникациясын қамтамасыз ете отырып, телевизия медиа шындықты (экран шындығын) қалыптастырады. Экран өнімдерінің жаңа институционалды түрлерін жасап, көпшілікке ұсыну арқылы телевизия әлеуметтік үдерістердің қозғаушы күшіне айналады. Ақпарат кеңістігінің визуалдануы нәтижесінде экрандық коммуникацияда қимыл-қозғалыс көбейіп, көрерменнің аз уақыт ішінде көп ақпарат алуы үшін бүкіл жағдай жасалған. Мәселен, 1970-80 жылдары ақпаратты жүргізушілер оқып отыратын немесе белгілі бір өңірдегі тілші сол дайында баяндайтын болса, қазіргі кезде көбінесе жүргізуші экранның ар жағында қалып, негізгі ақпарат шынайы қалпында көріністер арқылы беріліп жатады. Оқиғалар желісі бір-біріне тез ауысып, көрерменді жалықтырып жібермеуді мақсат етеді, сол арқылы рейтинг көтеруге тырысады. Әлеуметтік институттың технологиясы мен шығармашылық контентінің байланысы осылайша анықталады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылдың 12 желтоқсанындағы №827 қаулысына сәйкес елімізде «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді [126]. Бағдарламада цифрлық технологияларды пайдаланып, дамыту арқылы еліміздің экономикасын, әл-ауқатын арттыру, бәсекелестікке қабілеттілікті күшейту көзделеді. Цифрлық технология жетілуінің нәтижесінде мобильді- компьютерлік құрылғылар жаңарып, адамдардың өміріне, ақыл-ойының дамуына елеулі ықпал ете бастады. Коммуникативті дағдыларды тез меңгеріп, ақпарат әлеміне дендей ену нәтижесінде адамдар ақпаратты тез қабылдап, өзіндік ойлау жүйесі қалыптасты. Осы уақытқа дейін журналистер ғана айналысқан ақпарат әлеміне көпшіліктің жаппай бет бұруы бүгінгі өркениеттің әлеуметтік-экономикалық дамуында әлеуметтік, философиялық, мәдени бағыттағы елеулі мәселелер туындатып отыр. Осыған байланысты әлеуметтік дамуға ықпал ететін медиа саласы ерекше дамып, көпшілік коммуникациясы серпіліске ие болды.

Ақпараттық қоғам әлеуметтік-экономикалық формация ретінде қалыптасып, әлеумет ерекше маңызға ие болды, оның қоғамның қызметі, қоғамдағы өзгерістерге ықпалы артып келеді. Сол себепті қазіргі кезде мультимедия, мультиплатформа, интерактивтілік сияқты жаңа, заманауи медиа нарықтың әсері күшейіп, кәсіби деңгейдегі мамандар мен экрандағы технологияға негізделген әуесқойлар да көбейді. Ал түрлі ақпараттың көптігі

жаңа адамды қалыптастырды, экран технологиясы мен экран өнімдерінің таралуы, оның көпшілікке әсері нәтижесінде «медиа өркениеті» («цивилизация медиа») деп аталатын құбылыс пайда болды.

Әлеуметтік болмысты ғылыми талдау нәтижесінде өзара имманентті байланыстағы екі маңызды категория – медиа мен қоғамның өзара қатынасы сараланады. Бұл экран өнімдеріндегі ақпараттың алуан түрлілігімен, екінші жағынан, әлеуметтің дамуымен тығыз байланысты. Д. Беллдің тұжырымдауы бойынша, бұл «көпөлшемді адамды» қалыптастырады [126]. Г. Маркузенің сипаттауы бойынша, «көпөлшемді адам» қалыптасқан жағдаятқа қарсылық білдірмейді, тұтынушылық мақсатты көздейді, постиндустриалды қоғамның мүшесі ретінде өзінің ойын жүзеге асырғысы келеді, қоғамның белсенді мүшесі ретінде зияткерлік, шығармашылық қабылетін, кәсіби дағдысын жетілдіре отырып, адамгершілік қағидаларын басшылыққа алады, толеранттылықты негіз етіп, айналасымен тіл табысуға ұмтылады [127].

Тұлғаның бұл түрі бірнеше ғасыр бойы қалыптасты, ол – қоғамның эволюциялық дамуының нәтижесі. «Медиа шынайылық», «экрандағы шындық» мәселелері философия, әлеуметтану, психология, өнертану тұрғысынан біршама зерттелді. Алайда телевизия теориясында арнайы сөз бола қоймады. «Экрандағы шындық» мәселесі әдетте кинематографияның пайда болуымен байланыстырылады. Телевизия тілін жетілдіріп, конвергенция, интеграция үдерістерін дамыту арқылы телевизия экрандық өнімін даярлауда кескіндеме, көркем әдебиет, театр, кинематография саласына жүгінеді. Экрандағы шындықтың сырын түсіну үшін статика мен динамиканы сабақтастықта қарастырған жөн. Әбілхан Қастеевтің 1969 жылы салған «Түрксіб» атты картинасы туралы өнертанушы Самал Мамытова: «Композицияның ортаңғы бөлігіндегі отарба қазақ жеріне келген жаңалық болатын болса, ал сол бөліктегі керуен-көш ескі өмірдің бейнесі. Яғни ескі мен жаңа қатар көрініс тауып, бір-бірімен бетпе-бет келуі туындыда ерекше драмалық көрініс тапқан. Картинадағы көңіл күйді білдіретін қуаныш-шаттық сезімді суретші тек қана бірінші бөліктегі адамдардың қимыл-қозғалысынан ғана емес, түс арқылы да ерекше көрсеткен. Жасыл, қызыл, көк, ашық түстерді қолдануы салтанатты мерекені толықтыра түскендей», – десе, суретші Кәміл Шаяхметов: «Немересін жетектеген әженің бейнесі мен баланың көрінісінен де үлкен бір ұлттық сарын сезіледі. Үлкен кісілердің киген киімі мен тұрған тұрысындағы философиялық ой, халқымыздың жаратылысын еріксіз еске түсіреді. Суретшінің композициялық шешімін тапқан және бір тұсы ол, қазақ ер азаматтарын ат үстінде бейнелеуі. Қазақ қашанда атты жанына серік еткен халық. Жалпы, қазақ халқын жылқы мінездес деп те атап жатады. Осы ұғымды ескерген суретші аттың қимылын ондағы адамдардың қозғалысына сай етіп сомдаған. Ер азаматтардың киімдері мен бас киімдерін ұлттық ерекшеліктерге сай етіп, картинаға аса шеберлікпен бере білген. Сондай-ақ жеті қазынаның бірі болған итті де назардан тыс қалдырмауы кез келген зерттеушіні қызықтырмай қоймайды. Картинада бейнеленген иттің өзі иесінің кейпіне еніп, бір мақсатта, бір ойда тұрғандай. Пойыздан шыққан түтіннің өзі аспандағы бұлттармен үйлесім тауып үндесуі,

ақша бұлттардың суреттегі сюжетпен байланысуы, күн нұрының тау бөктері мен ондағы барлық құбылысқа түсіп, жарық пен көлеңкенің жымдасуы, кез келген әлемге әйгілі суретшілердің шығармаларынан кем түспейді. Мұндағы суретшінің шеберлікпен композициялық заңдылыққа сүйенгендігін айғақтайтын шығармадағы әрбір деталдар өз орнын дәл тапқан», – деп бейнелейді [128].

Бұл сипаттамалардың бәрі де статикалық тұрғыдан қабылдауға қатысты. Яғни өнертанушы Самал Мамытова да, суретші Кәміл Шаяхметов те картинаның шынайылығына, суретшінің шеберлігіне, эстетикалық талғамына баға берген. Ал осыған ұқсас бейне телевизия жанрында берілгенде оның қабылдануы мүлде бөлек болған. Көрерменнің экрандағы шындықты қабылдауы ағайынды Люмьерлер түсірген «Пойыздың Ла-Сьота вокзалына келуі» атты (фр. *L'Arrivée d'un train en gare de la Ciotat*, 1896) деректі фильмінде айқын көрініс тапқан. Ол кездегі әлеумет пойыздың қозғалуын қабылдауға психологиялық тұрғыдан даяр емес еді. Сол себепті фильмді көріп отырған көрермен қазір пойыз сол нөпірімен залға кіріп кететіндей әсерде болып, анталап, шулаған. Бұл фильм Ресейде көрсетілген кезде Максим Горький бұл сәтті: «И вдруг что-то щелкает, все исчезает, и на экране является поезд железной дороги. Он мчится стрелой прямо на вас – берегись! Кажется, что вот-вот он ринется во тьму, в которой вы сидите, и превратит в рваный кусок кожи, полный измятого мяса и раздробленных костей, и разрушит, превратит в обломки и в пыль этот зал и это здание, где так много вина, женщин, музыки и порока», – деп баяндайды [129]. Мұнда жазушы көрерменнің экрандағы шындықты қалай қабылдағанын нақты жеткізген. Яғни шынайы картинаны көрерменнің статикада және динамикада қабылдауы бір-біріне мүлде ұқсамайды.

Экрандағы шындық өнертану саласында А. Базен, Д. Вертов, З. Кракауэр, С. Эйзенштейн сияқты зерттеушілердің еңбектерінде сөз болды. Кейінгі кезеңдерде З. Абдуллаева, Г.П. Бакулев, Н.А. Барабаш, С.С. Гинзбург, Л.Н. Джулай, С.В. Дробашенко, М.И. Жабский, Л.Ю. Малькова, Н.Б. Маньковская, К.К. Огнев, Г.С. Прожико, Н.А. Хренов, т.б. зерттеушілердің еңбектерінде жалғасын тапты. Цифрлы технологияның қарқынды дамуына байланысты осы мәселе кеңінен талқылана бастады. Атап айтар болсақ, Э.Г. Багири, Р.А. Борецкий, Е.Л. Вартанова, Н.А. Голядкин, И.М. Дзялошинский, Я.Н. Засурский, В.В. Зверева, В.В. Егоров, С.А. Муратов, Н.Б. Кириллова, Г.В. Кузнецов, А.Д. Криволап, Т.В. Науменко, Е.П. Прохоров, В.В. Саппак, Б.М. Сапунов, В.Л. Цвик, А.В. Шариков, А.Я. Юровский, т.с.с. ғалымдардың еңбектері телевизияның шындықты бейнелеуіне қатысты болды. Аналогтық, цифрлық телевизияның технологиялық аспектілері М.И. Кривошеев, В.Г. Маковеев, Л.С. Лейтес, Р. Уильямс, т.с.с. зерттеушілердің еңбектерінде сөз болды. Экранның тілінің қалыптасуы, экрандық өнімнің тұрпат межесі мен мазмұн межесі туралы М.М. Бахтин, А.Ф. Лосев, Ю.М. Лотман, т.с.с. ғалымдардың еңбектерінде сөз болған.

Бұл бағыттағы зерттеулерді филология шеңберінде ғана талдау аздық етеді. Себебі телевизияның бүгінгі қарқыны философ, әлеуметтанушы, психолог, мәдениеттанушы, экономист, технология, т. т. салалардағы мамандардың бірлесе жұмыс істеуін қажет етіп отыр. Осыған байланысты телевизия

- мәдениеттаным, медиафилософия, коммуникация философиясы, эстетикалық талаптары тұрғысынан (Н.А. Бердяев, В.М. Межуев, А.В. Назарчук, В.В. Савчук, Г.Г. Почепцов, Е.Н. Шапинская, т.б.);
- экран мәдениеті тұрғысынан (К.Э. Разлогов, Н.А. Хренов);
- эстетика, виртуалды шындық тұрғысынан (В.В. Бычков, Н.Б. Маньковская);
- әлеуметтік-мәдени дамуы тұрғысынан (П. Сорокин, К. Уилберт, З. Бауман, П. Бергер, Т.Лукман);
- жаһандану, көпшілік мәдениетінің дамуы тұрғысынан (О.Н. Астафьева, В.С. Жидков, А.Д. Королев, И.В. Кондаков, К.Б. Соколов, Н.А. Хренов, Г.С. Померанц, А.Н. Чумаков, Ю.В. Яковец), т.с.с.;
- синергетика тұрғысынан (Г. Хакен, Э. Ласло, И. Пригожин);
- философия, социология, психология тұрғысынан (Э. Аронсон, А. Бадью, Р. Барт, Д. Белл, Э. Берн, Ж. Бодрийяр, П. Бурдьё, М. Вебер, Д. Винникотт, П. Вирилио, Л.С. Выготский, П.П. Гайденко, Э. Гуссерль, Л. Гринстафф, Ж. Делез, М. Кастельс, С.И. Кравченко, М. Луман, К. Манхейм, Г. Маркузе, Д. Мацумото, В.М. Межуев, С. Московичи, Х. Ортега-и-Гассет, Ж.П. Сартр, Э. Тоффлер, А.Н. Уайтхед, Ф. Уэбстер, Ю. Хабермас, М. Хайдеггер, Й. Хёйзинга, П. Тейяр де Шарден, Ф. Шлегель, А. Шюц, т.с.с.);
- экономика тұрғысынан (А. С. Борисов, О. С. Виханский, П. Дракер, А. Маслоу, Д. Норт, Р. Йенсен, Н. Грегори Мэнкью, т.с.с.) қарастырылған.

Сонымен қатар көпшілік аудиториясын талдауға қатысты Дж. Г. Вебстердің заманауи концепциясы, зерттеу әдіснамасына қатысты А.М. Новиков пен Д.А. Новиковтың тұжырымдамалары, Г.П. Щедровицкий мектебінің зерттеулері, әдеби шығармашылыққа қатысты Дж. Джойс, С. Хоружий; трансмедияның дамуы, инновациялық әдістер туралы К. Сандберг, А. Каурых, т.с.с. ғалымдардың зерттеулері бар. С. Л. Уразованың диссертациясы шындықты ашуға бағытталған реалисти бағдарламаларды талдауға арналған [130].

Телевизия саласындағы технологиялық жаңалықтардың қарқынына байланысты әрдайым өзгеріске түсіп отыратын телевизияның әлеуметке ықпалы осы уақытқа дейін арнайы зерттеу нысанына айнала қоймады. Бірқатар зерттеулерде телевизияның цифрландыру дәуірінде өзгеріп жатқаны, телевизияның күнделікті өмірдің шынайы болмысын көрсетуге тырысатыны туралы сөз болып келеді. Мәселен, С.Л. Уразова жекелеген мақалалары [131] мен диссертация жұмысында [130] шындықты ашуға бағытталған реалисти бағдарламалардың ерекшелігі турасында сөз етті.



Көпшілік коммуникациясы институционалды жүйе ретінде арнайы зерттеу нысанына айналып, телевизияның әлеуметке ықпалы, қоғамдағы орны, қызметі әлі нақтылана қоймады. Телевизияның институционалды жүйе ретіндегі дамуын түсіне отырып, оның болмысын, ерекшелігін бірнеше ғылым саласының тоғысында зерттеу қажет. Бұл орайда әсіресе телевизияның коммуникативті қызметіне ерекше көңіл бөлінуі керек. Осыған байланысты А.В. Назарчук телевизия қоғамдағы мәдени ошаққа айналғанын ескерте келіп: «Телевизионный способ коммуникации является фундаментально новым средством, характерным своей соблазнительностью, сенсорной имитацией реальности и легкостью восприятия с наименьшим психологическим усилием», – деп жазады [132]. Ғалым қалыптасып жатқан ақпараттық қоғамды уақытпен байланыстыруға болмайтынын айта келіп, ақпараттық технологиялар қарқынды дамыған сайын телевизияның мүмкіндігі де арта беретінін ескертеді.

Телевизия саласындағы технологиялық жаңалықтардың қарқынына байланысты әрдайым өзгеріске түсіп отыратын телевизияның әлеуметке ықпалы осы уақытқа дейін арнайы зерттеу нысанына айнала қоймады. Бірқатар зерттеулерде телевизияның цифрландыру дәуірінде өзгеріп жатқаны, телевизияның күнделікті өмірдің шынайы болмысын көрсетуге тырысатыны туралы сөз болып келеді. Телевизияда экрандағы шындық мәселесі туралы сөз болғанмен, осы уақытқа дейін арнайы зерттеле қоймады. Телевизияның технологиялық платформасы жаңа аудиовизуалды өнімдерді шығуына түрткі болумен қатар жаңа жанрлардың пайда болуына алғы шарт болып отыр. Телевизия теориясында шынайылық түрлі қырынан қарастырылуда: телебағдарламалар жетілдіріліп, медианарықтың түрлі сегменттерінде жанрлар көбеюде. Экран арқылы көрсетілген болмыс әлеуметтік кеңістікке де ықпал етуде. Реалити-шоулармен қатар нақты уақыт аралығындағы түрлі ойындар (reality show games), жасырын камералар (hidden camera) да пайда болды. Сол арқылы нысанға алынған адамның ұйымдастырылған жағдаятты қалай қабылдағанын көрсету арқылы шынайы болмысын ашуға тырысады.

Постиндустриалды қоғамның дамуын зерттеушілер «көпөлшемді адамды» қарқынды дамып жатқан технологияның әлеуметтік-экономикалық сипаттағы өзгерістерінің бірі ретінде сипаттайды. Ол ақпарат легінің нәтижесінде ақпарат кеңістігінде қалыптасқан ақпараттанған адамға (homo informaticus) біршама жақын. Бұл орайда экран өнімін жасаушы әрі таратушы ретінде телевизияның қызметі ерекше. Телевизияның қызметі медиа кеңістікте де, қоғамда да түрлі пікір тудырып отыруымен ғана емес, статистикалық деректерге де негізделеді.

Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты коммуникацияның түрі көбейді, табиғи тілдердің семиотикалық жүйедегі орны, мәні өзгерді.

Соның нәтижесінде ақпарат жеткізетін арналар көбейді:

- 1) ауызша тіл;
- 2) ым-ишара;
- 3) химия, физика, т.с.с. ғылым саласындағы таңбалар;
- 4) көрнек өнерінің (музыка, бейнелеу өнері, сәулет өнері, т.б.) тілі;

5) саяси рәміздердің тілі;

б) діни жоралғылардың тілі және т.б.

Ауызша, жазбаша коммуникация, қозғалатын, қозғалмайтын бейнелер, музыка, дене қозғалысы, т.б. көрініс табатын баспасөз, радио, теледидар, кино, интернет сияқты бұқаралық ақпарат құралдары біртұтас семиотикалық ансамбль құрайды. Бұқаралық ақпарат құралдарын семиотикалық тұрғыдан ғана сипаттауға болмайды. Сол себепті соңғы жылдары шет елдерде БАҚ-ты зерттейтін гуманитарлық бағыт қалыптасты. Неміс тілінде «Medienwissenschaft» деп аталатын жаңа ғылым саласының пайда болуы баспа, радио, кино, теледидар, интернет сияқты бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық санада өзіндік ғалам бейнесін түзуімен байланысты [133]. Пәнаралық байланысқа негізделген жаңа бағытта театр, әдебиет, баспа өнімдері дәстүрлі құрал ретінде сипатталса, фото, кино, радио, телехабар, бейнематериал, интернет заманауи ақпарат құралдары ретінде сипатталады. Неміс ғалымдарының ақпараттық жүйелер мен құралдардың мазмұны, құрамы туралы түсінігі бөлек. Никлас Луманн ақпарат (немісше: Medium) тіл арқылы ғана емес, сүйіспеншілік, махаббат, билік, сенім арқылы да берілетінін айтады [134].

Фильм, кітаптардағы ақпарат адамның рухани әлеміне, логикалық танымына негізделген.

Г. Шанце ақпараттық коммуникацияны өзгеше жіктейді. Баспа, кітап шығару ісін тарихи тұрғыдан сипаттай отырып, ғалым адамзат қоғамының ақпарат алуын бірнеше кезеңге жіктейді:

1) ауызша сөйлеу;

2) хат;

3) баспа;

4) аудиовизуалды ақпарат құралдары;

5) әріп-цифр түріндегі ақпаратты тасымалдаушы [135].

У. Шмилц бұқаралық ақпарат құралдарын «ескі», «жаңа» деп жіктей келіп, салыстыра талдайды. Ғалым ақпараттық байланыстардың дамуын үш кезеңге бөледі:

I. «алғашқы коммуникация», адамдар ауызша сөйлескен кезең (сөйлеу, ым-ишара) ;

II. «екінші коммуникация», адресат арнайы техникалық құралдарды қолданбай, хат, кітап, газет арқылы ақпарат алмасқан кезең;

III. «үшінші коммуникация», техникалық құралдар (телефон, телетайп, кино, пластинка, радио, теледидар және т.б.) қолданылған кезең [136].

Неміс зерттеушісі – В. Фаулиптих коммуникациялық, ақпараттық байланыстардың дамуын үш кезеңге жіктейді:

1. Шамамен 1500 жылға дейінгі кезең. Бұл кезеңде адамдар ауызба-ауыз қарым-қатынас жасады;

2. 1500-1900 жылдар аралығындағы кезең. Бұл кезеңде қосымша баспа коммуникация басым болды.

3. XX ғасырда электронды коммуникация басым болды [137].

Ғалым қазіргі кезде адамзат қоғамы төртінші кезеңге – субституциялық коммуникация кезеңіне аяқ басқалы тұрмыз. Бұл кезеңде баспа коммуникацияның бұрынғы нұсқалары мультимедиялық, интерактивті әріп-цифр түріндегі техникалық құралдардың көмегімен жаңа нұсқаларға ауыстырылады [138].

Тілдің адамға, оның ойлау тәсіліне, мінез-құлқына әсері бұқаралық коммуникация құралдарымен тікелей байланысты. Бұқаралық ақпарат құралдары адамға ақпарат жеткізе отырып, бүкіл ойына, дүниетанымына, талғамына әсер етеді. Бүгінгі таңда БАҚ ұжымдық білімді жеткізуші ретінде қызмет етіп отыр. Бастапқыда ақпаратты басып шығару, көпшілікке тарату, сақтау қызметін атқарған техникалық құрал ретінде пайда болғанмен, уақыт өте келе БАҚ бұқаралық санаға әсер ететін қуатты құралға айналды.

Бүгінгі таңда конвергентті-интеграциялық үдерістерге байланысты тез дамып, медианарықта үстемдік құрған, әлеуметтік мәні артып отырған интернет желісі телевизияның бірден-бір бәсекелесі болып отыр. Себебі ол ақпарат кеңістігін молынан қамтып, Wi-Max, Wi-Fi, желілері, түрлі технологиялар (бұлт, ауқымды желілер) жетіліп, ақпараттық, құрылымы, мазмұны қарқынды түрде дамып келеді. Әлемде интернет желілердің әртүрлі деңгейде болуына байланысты тұтынушылардың ақпарат алу мүмкіндігі де әртүрлі болады. Әрі интернет желісінен келген ақпараттан гөрі телевизия арқылы алынған ақпарат әлдеқайда шынайы, нақты болады. Себебі ол материалды жеткізіп, өңдеп, редакциялау үшін сала мамандары бірлесе қызмет етеді. Осыған байланысты бүгінгі таңда көпшілік шынайы ақпарат алу үшін телевизияға иек артады.

Яғни экран арқылы ақпарат алуда, бос уақытты өткізуде ТВ әлі де көпшілік сұранысына ие болып отыр. 2010 жылы «Бейне контентті тұтыну: Nielsen-нің ғаламдық онлайн зерттеуі» атты арнайы жасақталған зерттеу нәтижелелері де осы тұжырымды растайды. Nielsen зерттеу тобы әлемнің 55 елінде 27 мың интернет қолданушыға сауалнама жүргізген. Сауалнама нәтижесінде зерттеушілер көп елде көрермендер теледидар көру үшін күн сайын төрт сағаттан астам уақыт жұмсайтынын, ТВ бейнеконтенттің ең жиі тұтынатын, маңызды құралы екенін анықтаған. Заманауи экран өнімі вербалды, аудиовизуалды, мультимедиялық тілдердің жиынтығынан құралып, доминант белгіге ие болып отыр. Көпшіліктің коммуникациясын қамтамасыз ете отырып, телевизия медиашындық/экран шындығын қалыптастырады. Экран өнімдерінің жаңа институционалды түрлерін жасап, көпшілікке ұсыну арқылы телевизия әлеуметтік үдерістердің қозғаушы күшіне айналады.

Интернеттің қарқынды дамығанына қарамастан, бүкіл әлемде теледидар көрушілер саны азая қоймады. Nielsen мәліметтері бойынша, Ресейде сауалнамаға қатысқан интернет пайдаланушылардың 66%-ы күн сайын теледидар көреді, 55 елдің ішінде Ресей 12-орында. Ал бүкіл әлемде теледидар өнімдеріне сұраныс 60% құраған. Ресей зерттеушілерінің теледидар мен интернет бәсекелестігіне қатысты медиазерттеулері бар. «Қоғамдық пікір» («Общественное мнение») қоры жыл сайын интернет аудиторияны тексеріп, бақылап отырады. Зерттеу нәтижелері бойынша, 2012 жылы Ресейде интернет

тұрғындардың 50%-ына таратылған. Ресей аймақтарына интернет қарқынды түрде тартылғанмен, 57,8 миллион тұрғын интернетті айына бір рет пайдаланған. Сауалнама барысында 54 жасқа дейінгі тұрғындардың теледидарды жиі қарайтыны анықталған. TNS медиа зерттеушілерінің (2012, наурыз) мәліметтері бойынша, 12-45 жас аралығындағы Ресей тұрғындарының интернет пен теледидарды тұтыну деңгейі шамалас болып келеді (69,2%).

Сонымен, статистикалық зерттеулер медиа нарықта телевизияның орны, әлеуеті әлі де әлсірей қоймағанын көрсетеді. Түрлі әлеуметтік топтармен байланыс орнатқанына, қоғам дамуында елеулі орны болуына сәйкес әрі көпшілікке ықпал ету қызметіне сәйкес ТВ ақпарат алуда, бос уақытты өткізуде басымдық алып отыр. Яғни интернет желілері қарқынды дамып, мүмкіндігі артқанмен, телевизия әлі де әлеуетін жоғалта қоймады. Ол әлі де негізгі масс медиа болып отыр. Осыған байланысты телевизияны, экран өнімдерін зерттеудің өзектілігі артып отыр. Бұл орайда қоғамның дамуына, әлеуметке ықпал ететін медиа институттың қызметін, цифрлық кезеңдегі телевизия саласының жаңа институционалдық түрлерін зерттеу әдіснамасын айқындап алу қажеттігі туындайды.

Әдетте тыңдаушыға ақпарат жетуі үшін ол бірнеше сатыдан өтуі керек: 1) сөйлеуші (коммуникант), 2) ақпарат, 3) байланыс құралы, 4) тыңдаушы (реципиент) [139]. Бұл ретте коммуникант бір не бірнеше адам (телестудия) болуы мүмкін. Сол сияқты тыңдаушы да бір не бірнеше адам (көрермен, тыңдарман, оқырман) болуы мүмкін. Технология дамыған бүгінгі заманда ақпарат түрлі жолдармен беріледі: 1) вербалды амал (тіл) арқылы, 2) ым-ишара арқылы (жүзбе-жүз сөйлесу, бейнематериал), 3) ғылым тіліндегі символдар (формулалар) арқылы, 4) көрнек өнері арқылы (сәулет, сымбат, әуезе, кескін), 5) саяси символдар арқылы, 6) діни жоралғылар арқылы, т.с.с. БАҚ мүмкіндігі көбейген сайын адамдардың тұрмысы жақсаруымен қатар ойлау, қабылдау жүйесі де өзгеруде. Соған байланысты америкалық зерттеушілер бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы екі түрлі (күшті, әлсіз) екенін айтады [140]. У. Шрамм бұқаралық коммуникацияның ұзақ мерзімде біртіндеп әсер ететіні туралы айтса [19], М. Беднарек бұқаралық ақпарат бәрін түбегейлі өзгертіп жібере алатынын айтады [141].

Газет-журнал, кітап автор – мәтін – адресат (оқырман) үштігіне негізделетін. 1960-70 жылдардағы телевизия дикторлары да ақпарат жеткізуде көбінесе бірсыдырғы оқып берумен шектелетін. Сөздердің дұрыс айтылуына – орфоэпиялық заңдылықтарға ерекше мән берілетін. Ал қазіргі кезде мәтінді жеткізуші диктор не жүргізуші өз тарапынан сол мәтінге деген көзқарас, ұстанымын да еркін жеткізеді. Сол себепті мұндай мәтіндердің көрерменге жеткізілуіне негізгі автормен қатар қосалқы автор – жүргізуші де белсенді қатысады. Осыған байланысты онда адресант екеу болады [6] Мәтіннің жеткізілуі екі адресантқа – екі авторға байланысты. Бүгінгі таңда оқулықтағы ақпаратты оқушыға жеткізіп жатқан дәріскерлер де екінші адресанттың, қосалқы автордың қызметін атқаруда. Яғни, бүгінгі таңда телевизияның

қоғамдағы орны, қызметі еселеп арта түсті. Әрине, бұл журналистерге де, дәріскерлерге де мол жауапкершілік жүктейді.

Экран мәдениетінің артуы, қоғамның түрлі аудиовизуалды ақпаратты тез әрі қызығушылықпен қабылдауы жазба дүниені оқитындардың қатары азаюына ықпал етті. «Сайранқұмарлық – санаға тұсау» атты мақаласында белгілі жазушы Әбіш Кекілбаев «Дженерал моторс» компаниясы тәжірибе жүргізіп, белгілі бір хабарды экран арқылы, радио арқылы, қағазға түскен жазба текст арқылы бергенін айтады. Зерттеу нәтижелері бойынша, экраннан көзбен көргенде адам миының құбылыстарын көрсететін аппаратта ешқандай нышан байқалмаған, радио арқылы берілгенде көмескі нышан, ал қағаздарға жазба арқылы берілгенде мейлінше айқын нышан байқалғанын ескерте келіп: «Демек, көзбен көргеннен де, құлақпен естігеннен де жазбаша тексті оқығанда мидың жұмысы күшейе түскен. Ендеше, «электрондық мәдениет адам санасын енжарландыра түседі» деген сөз» деген қорытынды жасайды [142].

Компьютер бағдарламалары көрерменді бірден баурап, елітіп әкелер небір жаңа идеялардың жүзеге асуына, экрандық өнімнің қызық та тартымды болуына барлық жағдайды жасайды. Осыған орай заманауи технологиялар дамып, экран контентінің түрі мен мазмұнының өзгеруі көпшіліктің сана-сезіміне әсер ететіні даусыз. Сол себепті көпшілікті қамтуына, түрлі әлеуметтік топтарға әсер ете алуына байланысты медиа ортаға, әсіресе телевизияға ерекше көңіл бөлінуде. Қазіргі кезде телевизия экран арқылы берілетін ақпараты арқылы сондай әлеуетті күшке айналып отыр. Осыған байланысты күнделікті өзгеріп, жетіліп жатқан конфигурация, әлеуметтік-мәдени жаһандануға бағытталған ақпараттық-медиа ағынның экстенсификациясы мен интенсификациясын қадағалап отыру қажет. Бұл орайда Әбіш Кекілбаев: «Жаңа солшылдық» көсемдері ереуілшіл жастарды өз жақтарына шығарып алудың, олардың санасын өздері қалайтын бағытта қалыптастырудың айла-амалдарын мықтап ойластыруда. Олардың бұл мақсатын жүзеге асыруда мәдениеттің дәстүрлі түрлерінен гөрі коммуникацияның осы заманғы құралдары ыңғайлы, әлдеқайда тиімді болып шықты. Олар: «Осы заманғы коммуникация құралдарының ар жағында ешқандай саяси күш, идеология тұрмаған, тек өздеріне тән «спецификалық жүйесіздіктің» арқасында көруші қауымның санасында атымен соны психологиялық революция жасаған «насихатшысыз насихатшы», – деп қаншама өзеуресе де, батыс қоғамындағы мәдениетті мәшинелендіру, адамдардың рухани өмірімен, әдебиет пен өнердің басқа да «дәстүрлі түрлерін» қуып шығу әрекеті – өз-өзінен болып жатқан стихиялық құбылыс емес, алдын ала ойластырылып, жүйелі жоспармен жүзеге асырылып жатқан саяси құбылыс екені ешкімге дау туғыза алмайды, – дейді [142].

Компьютер бағдарламалары көрерменді бірден баурап, елітіп әкелер небір жаңа идеялардың жүзеге асуына, экрандық өнімнің қызық та тартымды болуына барлық жағдайды жасайды. Осыған орай заманауи технологиялар дамып, экран контентінің түрі мен мазмұнының өзгеруі көпшіліктің сана-сезіміне әсер ететіні даусыз. Медиа мәдениетті философия тұрғысынан зерттеген В. М. Межуев ақпарат ағыны молаюына байланысты осы уақытқа дейін сан жылдар бойы

мәдениет пен әдебиеттің дамуына ықпал етіп келген жазба мәдениеттің орнына медиа мәдениет (ақпарат мәдениеті) қалыптасатынын айтқан еді [143]. Медиа мәдениеттің ерекшелігі – әлеуметтің бір сәттік қызығушылығын оятып, сол кезде ғана әсерленуіне бағытталып, адамның мәңгілік құндылықтардан (өмірдің мәні, ұлттық болмыс, т. т.) безініп, имманентті байланысының әлсіреуіне әкелуі мүмкін. Медиа мәдениет адамды бір күндік өмірін ғана ойлап, терең бойламауға әкеледі. Әлеуметтің «телевизия-аудитория» имманентті байланысы журналистердің цифрлы ортада қызмет ете білуін, телевизия өнімінің, бағдарламаның көпшілік тарапынан бағалануы, қолдау табуы тұрғысынан сипатталуы тиіс. Цифрлы ортада өнімін эфир, кабель, спутник, мобильді, интернет желісі арқылы тарататын телеарналар көбейіп, жергілікті телеарналардың сапасына, көпшіліктің сұранысын қанағаттандыра алмауына байланысты өнімдеріне сұраныс азайып кетуі мүмкін.

Телевизияның цифрлық платформаға ауысуы нәтижесінде белгілі бір ұлтқа ғана бағытталмай, әлемдік деңгейдегі ақпарат кеңістігіне арналған телеарналар көбейді. Экрандық өнімнің мазмұнын жасау үшін шығармашылық топқа басқа елдердегі адамдар тартылды. Телеарналардың шығармашылық тобы заманауи технологияны пайдалана отырып, жетіліп, өзгеріп отырады. Экран арқылы берілетін ақпараттық өнімнің тақырыбы қоғамдағы ең өзекті, көкейтесті мәселелерге арналып отыр. Ақпарат интегративті қызмет атқарып, қоғамды дамытуға, өзгертуге бағытталған жаңа идеялардың таралуына мұрындық боп отыр. Телевизия саласындағы ғылыми-техникалық прогресс әлеуметке бағытталып, көпшілік коммуникация арқылы тұрғындар арасында танымдық, әлеуметтік мәні бар дүниелер таратады. Конвергентті-интеграциялық үдеріс, технологиялық жаңалықтар телевизияның маңызын арттырды. Институционалды экономика тұтас жүйе ретінде инфрақұрылымын тез өзгертіп, жаңа бизнес идеялар құратын, әлеумет қажет еткен экран өнімін креативті, ерекше етуге тырысады.

Философтар, мәдениеттанушылар мен әлеуметтанушылар бұл үдерістерді технологияның дамуымен қатар демократиялық, ақпараттық қоғамның қалыптасуына түрткі болған «диалогтық мәдениеттің» қалыптасуымен, уақыттың тығыздығы, ақпарат ағынының молдығымен, көрермендердің телевизия арқылы өзіне сырт көзбен қарауға мүмкіндік алуымен байланыстырады. Ақпарат ағынының көптігі, «диалогтық мәдениет» жаңалық, сұхбат, ток-шоу сияқты телебағдарламаларда көрініс тауып, экран өнімін жасаушылар бағдарламаның уақыт талабына, көрермендер талабына сай болуын көздейді.

Телевизияның қоғамдық, саяси мәселелердің орнына күнделікті күйбең тірлікті көрсетуге ойысуы, көрермендердің бос уақытын жеңіл күлкі, бос сөзбен өткізуіне әлеуметтік ортада түрлі қайшылық, кереғар пікір тудырды. Осыған байланысты «бос уақыт» философиялық категориясы медиа қауымдастықта ойын-сауық, көңіл көтеруге кететін уақыт ретінде сипаттала бастады. Сол себепті телебағдарламалардың мазмұнына, шығармашылық ұстанымдарына қарсы топ пайда болып, «телевизия-аудитория» қайшылығы, мүдделер

кереғарлығы туындады. Оны институционалды және әлеуметтік мүдделердің таласы ретінде де сипаттауға болады. Телевизияны цифрландыруда технологиялық инновациялар мен телебағдарламалардың арасында, экрандық өнімді жасаушы шығармашыл ұжым мен әлеуметтің арасында себеп-салдарлық байланыс орнайды. Осыған байланысты бүгінгі таңда телевизияның жаңа ақпараттық-коммуникациялық ортаға ықпалын зерттеу мәселесі өзекті болып, бірнеше ғылым тоғысында зерттеуді, кешенді түрде жүйелі талдауды қажет етіп отыр.

Телевизия арқылы берілетін телебағдарламалардың 60-70%-ын ойын-сауық бағдарламалары құрайды, онда қатысушылардың тілі негізінен қарапайым сөздерден құралған. Мұндай бағдарламалар көбінесе қорқытып-шошыту, көзді арбап, сиқыр көрсету, біреуді әшкерелеу сияқты гедонизм сипатында келеді. Профессор Б. Момынова қазіргі кездегі бұқаралық ақпарат құралдарын оқылатын (визуалды) мерзімді басылымдар, тыңдалатын (аудиалды-радио), тыңдауға да, көруге де болатын (аудиовизуалды теледидар, деректі кино) ақпарат құралдары ретінде үшке жіктеп, олардың коммуникативті құрылымдары бір-біріне ұқсамағанмен, атқаратын қызметтері ұқсас екенін айтады [38].

Бәріне ортақ қызметтері (функциялары) ретінде

1) түрлі оқиға, факті мен ситуация туралы оқырманға, тыңдаушы мен көрерменге хабар жеткізу арқылы танылатын информациялық-ақпараттық функциясы;

2) белгілі бір факті, дерек туралы хабардар етіп, түсініккомментарийлер, баға беруге, анализ жасауға ұштасып жататын комментарийлық-бағалауыштық функциясы;

3) қандай да бір мәдени, тарихи, ғылыми сипатты информациямен таныстыру барысында сол информацияны қабылдаушының таным-түсінігін, білім-біліктілігін арттыруға септесетін – ағартушылық-танымдық функциясы;

4) қоғамдық пікір тудыру, оны қалыптастыру, адамдардың көзқарасын кеңейту және қоғамда болып жатқан инверсиялық өзгерістер мен науқандық, әлеуметтік-саяси акцияларды ұйымдастыру, өткізу кезінде, қайта құрулар мен ірі саяси оқиғалар, төңкерістер тұсында қоғам мүшелерінің дүниетанымына әсер ету функциясы;

5) кез келген информацияның таратылуы кезінде қабылдаушының эстетикалық талғамынан шығуы үшін тиімді тәсілдердің пайдаланылуы, сол арқылы жағымды эффектілер тудыруы – гедоникалық функциясын атайды [38].

Гедонизм бағытындағы шетелдік бағдарламалар негізінде Қазақстанда да бағдарламалар көбейді. Мысалы, Американың «Tru tv» арнасы бойынша берілген (жүргізушілері – Стив-О; Марк Макграт) «Killer karaoke» бағдарламасының негізінде Қазақстанда «НТК» арнасында «Караоке киллер» бағдарламасы (жүргізушісі – Дәулет Бижанов) жасалды. Сол сияқты Лондонның «ITV» арнасындағы «The X Factor» (жүргізушілері – Кейт Торнтон, Дермот О'Лири Дермот О'Лири, Кэролайн Флэк, Олли Мёрс) бағдарламасының негізінде Қазақстанда да «X Factor» (жүргізушілері – 1-маусым: Әділ Лиян; 2-6-

маусым: Арнур Истыбаев, 7-маусым: Данияр Жұмаділов) бағдарламасы пайда болды. Сол сияқты Түркияның «Atv» арнасындағы «Esra Erol» бағдарламасының негізінде (жүргізуші – Есра Ерол) Қазақстанның «Еуразия» арнасында «Қалаулым» (жүргізуші – Аша Матай) бағдарламалары пайда болды [144].

Бүгінгі таңда экран арқылы таратылатын ақпараттың дұрыстығы, шынайылығы басты орынға шығып отыр. Соның нәтижесінде көпшілік бұқара берілген ақпараттың негізінде өзіндік қорытынды, тұжырымдар жасап, болып жатқан оқиғаларға қатысты өзіндік көзқарасы, дүниетанымы қалыптасады, соған сәйкес баға беріп отырады. Осыған байланысты жаңа үлгідегі экрандық өнімдер жасалып, объективті шындыққа біршама жақын болу мақсаты көзделеді. Соңғы жылдары экран арқылы шындыққа көз жеткізуге бағытталған телебағдарламалар қатары көбейіп келеді. Ондай бағдарламалардың қатарында «КТК» арнасынан берілген «Наша правда» (жүргізушісі – Алексей Шахматов), «Астарлы ақиқат» (жүргізушісі – Дина Төлепберген), «ТНТ» арнасынан берілген «Окно» (жүргізушісі – Дмитрий Нагиев), т.с.с. атауға болады. Бүгінгі таңда телеарналарда шындықты табуға, дұрыстығына көз жеткізуге бағытталған мұндай бағдарламалар көбейіп келеді. Ондай бағдарламалардың қатарында «Еуразия» арнасынан берілген «Пусть говорят» (жүргізушісі – Андрей Малахов, кейін Дмитрий Борисов); «Қазақстан» арнасынан таратылған «Айтуға оңай» (жүргізушісі – Бейсен Құранбек), т.б. бағдарламаларды атауға болады. Осыған байланысты бүгінгі таңда институционалды жүйе ретінде телевизия көрермендердің дұрыс, шынайы ақпарат алуға деген талабын өзгертіп, жетіліп жатқанын көреміз.

Заманауи телевизияның бағдарламалары, ұстанымдары әлеуметтің сұранысын қаншалық қанағаттандыра алатыны, бағдарлама көпшіліктің қажетін қаншалық өтей алатыны, ұлттық мүддеге, қоғамның дамуына қаншалық сәйкес келетіні арнайы зерттеуді қажет етеді. Яғни телевизияның әлеуметке ықпалы, қоғамның дамуына әсері өзекті мәселелер қатарында саналады. Қайта құрылған телеарналар елімізге өзіндік ақпараттық кеңістік құруға мүмкіндік берді. «Хабар» және «Қазақстан» корпорациялары базасында республикалық жобалар іске қосылды, атап айтсақ, «24. kz» ақпараттық арна, «Kazakh TV» спутниктік ақпараттық-танымдық арна («CaspioNet» телеарнасы негізінде құрылды), «KazSport» спорт арнасы, «Білім» және «Мәдениет» білім беру арналары. 90-жылдары пайда болған ақпараттық бос орындар мәселесі ел ішінде жасалған сапалы контенттер (теле-радио бағдарламалары, сериалдар, көркем және деректі фильмдер) есебінен шешіле бастады.

«Қазақстан» телеарнасы ел аумағында мекендейтін әртүрлі диаспоралардың тарихына, мәдениетіне арналған бағдарламалар тарата бастады. «Единство.kz» бағдарламасы халықтар арасындағы бейбітшілікті, келісім мен достықты нығайтуға бағытталған мемлекеттің бейбітсүйгіш саясатын насихаттауға арналған. Сонымен бірге бағдарлама шеңберінде Қазақстан халқы Ассамблеясы мен республикадағы этномәдени бірлестіктердің қызметі белсенді насихатталды. «Бірлік» бағдарламасы ұлтаралық келісім мен төзімділікті



насихаттай отырып, танымдық-элеуметтік сипат алды. Қазақстанды мекендейтін әртүрлі ұлт өкілдері бағдарламаларда өз халқының мәдениеті, салт-дәстүрі, ділі жөнінде сыр шертті. «Хабар» агенттігі «Бірге біз – мықтымыз!» науқаны шеңберінде телебағдарламаларды іске қосты.

Отандық телеарналар да жаңа digital технологияларға бейімделіп келе жатқанын байқаймыз. Мысалы «Gakku», «Тої duman», «7-арна», «НТК» сынды коммерциялық арналардың Youtube арналарында миллионнан астам тіркелушілері бар. Арналардың барлығында қазір SMM бөлімдері бар, олар SMM редакторлары деп бөлінеді. Digital технологияларды пайдалану эфирден де жақсы көрсеткіштер көрсетіп отыр. Қазақстандық коммерциялық телеарналардың негізгі табыс көзі монетизация арқылы Youtube және Инстаграмнан келеді. Бұл арналардың бір жарым миллионға дейін тіркелушілері бар. Қазіргі таңда тіркелушілері миллионға жеткен 5-6 арна ғана бар. Алайда өзге арналар да бұл тенденцияға ілесуге күш салуда. Жақын арада көрермендердің негізгі шоғыры Youtube-қа көшеді деп күтілуде. XXI ғасырда рейтингті жоғалтып алмас үшін телеарналардың барлығы жаңа технологияларды пайдалануға мүдделі.

Тағы бір құрал ретінде телевизия сайттарын атап өтуге болады. Кез келген жаңа технологияны өз деңгейінде қолдана алатын телеарна сайтында LIVE жүйесі орнатылған. Бұл сол сәтте эфирде көрсетіліп жатқан бағдарламаны, жаңалықтарды тікелей сайттан қайталау, яғни кабельдік теледидар болмаса да, эфирді интернет арқылы көруге болады. Осының арқасында ZERO. KZ сайтындағы рейтинг бойынша телевизия сайттарының ішінде ktk. kz алғашқы ондықта, ал kaztrk. kz жиырмалықты түйіндеп отыр. Сондай-ақ жылдам интернет болса кабельді ақылы телеарналардың бағдарламаларын жүктеп онлайн көрсетіп отыратын сайттар пайда болды. Мысалы viks. tv және tivix. kz-тің эфирдегі уақыттан 5 минут кейін жүргенінен басқа кемшілігі жоқ, керісінше, кабельді теледидарға деген артық төлем болмайды.

Сайттың эфирден артықшылықтары:

- ыңғайлы таңдау
- тоқтатып, қайта жалғастыру мүмкіндігі
- арзандығы
- басқа да функцияларды еркін таңдау мүмкіндігі.

Телеарнадағы SMM-ге тоқталар болсақ, көп жағдайда элеуметтік желілердің ішінде телеарналар Youtube-қа көп көңіл бөледі. Қазақстан мен Ресейде телеэфирде болған бағдарламаны Youtube-қа қайта салуға болады. Осы арқылы қазіргі таңда телеарналар аудиторияны кеңейтіп қана қоймай, екі саладан да қомақты қаржы алып отыр. Ал Инстаграм, ВКонтакте, Фейсбукке (Қазақстанда көп қолданылатын элеуметтік желілер) бұл бейне өнімдерді толықтай салуға мүмкіндік жоқ [14ғ].

Экранда бейнеленетін ақпараттық мәдениет қоғам мүшелерінің медиаменталитетінде нақты болмыстан бөлек ақпараттық сана қалыптастырады. Ол таратылып жатқан ақпараттың нақты дәйектері мен эмпирикалық мәліметтеріне негізделеді. Осыған байланысты ақпараттық мәдениетке ие болған қоғам

негізінде өзіндік медиа өркениет пайда болады. Ол көпшіліктің коммуникация құралы, телевизия құралдары арқылы қалыптасатын медиа болмысқа негізделеді. Осы медиа болмыс нені басшылыққа алады? Белгілі бір кезеңде қалыптасқан әлеуметтік институттың мәні мен мәнісі неде? Әр тарихи кезеңде қоғам мүшелерінің сана-сезімін өзгертуге бағытталған, рухани-зияткерлік жағынан жетіліп, өзгеріп отыратын мақсат-мүдде болады. Сол себепті қоғам өзгерген сайын адамдардың да мақсат-міндеті өзгеріп, толысып отырады. Мұндай өзгерістер үшін медиа өкілдері қарқынды дамып жатқан заманауи технологияға иек артады.

Заманауи масс медианың технологиялық жағынан да, концептуалдық жағынан да жандануы, сол арқылы телевизияда экран өнімінің жаңа түрлері мен жанрларының қалыптасуы көпшіліктің коммуникация құралына да елеулі өзгеріс әкеледі. Масс медианың негізгі құралына айналған телевизия ақпарат кеңістігін ұлғайта отырып, постиндустриалды қоғамда жаңа білім қалыптастыруды көздей ме? Мәдени-ағартушылық қызметін атқара ала ма? М. Мамардашвилидің тұжырымдауы бойынша, білімін жетілдіруде адам өзіне дейінгі аға ұрпақтың ақыл-кеңесіне сүйенбей-ақ өзінше ойлауға, өз бетінше әрекет етуге дағдыланады [146]. Осыған байланысты қоғамның дамып, жетілуі де аға буын өкілдерінің мақсат-мүддесімен сәйкес келмеуі, тоғыса бермеуі де мүмкін. Осыған байланысты заманауи технологияның қарқынды дамуы экрандық өнімдердің мазмұны мен түрін өзгертумен қатар ақпарат кеңістігін ұлғайтып, мүлде жаңа, соны ақпараттық сана қалыптастырады. Сол себепті телевизияның әлеуметтік ортаға қандай сана қалыптастыратыны, нені сіңіретіні туралы мәселе қоғамның әрі қарайғы дамуы үшін өте маңызды. Қарқынды дамып, жетіліп жатқан озық технологияның көмегімен өркениетке ұмтылған жастар үшін де бұл мәселе өте маңызды болмақ.

Жеңіл-желпі, сәттік қызығушылық оятатын бағдарламалардың негізінде ақпараттық қоғамда «халық журналистикасы» етек алды. Соның нәтижесінде медиа ақпаратты дайындап, таратуда үстемдігінен айырылып, кәсіби деңгейге мән берілмей қалады. «Өтпелі кезеңдегі бұл флуктуацияны қалай еңсеруге болады?» деген мәселенің өзектілігі артып, 1) телевизияның әлеуметтік мәні, тұтас институционалды жүйе ретіндегі сипаты; 2) экран өнімін жасайтын шығармашыл топтың қызметі; 3) аудиовизуалды өнімнің семантикалық сипаты, әлеумет үшін маңызы екшеліп, сараптала бастады. Көпшіліктің коммуникациялық ортасының мәдениетке қатысы, ұлттық мәдениетті дамытудағы қызметіне де ерекше көңіл бөліне бастады. Экрандық мәдениеттің басым түсуіне байланысты әлеуметтік-мәдени жаһандану үдерісінде ақпарат мәдениетінің негізгі тұлғасы қандай екеніне де мән беру қажет.

Масс медианың қызметі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына, ақпараттық қоғамның қалыптасуына ықпал етіп отыр. Жаңа білім жан-жақты, көп қырлы адамның, инновациялық өзгерістерді қабылдай алатын адамның қалыптасуында маңызды факторға айналып отыр. Жаңадан қалыптасып жатқан ақпараттық-коммуникациялық орта медиа, телевизия саласында күрделі құрылымды жүйенің орнығуына түрткі болып отыр. Соған сәйкес әлеуметтің

ақпарат алу, оны меңгеру тәсілдері өзгеріп, тұтынушылардың медиа, телевизияға қоятын талаптары күшейе түседі. Сол себепті телевизия қоғам дамуына, заман үдерісіне сәйкес сапасы да жаңа, мазмұны да ерекше ақпарат өнімін жасауға тырысады. Конвергенция, интеграция үдерісі ақпарат таратумен қатар олардың креативті, жаңаша болуын талап етіп отыр. Телевизияның әлеуметтік ахуал қалыптастырудағы қызметін зерттеу нәтижесінде медиа кеңістікте болып жатқан өзгерістерді бағамдап, масс медианың экрандық өнімінің әлеуметтік ортаға ықпалын анықтауға болады. Цифрлық технологияны жетілдіріп, жекелеген адамдардың, халық, мемлекеттердің өзара қарым-қатынасы үшін жаңа технологиялық платформаларды пайдалану нәтижесінде коммуникациялық инфрақұрылымның ауқымы да ұлғайып, жаңа қауымдастық қалыптастырды. Елдер, мегаполистер, елді мекендер коммуникация ағынының концентраторына айналып, ақпарат таратушы орталық есебінде болып отыр.

Қазіргі кезде телевизия экран арқылы берілетін ақпараты арқылы сондай әлеуетті күшке айналып отыр. Осыған байланысты күнделікті өзгеріп, жетіліп жатқан конфигурация, әлеуметтік-мәдени жаһандануға бағытталған ақпараттық-медиа ағынның экстенсификациясы мен интенсификациясын қадағалап отыру қажет. Телевизия саласындағы ғылыми-техникалық прогресс әлеуметке бағыттталып, көпшілік коммуникация арқылы тұрғындар арасында танымдық, әлеуметтік мәні бар дүниелер таратады. Конвергентті-интеграциялық үдеріс, технологиялық жаңалықтар телевизияның маңызын арттырды. Институционалды экономика тұтас жүйе ретінде инфрақұрылымын тез өзгертіп, жаңа бизнес идеялар құратын, әлеумет қажет еткен экран өнімін креативті, ерекше етуге тырысады. Осылайша, телевизияны цифрландыруда технологиялық инновациялар мен телебағдарламалардың арасында, экрандық өнімді жасаушы шығармашыл ұжым мен әлеуметтің арасында себеп-салдарлық байланыс орнайды. Осыған байланысты бүгінгі таңда телевизияның жаңа ақпараттық-коммуникациялық ортаға ықпалын зерттеу мәселесі өзекті болып, бірнеше ғылым тоғысында зерттеуді, кешенді түрде жүйелі талдауды қажет етіп отыр.

Зерттеушілер қоғамды әрдайым өзгеріп, жетіліп отыратын әлеуметтік орта ретінде сипаттайды [4]. Ол ұлттың дамуы үшін оң нәтиже беретін өзгеріс болуы да, керісінше, құрдымға тірейтін теріс бағыттағы өзгеріс болуы да ықтимал. Қоғамда технология, экономика, мәдениет дамыған сайын медиа құрылымдар мен телевизия да өзгеріп, жетіліп отырады. Соның нәтижесінде телебағдарламалардың түрі мен жанрлары өзгеріп, технологиялық платформасы жетіліп отырады. Соған байланысты телевизия мен аудиторияның арасында экрандық өнімді мақтаушылар мен даттаушылар қатарының имманентті байланысы орнайды. Сол себепті әлеуметтік кеңістіктің ұжымдық санаға қалай ықпал ететіні, қандай ақпарат беретіні, ол ақпараттың неге бағытталғанын зерттеу қажеттігі даусыз.

Бұл бағыттағы зерттеулерді филология шеңберінде ғана талдау аздық етеді. Себебі телевизияның бүгінгі қарқыны философ, әлеуметтанушы, психолог, мәдениеттанушы, экономист, технология саласындағы мамандардың бірлесе

жұмыс істеуін қажет етіп отыр. Компьютер саласының мамандарының табыстары, жетістіктері телевизияның жандана түсуіне, медиаортаның, жалпы әлеуметтің жетіле түсуіне түрткі боп отыр.

Сөз мәдениеті саласын терең зерттеушілердің бірі, орыс ғалымы Б. Головин сөздің төмендегідей қатысымдық сапаларын атаған болатын:

- 1) сөздің дұрыстығы (точность речи);
- 2) сөздің тазалығы (чистота речи);
- 3) сөздің дәлдігі (ясность речи);
- 4) сөздің логикалығы (логичность речи);
- 5) сөздің мәнерлілігі (выразительность речи);
- 6) сөздің бейнелілігі (образность речи);
- 7) сөздің қолжетімділігі (доступность речи);
- 8) сөздің өтімділігі (действенность речи);
- 9) сөздің орындылығы (уместность речи);
- 10) сөз байлығы (богатство речи) [147].

Ал А. Байтұрсынұлы, М. Балақаев, М. Серғалиев, Н. Уәли, Б. Шалабай бастаған бір топ қазақ ғалымдары сөздің *дұрыстығы, дәлдігі, логикалығы, байлығы, тазалығы, мәнерлілігі, қысқалығы мен нұсқалығы* секілді сапаларын негіздеп көрсеткен [22].

Телевизияның технологиялық платформасы жаңа аудиовизуалды өнімдерді шығуына түрткі болумен қатар жаңа жанрлардың пайда болуына алғы шарт болып отыр. Телевизия теориясында шынайылық түрлі қырынан қарастырылуда: телебағдарламалар жетілдіріліп, медианарықтың түрлі сегменттерінде жанрлар көбеюде. Экран арқылы көрсетілген болмыс әлеуметтік кеңістікке де ықпал етуде. Реалити-шоулармен қатар нақты уақыт аралығындағы түрлі ойындар (reality show games), жасырын камералар (hidden camera) да пайда болды. Сол арқылы нысанға алынған адамның ұйымдастырылған жағдаятты қалай қабылдағанын көрсету арқылы шынайы болмысын ашуға тырысады. Телевизияны цифрландыруда технологиялық инновациялар мен телебағдарламалардың арасында, экрандық өнімді жасаушы шығармашыл ұжым мен әлеуметтің арасында себеп-салдарлық байланыс орнайды. Осыған байланысты бүгінгі таңда телевизияның жаңа ақпараттық-коммуникациялық ортаға ықпалын зерттеу мәселесі өзекті болып, бірнеше ғылым тоғысында зерттеуді, кешенді түрде жүйелі талдауды қажет етіп отыр.

Телевизияның ерекшелігі осы уақытқа дейін толыққанды зерттеле қоймады. БАҚ-ты зерттеу әдіснамасында телевизияның әлеуетін, қызметін анықтайтын нақты тұжырымдамалық, құрылымдық модельдер айқындала қоймады. Телевизияның қызметі нақты жіктеле қоймады. Ресейде де, шетелде де бұл бағытта бірқатар зерттеулер болғанымен, теориялық негіздемелер әлі де толықтыруды, жетілдіруді қажет етеді. Мәселен, нарық жағдайында телевизияның қызметі, оны қай тұрғыдан (әлеуметтік институт ретінде немесе бизнес көзі ретінде) сипаттау қажет екені де бүгінгі таңда нақтылана қоймады.

Бүгінгі таңда бұқаралық ақпарат құралдарында бірқатар өзгерістер орын алды: 1) БАҚ-тың ақпараттық қызметі күшейді; 2) адресант пен адресаттың

арақатынасы өзгерді; 3) жанрлық жүйесі өзгерді; 4) түрлі топтардың БАҚ стилистикасы өзгерді [148]. БАҚ сапалық жағынан да, сандық жағынан да өзгерді, интернет желісінде мәтіннің жаңа түрлері, диалог түрлері көбейіп келеді; жекелеген әлеуметтік топтар БАҚ-тағы сөйлеу үлгілеріне бейімделе бастады; публицистикалық стиль демократияланып, бұқаралық коммуникацияның тіліндегі шектеулер азайды; тілдік қолданыстар сәнге айналды; БАҚ-та америкалықтардың қолданысы көбейді.

Сонымен, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы

- 1) ақпарат жеткізіледі (жаңалық, қоғамдағы өзгерістерден хабардар етеді);
- 2) ақпаратқа баға беріліп, сарапталады (ақпаратты жеткізу барысында автор соған қатысты өзіндік ұстанымын, көзқарасын да білдіреді;
- 3) танымдық ақпарат жеткізіп, оқырманның ой-өрісін арттырады (ғылым-білім, тарих, өнер, саясатқа қатысты ақпарат жеткізеді);
- 4) ықпал етеді (ақпарат жеткізе отырып, оқырманға әсер етуді көздейді, бұл қызметі әсіресе сайлау қарсаңында анық көзге түседі);
- 5) геоденистік қызмет атқарады (адресаттың (тыңдарманның, оқырманның) көңілін көтереді, рахатқа бөлейді).

### **3.2 Эмотивті-бағалауыштық лексиканың берілуіндегі «өзім-өзге» оппозициясы**

Бүгінгі таңда мәдениетаралық коммуникациядағы бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі мен орны туралы мәселе өзекті болып отыр. Бұл мәселені арнайы сөз еткен А.Н. Качалкин [149], Т.А. Комова [150], Т.В. Козлова [151], В.В. Миронов [152], т.с.с. зерттеушілер БАҚ-тағы сөйлеу этикетінің ұлттық-мәдени ерекшеліктері, көп алдында сөйлеу, БАҚ-тың әлеуметтік номинация тудырудағы қызметі [150], БАҚ-та көрініс тапқан тіл, мәдениет концептілері туралы [151], заманауи поп-мәдениетті қалыптастырудағы БАҚ-тың орны туралы [152], т.б. сөз болады

БАҚ арқылы жүзеге асатын коммуникация «бұқаралық коммуникация» деп аталады. Алайда В.Б. Кашкин бұл терминнің дұрыс еместігін ескерте келіп, анығында, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы барлық адамдар коммуникация жасамайтынын, әлеуметтік топтар ғана қарым-қатынас жасайтынын айтады [153]. БАҚ-та мәтінді белгілі бір автор жібергенмен, ол бір әлеуметтік топтың атынан сөйлеп, соның мүддесін көздейді. Мәтінді қабылдаған көпшілік коммуникацияға араласа алмайды, оның мүмкіндігі шектеулі, ол қабылдап, хабарламаны когнитивті тұрғыдан түсінумен ғана шектеледі. Яғни медиамәтін адресант пен адресаттың арасында, ақиқат болмыс пен реципиенттің когнитивті бейнесінің арасында делдал қызмет атқарады.

Қазіргі кездегі бұқаралық ақпарат құралдарында да реципиент мақаланың авторына немесе телерепортаждың авторына сұрақ қоя алмайды. А.А. Волков мұны «аудиторияны басу» («подавление аудитории») деп атап: «Массовая информация исключает диалог с получателем, который не может

ответить на телевизионное сообщение телевизионным сообщением, получатель утрачивает индивидуальность, ибо воздействие текста носит статистический характер и формирует так называемое общественное мнение», – дейді [154]. Бұқаралық коммуникацияны арнайы зерттеп жүрген ғалым – С. Московичи де медиахабарламаның біржақтылығын, диалог орнатуға мүмкіндік берілмейтінін айтып, оны «поляризация» деп атайды [155]. Бүгінгі таңда бұқаралық ақпарат құралдарындағы интерактивті формалар қолданылғанмен, жағдай өзгере қоймады. Себебі онда көп адам сұрақ қоя алмайды. Кері байланысқа шыққан кезде сол бойда нақты жауап берілмегендіктен, мәні жоғалады [156]. Пассив көрермен-тыңдаушының позициясына түсумен қатар реципиент ақпараттың дұрыстығын тексере де алмайды. Мәтін қоғамдық пікірді қалыптастыратындықтан, БАҚ-тағы коммуникативті асимметрия реципиенттің (қабылдаушының) өз пікірін айтуына мүмкіндік бермейді [157].

Жекелеген адамдардың қоршаған ортаны, айналаны қабылдауы әртүрлі болғанымен, атадан балаға мирас болатын құндылықтар жүйесі, ана тілі, ата дәстүрі ұлтқа ортақ болады. Әр ұлттың өзіндік дүниетанымы, құндылықтар жүйесі, өзіндік тарихы, ұстанымы болғандықтан, ғалам бейнесінде де, эмотивті-бағалауыштық лексикасында да өзгешелік болады. Сол себепті филология ғылымдарының докторы Қ. Айдарбек: «Ғаламның тілдік бейнесінің әр этноста әртүрлі болуы сол халықтың тәжірибесімен, білімімен байланысты, өйткені тілдік таңбаның таңбалау қызметі экстралингвистикалық факторлардың тікелей байланысында емес, адамның көрген-білгені, ойға түйгені білімінің негізі болып табылады. Әр ұлттың, халықтың өмірлік тәжірибесі әртүрлі болғандықтан, ғаламның тілдік бейнесі де, сол қоғамда өмір сүрген адамдардың тәжірибесі де әртүрлі болады. Сондықтан тілдік тұлға ретінде олардың когнитивтік санасындағы ғаламның тілдік бейнесінде айырмашылықтар болады», – дейді [158].

Заманауи технологияның қарқынды дамуы экрандық өнімдердің мазмұны мен түрін өзгертумен қатар ақпарат кеңістігін ұлғайтып, мүлде жаңа, соны ақпараттық сана қалыптастырды. Сол себепті телевизияның әлеуметтік ортаға қандай сана қалыптастыратыны, нені сіңіретіні туралы мәселе қоғамның әрі қарайғы дамуы үшін өте маңызды. Қарқынды дамып, жетіліп жатқан озық технологияның көмегімен өркениетке ұмтылған жастар үшін де бұл мәселе өте маңызды болмақ.

Эмоция вербалды, бейвербалды түрде, түрлі деңгейде көрініп, әр ұлттың өзіндік ерекшелігін сипаттайды. Мәдениетаралық қатынаста түрлі мәдениет өкілдерінің эмоциясын дұрыс түсініп, қабылдай білу керек. Әсіресе вербалды коммуникацияда өзара тіл табысып, толыққанды диалог орнату үшін ол аса маңызды. Арабтар мен латынамерикалықтар эмоцияларын жасырмай, ашық жеткізсе, ағылшындар, қытайлар мен жапондар эмоциясын білдіре бермейді. Орыс тілі мен қытай тілінде бірқатар эмотивті-бағалауыштық мәнді тіркестер ұқсас болып келеді: *колючий, как еж (сян цы вэй и ян чжа жэнь), хитрый, как лиса (сян ху ли и ян цзяо хуа), драчливый, как петух (сян гун цзи и ян хао доу), упрямый, как осел (сян люй и ян цзюэ цзян), грязный, как свинья (сян чжу и ян ан цзан), здоровый, как бык (сян ню и ян цзянь чжуан), скользкий, как угорь*

(сян нянь юй и ян хуа), назойливый, как муха (сян цан ин и ян тао янь), трудолюбивый, как муравей (сян ма и и ян цинь лао), коварный, как змея (сян шэ и ян инь сянь), неуклюжий, как медведь (сян сюн и ян бэнь) [159].

Алайда әр ұлттың өзіндік дүниетанымына сәйкес ерекшеліктер де бар. Мысалы, орыс тілінде қорқақтық қоянмен байланыстырылса (трусливый, как заяц), қытай тілінде қорқақтық тышқанмен байланыстырылады (сян лао шу и ян дань сяо), орыс тілінде қой ақымақтықпен байланыстырылса (глупый, как баран), қытай тілінде момындықпен, көнбістікпен байланыстырылады (сян ян и ян вэнь шунь). Сол сияқты орыстар тасбақаны жайбасар, асықпайтын кісіге қатысты қолданса, қытай тілінде тасбақа көп жасаған кісіге қатысты қолданылады. Орыс дүниетанымын білмейтін қытайлықтар тварь ('мерзкий, подлый человек'), тряпка ('безвольный и слабохарактерный человек'), павлин ('гордый и самолюбивый человек'), шляпа ('растяпа'), мешок ('неуклюжий человек'), байбак ('ленивый человек'), пугало ('уродливый человек'), сопля ('слабый человек'), каракатица ('коротконогий и неуклюжий человек'), гусь ('заносчивый человек'), кит ('человек, на котором держится все дело'), сорока ('болтливый человек'), трещотка ('человек, который громко, без умолку говорит') сияқты сөздердің астарын түсіне алмайды. Сол сияқты орыстар да қытай тіліндегі ши цзы ('вошь') – 'отвратительный человек', хуан ню ('бык') – 'человек, занимающий спекуляцией', сяо мянь ху ('улыбающийся тигр') – 'вероломный и двуличный человек', яо гуань цзы ('горшок для варки лекарства') – 'вечно больной', фань тун ('кадка для риса') – 'никудашный человек', хуан шу лан ('хорек') – 'лицемерный человек', по се ('старая обувь') – 'женщина, занимающаяся развратом', шоу хоу ('худая обезьяна') – 'худой человек', чоу чун ('клоп') – 'отвратительный человек', ди тоу шэ ('местная змея') – 'глава местной мафии', луо цзы ('мул') – 'деловитый человек', цюй ('опарыш, личинка мухи') – 'ничтожный человек' сияқты сөздердің астарын түсінбейді.

Қазақ дүниетанымында *ақ түс* жақсылықтың, мейірім, пәктіктің белгісі болса, *қара түс* жамандық, қайғы нышаны ретінде сипатталады. Соған байланысты жақынынан айырылып, қайғылы оқиғаға душар болғанда аза тұтып, қара жамылған, қара түсті киім киген. Ал үнді халқында мәйітті ақ матамен жапқан, жесір қалған әйел ақ киім (сари) киген. Орыс халқы көздің көк, көкшіл болуын сұлулықтың символы санаса (*глаза как море, глаза как небо*), қазақ дүниетанымында *көк көз* жағымсыз мәнде қолданылады: *көзі көкшиген, шегір көз, көзі тұздай*. Профессор Р. Авакова мен А. Нурмухамбетова қазіргі қазақ тілінде «көз» сөзімен байланысты *қызыл көз, қара көз, қарақаттай көз, бота көз, тана көз, мөлдір көз, күлім көз, қой көз, бадана көз, құралай көз, жәудір көз, айнам көз, нәркес көз, ақ көз, бадырақ көз, ала көз, ескі көз, көне көз, оң көз, аңғал көз* т.б. тілдік бірліктер қолданылатынын айтады [160]. Қазақтар үшін *қара көз, бота көз, құралай көз* сұлулықтың символы болса, орыс тілінде ондай мәнде қолданылмайды.

Орыс тілінде «с характером» тіркесі «сноровом, своенравный, самовольный, волевой, норовистый, воеобычный, своевольный, железная воля, своеобычный, характерный, капризный, нравный» сияқты мәнде қолданылса,

қазақ тілінде «мінезді» сөзі жағымды мәнде қолданылады. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» *мінезді* сөзі «Мінезге бай, кең» түрінде сипатталып, *Ол өте мінезді, тілінен де, қолынан да келетін пысық әйел боп шықты* (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті). *Жәнібек маған бұл дүниедегі мінезді, өнерлі жан сол жігіт боп елестеді де тұрды* (А. Жақсыбаев, Егес). *Мінезді болса алғанын, Одан артық жар бар ма? Екі жаман қосылса, Күнде жанжал, күнде шу* (Алдаспан) сияқты тілдік дәйектер келтірілген [35].

Ал орыс тіліндегі «с норовом, своенравный, самовольный, волевой, норовистый, своеобычный, своевольный, железнаяволя, своеобычливый, характерный, капризный, нравный» сияқты мәндер «мінезсіз» сөзіне қатысты қолданылады. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» *мінезсіз* сөзі «Мінезі нашар. Осы бір мінезсіз, сүйкімсіз жігіттер Шынар көңіліне күдік бұлтын тастап кете бергені рас-ты (М. Дүйсенов, Ант). Анасына тартқан мінезсіз Балкүміс жетім көпірге тіл тигізіп, жаралы жанын тырнап тастай ма деп қорқып жүр (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Бүгінгі елтен-селтен, қалтаң-құлтаң, Шойқы етік, шолақ шашпау, қиқаң-сиқаң, Жария жалаң балтыр, жалаңаш төс, Мінсіз, бейпіл ауыз, бұртаң-бұртаң (Ғ. Қайырбеков, Көнсадақ)» түрінде берілген [35].

Қазақтар сабырлық танытып, мінезін көрсете бермеуге тырысады. Эмоция бейберекет көрсетіле бермейді. Мәселен, қазақтарда үлкенді сыйлау, ер адамға кезек беру, үлкеннің сөзін бөлмеу, пікірі сәйкес келмей жатса да, сыпайылық таныту сияқты ұлттық дәстүр ескеріледі. Мәдениетаралық қатынаста эмоцияны дұрыс түсініп, қабылдай білу керек. Түрлі мәдениет өкілдері эмоциясын түрліше білдіруі мүмкін. Ағылшындар эмоцияларын сыртқа шығара бермейді, ал орыстар, керісінше, өздерін еркін ұстайды. Осыған байланысты орыстар ағылшындарды тым ұстамды, суық халық ретінде қабылдаса, ағылшындар орыстарды «тым ұшқалақ, әсершіл халық» деп есептейді. Ю. Кульбит: «Сдержанные англичане» в общении часто демонстрируют удивительную эмоциональность и экспрессивность, давая завышенную оценку как собеседнику, так и всему происходящему и наблюдаемому «It's absolutely marvelous. – Это совершенно чудесно. I really love it. – Мне очень-очень нравится /You are absolutely fantastic. – Ты совершенно фантастический /That's brilliant. – Это просто блестяще». В то же время «эмоциональные русские» в повседневном общении ведут себя более сдержанно, по сравнению с англичанами. Чтобы понять данные противоречия, как и вообще особенности проявления эмоций в разных культурах, следует различать такие понятия, как эмоциональность и эмотивность. В первом случае эмоции носят естественный, спонтанный характер, являются открытой демонстрацией чувств (это эмоции для себя); во втором – проявление эмоций носит преднамеренный характер и представляет собой определенную стратегию коммуникативного поведения, направленную на собеседника (это эмоции для других)», – дей келіп, орыстармен салыстырғанда ағылшындардың коммуникациясында эмотивтілік басым екенін айтады [161]. Зерттеуші эмоцияны бағытталуына қарай жіктей отырып, қасындағы кісіні сөзге тарту, әсерімен бөлісу мақсатында айтылған эмоциялы сөзді «эмотив» деп атайды да өз әсерін білдірген қолданыстарды «эмоционалдылық» деп атайды.



Сол себепті Ю. Кульбит: «ағылшындарға эмотивтілік тән, орыстарға эмоциялық тән», – дейді [161].

Түрлі мәдениет өкілдеріндегі эмоциялардың көрінісін түсіну үшін эмоциялылық пен эмотивтілік сияқты ұғымдарды ажырата білу керек. Эмоциялылықта эмоция шынайы, стихиялы сипатта болып, сезім анық көрінеді, сол арқылы субъект өзінің көңіл күйін білдіреді; эмотивтілікте эмоция әдейі көрсетіледі де эмоция басқа адамға бағытталады. Адам ішкі сезімін, көңіл күйін интонация, дауыстың құбылуы, дауыс қарқыны, екпін, тез сөйлеу, ым-ишара арқылы білдіре алады. Бір сөйлемді түрліше жеткізуге болады. Ж. Вандриес сезім, көңіл күй тілдік бірліктермен берілгенде ғана лингвист үшін маңызды болатынын айтады [162].

Эмоционалды күйді білдіретін сөздерді талдау арқылы түрлі мәдениет өкілдерінің дүниетанымын, құндылықтар жүйесін айқындауға болады. Орыс тілінде «паук» сөзі ауыспалы қолданысында жағымсыз мәнге ие болады: *Вы эксплуататор, паук, из-за вашего кровопийства я живу в нищете, у меня нет ни хлеба, ни дров* (К.И. Чуковский Короленко в кругу друзей). *Но как всё это существует в минуту капитализма, то имеется так же противный класс в трех вёрстах, а именно бывший паук, то есть помещик Тарантаев, который, конечно, сосал нашу кровь, а обратно из-за границы привозил себе всевозможные предметы в виде голых статуй, и эти статуи у него в саду расставлены почём зря, особенно одна с копьём, в роде бог – конечно, не наш православный, а так себе* (Е.И. Замятин Слово предоставляется товарищу Чурыгину). *В конце XV века Людовик XI, хитрый король-паук, продолжил дело своих предшественников, собрав воедино расползающуюся по швам страну и покончив с независимостью Бургундии и ее рафинированной придворной культурой* (Алексей Тарханов, Алексей Асланянц, Дмитрий Бегляров Париж). *Мерзок русский человек в похоти, мерзок; глист, паук, мокрица, гадюка – и то не мерзее!..* (С.И. Шуляк Квартира номер девять. Роман с чертовщиной).

Соған сәйкес «паук» сөзінің ауыспалы мәні «Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде» «Перен. Символ жестокой и ненасытной жадности, эксплуатации»; «Қазіргі орыс әдеби тілінің сөздігінде» «перен. разг. О жестоком человеке, эксплуатирующем чужой труд, вымогающем у другого последнее достояние»; «Орыс тілінің сөздігінде» де, «Үлкен түсіндірме сөздікте» де «разг. О том, кто жестоко эксплуатирует кого-л.» [163] түрінде берілген.

Ал қазақ тілінде «өрмекші» сөзі мұндай мәнде қолданылмайды. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» бұл сөздің ауыспалы мағынасы мүлде көрсетілмеген:

**Өрмекші**<sup>1</sup> з а т. з о о л. 1. Тор құрып, шыбын-шіркейді аулап қоректенетін жәндік. 2. <лат. aranei> Құрлықта тіршілік етіп, өкпемен және трахеямен тыныс алатын, бас-көкірек бөлімінде алты жұп аяқтары орналасқан буынақты жыртқыш жәндік [156, 202-б.]. Яғни қазақ дүниетанымы мен орыс дүниетанымының алуан түрлілігіне байланысты сөздің коннотат мәндерінде ерекшелік болатынын аңғарамыз. Екі тілдегі ғаламның тілдегі көрінісінде бірқатар өзгешеліктер болуына байланысты аударма барысында «паук» сөзінің ауыспалы мәнін «өрмекші» түрінде бере салуға болмайды. Себебі «өрмекші» сөзі

қазақ дүниетанымында орыс тіліндегідей жағымсыз мәндегі ассоциация тудырмайды.

Зерттеуші С. Бектемирова «ит» семасына қатысты тілдік бірліктердің негізгі мағынасынан қолданыстағы мағынасы (*сенен аяғанды ит жесін, ит рәсуасы шықты, ит өмір*, т.с.с.) көп екенін айта келіп, оның себебін адамның жағымды, жағымсыз әрекеттерімен, сезім жағдайы мен эмоциясы, адамның жеке басымен, іс-қимылы, тұрмыс-тіршілігімен және т.б. байланыстырады [164].

Эмотивті-бағалауыштық лексиканы талдауда коммуникация мен түсіністікке ерекше мән беріледі. Коммуникация сәтті болуы үшін сөйлесушілер (коммуниканттар) бір-бірін түсінулері керек. Түсіну бағалаумен тығыз байланысты. Өзге ұлттың мәдениетін, әдебиетін түсіну үшін адам алдымен оны өз деңгейінде, өз ұлтының мәдениеті, әдебиеті тұрғысынан бағалайды. Қазтуған жыраудың

*Салп-салпыншақ анау үш өзен –  
Салуалы менім ордам қонған жер,  
Жабағылы жас тайлақ  
Жардай атан болған жер,  
Жатып қалып бір тоқты  
Жайылып мың қой болған жер,  
Жарлысы мен байы тең,  
Жабысы мен тайы тең,  
Жары менен сайы тең,  
Ботташығы бұзаудай,  
Боз сазаны тоқтыдай,  
Балығы тайдай тулаған,  
Бақасы қойдай шулаған,  
Шырмауығы шөккен түйе таптырмас,  
Балығы көлге жылқы жаптырмас,  
Бақасы мен шаяны  
Кежідегі адамға  
Түн ұйқысын таптырмас,  
Қайран менің Еділім,  
Мен салмадым, сен салдың,  
Қайырлы болсын сіздерге  
Менен қалған мынау Еділ жұрт! –*

деген жыр жолдарын оқып өскен қазақ баласы үшін Бородино шайқасында француздардан ойсырата жеңілген орыс әскерінің қалаға өрт қоюының себебін түсінуі қиын. Сол сияқты И.С. Тургеневтің «Муму» атты әңгімесіндегі Герасимнің әрекетін түсініп, қабылдауы да оңай болмайды. Жазықсыз, өзі ерекше жақсы көретін итінің мойнына кірпіш байлап, суға батырып жіберген Герасим қазақ оқырманы үшін жағымсыз кейіпкер ретінде қабылдануы ғажап емес. Алайда И.С. Тургеневтің баяндауында ол – жағымды кейіпкер: «Он бросил весла, приник головой к Муму, которая сидела перед ним на сухой перекладке – дно было залито водой – и остался неподвижным, скрестив могучие руки у ней

на спине, между тем как лодку волной помаленьку относило назад к городу. Наконец Герасим выпрямился, поспешно, с каким-то болезненным озлоблением на лице, окутал веревкой взятые им кирпичи, приделал петлю, надел ее на шею Муму, поднял ее над рекой, в последний раз посмотрел на нее... Она доверчиво и без страха поглядывала на него и слегка махала хвостиком. Он отвернулся, зажмурился и разжал руки... Герасим ничего не слышал, ни быстрого визга падающей Муму, ни тяжкого всплеска воды; для него самый шумный день был безмолвен и беззвучен, как ни одна самая тихая ночь не беззвучна для нас, и когда он снова раскрыл глаза, по-прежнему спешили по реке, как бы гоняясь друг за дружкой, маленькие волны, по-прежнему поплескивали они о бока лодки, и только далеко назади к берегу разбегались какие-то широкие круги».

Дүниетанымы, көзқарасы, ұстанымы, ділі, аялық білімі әртүрлі болғандықтан, өзге ұлт өкілдерінің шығармаларын қабылдап, түсіну қиынға соғады. Мұндай тартыс өзге ұлт өкілдерінің, түрлі мәдениет иелерінің арасында ғана емес, бір ұлт өкілдерінің арасында да болуы әбден мүмкін. Абай Құнанбайұлы өлеңдерінде өзін түсінетін адам болмағандықтан, «мыңмен жалғыз алысқанын» айтады:

*Жүрегіңнің түбіне терең бойла,  
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.  
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,  
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!  
Иште қайғы, дерт пысып,  
Көкіректі өрт қысып,  
Айтуға көңілім тербенді.  
Өзің жалғыз, надан көп,  
«Ұқтырасың сен не?» – деп,  
Әулекі, арсыз елге енді?*

*Қадірлі басым,  
Қайратты жасым  
Айғаймен өтті, амал жоқ.  
Болмасқа болып қара тер,  
Қорлықпен өткен қу өмір.*

*Сыбыр боп сөзі,  
Мәз болып өзі,  
Ойланар елдің сиқы жоқ.  
Баяғы құлық, бір алдау,  
Қысылған жерде жанжал-дау.*

«Сегіз аяқ» өлеңінде шоғырды «Атадан алтау, анадан төртеу, жалғыздық көрер жерім жоқ, ағайын бек көп» деп бастағанмен, «Моласындай бақсының Жалғыз қалдым – тап шыным!» – деп аяқтайды. Себебі аялық білімі өзімен тең

келетін, өзін түсіне алатын, қабылдай алатын адамның аздығына налиды. Патша үкіметінің бодауына түскен халқын оқуға, өнер-білімге шақырып, дұрыс жолды көрсеткенмен, көпшілік өзінің сөзін ұқпай жатқанына қайғырады. Бұл ой ғұламаның қара сөздерінде де сабақтастық тапқан. 37-қара сөзінде Абай:

*«Хикмет сөздер өзіміл наданға айтқанда көңіл уанғаны да болады, өшкені де болады.*

*Кісіге адамына қарай болыстық қыл; татымсызға қылған болыстық өзі адамды бұзады.*

*Әкесінің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың...*

*Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген – кім? Ол – көп. Ендеше, көпте ақыл жоқ. Ебін тап та жөнге сал...*

*Дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені. Қапашылықтың бәрі соның басында. Дүниеде бар жаман да көпте, бірақ қызық та, ермек те көпте. Бастапқыға кім шықпайды? Соңғыға кім азбайды? Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек – қайратсыздық, – дейді //*

*Түсіністік, бағалау дұрыс болмағандықтан, коммуникация сәтсіздікке ұшырайды. Осыны түсінген ғұлама: Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, «жаман» дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда «адам» десе болады, – дейді //*

Коммуникация сәтті болуы үшін сөйлеуші мен тыңдаушының аялық білімі, ынта-ықыласы, мүддесі сәйкес келуі керектігін айтады:

*Ақылдының сөзіндеі ойлы күйді  
Тыңдағанда көңілдің өсері бар.  
Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар.  
Абайлар әрбір сөзді өз халынша.*

*Мендей гәріп кез болса,  
Мойын салсын, ойлансын.  
Қабыл көрсе сөзімді,  
Кім таныса, сол алсын.*

*Қара басқан, қаңғыған,  
Қас надан нені ұға алсын?  
Көкірегінде оты бар  
Құлағын ойлы ер салсын.*

*Не пайда бар, мың надан  
Сыртын естіп таңдансын.  
Онан дағы бір есті  
Ішкі сырын аңғарсын.*

Абай шығармаларында коммуникация талаптарының сақталумауы, тыңдаушы мен айтушы мүдделерінің сәйкес келмеуі, адресаттың түсіне алмауы, қабылдай алмауының салдарынан диалог орнамауын «өзім-өзге», «көп-жалғыз» оппозициялары арқылы бейнелі көрсеткен. Бұл жердегі қайшылық түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы түсінбестіктен туындамаған, бір ұлт өкілдерінің арасындағы түсінбестіктен туып отыр. Ғұлама айтушы дйттеген мақсатына жету үшін тыңдаушы сөзді түсініп, бағалай білуі керек екенін айтады:

*Бір кісі емес жазғаны – жалпақ жұрт қой,  
Шамданбай-ақ, шырақтар, ұқсаң жарар.  
«Ит маржанды не қылсын?!» деген сөз бар,  
Сәулесі бар жігіттер бір ойланар...*

*Жақсыға айтсаң, жаны еріп,  
Ұғар көңіл шын беріп,  
Дертті ішіне ем көріп,  
Неге алтынды десін жез?*

*Білімдіден шыққан сөз  
Талаптыға болсын кез.  
Нұрын, сырын көруге,  
Көкірегінде болсын көз.*

*Көлеңкесі түседі көкейіңе,  
Әр сөзін бір ойланып салмақтасаң.*

*Сөзді ұғар осы күнде кісі бар ма?  
Демеймін: «Жалпақ жұртқа бірдей жағар».  
Жазған соң жерде қалмас тесік моншақ,  
Біреуден біреу алып, елге тарар.*

Публицистикалық мәтіндегі эмотивтік-бағалауыштық мән тілдің түрлі деңгейлерінде көрініс табады. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы эмотивтік-бағалауыштық лексика қоғамдық пікірді қалыптастырады. Бір ұлт өкілдерінің эмотивтік-бағалауыштық мәнді тілдік бірліктері адресаттың қоғамдық санасына ықпал ете алады.

Публицистикалық мәтіндегі эмотивтік-бағалауыштық мән тілдің түрлі деңгейлерінде көрініс табады. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы эмотивтік-бағалауыштық лексика қоғамдық пікірді қалыптастырады. Бір ұлт өкілдерінің эмотивтік-бағалауыштық мәнді тілдік бірліктері адресаттың қоғамдық санасына ықпал ете алады. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы эмотивтік-бағалауыштық мәннің берілуін, түрлі ұлт өкілдерінің таным-түсінігін саралай білу арқылы когнитивті ерекшелігін, мәдениетаралық коммуникацияны дұрыс ұйымдастыру жолдарын меңгеруге болады. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы эмотивтік-

бағалауыштық сөздердің мәнін дұрыс қабылдап, орнымен қолдана білген жағдайда ғана коммуниканттар арасында түсіністік, сыйластық орнайды. Тілдік тұлғаны зерттеу сөйлесушілердің тілдік қабілетін, эмотивті-бағалауыштық мәнді құрылымдарды тудыру не қабылдауға қаншалық дайын екенін нақтылауды қажет етеді. Бұл орайда тілдік тұлға эмотивті-бағалауыштық бірліктерді бейберекет қолдана салмайтыны, ол тілдегі жүйеге сәйкес келуі керек екені де ескерілуі керек.

Бұқаралық ақпарат құралдарында журналистер қазақы болмысқа жат сипаттарды «өзім-өзге» оппозициясында қолданып, контекстік антонимдер жасайды. Мысалы: *Бабаларымыз неге «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кәсіретіне тап болды? Таза «катындықтан»! Еуразияның дәл ортасында күні де арайлап ататын, таңы да бақытпен бататын гажайып өлкеге ормандай орыс, қаптаған қытай қызықпады дейсіз бе? Сөйтіп, екеуі екі жақтан отырып алып отты көсей берді. «Бет бергенде шырайы сондай жақсы», алдына қазақ барса да, қалмақ барса да төс қағыстырады, дос болады. Екеуінің де көзі тайғанда, қалмақтарға «от шашатын» қарулар беріп, тіпті, оны жасауды үйрететін шеберлерін де коса жіберіп, Сарыарқаны жайсаң жұрттан түп-түгел тазартуды ойластырды. «Бірі өліп, бірің қал» саясаты қызу жүріп жатты. Екі халық бірін бірі әлсіретіп, құртып тынғанда, бос қалған жерге «Көптен күттім, сәулем-ай!» деп орныға қалуға ойлары кетпеді деңізші. Мұны еркектік дей аласыз ба, мысалы?.. (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода // Айқын. №34 (2910). 4.04.2016). Бірінші, екінші дүниежүзілік соғыстар да таза «катындықтан» туындаған. 1916 жылғы қазақтардың ұлт-азаттық көтерілістерінің барлығы да патша өкіметінің «катындығына» қарсы еркектік жауап болатын. Әттең, зеңбірекке жалаң қылышпен аттанған бабаларым-ай, сендердікі нағыз ерлік те, жауындікі таза «катындық» қой. Патша өкіметі әуелі «бұратана халықтардың еркектерін әскер қатарына алмаймыз» деп заң жүзінде бекітеді де, артыниша занды өзі бұзып, окоп қазуға шақырады. Ердің ісі ме осы? (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода // Айқын. №34 (2910). 4.03.2016).*

Мәтінде публицист қатындық, еркектік сияқты эмотивтік-бағалауыштық мәнді сөздерді өзара қарсы қоя отырып, қазақ жеріне қызыққан орыс пен қытайдың пиғылын сипаттаған. Мұнда «өзім» мәні бабаларымыз, қазақ, Еуразияның дәл ортасында күні де арайлап ататын, таңы да бақытпен бататын гажайып өлке, зеңбірекке жалаң қылышпен аттанған бабаларым, сендердікі нағыз ерлік, еркектік жауап сияқты тілдік бірліктермен берілсе, «өзге» мәні ормандай орыс, қаптаған қытай, екеуі екі жақтан отырып алып отты көсей берді, қалмақ, төс қағыстырады, дос болады, қалмақтарға «от шашатын» қарулар беріп, тіпті, оны жасауды үйрететін шеберлерін де коса жіберіп, Сарыарқаны жайсаң жұрттан түп-түгел тазартуды ойластырды, Екі халық бірін бірі әлсіретіп, құртып тынғанда, бос қалған жерге «Көптен күттім, сәулем-ай!» деп орныға қалуға ойлары кетпеді деңізші, жауындікі таза «катындық», Патша өкіметі әуелі «бұратана халықтардың еркектерін әскер қатарына алмаймыз» деп заң жүзінде бекітеді де, артыниша занды өзі бұзып,

оқоп қазуға шақырады. Ердің ісі ме осы? сияқты тілдік бірліктер арқылы берілген.

Есей Жеңісұлының «Ерлікке ода» атты мақаласы тұтастай «өзім-өзге» оппозициясына құрылған.

Журналист коммуникативті стратегиясына сәйкес «өзім-өзге» оппозициясын күшейте түсу үшін мәтінде риторикалық сұрақтарды, жіктік, тәуелдік жалғауларын түрлі жақта қолданған. Есей Жеңісұлы бұл мақаласында қатындық, еркектік сияқты эмотивтік-бағалауыштық мәнді сөздерден жасалған «өзім-өзге» оппозициясын түрлі ұлт өкілдеріне қатысты ғана емес, мақсат-мүддесі, ұстанымы бөлек қазақ қоғамы үшін де қолданады. Мақала авторы 1990 жылдардағы қазақ журналистері мен бүгінгі журналистерді салыстыра отырып, өзара қарсы қояды. Мысалы: *Біз журналистика әлеміне енген 1990 жылдары әр журналист өз еңбегімен ғана танылатын еді* (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.04.2016). *Шұқына ізденіп, жұрт айтпағанды айтып, жұрт көрмегенді көріп, қабырғалы халқын әйтеуір бір жарыққа сүйреуге тырысатын. Арада небары 20 жылға жуық уақыт өтті. Қазір ақпараттық сайттардың бәрі «копи-пастпен» айналысады, яғни өзгенің қоржынындағы жақсы жазбалаларды көшіріп басып бедел жинайды. Өзінде ештеңе де жоқ болуы мүмкін. «Атып кетті», «асып кетті», «жаға ұстатты», «қырып кетті», «алып қашып кетті», «күйеуімен еш қиналмай ажырасып кетті», «сүйгеніне сүрінбей қосылды» деген жаңалықтар барлық сайтта жүр. Бәрі – «катыни» әңгімелер* (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.03.2016).

Ә. Қайдар «Қазақ – қандай халық?» атты еңбегінде Ә. Қайдар: «Қазақ – ақжарқын халық» (көбінесе басқа ұлт өкілдерінің айтатын пікірі) табиғатында жат адамды тосырқау, жатсыну әдеті жоқ, бірден онымен тез тіл табысып кететін қасиеті айтылып тұр. Қазақтың «Жақсыда жаттық жоқ» деген логикасы да осы әдетіне саяды» – деп, жақсы мінездердің алғашқысы етіп көрсетеді [165.]. «Қазақ – өзге емес, өзіне ғана әлі жететін халық» (Ел аузынан) <бұл да қазақ халқының бір қасиеті. Ол қазақтың өзін-өзі күндеп, жаман-дауына, өзін-өзі көре алмай, өсек-әңгіме айтып, күстаналайтын әдетіне байланысты, сыртқы жауға ашық қарсы күресуге келгенде кібіртктеп, кірбеңдеп қалатын, ал ішкі «жауға» келгенде еркін қимылдауға тырысатын, аянбай-ақ тырбанатын әдетінен туындайды...>. «Қазақ – өзіне өзі тасбауыр, безбүйрек халық» (Ел аузынан) <шынында да, «жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» дей отырып, қазағым кейде өзіне келгенде қатыгездік білдіретіні рас. «Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» деп көлгірситін қазекем енді бір айналып, «Ауру – астан, дау – қарындастан» деп, бәленің бәрі жақын туыс, қатар жүрген адамдардан болатынын да жасырмайды. Солай дей тұра, «Ағайынның азары болса да, безері жоқ», «Ағайынның бар болса, көре алмайды, жоқ болса, бере алмайды», немесе «Ағайын өсекке қиса да, өлімге қимайды» деген бірде олай, бірде былай, солқылдақ, қарама-қарсы пәлсапамен бірдей келісіп, өмір сүріп келеді. Алайда, өмір шындығына жүгінсек, қазақтың өз туғанына, өз перзентіне өзі істеген тасбауыр, безбүйрек қылықтарынан аяқ алып жүруге болмайды.

Ахмет, Сәкен, Шәкерім, Міржақып... басынан кешірген қасіреттер осының айғағы», – дейді [165].

Философ ғалым Д. Кішібеков: «Біріншіден, ол ерекше бір жағдай болмаса, етек-жеңін жимай, кеңге салып, асықпай, байсалды өмір сүрген. Екіншіден, қазақ әнгімелескенде асықпай, әр нәрсенің мән-жайына жетіп, түсінісуді қажет еткен. Сөйлескенде, ол қашан да әнгіменің түйінін іздеген. Мәселе көп немесе аз сөйлеуде емес. Сол көп сөздің тобықтай түйінінде. Қазақ елін әр дәуірде аралап, оның мінез-құлқы жөнінде пікір түйген жолаушылар, қазақ халқын көп сөзді («краснобай») деп түйіндеген. Мәселен, дәл осындай пікірді, басқа емес, В. И. Даль айтқан болатын. Әрине, қазақ халқы сөзшең екені белгілі. Бірақ бұл оның мылжындығы емес. Қазақ сөйлегенде әр сөзге мән беріп, ойлап сөйлеген. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні болу керек» деп түсінген, әйтпесе, сөз мылжынға айналады. Олай болса, мақсат – көп не аз сөйлеуде емес, мәнді сөйлеуде. Үшіншіден, қазақ көп жағдайда қойылған сұраққа тез жауап қайтармаған. Түсінбеген, естімеген адамдай үнсіз қала берген. Сырын білмейтін адам оның бұл мінезін естімеді, тыңдамады деп те ойлаған. Шынында олай емес. Әрбір айтылған сөзді талдап, пайымдап барып жауап қайтаратын болған... Ол ешқашан тарығып, таусылып сөйлемеген. Әр нәрсенің ақырын күткен». Ғалым бұл мінезді өзіне емес, өзгеге де ұстанатынын ерекшеліп айтқан: «Қазақ халқының мінезіндегі тағы бір ерекшелік – ол ешбір халықты жатырқамайтыны. Мәселен, кім болса да үйіне келіп түссе, ол бай ма, әлде кедей ме, тани ма, жоқ танымай ма, оны жоғарыда айтқандай «қонақ» деп қарап қабыл алған. Қазақ – негізінде бауырмал халық. Қазақтың кеңпейілдігі арқасында елге кім келсе де сіңіп, сіңісіп кеткен», – деп сипаттайды [166].

И. Байсыдық қазаққа тән жағымды мінез ретінде *ақкөңілділік, батырлық, ақылдылық, момындық, алғырлық, әдептілік, байсалдылық, білімқұмарлық, шешендік, қайырымдылық, бауырмалдық, жомарттық, ұқыптылық, намысқойлық, ағайыншылдық, әсершілдік, әзілқойлық, имандылық, шыншылдық, жайлылық, шыдамдылық, жақсы, сыйымдылық, кеңпейілділік, бірсөзділік, қонақжайлылық, еңбекқорлықты* көрсетсе, жағымсыз мінез ретінде *бұзықтық, ынжықтық, менмендік, тәкаппарлық, қыңырлық, сөзшеңдік, әдепсіздік, мейірімсіздік, тұрлаусыздық, жеңілтектік, мақтаншақтық, даңғойлық, кінәмшілдік, сараңдық, тексіздік, жалқаулық, ақылсыздық, шолжаңдық, мазасыздық, ұрысқақтық, қулық, тойымсыздық, арамдық, қызбалық, іштарлық, қыдырымпаздық, қорқақтық, салақтық, аңқаулық, енжарлық, жалақорлық, өтірікшілдік, жағымпаздық, мансапқұмарлық, ебедейсіздік, көрсеқызарлық, өзімшілдік, зарылдауықтық, берекесіздік, надандық, әділетсіздік, мысқылшылдық, тұйықтық, нәсіпқұмарлық, абыржығыштық, жанаярлық, ұмытшақтық, жалпақшешейлік, күмәншілдікті* атайды [167]. Келтірілген сипаттамалар бұқаралық ақпарат құралдарындағы «Қазақ» концептісін білдіретін эмотивтік-бағалауыштық бірліктермен сәйкес келеді.

Н.В. Уфимцева орыстар өздерін *қонақжай, жылы шырайлы, мейірімді, сезімтал, шыдамды, жомарт, ашық, сенімді, талантты, өнертапқыш, жанашыр, ақылды, тәрбиесіз, ойлы, жақсы оқитын, шынайы, екіжүзді,*



*ақылды, шектеліп қалған, ашулы, ұстамды, оптимист, үмітсіз, көңілді, бақытсыз, шаршаған, ашуланған, сұрланған, қараңғы, ашкөз, ашкөз, енжар, тапқыр, ұлы, жалқау, бүлікшілер және т.б. түрінде сипаттаса, америкалықтар орыстарды материалист, дос пейілді, ысырапшыл, қатты сөйлейді, ойын-сауықты жақсы көреді, еркін, мақтаншақ, индивидуалист, адал, бәсекелестерге бағытталған, жұмысқа берілген, мақсатшыл, ынталы, даңғой, дөрекі, ашкөз, сүйкімсіз, тәкаппар, дөрекі, жалқау, өнертапқыш, мейірімді, бақытты және т. б. Ұлт ретінде танытынын айтады [168].*

В.А. Маслова эксперимент нәтижесінде орыстар мен украиндар белорустарды еңбекқор, мейірімді, үнемді, қонақжай, булба жейді, ақкөңіл, бейбітсүйгіш, селқос, көпшіл, ашық, өз ойымен жүреді, көңілді, ресейшіл, қытымыр, орыс тілінде сөйлейді, ашкөз, тұйық, әдепті, шаруашыл, үнемді, сөйлеуік, жұмсақ, аңғал, ұлтшылдар, қонақжай емес, мейірімді, жұмыскер, сұрқайланған, сүйкімді, ашық емес, сабырлы, шыдамды, ұқыпты, сыпайы, тәртіпті, үйкүшік, жалқау, зиянды емес, аз сөзді, жинақы, біртұтас, әділ, ақылды, айлакер, таза ұлт ретінде сипаттағанын айтады [169].

Әр ұлттың дүниетанымына, психологиялық ерекшелігіне сәйкес эмотивтік-бағалауыштық сөздерді танып, қабылдауы да әртүрлі болады. Мысалы, с характером сөзі орыс тілінде «с норовом, своенравный, самовольный, волевой, норовистый, своеобразный, своевольный, железная воля, своеобразливый, характерный, капризный, нравный» түрінде ұғынылса, қазақ тілінде бұл сипат мінезді адамға емес, мінезсіз адамға тән.

### **3.3 БАҚ-тағы тілдік тұлғаның эмоциялық бағасын жеткізу жолдары**

Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін терең түсініп, 1913-1918 жылдар аралығында Орынбор қаласында «Қазақ» газетін шығарған туралы А. Байтұрсынұлы: «Әуелі газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі, екінші газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып тұрады. Үшінші, газет – халыққа білім таратушы. Төртінші, газет – халықтың даушысы. «Жұртым» деп, халықтың арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтары газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады», – деген еді [170].

XX ғасырдың 20-жылдарында газет тілінің қызметі туралы Г.О. Винокур: «Если язык вообще есть, прежде всего, некое сообщение, коммуникация, то язык газеты в идеале есть сообщение по преимуществу, коммуникация, обнаженная и абстрагированная до крайних мыслимых своих пределов. Подобную коммуникацию мы называем «информацией»... Газетное слово есть, конечно, тоже слово риторическое, то есть слово выразительное и рассчитанное на максимальное воздействие... однако главной и специфической особенностью газетной речи является именно эта преимущественная установка на голое сообщение, на информацию как таковую», – деген болатын [13].

«Неміс радиосының атасы» атанған Г. Бредов ХХ ғасырдың 20-жылдарында радиоға «zivilisatorisches Instrument der Menschenwerdung» деген анықтама беріп [136], радио адамның тұлға ретінде қалыптасуына зор ықпал ететінін атап көрсетеді. Бертольд Брехт радио өнерінің теориясын жасап, бұрын ауқатты адамдар ғана пайдаланған радионың көпшілікке қол жетімді болуын көздеді.

Макс Хоркгеймер, Теодор Адорно деген әлеуметтанушы ғалымдар АҚШ-та «Ағартушылық диалектикасы» («Dialektik der Aufklärung») атты кітабында радионы да, басқа бұқаралық ақпарат құралдарын да бұқараны алдайтын құрал (Instrument der Massenver-dummung) ретінде сипаттады. Гитлер билікке келгеннен кейін радио насихат құралына айналған кезде Г. Экерт «Радио – биліктің құралы» («Rundfunk als Führungsmittel») деген кітабын шығарады, отыз жылдан кейін «Теледидар мен радио – демократия жаршысы» («Fernsehen und Rundfunk für die Demokratie») деген анықтамалық жарық көреді [136],

Бұқаралық ақпарат құралдары адамның қандай да бір ақпаратты қабылдауына әсер етеді. Соның нәтижесінде «бірөлшемді сана» пайда болады. Бұқаралық ақпарат құралдары қоғамның «әлеуметтік гипноздың генераторы» ретінде әрекет етуіне ықпал етеді. Бұқаралық коммуникация теориясына арналған еңбектерде бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы туралы өзара кереғар ұстанымдар қалыптасқан. Америкалық зерттеуші У. Шрамм «бұқаралық ақпарат құралдарының әсері елеулі бола алмайтынын айтса, Б. Дефлер мен Сандра Болл-Рокач, Элизабет Нолле-Ньюманн сияқты зерттеушілер бұқаралық ақпарат құралдары адамның пікірін түбегейлі өзгерте алатынын айтады [136]. Бұқаралық ақпарат құралдары ақпаратты қабылдаушыны бағыттап отырады. Бұқаралық коммуникациядағы сөз әсерлі болады. Сол себепті бұқаралық ақпарат құралдары ел мүддесіне қызмет етуі керек. Онда тіл жүйесіне қайшы келетін қолданыстар болмауы керек. 1990 жылдардың басында нарықтық экономикаға көшкен кезде бұқаралық ақпарат құралдарында «МММ», «Олби», «Властелина» сияқты қаржы пирамидалары жарналамаланып, тұрғындар алданған еді. Себебі көпшілік бұқаралық ақпарат құралдары арқылы берілген ақпаратқа сенді.

Кейінгі кезде тіл білімінде тіл жүйесін зерттеу бағыты адресант факторынан гөрі адресат факторына молырақ ойыса бастағаны байқалады. Осыған байланысты тілдік бірліктер когнитивтік және прагматикалық аспектілерде зерттеліп келеді. Қазақ тіл білімінде сөйлеу тілі синтаксисінің прагматикалық ерекшеліктерін зерттеген ғалым З. Ерназарова: «Прагматиканың негізінде сөйлеу жағдаяты мен конвенциялық ережелердің шарттарын есепке ала отырып, жүзеге асатын екі жақты әрекет жатыр. Әрекетті тудыру, оның стратегиясы мен тактикасын, яғни көріну құралдарының түрін анықтау – сөйлеушінің мақсаты. Мақсатқа лайық сол таңдалған құралдардан құрылған мәтінде немесе сөйлеу әрекетінің таңдалған түрінде жиі қайталанатын ерекшеліктер мен белгілер стильдік қолданыс түрлері болады. Сөйлеуші өз мақсатына жету үшін белгілі бір стиль түрін таңдайды. Ол коммуникацияда прагматикалық салмаққа ие болады», – деп көрсетеді [171].

Журналистер өз ойын білдіру үшін сөздердің ықпалдастығын стилистикалық тәсіл ретінде қолданады. Кереғар екі ойды өзара сабақтастыра отырып, автор мәтінді жалғастырады әрі эмоциясын, бағасын білдіреді. Мұндай құрылымдардың реципиентке әсері де күшті болады. Субъектінің қарсылығын, дәрменсіздігін білдіру үшін *амал қанша? амал нешік? амал жоқ* сияқты бірліктер қолданылады: *Тірі болса, Сайлаубек Жұмабеков биыл жетпісін атап өтер еді. Амал қанша? Мезгілсіз қаза сыншыны әдеби ортадан ерте алып кетті* (Гулзина Бектас Сыршыл сыншы //Айқын. №20 (2896). 10.02.2016). *Қытай мұғалімнің зілді жүзіне өзі тіке қарай алмай тұрған ата-ана баласынан қалай қазақ тілін талап етеді. Амал жоқ, ауыр күрсінеді де қояды* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейінбарған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024).

Сөздерді орнымен пайдалану білу журналистің ойын дәл, дұрыс жеткізуіне мүмкіндік береді, автор мен реципиенттің өзара әрекеттестігін күшейтеді, мәтіннің ықпал етуші қызметін арттырады. Осыған байланысты ғалым Н. Уәли: «Маңызды ақпаратқа рецензенттің қызығушылығы арта түседі. Маңызды ақпарат автор тарапынан жіберілген «стимул» ол қабылдаушы санасында «тітіркендіргіш» қызметін атқарып, реакция тудырады. Сондай-ақ мәтіндегі жүйемен берілген әрбір күшті дәйек автор тарапынан жіберілген стимул ретінде мәтін қабылдаушының реакциясын тудыруға тиіс. Сөйтіп, қабылданған мәтін сананың эмоциялы, интеллектуалды бөліктеріне әсер етеді, – дейді [22].

Мәтіндегі сөздерді бір-бірімен байланыстыру үшін қолданылған тілдік бірліктердің астарында терең ой жатуы да мүмкін. Мысалы, журналист Асылхан Жұмабай Қытайдағы қазақтардың қазіргі күйін былайша бағалайды: *Ең ауыры, билік өзі басып шығарған, 2010 жылға дейін оқушыларға оқытқан төте жазудағы қазақша кітаптарға қырғидай тиген. Бұрынғы қазақ мектептерінің кітапханасында тұрған қазақша кітаптарды қала сыртына алып шығып өртеп жіберіпті. Тілге қысым әлі жоғары деңгейде жүріп жатыр. Мектепте, балабақшада оқушы-оқытушылардан тек қытай тілінде сөйлеуді талап етеді. Бұл жағдай әсіресе үлкен қалаларда ушығып тұр. Балалар өз тілінде сөйлегені үшін кінәлі болып, қытай мұғалімдерге ұнамай қалады екен. Үрімжі маңындағы ірі аудандардың бірінде білім бөлімінде жұмыс істеген жігітпен сөйлестім. Ол білім бөлімі аудандағы мектептерге арнайы бақылау жүргізіп, қазақ тілінде сөйлеген ұстаздарға айыппұл салады дейді. Бұл саясат жемісін бергені көрініп тұр. Ана тілін білмейтін балалар көбейіп кетіпті. Өз туыстарымның арасында да бір ауыз қазақша сөйлей алмайтын бүлдіршіндер аз емес екен. Үлкендер «осы баламның тілі қазақша шығып еді, балабақшаға барғалы ана тілін ұмытып, тек қытайша сөйлейтін болды» деп қамығып отыр. 3 жасқа дейін өз тілінде сөйлеп жүрген сәбилер балабақшаға барған соң қытайша сөйлеп кетеді екен. Ал 5 жасқа толған кез келген бала қытай тілін таза сөйлеп жүр. Тіпті 15-18 жастағы жеткіншектер арасында да ана тілін білмейтіндер кездеседі. Осыдан 15 жыл бұрын қытайша білмейтін қазақ көп болса, қазір қазақша білмейтіндер көбейген. Соған қарағанда, Чэнь Цюаньго жүргізген саясаттың тоқпағы шынымен қатты болған сияқты. Балалар ғана емес, ересектерге де*

қытай тілін мәжбүрлі түрде үйретіпті. Жасы алпыстан асқан ақсақалдар мен әжелер де «нихао» деп тіл сындырған көрінеді (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024).

Оқырманына қазақтардың қазіргі ахуалын әсерлі етіп жеткізу үшін ертеректегі дәуренімен және бес жыл бұрынғы өмірін салыстыра сипаттайды: *Шығыс Түркістаннан Чэнь кеткенімен, ол жүргізген саясаттың салқыны, репрессияның қорқынышты елесі қалды. Ендігіде жұрт қарқылдап күліп, жарқылдап жүруден жасқанады. Көлеңкесінен күдіктеніп, күбірлеп сөйлеуге үйренген. Баяғыда әкелеріміз мал бағатын жеріне қытайларды жолатпайтын, ұрланып, дәрі шөп теруге келгендерін ат бауырына алып, қуып тастаушы еді. Қазір олай істеу мүмкін емес, қит етсе ұлтаралық мәселе шығып кетуі мүмкін* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). Мен сөйлескен ауылдастарым өткен бес жылдағы көрген құқайын ашына еске алады. Әр үйдегі пышақты тізімдеп, асүйге бір гана пышақты «арқандап» қалдырып, қалғанын жинап әкеткенін айтқанда көздерінде ызалы күлкі ойнайды. Бірақ қазір бұл күлкілі ереже өзгерген сияқты, ерлер қайтадан қынына пышақ салып жүретін болыпты. Менің байқауымша, ел көңілі алай-дүлей. Кешегі сұрапыл күннен шын құтылдық па деген күдік бар. Бала-шағаның ана тілін ұмытып жатқанына да қатты күйінеді. Өзара күңкілдесіп, баласына ұрысқан болады. Бірақ билікке қылар қайран жоқ. Оқушыны мектептен алып қайтуға барғанда, өз балаңмен қазақша сөйлессең де сынға қаласың. Қытай мұғалімнің зілді жүзіне өзі тіке қарай алмай тұрған ата-ана баласынан қалай қазақ тілін талап етеді. Амал жоқ ауыр күрсінеді де, қояды (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). Автор болашағы күңгірттенген Қытайдағы қазақ жастарын нақты проблемаларын көрсете отырып, сипаттайды: *Жастардың ойы да екіұдай. Үлкендерге қарағанда жастар Қазақстанға көшуге асық. Бәрі жоғары оқу орнын бітірген, бірақ бәріне бірдей мемлекеттік жұмыс табыла бермейді, бәсеке көп, бизнес жасау орайы аз. Сол үшін Қазақстанға барып дамысақ деген ой әрбірінің басында жүр. Сөйлесе қалсаң «Қазақстанда не жоқ, қандай жұмыс бастауға болады?» деп сұрап жатады. Кішкентай балаларының тілі қытайша шыққанына қынжылатын жастар да көп. Дегенмен көбіне көш басын бері бұруға тәуекел мен қаржы қолбайлау. Оның үстіне билік көбін қарызға батырып қойған. Алғашқы төлем мен пайызы аз болғандықтан жастар бірден қарызға үй мен машина алып алады. Ұзақ мерзімді қарыз да біршама адамды жіпсіз байлап отыр* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). Мәтіннен автордың жаны ашығаны, дәрменсіздігі анық аңғарылады. Адресант жастардың жағдайын көрсету үшін ретроспективті тәсілді пайдалана отырып, қоғамдағы саяси ахуалға нақты баға берген.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы эмотивтік мәнді күшейте түсу үшін журналистер әрдайым жағымсыз мәнде жұмсалатын өкініштісі, өкінішке қарай сияқты конъюнкцияларды пайдаланады. Мысалы: **Өкініштісі**, оны әзірлеу қажеттілігі жылдан жылға артып келеді (Фархат Қайратұлы Маңызды

құжатқа мән берген жөн //Егемен Қазақстан. 15.01.2024). **Өкінішке қарай**, депутаттардың көпшілігі президентке қарсы шыға алмады (Бір заңның зардабы //Жас алаш. 11.01.2024). **Өкінішке қарай**, бұрынғы кландық жүйе ондай қадамға баруға мүдделі еместігін көрсетіп, қалай да Жаңа Қазақстан деп аталған мемлекеттік басқару жүйесін қиратуды көздеді (Нұргелді Әбдіғаниұлы Елімізде адам құқығы қалай бағаланады? //Жас алаш. 15.01.2024). Алайда, **өкінішке қарай**, әлі де Қауіпсіздік Кеңесі арқылы барлық күштік құрылымдарды қолында ұстап қалған ескі билік жаңа биліктің бұл қадамдарына байкот жариялап, астыртын түрде антидемократиялық әрекеттерді күшейте түсті (Нұргелді Әбдіғаниұлы Елімізде адам құқығы қалай бағаланады? //Жас алаш. 15.01.2024).

БАҚ тілінде осыған ұқсас конъюнкциялар көптеп кездеседі. Мысалы: **Ең ауыры**, билік өзі басып шығарған, 2010 жылға дейін оқушыларға оқытқан төте жазудағы қазақша кітаптарға қырғидай тиген (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). **Бастысы**: ізгілік мұраттарына қызмет ету! Бұл жазушылардың шығармашылық және адамгершілік өміршеңдігінің басты өлшемі болғанын қалаймын (Оқырман өзгерді, қаламгер, сен де өзгер //Қазақ әдебиеті. 29.12.2023). **Ең бастысы** оқырман сұқбаттан өткен жылға баға, елдегі экономикалық-әлеуметтік жағдай, саяси реформалар барысы, қаңтар оқиғасының себебі мен салдары, 2019 жыл көктемінен 2022 жылдың қаңтарына дейінгі аралықта елде орын алған қосарланған билік, Қазақ-Ресей, Қазақ-Қытай қарым-қатынасы, еліміздегі келесі Президент сайлауы, АЭС, несие, тұрмыстық зорлық-зомбылық, жастар мәселесі туралы және тағы басқа өте толғақты мәселелерді оқыдық (Дүкен Мәсімханұлы Жалпыұлттық құндылық бәрінен жоғары тұруға тиіс //Егемен Қазақстан. 11.01.2024). **Тіпті** бұған солтүстіктер көнгісі келмеген сыңай танытқан соң АҚШ-тың бастамасымен БҰҰның Қауіпсіздік Кеңесі соңғы 20 жылда қолданылмаған аса ірі санкция қабылдады (Корей түбегіндегі қара түнек //Айқын. №36 (2912). 11.03.2016). **Керек десеңіз**, атымды өзгертіп беріңіз. Бәріне келісемін. Тек ел білсін! Мен сияқты қанша жастың қалай қиналғанын, қалай өздерінің де сол жауыздарға қосыла балаларын талағанын түсінсін, білсін! Мүмкін кейбіреулер ұялар?.. (Жарлы Байғанин «Қорғансыздың күні» //Ана тілі. 30.11.2023). **Оны аз десеңіз**, он саусағымыздың табы мен бет-бейнемізді жазып алды (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024).

Конъюнкциялар сөйлемдерді, құрылымдарды логикалық тұрғыдан байланыстыру үшін де қолданылады. Мысалы: **Бір байқағанымыз**, жол тосқан сақшылардың көбі ұйғыр ұлтының өкілдері екен (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024).

Бұқаралық ақпарат құралдарында сұхбаттасушы субъектілер бір-бірін мақұлдау, сөзін растау үшін *әрине*, *иә* сияқты сөздерді қолданады. Мысалы: Әрине, министрлердің деректері көңіл жұбатарлық (Берік Бейсенұлы «Тасқын су, сенде бір мін бар, өткел бермейсің» //Ана тілі. 11.01.2024). **Иә**, не істеу керегін Мемлекет басшысы дөп басып айтты. Зорлық-зомбылықтың өсуі жеке

адамның қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Себебі, агрессорлардың кесірінен әйелдер мен сәбилер жазықсыздан жазықсыз өмірмен қош айтысып жатыр (Ғалия Кеңесқызы Екінші рет татуласу мүмкіндігі де берілмейді //Ана тілі. 11.01.2024).

Журналистер бұл сөздерді аңдатпаның не мақаланың тақырыбын тұтас сөйлем түрінде беріп, кейін сол ойды сабақтастыру үшін де қолданады. Мысалы: *Қайрат Сатыбалдыға қатысты салық төлеуден жалтару фактісі бойынша қылмыстық іске тергеу жүріп жатқаны хабарланды, деп хабарлайды Zhasalash. kz. **Иә**, Қайрат Сатыбалдыға қатысты ҚР Қылмыстық кодексінің 218-бабы (қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру) бойынша сотқа дейінгі тергеу аяқталды (Экс-президенттің немере інісіне қатысты жаңа іс сотқа жіберілді //Жас алаш. - 10.01.2024).*

Сонымен қатар бұл сөздерді өз ойына сендіру үшін, тұжырымдап, нақтылау үшін де қолданады. Мысалы: ***Иә**, заманның мың құбылып тұрған шағында, тоталитаризмнің қылышынан қан тамып тұрған кезінде қазақ зиялылары бір ғана ізгі мақсатты көздеді – тарихи сананы сілкінту, ұлттық рухты жоғалтпау (Маржан Әбіш Сананы сілкінткен «Аз и Я» //Егемен Қазақстан. 19.12.2023). **Иә**, 1921-1937 жылдардың Арқа жұртына салған зобалаңы бүгінде қатпар-қатпар тарих қойнауына сіңіп барады (Күйге айналған тағдыр //Қазақ әдебиеті. 12.01.2024). Сол үшін қолда бар ақпаратты барынша тексеріп, бөлісемін. **Әрине**, бұл ешкімге ұнамайды (Аслан Қаженов Халық ақиқатты білуге хақылы //Егемен Қазақстан. 7.01.2024). **Әрине**, заңнама толық қабылданғанша уақыт бар. **Сондықтан** ел қамын ойлаған депутаттарымыз заң жобасына жоғарыда айтылған ұсыныстарымды қарастырады деп ойлаймын (Ғалия Кеңесқызы Екінші рет татуласу мүмкіндігі де берілмейді //Ана тілі. 11.01.2024). Алқалы жиында ортаға салынған дүние, бір жыл ішінде экологиялық партия не істеді, алдағы уақытта не істеуі керек деген мәселе еді? **Әрине**, партияның алға қойған мақсаты – тек еліміздің экологиясын сауықтыру ғана емес, әділ қоғам құру, халықтың сөзін сөйлеу («Байтақ» бір жылдығын атап өтті //Егемен Қазақстан. 3.01.2024). **Әрине**. Үкімет президент әкімшілігінің бұйрығымен заң жобасын әзірлейді (Бір заңның зардабы //Жас алаш. 11.01.2024).*

Журналистер көрерменді (оқырман, тыңдарманды) сендіру үшін әсіресе *шын* сөзінің қатысуымен жасалған (*шынында, шындығында, шыны керек, шын мәнінде, шындығы, шындығына келгенде, шындап келгенде, т.с.с.*) тілдік бірліктерді жиі қолданады. Мысалы: ***Шынында**, не бітіріп, не қойдық?! Өткен 2023 жылы. Ғасыр жүгін арқалаған осынау жылда ғасыр жұмысын атқара алдық па?! (Оқырман өзгерді, қаламгер, сен де өзгер //Қазақ әдебиеті. 29.12.2023). **Шындығында**, қазақ тілінің мемлекеттік тіл екеніне дау жоқ (Мемлекеттік тілді оқытуда бірізділік керек //Ана тілі. 16.11.2023). **Шыны керек**, «қазақ зиялылары сондай қауқар көрсете ала ма?» деген көңілде алаң да жоқ емес болатын. Себебі олар қалай болғанда да еуропалық елдер, бастысы – бодандық сүйегінен өтіп кеткен бізбен салыстыруға мүлдем келмейді (Дағжан Белдеубай Қуаныштан жылаған күн //Ана тілі. 26. 10. 2023). Біздің асыл дінімізде*

де «бас тарт» деп айтылған өнімдердің барлығы **шын мәнінде** зиян (Адал ас ішсек, ризық-несібебіз артады //Ана тілі. 30.112023). Айтқандай, көпшілік шошқа мен арақтан басқасының бәрі адал деп ойлайды. **Бірақ шын мәнінде олай емес** (Адал ас ішсек, ризық-несібебіз артады //Ана тілі. 30.112023). **Шындығы, ел тарихының шежіресі, идеологиялық тәрбиенің тұтқасы, ұлттық мүдденің қорғаны – қазақ баспасөзі** (Берік Бейсенұлы Ұлттық мүдденің қорғаны //Ана тілі. 02.112023). **Онымен сөйлеседі, сырттай қарағанда біртүрлі көрінгенімен, шындығына келгенде ат адамның тілін ұғып, бірден түсініп тұрады** (Рүстем Досжанов Шетел жылқысын алуға 6 млрд қаржы кетеді //Ана тілі. 9.112023). **Осы Қостанай жылқысын дамытуымыз керек. Өйткені шындап келгенде біздегі шабуға да, басқаға да жарайтын тұқым осылар** (Рүстем Досжанов Шетел жылқысын алуға 6 млрд қаржы кетеді //Ана тілі. 9.112023).

Сонымен қатар оқырманын (көрермен, тыңдарманын) сендіру үшін **ақиқаты, ақиқаты керек, анығында, рас, расында, бекер сөз емес, жауырды жаба тоқып қайтеміз**, т.с.с. тілдік бірліктер де қолданылады. Мысалы: **Бәз біреулер «интернет, электронды ақпарат медианарықтан газетті ығыстырып шығарады. Бұл – дәлелденген факт» деп дәйексіз пәлсапа соғар. Анығында олай емес** (Берік Бейсенұлы Ұлттық мүдденің қорғаны //Ана тілі. 02.112023). **Ақиқаты керек, дәл қазір баспасөз билік пен оқырманның арасындағы алтын көпір. Мойындайық, мойындамайық, әлімсақтан солай» деген сөзді қолданған** (Берік Бейсенұлы Ұлттық мүдденің қорғаны //Ана тілі. 02.112023). **Рас, қазіргі технология заманында ақпаратты бірінші болып жариялау емес, оны жілігін шағып, сараптап, түсінікті етіп оқырманға беру маңыздырақ болып тұр** (Берік Бейсенұлы Ұлттық мүдденің қорғаны //Ана тілі. 02.112023). **Газет көтерілген мәселенің салдарын ашып көрсетеді, оның алдын алудың жолын нұсқайды. Ақиқаты, сайттағы ақпарат газеттегі сараптаманың орнын ауыстыра алмайды** (Берік Бейсенұлы Ұлттық мүдденің қорғаны //Ана тілі. 02.112023). **Қадыр Мырза Әли «Ұлт болудың бір емес, бірнеше шарты бар. Соның ең басты және ең негізгі шарты – ұлттық тіл», – дейді. Бекер сөз емес** (Берік Бейсенұлы Ұлттық мүдденің қорғаны //Ана тілі. 02.112023). **Жауырды жаба тоқып қайтеміз, тәуелсіздігімізді жариялап, капиталистік жүйеге көшкен отыз жылда, тұтас қазақ қоғамының байлық пен мансапқа гана аңсары ауып, арнамыс, обал-сауап, ұят-мият, еңбексүйгіштік секілді адами құндылықтарды қожыратып алғанымызды кімнен жасырғандаймыз?! (Дүкен Мәсімханұлы Жалпыұлттық құндылық бәрінен жоғары тұруға тиіс //Егемен Қазақстан. 11.01.2024).**

Сонымен қатар жоққа шығару, қарсы мәнді білдіру үшін **жоқ, жо-жоқ, қателесесіз**, т.с.с. бірліктер қолданылған. Мысалы: **Шыны керек, «қазақ зиялылары сондай қауқар көрсете ала ма?» деген көңілде алаң да жоқ емес болатын... Жоқ, залдан батыл-батыл жүйелі сөздер естілді** (Дағжан Белдеубай Қуаныштан жылаған күн //Ана тілі. 26. 10. 2023). **Осының бәріне қолын бір сілтеп, Қазақстанға кетіп қалса қайтер екен? Жоқ, оның да жөні келмейді** (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). **Жо-жоқ, атақ үшін емес. Енді кәртейгенде не керек маған ол**

*атақ?! (Жарлы Байғанин «Қорғансыздың күні» //Ана тілі. 30.112023). Солай табылмаған, ашылмаған папка жалғыз сол ғана деп ойлайсыз ба? Жоқ! Әлі қаншама шындық ашылған жоқ (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024). Баз біреулер «бүкіл жаңалықты интернеттен, сайттан оқимын» дер. Қателесесіз. Ақпарат – біркүндік, ал оны сараптап, ара жігін ашып, салмақты күйде берудің жолы бөлек (Берік Бейсенұлы Ұлттық мүдденің қорғаны //Ана тілі. 02.112023).*

Мұндай қолданыс көп ретте автордың адресатпен диалогтық қатынас орнату мақсатында жұмсалғанын аңғарамыз. Мұндай сөйлемдерде автор өзге біреумен сөйлеспейді, өз ойын өзі жоққа шығарады немесе қоғамдағы өзге пікірлерге қарсылығын, өзіндік пікірін (эмоциясы мен бағасын) білдіреді.

Филология ғылымдарының докторы Қ. Есенова жазбаша түрдегі газет мәтінін «біріншіден, сондағы адресанттың прагматикалық ұстанымын жеткізуші көп қырлы, терең мәнді, имплицитті түрде жеткізілетін астарлы ойға негізделген күрделі прагматикалық бірлік, екіншіден, қоғам мүшесі болып табылатын адресатқа психика-эмоционалды жағынан әсер ететін, сөйтіп, белгілі бір деңгейде оның әлеуметтік мінез-құлқын реттеуге қатысатын маңызды прагматикалық құрал түрінде сипаттайды. Қазіргі қазақ тіліндегі медиа дискурстан ақпараттық ұстаным (мәліметті іріктеп ұсыну); фатикалық ұстаным (материалды оқырман назарын аударту үшін пайдалану); манипулятивтік ұстаным (мәтінде айтылатын оқиғаларға қатысты оқырман көзқарасын қалыптастыруды мақсат ету) сияқты прагматикалық ұстанымдар қолданылады [116].

Сонымен қатар алдыңғы ой-пікірді жоққа шығару үшін қарсылықты мәнді жалғаулықтар да жиі қолданылады. Мысалы: *Олардың жалпы құны 650 млрд теңгеден асады. Ал 2022 жылдың басынан бері қайтарылған активтер құны 912 млрд теңге (Экс-президенттің немере інісіне қатысты жаңа іс сотқа жіберілді //Жас алаш. - 10.01.2024). Ал «тирандар базасы» – тұрмыстық зорлықтан жапа шегушіге сот ісінде, алимент мәселесінде көмек болмақ (Ғалия Кеңесқызы Екінші рет татуласу мүмкіндігі де берілмейді //Ана тілі. 11.01.2024). Күтпеген нәтиже тіркегені одан сайын үміт отын маздатады. Бірақ спорттық гимнастикада бәсеке жоғары екені даусыз (Аслан Қаженов Халық ақиқатты білуге хақылы //Егемен Қазақстан. 7.01.2024). Одан кейін аймақ ерекшелігін ескеріп, бірқатар жұмыс басталған. Бірақ аяқсыз қалды (Аслан Қаженов Халық ақиқатты білуге хақылы //Егемен Қазақстан. 7.01.2024). Қазір еліміздің бірқатар қалаларында қызылша ауруы көбейгенін байқап отырмыз. Алайда мектептер жабылып қалмас үшін бұл туралы ашық айтпайды (Ақбота Мұсабекқызы«Қызыл шапан» киме, бала.. //Ана тілі. 16.112023). Енді Qaztest жүйесіне көшті. Алайда курстағы сағат саны белгіленбеген, тұрақты емес (Мемлекеттік тілді оқытуда бірізділік керек //Ана тілі. 16.112023). Идеологиялық тұрғыдан алғанда, қолданыстағы және қабылданған заңдардан концептуалды түрде ерекшеленетін өте маңызды әрі ауқымды жоба бойынша жүйелі жұмыс жүргізіледі деп күтілген. Алайда шынайы жағдай басқаша болып тұр (Фархат Қайратұлы Маңызды құжатқа мән берген жөн //Егемен Қазақстан. 15.01.2024).*



Қазақстан мен Франция арасындағы ынтымақтастық жақсы дамып келе жатыр. **Дегенмен** екіжақты қарым-қатынасқа тың серпін беру керек (Берік Бейсенұлы «Алаш қайраткерлері француздың саяси тәжірибесін зерттеген». 02.11.2023). (Корей түбегіндегі Онсыз да аш-жалаңаш, қайыршының күнін кешіп отырған Солтүстік Корея үшін бұл ауыр соққы болды. **Бірақ** бұған ресми Пхеньян қыңқ деген жоқ қара түнек //Айқын. №36 (2912). 11.03.2016).

Журналистер ретроспекция тәсілін жиі пайдаланады. Бұл тәсіл арқылы болған жайды адресаттың көз алдына келтіреді. Экран мәдениетінде ол алдын ала дайындалған кадрлар арқылы берілсе, мәтінде эмотивті-бағалау мәнді лексика қолданылып, сол кезеңге баға беріледі: *Иә, 1921-1937 жылдардың Арқа жұртына салған зобалаңы бүгінде қатпар-қатпар тарих қойнауына сіңіп барады. Қазақтың сағын сындырған, арыстай азаматтарын қынадай қырған зар заманды, адам айтқысыз, жан төгісіз қасіретті қазақ ешқашан ұмыта қоймас. Жүректі тілім-тілім еткен жара жазыла қоймас. Жайлы қонысынан қопарыла көшкен жұрт, пана болар жер іздеп, босып кетеді. Голощекин заманының желеуімен бас көтерер ауқаттыларды бірін қалдырмай тонау, соттау, шетінен өлтіріп, жер аудару басталды. Бұған жанын сала кіріскен НКВД қызметкерлерімен қоса ауылдың шолақ белсенділері болды. Талай сұмдық аласапыран заманды, адам төзгісіз қияметті басынан кешірген Арқа жеріне қасіреттің қара түнегін әкелген зұлматтың бұл басы ғана еді. Жығылғанға жұдырық болып оған ашаршылық қосылады. Маңдайынан соры арылмаған қайран жұрт тарыдай шашырап, босып кетті. Ең сұмдығы, атқаннан қалғаны аштықтан баудай түсіп, қара жолдың бойында сүйегі шашылып, көмусіз қалғаны еді... Кеңестік биліктің 20-30 жылдарында қазақ төрт миллионға жуық адамнан айырылғанынан тарихтан білеміз. Ең өкініштісі, ағайынның өзі бірін-бірі аңдып, «Байдың тұқымы, ескі заманды көксейді» деген желеумен ұстатып жіберіп жатты. «Байдың сілімтігі» деп, «Ескі заманды көкसेп, күй тартады» деп, Мақаш күйшіден бастап, саусағынан күй сорғалаған өнерпаздың бәрін қорлап өлтіреді (Күйге айналған тағдыр //Қазақ әдебиеті. 12.01.2024).*

Бұл тәсіл баспасөзде көбінесе естеріңізге сала кетсек, есіңізде болса, әлі есімде, ертеректе, бұрынырақта, еске саламыз, еске салайық, т.с.с. тіркестермен беріледі: **Естеріңізге сала кетсек**, Тайвань – БҰҰ тарапынан мойындалмаған мемлекет (Абай Асанкелдіұлы Тайвань тағына талас //Егемен Қазақстан. 15.01.2024). **Есіңізде болса**, бізде бір де бір заң уақыт талабына сай, яки шын қажеттіліктен қабылданбайды (Бір заңның зардабы //Жас алаш. 11.01.2024). **Әлі есімде**, сол кездері маған Атбасардың маңындағы Малиновка ауылының жұрты «жайылымсыз қалдық» деп хабарласқан болатын (Бір заңның зардабы //Жас алаш. 11.01.2024). **Еске саламыз**, бұған дейін Шығыс Қазақстан соты Қайрат Сатыбалдының шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтінішін қанағаттандырмаған болатын (Экс-президенттің немере інісіне қатысты жаңа іс сотқа жіберілді //Жас алаш. - 10.01.2024). **Еске салайық**, бұған дейін «2024 жылғы Олимпиадада Шымбергеновті 2016 жылғы Олимпиада чемпионы Данияр Елеусінов алмастыруы мүмкін» деген ақпарат

*шыққан болатын* (Елеусінов пе, Шымбергенов пе? Қазақстан бокс құрамасының капитаны 2024 жылғы Олимпиадаға қатыса ма? (Жас алаш. 9.01.2024).

Ретроспекция тәсілі оқиғаны бастан аяқ қайта баяндамау үшін, ақпаратты адресаттың есіне түсіру үшін, уақыт үнемдеу үшін де қолданылады. Автор болған оқиғаны баяндап қана қоймай, әрі қарай дамытып, ол оқиғаны жалғастырады, соған қатысты өз ойын білдіреді, бағасын береді. Сол себепті мұндай тілдік бірліктерден кейінгі ой жалғасын табады. Қандай да бір мәселе бұрын да сөз болғанын адресаттың есіне сала отырып, автор өз тұжырымын айтады. Сол себепті мұндай оралымдарда *демек, яғни, бірақ*, т.с.с. сөздер қатысып, соңында осыған қатысты автордың ойы, бағасы беріледі, ұстаным-көзқарасы білдіріледі: **Әлі есімде**, сол кездері маған Атбасардың маңындағы Малиновка ауылының жұрты «жайылымсыз қалдық» деп хабарласқан болатын. **Демек**, жер проблемасы кодекс қабылданғаннан кейін ақырындап басталды (Бір заңның зардабы //Жас алаш. 11.01.2024). **Есіңізде болса**, бізде бір де бір заң уақыт талабына сай, яки шын қажеттіліктен қабылданбайды. Мәселен, «Курчатовтың жергілікті депутаттармен бірлесіп Курчатов қаласын «наукоград» жасайық» деген ұсыныс білдірдік. **Яғни** заңмен ғылыми-техникалық базасы бар қалаға арнайы статус алып бермек едік. Атомды зерттеген қаланың өсіп-өркендеуіне ол заң керек еді. «Ресейдің Обнинск қаласы сияқты болса» деп ек. Жұмыс тобын құрдық. Экономика министрі біздің бастамамызды іске асырмастай етіп қорытынды жасап берді. Ол заң сол уақытта керек еді. **Бірақ** үкімет қолдамады. Бізде барлық заңның инициаторы президент әкімшілігі және үкімет қой (Бір заңның зардабы //Жас алаш. 11.01.2024). **Көпшілікке белгілі**, бүгінде журналистер қызмет істейтін мекемелердің барлығы Жауапкершілігі шектеулі серіктестік немесе акционерлік қоғам. **Демек**, осындай мәртебе аясында өзінің кәсіби қызметтерін жүзеге асырып отырған БАҚ өкілдеріне сай бағдарлама неге жасамасқа? (Ақбота Исләмбек БАҚ өкілдерінің әлеуметтік мәртебесі назардан тыс қалып келеді. Неге? //Ана тілі. 23.06.2016). Яғни ретроспекция тәсілін өз тұжырымын білдіру үшін, сендіру, иландыру үшін мақсатты түрде қолданады.

Журналистер анафоралық қолданыспен адресатқа белгілі жайтты еске түсіре отырып, қоғамда орын алған жайтқа қатысты өз ойын білдіреді: *Қазақтың даңқты балуаны Әбілсейіт Айханов өмірден өтті. Қоғамға, қазақтың құшағына сыймаған ұл еді зой, мойындайықшы* (Көкірегінде кетті бір арман //Айқын. №35 (2911). 10.03.2016). *Елімізде теміржолшыларға, әскери және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, дәрігерлерге, мұғалімдерге бірқатар жеңілдіктер қарастырылғаны мәлім. Алайда бейресми түрде төртінші билік өкілдері деп айтылатын кәсіп иелеріне ондай жеңілдіктер неге жасалмайды?* (Ақбота Исләмбек БАҚ өкілдерінің әлеуметтік мәртебесі назардан тыс қалып келеді. Неге? //Ана тілі. 23.06.2016). *Бұған дейін әлемнің екі алпауыт елі талай мәселеде сөзбен шекісіп, сауда соғысын күшейткені мәлім. Бірақ Ақ үй тізгінін Джо Байден ұстағалы екіжақты қарым-қатынас біршама жақсарған-ды. Ендігі бүкіл мәселе жаңа президенттің қабылдайтын қадамдарына байланысты* (Абай Асанкелдіұлы Тайвань тағына талас //Егемен Қазақстан.

15.01.2024). *Отандық спортта былық көп екені белгілі. Соған қарамастан, қолдан келгенше аянып қалмаймын* (Аслан Қаженов Халық ақиқатты білуге хақылы //Егемен Қазақстан. 7.01.2024).

Анафоралық қолданыс сілтеу есімдіктерімен де беріледі. Мысалы: **Мінеки**, соның кесірінен тарихи шындық пен әлеуметтік әділеттілік аяққа тапталып, құшыр-қасиеті кетіп, барлығының қадірі төмендеп қалғандай сезінетін бір жайсыз кездер болады (Нұртөре Жүсіп Шаштайұлының шындығы //Айқын. №13 (2889). 28.01.2016). **Міне**, біздің қалпымыз – осы. Ғылыми жетістіктеріміздің барлығы дерлік «қатындыққа» қызмет етіп жатыр. Қару сайлап, қорғанысты күшейту сәнге айналды (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.04.2016). **Міне, осылайша**, айрандай ұйып отырған Көпбай ауылы жендеттердің жын-ойнағына айналады. Жендеттер өнер қонған ауылды емін-еркін билеп, ойларына келгенін жасайды. Елдің шұрайлы, құйқалы жерлерінің бәрін тартып алып, құндылық біткеннің бәрін аяққа таптап, кедей-кепшікке теңдік сыйлаған боп ағайынды бір-біріне айдап салады (Күйге айналған тағдыр //Қазақ әдебиеті. 12.01.2024). **Осылайша**, солтүстіктер көрші елдердің зәре-құтын ұшырып, отпен ойнай бастады (Корей түбегіндегі кара түнек //Айқын. №36 (2912). 11.03.2016).

Сонымен қатар ретроспекция тәсілін аргумент, факт ретінде пайдаланады. Мысалы: *Ал Қазақстан болса дәл сол кезде «билік трансформациясын» бастан кешіп жатқан болатын. Мысалы, 2019 жылдың көктемінен кейін Қазақстанда сайлау туралы, митингілер өткізу туралы заңдар демократияланды* (Нұргелді ӘбдіғаниұлыЕлімізде адам құқығы қалай бағаланады? //Жас алаш. 15.01.2024). **Өңірде саяси қуғын-сүргін мен карантин күшейген тұста ішкі Қытайдан келген таза қытайлардың өзі Шыңжаңнан қайтып кетіпті. Мысалы, 2016 жылға дейін Үрімжі халқының саны 5 миллионға жуықтаса, кейінгі кезде бұл көрсеткіш 3 миллионға түсті деген ақпарат бар** (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024).

Ретроспекция тәсілінде тарихи деректер, мұрағат деректері молынан келтіріледі: 1920 жылдардағы аштық алапатында «Екі дәуір» («Ақ жол». 1922. 11.05.№171) мақаласымен қазақ қасіретіне барша қоғам назарын аудартты. «...Атасы баласын, анасы қызын жей бастады. Ел қырылды, жүрерге жол жоқ, барарға жер жоқ. Келген тағы жәрдем жоқ... Қарны тоқ ағайын, ашыққан тумаңа қарасар күнің – осы күн!» деген жан айқайымен заман шындығын жеткізіп, барша саналы қауымды қандастарына қарайласуға шақырды (Сағымбай Жұмағұл Ұлттық өрлеу ұйытқысы //Егемен Қазақстан. 21.12.2023). Дау-дамайы басынан асқан кітапты шығарған «Жазушы» баспасының редакция меңгерушісі болып істеген журналист Геннадий Толмачев «Кітап тудырған дауыл» мақаласында былай деп жазды: «Менің архивімде Бакуде бағанадан жұлынып алынған қайталанбас «хабарландыру» бар: «Москвич» автомобилін Олжас Сүлейменовтің «Аз и Я» кітабына айырбастаймын». Орталықтың қаһарына іліккен 75 тиын тұратын «Аз и Я» «қара базардан қара малдың құнын төлеп алатын кітапқа» айналды. Сол жылдары Алматының шетіндегі қара базардан алып-сатарлармен саудаласа жүріп, талай жас пен

кәрі бір қойын беріп жатып (ол уақытта ең арзан деген қойдың бағасы – 200 сом) яки тұтас бір стипендиясын қиып, кітапты қолдарына ұстады. Сол сәттегі Олжастың оқырмандарының ішкі күйін, сезімін сөзбен жеткізу тіптен мүмкін емес. Бұл кітап өліара шақта өзгерісті күткен көп жастың жүрегін жылытты. Шоқ тастады. Ішке түскен шоқ ұлттың рухын маздатты. Ал авторы қазақ халқының мақтанышына айналды (Маржан Әбіш Сананы сілкінткен «Аз и Я» //Егемен Қазақстан. 19.12.2023).

БАҚ журналистері бағалауда қоғамдағы беделді тұлғалардың, ғалымдардың сөздеріне, тұжырым, дәлелдеріне де жүгінеді. Мысалы: Әлкей Марғұланша айтқанда, «Қазақ халқы үшін Мағжан Жұмабайдың маңызы ағылшындар үшін Шекспирдің, орыстар үшін Пушкиннің маңызынан кем емес». Демек, осыншама ұлы ақынның бұлай деуінде үлкен мән бар (Жәнібек Әлиман Жанға сақтау болған жұрт //Егемен Қазақстан. 19.12.2023). Шоқан Уәлиханов «көшпелілер философы» атаған Асан қайғының төрт-бес толғауының өзі санаға төңкеріс жасамай ма? (Жәнібек Әлиман Жанға сақтау болған жұрт //Егемен Қазақстан. 19.12.2023). «Әдебиет пен сынның биік белесіне сирек дарын, тума талантымен, ешкімді қайталамайтын өзіндік стилімен, жазу мәнерімен, ең бастысы, осынау ұзақ жылдардың өн бойында тынымсыз ізденіс пен таза еңбекке ғана арқа сүйеген Сайлаубек Жұмабектің қазақ оқырманына ұсынған сын жинақтары аз емес. Мезгілсіз дүниеден өткен қарымды қаламгердің қаламынан қалған, қағазға түсіріп, жоспарлап қойған, туған әдебиетіміздің туын ұстаған бірнеше іргелі тұлғалардың шығармашылығының әр қырынан талдап-таразылайтын еңбектері, өкінішке орай, көзі тірісінде жарыққа шығып үлгермеді» деп жазады Ол туралы әдебиетші ғалым Қансейіт Әбдезұлы (Гулзина Бектас Сыршыл сыншы //Айқын. №20 (2896). 10.02.2016). Бектердің бегі – Әмір Темірден қалған бір сөз бар: «Күш әділдікте!» деген. Жұмекеңнің де күшті болатын жері тап осында! (Нұртөре Жүсіп Шаштайұлының шындығы //Айқын. №13 (2889). 28.01.2016). Қадыр Мырза Әли «Ұлт болудың бір емес, бірнеше шарты бар. Соның ең басты және ең негізгі шарты – ұлттық тіл», – дейді. Бекер сөз емес. Ендеше, әр басылымның әр санында тіл үшін тіресіп әрі күресіп келе жатқан, қазақ тілінің бай, құнарлы тіл екенін дәлелдеп келе жатқан «Ана тілін» неге қолдамасқа? (Берік Бейсенұлы Ұлттық мүдденің қорғаны //Ана тілі. 02.11.2023).

Журналистер беделді тұлғалардың тұжырымдарын өз ойының негізсіз емес екенін көрсету үшін қолданады әрі өздері де соған қатысты пікірін, бағасын білдіріп отырады. Келтірілген мәтіндердегі Жұмекеңнің де күшті болатын жері тап осында! Бекер сөз емес сияқты қолданыстар – осы сөзіміздің айғағы. Ол тұжырымдар не себепті беріліп жатқанын негіздеу үшін беделді тұлғаларға баға беріп, таныстырады: әдебиетші ғалым Қансейіт Әбдезұлы, Бектердің бегі – Әмір Темір, т.с.с.

Бұқаралық ақпарат құралдарының журналистері аргументке де баға беріп, сын көзімен қарайды. Мысалы: Министрліктің баспасөз қызметінің ақпаратына сүйенсек, су тасқынына қарсы шамамен 2 мың 500 текшеметр тау-тастар мен 8 мыңнан астам кондициялық емес темірбетон шпалдары, 17

металл аралық құрылымдар, 44 релсті пакеттер мен 145 құбыр әзірленіп, арнайы 45 пойыздар құрылып жатқан көрінеді. Ал республика көлемінде су қоймаларының толу деңгейі қандай? Оған министрлік мониторинг жүргізіп отыр ма? Қазіргі таңда министрлік жобалық көлемі 100 млн кубокилометр суды құрайтын 54 ірі су қоймасы бойынша күнделікті мониторинг жүргізіп отыр. Бүгінде аталған су қоймаларының көлемі 113,3 млн кубокилометрді құрайды. 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 62,9 пайыз немесе 71,3 млн кубокилометр толтырылды, жобалық қуаттың бос қалдығы 42,5 млн кубокилометр немесе 37 пайыз қосымша суды қабылдауға мүмкіндік береді. Қалған су қоймалары бойынша күнделікті мониторинг жүргізіледі, олардың орташа толымдылығы шамамен 30-50 пайыз шамасында болып отыр.

Әрине, министрлердің деректері көңіл жұбатарлық. Бәрі де дұрыс, халықты, елді мекен тұрғындарын мазалайтындай мәселе де жоқ сияқты. Бәрі де сақадай сай көрінеді. Біз «құрғақ уәде болмаса» дейміз. Десек те, алаңсыз отыруға болмайды. Өйткені «тасқын су сенде бір мін бар, өткел бермейсің» деген сөз ақиқат (Берік Бейсенұлы «Тасқын су, сенде бір мін бар, өткел бермейсің» //Ана тілі. 11.01.2024).

Келтірілген мәтінде автор (Берік Бейсенұлы) Министрліктің баспасөз қызметінің ақпаратын дәйек ретінде келтіргенмен, оған толық сеніп кетпейді. Сол себепті министрліктің ақпаратын танықтық мәнде (құрылып жатқан көрінеді, Бәрі де дұрыс, халықты, елді мекен тұрғындарын мазалайтындай мәселе де жоқ сияқты. Бәрі де сақадай сай көрінеді) қолданып, өз бағасын береді: Біз «құрғақ уәде болмаса» дейміз. Десек те, алаңсыз отыруға болмайды. Өйткені «тасқын су сенде бір мін бар, өткел бермейсің» деген сөз ақиқат. Тіпті заң түрінде бекітілген құжаттарға да сенімсіздік көрсетіледі: Бірақ күшпен қабылданған құжаттың негізгі ережелері әлі күнге дейін орындалған жоқ. Мысалы, ауыл адамдарына 25 соток, қала адамдарына 10 соток жер телімі берілуі тиіс еді. «Барлық қазақстандықтар жерге ие болды» деп айта алмаймыз. Семей, Павлодар, Қарағанды облыстарында ядролық жарылыстан кейін қауіпті аймақ болып қалған жерлер бар. Ол аймақта залалсыздандыру жұмыстары атқарылуы тиіс болатын. Комплексті түрде экологиялық зерттеу жұмыстары мен радиация қалдықтарына мониторинг жүргізілуі тиіс еді. Оның бірі жасалмады. Атом бомбасы жарылған ол жерлер әлі күнге ашық жатыр. Адамдар емін-еркін төрт-түлігін жайып, малының етін жеп, сүтін ішіп отыр. Автокөліктер де жүріп жатыр. Жер ауыл шаруашылығына жарамды болуы үшін культивация жасалмады. Бұның бәрі заңда көрсетілген. Бірақ тағы қайталап айтамын, барлығы орындалған жоқ (Бір заңның зардабы. 2003 жылы Жер кодексі қабылданған кезде сіз парламент сенатының депутаты болған Зәуреш Батталовамен аз-кем әңгіме дүкен //Жас алаш. 11.01.2024).

Мәтінде эмотивті-бағалауыштық лексика молынан пайдаланылған. Журналист нақты дәйек, аргументтерді негізге ала отырып, заңда көрсетілген ережелердің ешқайсысы орындалмағанын алға тартады. Сол арқылы заңның орындалу барысына баға береді, сынайды, қайталау тәсілін қолдана отырып (тағы қайталап айтамын), жұмыстың жүргізілмей жатқанын ашық айтады.

БАҚ журналистері қарсы пікір білдірген кезде санамалау тәсілін пайдалана отырып, нақты фактілерге, аргументтерге жүгінеді, сарапшылардың пікірін ескереді. Мысалы: **Біздіңше олай емес. Біріншіден**, жобаның индустрияға мұндай әсері болмайды. Өйткені құжатта қолданыстағы нормаларға арналған сапалы өзгерістер жоқ. **Екіншіден**, жобада сәулет және қала құрылысы мәселелері ескерілмеген (Фархат Қайратұлы Маңызды құжатқа мән берген жөн //Егемен Қазақстан. 15.01.2024). Сарапшылардың айтуынша, Лай Циндэ мырзаның президент болып сайлануы Тайваньдағы ахуалды ушықтыруы мүмкін. **Біріншіден**, Бейжің билігі оны мүлдем жақтырмайды... **Екіншіден**, Л. Циндэнің ұлықтау рәсімі 20 мамырға белгіленген. Сарапшылар алдағы төрт айда аралдағы саяси градус көтеріліп кетуі мүмкін екенін алға тартады... **Үшіншіден**, президент сайлауымен бірге Тайваньда жалпы сайлау да өтті. «Демократиялық прогрессивті партия» мемлекет басшысын анықтауда оза шапқанымен, депутаттарды анықтауда есе жіберіп қойды. Нәтижесінде «Құқықтық Юаньда» небәрі 51 мандат иеленді. «Гоминьданга» 52 орын бұйырды. «Тайвань ұлттық партиясы» 8 депутатпен шектелді (Абай Асанкелдіұлы Тайвань тағына талас //Егемен Қазақстан. 15.01.2024).

Автор эмотивті-бағалауыштық лексика қатысқан сөйлемдерінде себеп-салдар жалғаулықтарын қолдана отырып, ой-тұжырымын негіздейді: **Өйткені** бұл – біздің, жаңа Қазақстанның жер басып жүрген ұрпақтарының, ана дүниедегі ата-бабалар алдындағы Алатаудай аманатымыз (Оқырман өзгерді, қаламгер, сен де өзгер //Қазақ әдебиеті. 29.12.2023). **Өйткені** «газеттің сөзі – мыңкүндік» (Берік Бейсенұлы Ұлттық мүдденің қорғаны //Ана тілі. 02.11.2023). **Себебі** кітап музейінің сирек кітаптары Ұлттық академиялық кітапханаға қажет болып тұрған сыңайлы (Серікбол Хасан Кітап музейінің басына күн туды немесе министрліктің мұнысы несі? //Айқын. №26 (2902). 4.02.2016)

Сонымен қатар *ендеше, сөйтіп, сонымен, қорыта айтқанда*, т.с.с. мәтін байланыстырушы, ұластырушы тілдік бірліктерді пайдаланып, ойын тұжырымдайды, баға беріп, пікір білдіреді. Мысалы: **Сөйтіп**, өз елінің әскери қуатын әлемге паш етті (Корей түбегіндегі қара түнек //Айқын. №36 (2912). 11.03.2016). **Қорыта келгенде**, адамзат өз ақырына күн санап жақындап келе жатыр (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.04.2016). **Ендеше**, Ұлы Дала абыройы үшін түнде ұйықтамай, күндіз отырмай тер төгу – бізге, жер басып жүргендерге қасиетті парыз (Оқырман өзгерді, қаламгер, сен де өзгер //Қазақ әдебиеті. 29.12.2023). «Ана тілін» жұмыс орнына жаздырып алатын басшылар да көбейді. **Сөйтіп**, әр қызметкеріне таратады (Берік Бейсенұлы Ұлттық мүдденің қорғаны //Ана тілі. 02.11.2023). **Ендеше**, әр басылымның әр санында тіл үшін тіресіп әрі күресіп келе жатқан, қазақ тілінің бай, құнарлы тіл екенін дәлелдеп келе жатқан «Ана тілін» неге қолдамасқа? (Берік Бейсенұлы Ұлттық мүдденің қорғаны //Ана тілі. 02.11.2023).

Бүгінгі таңда газет, журнал бетінде көптеген орынсыз қолданыстар, қате тіркестер орын алып жүр, бұл басылым беттерімен қатар радио, теледидар тілінде де жиі кездеседі. Мысалы, *байланысты, орай, арқасында, кесірінен, салдарынан, қарай* т.с.с. қолданысын жатқызуға болады: *өкінішке орай, жауын-*

*шашын салдарынан егін бітік шықты, жол апатының арқасында* т.с.с. қолданыстар радио, бұқаралық ақпарат құралдарының тілінде кездесіп қалады. *Орай, арқасында* септеулігінің дұрыс, оңтайлы іс-әрекетке, қимылға, орайлы іске байланысты қолданылатыны, керісінше, *салдарынан, кесірінен* сөздерінің жағымсыз құбылыстарды бейнелеуде қолданылатыны, эмотивті-экспрессивті бояуы төмен сөздермен тіркесетіні, *тура келеді, мәжбүр болды* тіркестерінің амалсыздан, лажсыздан болған қимылды білдіретіні т.с.с. көп жағдайда ескеріле бермейді. Тіл заңдылықтарын белшеден басатын мұндай қолданыстарға бейжай қарауға болмайды. Себебі теледидар – дұрыс сөйлеу, сауатты сөйлеу әдебін танытатын, дұрыс сөйлеу нормаларын қалыптастыратын бірден-бір жол болуы тиіс. Бұл орайда академик Р. Сыздықова: «Радио, теледидар және баспасөз сияқты бұқаралық ақпарат құралдарының тіліне арнайы көңіл аудару да тіл мәдениеті шаруаларының бірінен саналады. Бұқаралық ақпарат құралдарының тілі деген, олардың сөз таңдап жұмсау әрекеттерінен бастап, орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды дұрыс қолдануларына назар аударылады. Бұлар өзгелерден екі есе көп жүк арқалайды: бірі – күнделікті газет-журналдар, сахна өнерпаздары, радио мен теледидар қызметкерлері тіл мәдениеті проблемаларын көтеру, тілдік нормаларды берік сақтау сияқты мәселелерді тікелей насихаттауы, түсіндіруі, пікірталастар ұйымдастыруы болса, екіншісі – сахна мен радио, теледидар қызметкерлері орфоэпиялық нормаларды қалың көпшілікке үйретуші ұстаз болуға міндетті. Ал баспасөз қалың оқырман қауымның тілін ұстартып, жазу сауаттылығын көтеруге мейлінше зор қызмет етуге міндетті, – деп жазған еді [172].

БАҚ-тағы лингвистикалық өзгерістер экстралингвистикалық факторларға да негізделген. БАҚ-тың қоғамдағы мәртебесі мен қызметінің өзгеруі, демократиялық еркіндік, цензураның жойылуы, қоғамның саяси, идеологиялық бөлінуінен БАҚ жүйесінің қайта құрылуы, БАҚ арасындағы бәсекелестік қатынастардың дамуы, аудиторияның коммуникативтік мәртебесінің өзгеруі. Медиа дискурс осы өзгерістерге тез бейімделіп, өзгерді.

### **3.4 БАҚ-тағы эмотивті-бағалауыштық мәнді көріктеу құралдары**

Бұқаралық ақпарат құралдарында эмоциялық-бағалауыштық мәнді жеткізуде көркемдеуіш құралдардың маңызы зор. Бұл орайда әсіресе метафоралардың орны бөлек. Ауыспалы мәнде қолдана отырып, журналист белгілі бір нысанға баға беріп, эмоциясын білдіреді. Мысалы: *Шығыс Түркістаннан Чэнь кеткенімен, ол жүргізген саясаттың салқыны, репрессияның қорқынышты елесі қалды* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). *Шын мәнінде, егемендіктің, еркіндіктің ақ таңына дейінгі азапты жолда кімдердің ізі қалғанын, рухты жырында кімдердің даусы естілетінін Жер-ана жақсы біледі* (Маржан Әбіш Сананы сілкінткен «Аз и Я» //Егемен Қазақстан. 19.12.2023). *Өйткені Онтүстік және АҚШ-қа күші жетпейтін Солтүстіктер ядролық гүрзіге арқа сүйері анық* (Корей түбегіндегі қара түнек //Айқын. №36 (2912) 11 наурыз, 2016 жұма). *Біздің ұлттық таным мен рухтың, азаттық туралы*

*пайымымыздың күретамыры сонау Күлтегін ескерткішіндегі жазулардан бастау алатын, керек болса, Шыңғыс хан заңдар жинағынан тамыр тартатын «Бес ғасыр жырлайды» кітабындағы жыраулар поэзиясында (Жәнібек Әлиман Жанға сақтау болған жұрт //Егемен Қазақстан. 19.12.2023). Негізі «екіжүзді» деген атау «Мәдениет төңкерісі» кезінде партия ішіндегі сенімсіз шенділерге қаратылған. Сол қалпақты жаңа ғасырда Қазақстанға келіп-кетіп жүрген қазақтарға кигізген көрінеді (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024).*

Журналистер метафораларды көбінесе кейіпкер бейнесін ашу үшін қолданады: *Ұлт керегін түгендеуге қара нар болып жегілген еңбек торысы «Абай Құнанбайұлы. Таңдамалы өлеңдерін» (1922) басып шығаруға қатысып, ақын шығармаларындағы жат сөздерге түсінік жазды (Сағымбай Жұмағұл Ұлттық өрлеу ұйытқысы //Егемен Қазақстан. 21.12.2023). «Әлеуметшіліксіз қазақта ұлт тіршілігі, ұлт мемлекеті болу мүмкін еместігін» («Аламан») тереңнен екішеп, қазақ қауымының қордаланған толғақты мәселелерін заман талабына сай шешудегі келелі істерге **темірқазық** болды (Сағымбай Жұмағұл Ұлттық өрлеу ұйытқысы //Егемен Қазақстан. 21.12.2023). Талай **мұзжарғыштардың** отты екпінінен, өр даусынан кейін туған азаттықтың арайлы таңынан бері өте шыққан отыз жылда талай дүние өзгерді (Маржан Әбіш Сананы сілкінткен «Аз и Я» //Егемен Қазақстан. 19.12.2023).*

Кейде бейнелі метафоралар айқындауыш ретінде жұмсалған. Мысалы: ***Бірақ осы жыраулар тарихының бәрінің темірқазығы** – Мұхтар Мағауиннің 1968 жылы баспа жүзін көрген «Қобыз сарыны» атты кітабы болып қалды (Жәнібек Әлиман Жанға сақтау болған жұрт //Егемен Қазақстан. 19.12.2023). **Алаш ренессансын тудырған алыптар тобының алдаспаны** – Халел Досмұхамедұлының елдік қасиеттерден суарылған қазыналы мұрасынан алар тағдылым толастамақ емес (Сағымбай Жұмағұл Ұлттық өрлеу ұйытқысы //Егемен Қазақстан. 21.12.2023). **Ұлы дала руханиятының мазмұнын байытып, қазақ халқын әлемдік өркениеттің кеңістігіне бастайтын, ұлттық мәдениеттің мәртебесін биіктететін темірқазық бағдар іспетті ұлы тұлға** – Абайдың ұрпақтарына аманат етіп кеткен дана сөзі мен мол мұрасы бүгінде адамзат баласының мәңгілік асыл қазынасына айналған (Балтабай Әбдіғазиев «Білімдіден аяман сөздің майын...» //Егемен Қазақстан. 21.12.2023).*

Сонымен қатар осы тәсілмен апеллятивтер де жасалған: *«Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деп қазақ даласын өлік сасытқан **Құжсақ** – **Голощекин** көрінде өкіріп жатса да обалы жоқ (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.03.2016).*

Бұқаралық ақпарат құралдарында эмотивті-бағалауыштық мән тудыру үшін журналистер антономазия тәсілін екі түрлі жолмен пайдаланған:

1) Жекелеген тұлғалардың, ғалымдардың, ақын-жазушылардың аты-жөнін қайталай бермеу үшін қолданған. Мысалы: ***Қандай істе болсын кәсіби біліктілігімен жарқырай көрінген санаткердің** «Қазақ-қырғыз білім кәмисиесінен» баяндамасындағы ой-толғамдары нақыл сөздерге тұнып тұр (Сағымбай Жұмағұл Ұлттық өрлеу ұйытқысы //Егемен Қазақстан. 21.12.2023). **Келелі***



*істердің көшбасынан табылған отырған білімпаз 1923 жылы Қазақ-қырғыз комиссиясы жанынан «Сана» журналын ашып, тағылымы мол істерге тірек болды (Сағымбай Жұмағұл Ұлттық өрлеу ұйытқысы //Егемен Қазақстан. 21.12.2023). «Алаш» не сөз?» мақаласымен тарихи жадымызға қан жүгірткен ғұлама ғасырлар тоғысындағы аласапыранда азаттықтың адастырмас жолында тер төкті (Сағымбай Жұмағұл Ұлттық өрлеу ұйытқысы //Егемен Қазақстан. 21.12.2023). «Шын азаттықты білім береді» («Мәшиненің күші»), «Мәдениеттің негізі – білім» («Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы») екенін қадап көрсеткен энциклопедист тұлғаның нақыл сөздері халқымыздың отаршылдықтан арылудағы қилы тағдырын, ояну дәуіріндегі әлеуметтік сілкінісін, мемлекеттілігін қайта жаңғыртуымен сабақтас ғылым өріндегі серпілісін, мәдениет биігіндегі өрлеу өрісін танытады (Сағымбай Жұмағұл Ұлттық өрлеу ұйытқысы //Егемен Қазақстан. 21.12.2023).*

Келтірілген мысалдарда ғалым Сағымбай Жұмағұл Халел Досмұхамедұлын *Қандай істе болсын кәсіби біліктілігімен жарқырай көрінген санаткер, Келелі істердің көшбасынан табылған отырған білімпаз, тарихи жадымызға қан жүгірткен ғұлама, «Шын азаттықты білім береді» («Мәшиненің күші»), «Мәдениеттің негізі – білім» («Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы») екенін қадап көрсеткен энциклопедист тұлға деп атап, сипаттамаларын, эмотивті-бағалауыштық сөздерін субституция ретінде қолданған.*

2) Танымал ақын-жазушы, ғалым өмір сүрген кезеңді, белгілі бір тұлғаға тән сипатты көрсету үшін жалқы есімдерді пайдаланған. Мысалы: *Мысалы: Сонау Абайдан бүгінгі Жұмабайға дейін жалғасқан ұлт жанайқайына құлақ түрер жан бар ма? Елдік негізді құрайтын екі мінезді қайта қалыпқа келтірудің жолын табатын қазақ қайраткерлері қайда? (Нұртөре Жүсіп Шаштайұлының шындығы //Айқын. №13 (2889). 28.01.2016). Аймауытов болып ақтарылады, Шанин болып ширығады, Байзақов болып термелетеді, Марғұлан болып тебіренеді. Соның бәрін жүрегіңе жеткізе жөнімен айтып отырғанда Сыр бойы перзентінің баяғыда-ақ Баянауылмен бауырласып кеткеніне қапысыз сенесің (Бауыржан Омаров Сарбалаевтар сабақтастығы //Ана тілі. №6 (1368). 2017, 9-15 ақпан).*

Журналистердің эмоциялы бағасы эпитеттерді қолдануларынан да айқын көрінеді. Мысалы: *Қызыл көз қытайға ХХІ ғасыр да, екі ел арасындағы тығыз экономикалық байланыс та қызық емес екен (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). Шын мәнінде, егемендіктің, еркіндіктің ақ таңына дейінгі азапты жолда кімдердің ізі қалғанын, рухты жырында кімдердің даусы естілетінін Жер-ана жақсы біледі (Маржан Әбіш Сананы сілкінткен «Аз и Я» //Егемен Қазақстан. 19.12.2023). Әттең, алтынды бағалай алмаған сұрқия заманға не дерсіз?! (Күйге айналған тағдыр //Қазақ әдебиеті. 12.01.2024). Бірақ қасаң әрі балаң түсініктен арылатын уақыт жетті деп ойлаймын (Дүкен Мәсімханұлы Жалпыұлттық құндылық бәрінен жоғары тұруға тиіс //Егемен Қазақстан. 11.01.2024).*

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы эпитеттер көбінесе тақырыпқа өзек болған адамды (не басқа да нысанды) сипаттап, соған қатысты ұстанымын, эмоциясын, бағасын беру үшін жұмсалады. Мысалы: *Әбікен Хасенов – қазақ даласына келген зұлматтың өртіне шарпылып, нәубет заманның қасіретін көрген, сол қасіретті тағдырының шырмауынан шыға алмай кеткен күйші. Ол – Кеңес өкіметі саясатының салдарынан қуғын-сүргінге ұшырап, қызыл қырғында барынан айырылып, рухы қайта тірілген күйші. Ол – көзі тірісінде лайықты бағасын ала алмай кеткен дарын иесі* (Жанар Оразымбет Күйге айналған тағдыр //Қазақ әдебиеті. 12.01.2024).

*Әбікен Хасенов – Тәттімбет күйлерінің ұлттық мәдениетіміздің асыл қазынасына айналуына орасан зор үлес қосқан, оны түпнұсқа деңгейінде шеберлікпен орындап, тұңғыш рет күйтабаққа және магниттік таспаларға жаздырған, нотаға түсірткізген, күй мұрасын халыққа кеңінен насихаттаған ғаламат күйші. Тәттімбет қана емес, Арқа өңірінің Тоқа, Дайрабай, Қыздарбек, Әбди, Итаяқ бастаған күйші-композиторларының күйлерін теңдессіз шеберлікпен орындап, халқымыздың музыка өнерінің қорын байытқан адам. Қазақ даласының шертпе күйін шырқау биікке көтеріп, күмбір күйдің дарабозына айналған өнер иесі, ұшы-қиыры жоқ, ұшқан құстың қанаты талар Арқа жерінің өлшеусіз күй мұрасын, сол күймен бірге даланың бүкіл кеңдігі мен қайтпас қайсар табиғатын бойына сіңірген құдіретті тұлға еді* (Жанар Оразымбет Күйге айналған тағдыр //Қазақ әдебиеті. 12.01.2024). *Мен білетін Жұмабай Шаштайұлы – өзінің өмірлік ұстанымы ретінде шындық пен әділет ұғымын ең басты орынға шығарған; журналист ретінде де, жазушы ретінде де осы ұстанымынан әсте айнымаған, ал адам ретінде өз темірқазығы – әділет пен адалдықтан жаңылмаған жан* (Нұртөре Жүсіп Шаштайұлының шындығы //Айқын. №13 (2889). 28.01.2016).

Журналист – Жанар Оразымбет күйші туралы материал дайындауда Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, күйші, ғалым Жанғали Жүзбаев, әнші, өнертанушы Ерлан Төлеутай, күйші, ғалым Мұрат Әбуғазы сынды өнер қайраткерлерінен сұхбат ала отырып, Әбікен Хасенов туралы өз ойын, бағасын кейіпкер тұлғасын аша түсетін эпитеттерді орынды қолдану арқылы берген (*қазақ даласына келген зұлматтың өртіне шарпылып, нәубет заманның қасіретін көрген, сол қасіретті тағдырының шырмауынан шыға алмай кеткен; Кеңес өкіметі саясатының салдарынан қуғын-сүргінге ұшырап, қызыл қырғында барынан айырылып, рухы қайта тірілген; көзі тірісінде лайықты бағасын ала алмай кеткен; Тәттімбет күйлерінің ұлттық мәдениетіміздің асыл қазынасына айналуына орасан зор үлес қосқан, оны түпнұсқа деңгейінде шеберлікпен орындап, тұңғыш рет күйтабаққа және магниттік таспаларға жаздырған, нотаға түсірткізген, күй мұрасын халыққа кеңінен насихаттаған, ғаламат; Тәттімбет қана емес, Арқа өңірінің Тоқа, Дайрабай, Қыздарбек, Әбди, Итаяқ бастаған күйші-композиторларының күйлерін теңдессіз шеберлікпен орындап, халқымыздың музыка өнерінің қорын байытқан; Қазақ даласының шертпе күйін шырқау биікке көтеріп, күмбір күйдің дарабозына айналған; ұшы-қиыры жоқ, ұшқан құстың қанаты талар Арқа жерінің*

өлшеусіз күй мұрасын, сол күймен бірге даланың бүкіл кеңдігі мен қайтпас қайсар табиғатын бойына сіңірген құдіретті).

Эпитет кейде анықталатын сөзінің алдына шығарылмай, сөйлем ретінде жеке беріледі: *1960 жылдары әдебиетімізге үлкен буын келді. Өжет, өр* (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды //Жас алаш. 15.01.2024). Бұл мәтіндегі *өжет, өр* сөздері *буын* сөзінің эпитеттері болғанмен, журналист осы буынды ерекшелеу үшін, бағасын даралап көрсету үшін атаулы сөйлем ретінде бөлек берген. Мұндай қолданыс мәтіннің эмотивті-бағалауыштық бояуын күшейте түскен.

Бұқаралық ақпарат құралдарында автордың эмоциясы мен бағасын білдіру үшін теңеулер де жиі қолданылады. Мысалы: *Қаншама қазақ қоршауға қамалған құлындай шекара торын жағалап жүгіріп жүріп, жылдарды өткізді...* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). *Арқалы күйлерді дұғадай жаттап өскен Әбікен Кәрсөн-Керней ішіндегі күйшілердің бәрінің шеберлігін бойына дарытқан үлкен мектеп болатын. Әттең, алтынды бағалай алмаған сұрқия заманға не дерсіз?!* (Күйге айналған тағдыр //Қазақ әдебиеті. 12.01.2024). *Өйткені бұл – біздің, жаңа Қазақстанның жер басып жүрген ұрпақтарының, ана дүниедегі ата-бабалар алдындағы Алатаудай аманатымыз* (Оқырман өзгерді, қаламгер, сен де өзгер //Қазақ әдебиеті. 29.12.2023).

Көркемдегіш құралдарды эмотивті-бағалауыштық сөздер ретінде пайдалануда журналистер көбінесе ұлттық танымға негізделген троптар тудырады. Сонымен қатар тілімізде бұрыннан қалыптасқан дайын теңеулерді де мақсатқа сай пайдаланған. Мысалы: *Әбікен Хасенов сол кезде асқар таудай болып алдыңнан шығады да тұрады* (Күйге айналған тағдыр //Қазақ әдебиеті. 12.01.2024). *Қазір «Аз и Я» туралы небір әңгімелерді аңыз қылып айтамыз. Әлемге аты шыққан, мүйізі қарағайдай ғалымдардың өздері «Аз и Я»-да айтылған сөздердің ақиқат екенін мойындап жатыр* (Маржан Әбіш Сананы сілкінткен «Аз и Я» //Егемен Қазақстан. 19.12.2023).

Сонымен қатар ұлттық танымнан бөлек, жалпыадамзаттық танымға негізделген қолданыстар да кездеседі. Мысалы: *Осы жолда тарихи тақырыпта жазған шығармаларын мұзжарғыш сынды пайдаланды* (Маржан Әбіш Сананы сілкінткен «Аз и Я» //Егемен Қазақстан. 19.12.2023). *Мұхтар Мағауиннің «Көк мұнары» (1972), Илияс Есенберлиннің «Көшпенділері» (1969, 1971, 1973), Олжас Сүлейменовтің «Аз и Я»-сы (1975), Софы Сматаевтың «Елім-айы» (1976), Әбіш Кекілбайұлының «Үркері» (1981), «Елең-алаңы» (1984), бәрі-бәрі қоғамда қатқан сеңді жібітуге бағытталған мұзжарғыш тас секілді әсер қалдырды* (Маржан Әбіш Сананы сілкінткен «Аз и Я» //Егемен Қазақстан. 19.12.2023).

Мәтіннің эмотивті-бағалауыштық реңкін күшейту синонимдердің де қызметі ерекше. Мысалы: *Академик Дмитрий Лихачев «Слово о полку Игореве» и культура его времени» деп аталатын монографиясының бір тарауын Олжас Сүлейменовке арнап, қазақ ақынының пікірлерінен ұлтшылдық сарын «тапты», зерттеу тәсілдерін «түкке тұрғысыз» деп атады* (Маржан Әбіш Сананы сілкінткен «Аз и Я» //Егемен Қазақстан. 19.12.2023). *Керек десек, оның*

өзі **«адам құқын бұзушы»**, ескі билікті қайтаруды көздеуші шенеунік не күштік құрылым өкілдері тарапынан **«адам құқын бұзушылық»** болып саналып, олар оны әлемге жар салуға даяр болды (Нүргелді Әбдіғаниұлы Елімізде адам құқығы қалай бағаланады? //Жас алаш. 15.01.2024). Егер біреудің айыбын айтсақ, ол біздің тұтас трагедиямызды еске салады. Жеке адамның **кемшілігі** ғана емес, **ұлттың шеккен зардабы, тартқан азабы** сөз болады (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024).

Бұқаралық ақпарат құралдарында эмотивті-бағалауыштық мәнде контекстік синонимдер жиі қолданылатынын байқаймыз. Мысалы: **Әйтеуір біреудің сатқындығын, біреудің аярлығын, бірінің қорқақтығын** сөз еткен сайын қазақ қоғамы соны алғаш естіп тұрғандай жаңалық ашып жатады. **Тағы таңырқап, тағы тосырқап қабылдайды** (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024). *Ойхой, Абай даласы «Абайлаған», Семей десе, Абай деп қарайды адам» деп Мұқағали ақын жырлағандай, ақынды осы тарихи қаласыз ойға оралту да, елестету де мүмкін емес* (Сәтжан Қасымжанұлы Абай заманының кітапханасы //Егемен Қазақстан. 03.01.2024).

Бұқаралық ақпарат құралдарында эмотивті-бағалауыштық мәнді синонимдер бір сөзді қайталамау үшін, оқырманын жалықтырып алмау үшін қолданылған стильдік элементке жатады. Мысал ретінде Бектас Гулзинаның «Сыршыл сыншы» атты мақаласын келтіруге болады: *Тірі болса, Сайлаубек Жұмабеков биыл жетпісін атап өтер еді. Амал қанша? Мезгілсіз қаза сыншыны әдеби ортадан ерте алып кетті. Ерекше сыншылық дарынымен, туа бітті болмыс-бітімімен ақыл мен парасаты бөлек сын сардарынан абайсызда, күтпеген тұста оқырманы көз жазып қалды. Алматы мен Астананы жалғап жатқан күре жолдың бойында әке мен бала мәңгілікке көз жұмды* (Гулзина Бектас Сыршыл сыншы //Айқын. №20 (2896). 10.02.2016). Сайлаубек Жұмабековтің өмірмен ерте қош айтысқан жеткізу үшін журналист мезгілсіз қаза, әдеби ортадан ерте алып кетті, абайсызда, күтпеген тұста оқырманы көз жазып қалды, мәңгілікке көз жұмды сияқты эмотивті-бағалауыштық синонимдерді қолданған. Журналист әдебиет сыншысы, жазушы Сайлаубек Жұмабековтің қазасына қатысты *Амал қанша?* сияқты құрылымдарды да қолданып, өзінің эмоциясын жеткізеді.

Бұқаралық ақпарат құралдарында осы мән эвфемизмдер арқылы да беріледі: *Ол кісі осындай алмағайып заман туатынын да, «қаңғыбас» баласын көре алмай келмеске кететінін де сезген сияқты* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024).

Бұқаралық ақпарат құралдарында контекстік синонимдердің жиі қолданылуының өзіндік себептері бар. Ондай синонимдер бір затқа (нысанға) тиесілі болғандықтан, жеке тұрғанда синоним бола алмайтын сөздер жинақталып, бір заттың белгісі ретінде қолданылған. Мысалы: *Мінеки, соның кесірінен тарихи шындық пен әлеуметтік әділеттілік аяққа тапталып, құшыр-қасиеті кетіп, барлығының қадірі төмендеп қалғандай сезінетін бір*

жайсыз кездер болады (Нұртөре Жүсіп Шаштайұлының шындығы //Айқын. №13 (2889). 28.01.2016). *Жер-жаһандағы небәрі 15 ел ғана Тайваньның тәуелсіздігін мойындаған... Әлемдік аренада ықпалы бар бірде-бір ел Тайваньның егемендігін таныған жоқ. Тіпті, аталған елдің тағдырына алаңдайтын АҚШ та оларды «азат ел» деп есептеген емес. Тайвань мәселесін жиі көтеретін Еуропалық одақ елдері де оны «тәуелсіз ел» деп санамайды* (Абай Асанкелдіұлы Тайвань тағына талас //Егемен Қазақстан. 15.01.2024).

Эмотивті-бағалауыштық мәнді контекстік синонимдерді функциясына қарай бірнеше топқа бөлуге болады:

1) ортақ ұғым, ұқсас сыпат, ортақ әрекетке қатысты болады: *Ол – өз білігі, өз түсінігі, өз ұғым-танымы бойынша осы әділдік, әділеттілік, ақиқат ұғымдарынан бір мысқал болса да айнымауға ұмтылған адам* (Нұртөре Жүсіп Шаштайұлының шындығы //Айқын. №13 (2889). 28.01.2016). *Ұлттың даралық сипаты мен жұлын-жүйесінде бүлкілдеп қайнап жатқан осындай негіздер бүгінгі азаттыққа әкелді* (Жәнібек Әлиман Жанға сақтау болған жұрт //Егемен Қазақстан. 19.12.2023). *Тарихтан өз орнын, өз бағасын алған тұлғаларға біздің ендігі берер бағамыздың қажеті жоқ* (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024).

2) ұқсас сапаны, белгіні білдіреді: *Бірақ қасаң әрі балаң түсініктен арылатын уақыт жетті деп ойлаймын* (Дүкен Мәсімханұлы Жалпыұлттық құндылық бәрінен жоғары тұруға тиіс //Егемен Қазақстан. 11.01.2024). *Осы сияқты ұлт алдында жасалған сатқындықтар, кемшіліктер де ешқашан ұмытылмайды* (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024). *Сана мен рухтың алып бейнесі, ерлік пен елдік жолындағы батылдық, жаныңды қию, малыңды шашу тек ұрпақ үшін, болашақ үшін, ел мен жердің бүтіндігі мен тұтастығы үшін екен* (Жәнібек Әлиман Жанға сақтау болған жұрт //Егемен Қазақстан. 19.12.2023). *«Жері мен суының игілігін көріп, байлыққа батып, берекесі кіріп отырғандай желбуаз да жадағай, жалаң аңгімелерден жүрегіңайнып, шетіне жуығың келмей, қашқақтайтын құлық пайда болғалы қай заман?» деген жолдар бар* (Нұртөре Жүсіп Шаштайұлының шындығы //Айқын. №13 (2889). 28.01.2016).

3) ортақ мақсатқа бағытталады: *Сана мен рухтың алып бейнесі, ерлік пен елдік жолындағы батылдық, жаныңды қию, малыңды шашу тек ұрпақ үшін, болашақ үшін, ел мен жердің бүтіндігі мен тұтастығы үшін екен* (Жәнібек Әлиман Жанға сақтау болған жұрт //Егемен Қазақстан. 19.12.2023)... *Қазақ зиялылары бір ғана ізгі мақсатты көздеді: тарихи сананы сілкінту, ұлттық рухты жоғалтпау* (Маржан Әбіш Сананы сілкінткен «Аз и Я» //Егемен Қазақстан. 19.12.2023)... *Шамамыз келгенше ұқсап бағуға, ұстаз ұлағатын ұғынуға, аға таңдаған жолдан айнымауға ұмтылыс танытып келеміз* (Нұртөре Жүсіп Шаштайұлының шындығы //Айқын. №13 (2889). 28.01.2016).

4) бір кезеңге қатысты болады: *Иә, заманның мың құбылып тұрған шағында, тоталитаризмнің қылышынан қан тамып тұрған кезінде қазақ зиялылары бір ғана ізгі мақсатты көздеді: тарихи сананы сілкінту, ұлттық рухты жоғалтпау* (Маржан Әбіш Сананы сілкінткен «Аз и Я» //Егемен Қазақстан. 19.12.2023).

5) бір шығарманың бойында қамтылады: *Неше мың жылдық тарих қана емес, ол шығармаларда қаншама уақыттың рухы, халықтың танымы мен ең ұлы мұраттары жатқаны анық* (Жәнібек Әлиман Жанға сақтау болған жұрт //Егемен Қазақстан. 19.12.2023).

6) қандай да бір зат, құбылыс, үдерістің нәтижелері ретінде көрінеді: *Балаңыздың бойындағы шаршау, ашулану, жүйке жұқару, ұйқыбастық, күйзелістің көбісі осы ұялы телефонның кесірінен екенін бір сәт ойлап көрдіңіз бе?* (Төреғали Тәшенов Сымсыз телефонның сұмдығы //Айқын. №34 (2910). 4.04.2016). *Қанишама жан азаттыққа қол созды, қанишама қадам жасалды, гүлдер солды, үміттер үзілді, шырағы сөнді* (Маржан Әбіш Сананы сілкінткен «Аз и Я» //Егемен Қазақстан. 19.12.2023). *Олардың әр «соққысы» дүмпу тудырып, санада сілкініс жасады* (Маржан Әбіш Сананы сілкінткен «Аз и Я» //Егемен Қазақстан. 19.12.2023).

7) ұқсас әрекетті көрсетеді: *Керісінше, жақтырмағандай ма, жоқ, жатырқағандай ма?* (Жарлы Байғанин «Қорғансыздың күні» //Ана тілі. 30.11.2023). *Кейде рулық деңгейде ойлап, әркім өз руынан шыққан тұлғаларды қорғаштап, қырықпышақ болады* (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024). *Солардың бәрі біреуді кінәлаумен, күйе жазаумен, сатумен жүзеге асқан* (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024). *Сайын далада еркін көшіп, ерке құспен сырласып өмір кешкен ордалы жұртымның қаймағының бәрін сыпырып алып, билікті өмірі кісі баскарып көрмеген, алдындағы баққан қойына ғана айқайлауды білетін можантопайға беріп, өзін өзі тауысқан халыққа мұртынан күліп отырған шығар* (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.04.2016). *Адалын айтып, ақ сөйлеу шын мәнінде қиын ба?* (Нұртөре Жүсіп Шаштайұлының шындығы //Айқын. №13 (2889). 28.01.2016). *Қазір барымен бөлісу, жоқ-жітікке көмектесу, жоқтың мұңын түсіну «мұжықтық» болып есептеледі* (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.04.2016). *Қару сайлап, қорғанысты күшейту сәнге айналды* (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.04.2016).

8) жалпылау есімдігі арқылы жинақталады: *Бұның тарихи, әлеуметтік себебі бар. Біз 1937 жылдың қырғынын, сатқындығын, айдауын – бәрін көрдік* (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024).

Журналистер эмотивті-бағалауыштық синонимдерді бір сөйлем аясында емес, тұтас коммуникативтік жағдаятқа қатысты да қолданғаны байқалады. Мысалы: *Ендігіде жұрт қарқылдап күліп, жарқылдап жүруден жасқанады. Көлеңкесінен күдіктеніп, күбірлеп сөйлеуге үйренген. Баяғыда әкелеріміз мал*

бағатын жеріне қытайларды жолатпайтын, ұрланып, дәрі шөп теруге келгендерін ат бауырына алып, қуып тастаушы еді. Қазір олай істеу мүмкін емес, қит етсе ұлтаралық мәселе шығып кетуі мүмкін (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). Демократиялық өзгерістерге сеніп, еркін митингіге шыққандарды бұрынғыдан бетер қудалау басталды. Президент жарлықтарына үнсіз қарсылық күшейе түсті. Мұның бәрі бір мақсатта жасалғаны қазір белгілі болды. Ол – қоғамдағы демократия бастауын тұншықтыру, президенттің халықаралық беделіне нұсқан келтіре отырып, әлемдік қауымдастықты және Қазақстан халқының алдында Қ. К. Тоқаев бейнесіндегі «неодиктатор» образын қалыптастыру. Сөйтіп, олардың түпкілікті мақсаты халықтың наразылығын өршіте отырып, сол арқылы бұрынғы олигополиялық клан билігін тез қалпына келтіру болғаны бүгінде анықталды (Нүргелді Әбдіғаниұлы Елімізде адам құқығы қалай бағаланады? //Жас алаш. 15.01.2024).

Бірақ күшпен қабылданған құжаттың негізгі ережелері әлі күнге дейін орындалған жоқ. Мысалы, ауыл адамдарына 25 соток, қала адамдарына 10 соток жер телімі берілуі тиіс еді. Барлық қазақстандықтар жерге ие болды деп айта алмаймыз. Семей, Павлодар, Қарағанды облыстарында ядролық жарылыстан кейін қауіпті аймақ болып қалған жерлер бар. Ол аймақта залалсыздандыру жұмыстары атқарылуы тиіс болатын. Комплексті түрде экологиялық зерттеу жұмыстары мен радиация қалдықтарына мониторинг жүргізілуі тиіс еді. Оның бірі жасалмады. Атом бомбасы жарылған ол жерлер әлі күнге ашық жатыр. Адамдар емін-еркін төрт-түлігін жайып, малының етін жеп, сүтін ішіп отыр. Автокөліктер де жүріп жатыр. Жер ауыл шаруашылығына жарамды болуы үшін культивация жасалмады. Бұның бәрі заңда көрсетілген. Бірақ тағы қайталап айтамын, барлығы орындалған жоқ (Бір заңның зардабы. 2003 жылы Жер кодексі қабылданған кезде сіз парламент сенатының депутаты болған Зәуреш Батталовамен аз-кем әңгіме дүкен //Жас алаш. 11.01.2024).

Әсіресе мұндай синонимдер қоғамдағы жаңалықты, өзгерісті сипаттауда, тосын оқиғаны баяндауда жиі қолданылады. Мысалы: Әсіресе «Аз и Я»-ның дүмпуі қатты болып, Мәскеуді шулатып, ұлтаралық дауға ұласып, даңқы мен дақпырты ұзаққа жетті. Бұл шығарманың да, автордың да атағын ғарыштың жылдамдығымен айға бір-ақ шығарған кітап болды. Тарихнама мен лингвистика мәселелеріне арналған «Аз и Я» 1975 жылы «Жазушы» баспасынан 100 мың данамен жарық көрді. Бұл оқиға ашық күнде аспаннан жай түскендей әсерге бөледі. Жұрттың бәрінің айтатын әңгімесі тек сол еді. «Аз и Я» туралы ел арасында түрлі аңыз желдей есті (Маржан Әбіш Сананы сілкінткен «Аз и Я» //Егемен Қазақстан. 19.12.2023). «Бес ғасыр жырлайды» атты екі томдық дүниеге келген 80-жылдардың басында бодандықтың мұз құрсауын сөгердей сана мен рух дүр сілкінгені анық. Бейнелеп айтқанда жаяуды атқа мінгізу, аш-жалаңашты ауқаттандырып, киімді ету – атқа мінген сананы қаруландырумен пара-пар құбылыс. Қурауға айналған сана діңгегінің тамырына қан жүгіртіп, жан бітіру ғана емес, ұлтты өзіне таныту жатыр түбінде. Бұл толғаулардың

қай-қайсысынан болсын ертедегі елдіктің төлқұжатын көрсететін ұстындар қылаң береді. Бойында қазақ қаны, тіпті ертедегі түрік қаны бар саналы жан әр жолынан ойына қуат аларлық, түпсанасын оятарлық бір дүниені сезінбесе, онда біз бүгінге жетпес едік (Жәнібек Әлиман Жанға сақтау болған жұрт //Егемен Қазақстан. 19.12.2023). Осы күні тарихта түрліше аталып жүрген Черчилль де, генерал Франко да, Гитлер де, Сталин де, 1939 жылы «бейбіт келісімге қол жеткізген» Молотов пен Риббентроп та әлемге ер көзімен қарай алған жоқ, Есі дұрыс адам өз жұртын жарылқап алмай жатып, жаттың байлығына көз аларта ма? Молотов пен Риббентроп қол қойған 10 жылдық бейбіт өмір келісімі екі жылға жетер-жетпес уақытта быт-шыт болды. 1941 жылдың 22 маусымында Гитлер армиясы кеңес шекарасына «қатындықпен» басып кірді. Нақты анықтамасы осы! (Есей Жеңісұлы Ерлікке ода //Айқын. №34 (2910). 4.04.2016).

Бұқаралық ақпарат құралдарында антонимдер де эмотивті-бағалауыштық мәнде қолданылады. Мысалы: *Расымен, осы тарихымызда қанша тұлға бар? Солардың әрқайсының артықшылықтары мен кемшіліктері бар* (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024). *Адалын айтып, ақ сөйлеу шын мәнінде қиын ба? Бір қарағанда, он-оңай секілді, бірақ мұндай ұстаным екінің бірінің маңдайына бұйырмаған, адал айтып, ақ сөйлеу тек табанының бүрі бар тұлғалардың ғана қолынан келеді* (Нұртөре Жүсіп Шаштайұлының шындығы //Айқын. №13 (2889). 28.01.2016) деген сөйлемде автор қиын эмотивті-бағалауыштық сөзі бар сұрағына *он-оңай* деген эмотивті-бағалауыштық антоним қатысқан сөйлеммен (*Бір қарағанда, он-оңай секілді*) жауап беріп, екі полюсті өзара қарсы қояды. Кейін *бірақ* жалғаулығын пайдалана отырып, адалын айтып, ақ сөйлеу қаншалық қиын екенін, оңай еместігін эмотивті-бағалауыштық синонимдер арқылы көрсетеді (*екінің бірінің маңдайына бұйырмаған, тек табанының бүрі бар тұлғалардың ғана қолынан келеді*). Сол арқылы сөйлемде *бір қарағанда* деген эмотивті-бағалауыштық қыстырма құрылымның не себепті қолданылғаны ақталады.

Журналистер эмотивті-бағалауыштық синонимдердің бірнеше тобын жасап, өзара қарсы қойып шендестіреді. Мысалы: *1960 жылдары әдебиетімізге үлкен буын келді. Өжет, өр. Бұлар алдыңғы буынның кемшілігін, айыбын көбірек айтты. Себебі «қиянат көрдік» деді. Бұлардың алдындағы толқын репрессиядан аман шыққан, әртүрлі партиялық қызметтерді атқарған, ұйым басқарған адамдар еді. Бұл көп ешкімге ұнаған жоқ. Сосын біраз уақыт тыйылды* (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024). Келтірілген мәтінде журналист әдебиетке 1960 жылдары келген буын мен оған дейінгі буынды өзара сипаттай отырып, өзара қарсы қояды, яғни 1960 жылдары келген буын – өжет, ер, алдыңғы буынның кемшілігін, айыбын көбірек айтатын, қиянат көрген адамдар; оған дейінгі буын – репрессиядан аман шыққан, әртүрлі партиялық қызметтерді атқарған, ұйым басқарған адамдар. Әр буынды мақсат-мүддесіне, болмысына қарай контекстік синонимдермен сипаттай келе контекстік антоним



тудырып, бір-біріне қарсы қояды. Сонымен қатар болымды-болымсыз етісітктерді пайдалана отырып, әрекеттерін де қарсы қояды: *Сол үшін өткенді ұмытуға тырысамыз. Айтпаймыз, айтқызбаймыз. Егер біреу айта қалатын болса, өз еркімен айтпайды. Айтқызады* (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024).

Сонымен қатар қарсылық мәнді етістікті пайдаланып, бір заттың екі түрлі белгісі өзара қарсы қойылады: *Ұялы телефон – адам баласы ойлап тапқан таңғажайып өнер құрылғысы болғанымен, түбінде ең қауіптісі де осы болатын түрі бар* (Төреғали Тәшенов Сымсыз телефонның сұмдығы //Айқын. №34 (2910). 4.03.2016).

Бұқаралық ақпарат құралдарында контекстік антонимдер оппозициялық топтың мақсат-мүддесін, ұстанымдарын көрсету үшін де қолданылады: *Ылғи екіұдай сезімнің арасында жүреміз. Айту керек пе? Айтпау керек пе? Біреулер: «Ұлт алдындағы қылмыс әшкере болу керек!» – деп ышқынады. Енді бірі: «Олардың бәрі қазақты сүйді, кемшілігін айтқаннан не пайда?» – деп сабырлы кейіпке енеді* (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024). Екі жақтың ұстанымын қысқа да нұсқа сұраулы сөйлемдермен (*Айту керек пе? Айтпау керек пе?*) бере отырып, әрқайсысының позициясын (*Ұлт алдындағы қылмыс әшкере болу керек! – Олардың бәрі қазақты сүйді, кемшілігін айтқаннан не пайда?*) да, іс-әрекетін де қарсы қояды (*ышқынады, сабырлы кейіпке енеді*). Осылайша контекстік антонимдер арқылы автор мәтіннің эмотивті-бағалауыштық мәнін күшейтеді. Сол сияқты тарихты сипаттаған кезде де қарсылық мәнді етістікпен қатар *қалың, жұқа* антонимдерін қолдана отырып, журналист парадоксқа қатысты эмоциясы мен бағасын білдіреді: ***Қатпарықалыңболса да,оқулығы жұқа тұнған тарих та куә*** (Маржан Әбіш Сананы сілкінткен «Аз и Я» //Егемен Қазақстан. 19.12.2023).

Кейде журналистер эмотивті-бағалауыштық антонимдерді мәндес сөздер ретінде қолданады. Мысалы: *Жердің қадіріне жетіп, ердің қасиетін біліп, төрт құбыламызды түгендеп, енді бірқалыпты тірлік кешу ғана қалғандай, халқымыздың «оңтүстік, солтүстік, шығыс я батыс немесе орталық өңірінің қайсысы мықты, қайсысы осал, қазақ тарихында кімнің үлес-салмағы айрықша» деген сықылды ұғым төңірегінде өрістеген пікірталас кейде өршеленіп барып, өшпенділікке ұласып, ақыр-соңында аруақ пен аруақты таластырып тынатын бәтұсыздықтанәлі күнге дейін арыла алмағанымыз қалай?* (Нұртөре Жүсіп Шаштайұлының шындығы //Айқын. №13 (2889). 28.01.2016). Мәтінде автор *мықты, осал* антонимдерін синоним ретінде жұмсай отырып, градацияға ұластырған (*өршеленіп барып, өшпенділікке ұласып, ақыр-соңында аруақ пен аруақты таластырып тынатын*).

Бұқаралық ақпарат құралдарында контекстік антонимдер де жиі кездеседі: ***ҚаламгерСұлтановтың шыққан биігі қайраткерСұлтановтың алған асуларынан кем емес екенін осыдан-ақ біле беріңіз*** (Бауыржан Омарұлы Қайраткер-қалам //Ана тілі. №15 (1325). 14-25.04.2016.). Сондықтан ***қауырсын***

*қаламды әлдеқашан қайраткер қаламға айналдырған, бұрынғыша толғанып, бүгінгіше жазатын Қуаныш Сұлтановты баспасөздегі дәстүр сабақтастығының өлшем бірлігі десе де болғандай... (Бауыржан ОмарұлыҚайраткер-қалам //Ана тілі. №15 (1325). 14-25.04.2016).*

БАҚ тілінде сөз мүлде қайталанбай, мәндес сөздермен ауыстырыла бермейді. Журналистердің қолданысында қайталаулар да эмотивті-бағалауыштық мәнді білдіру үшін жұмсалатын бірліктер қатарынан саналады. Мысалы: **Жер** – ата-бабамыздың бізге қалдырған баға жетпес мұрасы. Сондықтан **жер** ешқашан сатылмауы тиіс. Ғасырлар бойы бабаларымыз қанымен қорғап келген **жер** – ендігі ұрпаққа аманат (Бір заңның зардабы. 2003 жылы Жер кодексі қабылданған кезде сіз парламент сенатының депутаты болған Зәуреш Батталовамен аз-кем әңгіме дүкен //Жас алаш. 11.01.2024). *Расымен, осы тарихымызда қанша тұлға бар? Солардың әрқайсының артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Соны айту керек пе? Кемшілік – жамандық емес. Жеке басының да кемшілігі емес, қызметінің, әрекетінің кемшілігі. Енді алдыңғы ұрпақтың айыбын айтқанда, кемшілігін білгенде не тұр?* (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024). *Біреудің кемшілігін айтудан қорқамыз. Неге қорқамыз? Бұның тарихи, әлеуметтік себебі бар. Біз 1937 жылдың қырғынын, сатқындығын, айдауын – бәрін көрдік. Солардың бәрі біреуді кінәлаумен, күйе жағумен, сатумен жүзеге асқан. Егер біреудің айыбын айтсақ, ол біздің тұтас трагедиямызды еске салады. Жеке адамның кемшілігі ғана емес, ұлттың шеккен зардабы, тартқан азабы сөз болады. Бұл ұлтқа психологиялық тұрғыда өте ауыр. Сол үшін өткенді ұмытуға тырысамыз. Айтпаймыз, айтқызбаймыз. Егер біреу айта қалатын болса, өз еркімен айтпайды. Айтқызады* (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024).

«Халық ақиқатты білуге хақылы» атты мақаласында журналист Аслан Қаженов қазақ спортының өз деңгейінде дамуына негізгі кедергіні көрсету үшін ауыстысөзін бірнеше рет қайталайды: *Өкініштісі, елімізде жауапты министрлік басшысы бірнеше рет ауысты. Кейінгі төрт жыл ішінде төрт министр ауысты. Комитет төрағалары да ауысып жатыр. Қаржыландыру жүйесі Ұлттық Олимпиадалық комитеттен Спортты дамыту дирекциясына ауысты* (Егемен Қазақстан. 7.01.2024). Сол арқылы оған эмотивті-бағалауыштық мән үстеп, оқырманның назарын аудартады. Кейінгі сөйлемдерде эмотивті-бағалауыштық синонимдерді пайдалана отырып, спорттың шынайы ахуалын көрсетеді, баға береді: *Яғни министрлікте біршама өзгеріс бар. Жаңа жылға дейін спорттың басы-қасында жүрген мамандар арасында тағы да ауыс-түйіс болады. Әрине, мұның бәрі кері әсер етеді. Тұрақтылық жоқ, жүйелі жаттығу жоқ. Жалпы жоғарыдағы ауыс-түйіс спортшылардың дайындығына әсер етпеуі керек. Егер жүйе бір жолға қойылып, нақты механизмі болса, машинаның моторындай тықылдап, өзімен өзі айналып тұруы керек. Бірақ бізде нақты жүйе болмаған соң, кез келген ауыс-түйісспортшылардың дайындығына, физикалық-психологиялық әзірлігіне*

*әсер етеді. Жаттығу жиыны, жарыс, керек-жарақпен қамтамасыз ету сияқты дүниелер мың құбылып жатыр. Себебі жылы орынға жайғасқан әрбір басшы өзіндік бағдарламасы мен жобасын арқалап келеді. Сәйкесінше, алдыңғы басшының жобасын тоқтатып тастайды. Яғни сабақтастық жоқ, бір-бірін іліп әкетіп, саланы аяққа тұрғызуға әрекет жасамайды* (Аслан Қаженов Халық ақиқатты білуге хақылы //Егемен Қазақстан. 7.01.2024).

Сонымен қатар *мықты маман, әлсіз басшы* сияқты эмотивті-бағалауыштық тіркестерден контекстік антонимдер жасай отырып, бірнеше рет қайталайды: *Өкінішке қарай, мықтымамандар шеттетіледі. Өйткені әлсіз басшы жанына қатарластарын жинайды. Ал мықтымаманның өзіндік көзқарасы, позициясы бар. Сол сияқты әлсіз басшыдегеніне көнбейтін маманды жанына жуытқысы келмейтіні белгілі. Сондықтан мықтымамандардың бір бөлігі далада қалып, қалғаны шетел асып жатқанын көз көріп жүр* (Аслан Қаженов Халық ақиқатты білуге хақылы //Егемен Қазақстан. 7.01.2024).

Мықты маман, әлсіз басшының мақсат-мүдделері де үйлеспейтіндіктен, көзқарасы, позициясын, іс-әрекетін сипаттау арқылы контекстік синонимдер түзіп, өзара қарсы қояды. Сол сияқты *Әншейінде «балуанбыз» дегенде үзеңгіміз үзіле жаздайтын халықпыз, бірақ атойлап шыққан оғланды бұрын да, кейін демандайынан сипап, бауырымызға тартқанымыз жоқ* (Көкірегінде кетті бір арман //Айқын. №35 (2911) 10 наурыз, 2016 бейсенбі) деген сөйлемде халықтың сөзі мен ісі үйлеспей жатқаны эмотивті-бағалауыштық тіркестер арқылы беріліп, контекстік синоним, контекстік антонимдер жасалған.

Бұқаралық ақпарат құралдарының тілінде қайталаулар сөз болып отырған мәселенің өзектілігін, әбден ушыққанын көрсету үшін мақсатты түрде қолданылады. Кейде автордың өзі адресатқа қайталап тұрғанын әдейі ескертеді: *Бірақ күшпен қабылданған құжаттың негізгі ережелері әлі күнге дейін орындалған жоқ. Мысалы, ауыл адамдарына 25 соток, қала адамдарына 10 соток жер телімі берілуі тиіс еді. Барлық қазақстандықтар жерге ие болды деп айта алмаймыз. Семей, Павлодар, Қарағанды облыстарында ядролық жарылыстан кейін қауіпті аймақ болып қалған жерлер бар. Ол аймақта залалсыздандыру жұмыстары атқарылуы тиіс болатын. Комплексі түрде экологиялық зерттеу жұмыстары мен радиация қалдықтарына мониторинг жүргізілуі тиіс еді. Оның бірі жасалмады. Атом бомбасы жарылған ол жерлер әлі күнге ашық жатыр. Адамдар емін-еркін төрт-түлігін жайып, малының етін жеп, сүтін ішіп отыр. Автокөліктер де жүріп жатыр. Жер ауыл шаруашылығына жарамды болуы үшін культивация жасалмады. Бұның бәрі заңда көрсетілген. Бірақ тағы қайталап айтамын, барлығы орындалған жоқ* (Бір заңның зардабы. 2003 жылы Жер кодексі қабылданған кезде сіз парламент сенатының депутаты болған Зәуреш Батталовамен аз-кем әңгіме дүкен //Жас алаш. 11.01.2024). *Тағы да қайталаймын, еңбекқорлық, білімпаздық, кәсібилік, бірлік, ынтымақ, жанашырлық, іскерлік, бастамашылдық, адалдық, қарапайымдылық және үнемшілдік – нағыз отаншыл, адал азаматқа тән қасиеттер мен құндылықтар. Халқымыздың қуатын арттырып, табысқа*

*жетелейтін осындай қасиеттер мен құндылықтарды жан-жақты дәріптеп, ұрпақ санасына сіңіру арқылы ғана сапалы ұлтқа айнала аламыз* (Президент байламы, перзент пайымы //Егемен Қазақстан. 11.01.2024).

Сол арқылы адресаттың назарын аударып, ойын тұжырымдап, баға береді. Сондықтан бұқаралық ақпарат құралдарының тіліндегі қайталаулардың эмоциялық, бағалауыштық мәні өте зор.

Бұқаралық ақпарат құралдарында журналистер эмотивті-бағалауыштық синонимдерде дыбыстарды, буындарды, сөздерді ойнатады. Мысалы: *Тағы таңырқап, тағы тосырқап қабылдайды* (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024). *Айтпаймыз, айтқызбаймыз. Егер біреу айта қалатын болса, өз еркімен айтпайды. Айтқызады* (Бағашар Тұрсынбайұлы Өлген мысық туралы оқиға немесе Ұлт алдындағы қылмыс ұмытылмайды (Жас алаш. 15.01.2024). *Керісінше, жақтырмағандай ма, жоқ, жатырқағандай ма?* (Жарлы Байғанин «Қорғансыздың күні» //Ана тілі. 30.11.2023). *Әншейінде «балуанбыз» дегенде үзеңгіміз үзіле жаздайтын халықпыз, бірақ атойлап шыққан оғланды бұрын да, кейін де мандайынан сипап, бауырымызға тартқанымыз жоқ* (Көкірегінде кетті бір арман //Айқын. №35 (2911) 10 наурыз, 2016 бейсенбі). *Торқалы той, топырақты өлім де қытайдың қатқан жүрегін жібіткен жоқ* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024).

Мұндай экспрессиялы қолданыстар бұқаралық ақпарат құралдарының ақпарат жеткізу, адресаттың назарын аударту, ықпал ету сияқты қызметін күшейте түсері даусыз.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы эмотивті-бағалауыштық лексиканың антропоэзектік сипаты журналистердің тұрақты тіркестерді қолдануынан да анық көрінеді. Мысалы: *Мұржаның бойында міні бар деген ескертулерге құлақ аспаған кәсіпорынның директоры мен бас инженеріне қызметке тұрғанына көп болмаса да, қылмыстық іс қозғалды* (Жақсыбай Самрат Мұржаның жыры қашан бітеді? //Егемен Қазақстан. 15.01.2024). *Шекара асамын десеңіз, Қытай тіркеуінен шыққаныңыз жайлы анықтама қалтаңызда болсын. Ол болмаса, түксиген шекарашылар түтіп жеуге дайын* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). *«Жекеменшікке сатылып кеткен стратегиялық нысанның тағдыры осылай болады» деген әңгіме де желдей ескен* (Жақсыбай Самрат Мұржаның жыры қашан бітеді? //Егемен Қазақстан. 15.01.2024).

Бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты тіркестерді қолданғанда журналистер көбінесе тілімізде қалыптасқан тіркестерді сол күйінде пайдаланған. Мысалы: *Темірдей тәртіп жол бойында да байқалып тұрды* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). *Осы айғай-шу кезінде әр үйдің төрінде тұратын жайнамаз, Құран кітап, арабша жазуы бар кілем сияқты заттардың күлі көкке ұшыпты* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). *Шыңжаңды тыныштандырғанымен, өңірдің құтын*

*қашырыпалған сияқты* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024).

Мәтіннің эмотивті-бағалауыштық бояуын күшейте түсу үшін авторлар кейде тұрақты тіркестерді үстемелете қолданған. Мысалы: *Торқалы той, топырақты өлім де қытайдың қатқан жүрегін жібіткен жоқ* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). *Иә, заманның мың құбылып тұрған шағында, тоталитаризмнің қылышынан қан тамып тұрған кезінде қазақ зиялылары бір ғана ізгі мақсатты көздеді – тарихи сананы сілкінту, ұлттық рухты жоғалтпау* (Маржан Әбіш Сананы сілкінткен «Аз и Я» //Егемен Қазақстан. 19.12.2023). *Ешқайсысы еңбектен қашпайды. Қайта оза шауып, төске өрлеген сайын өршелене жұмыс істейді* (Нұртөре Жүсіп Масыл болма, асыл бол //Айқын. 2019, 25 қазан).

Сонымен қатар автордың өз тарапынан өзгертіп, тұрақты тіркестердің эмотивті-бағалауыштық мәнін күшейте түскені байқалады. Мысалы: *Жас буынның тілін ана тілінде қалыптастыруда және ұлттық тәрбие идеологиясында балалар басылымдарының маңызы жиі сөз болғанымен, балалар контентінің дамуы көңіл көншітетін жағдайда емес екені белгілі* (Айгүл Аханбайқызы Балалар басылымы: Кешенді бағдарлама әзірленбек //Егемен Қазақстан. 15.01.2024). *Петропавл қаласындағы 2-ЖЭО-ның 2022 жылдың наурыз айында ортан белінен опырылып түскен мұржасының жыры әлі де жалғасып келеді* (Жақсыбай Самрат Мұржаның жыры қашан бітеді? //Егемен Қазақстан. 15.01.2024). *Оның келіп кеткенінен жекеменшіктегі иелері қандай да бір пайда көріп жатқаны шамалы, керісінше, әкімнің «кесте-кесте» деп дігерлей бергені ұнамайтын шығар* (Жақсыбай Самрат Мұржаның жыры қашан бітеді? //Егемен Қазақстан. 15.01.2024).

Келтірілген мәтіндерде тілімізде көңіл көншітпеді, жыры бітпеді, пайдасы шамалы түрінде қалыптасқан тіркестер бұқаралық ақпарат құралдарында көңіл көншітетін жағдайда емес, жыры әлі де жалғасып келеді, қандай да бір пайда көріп жатқаны шамалы түрінде авторлар тарапынан өзгертілгені байқалады. Сол арқылы тіркестердің эмотивті-бағалауыштық бояуын күшейтіп, автордың өз сөзіндей, өз бағасындай әсер қалдырады. Сонымен қатар *Кеудеңді мақтаныш кернейді* (Маржан Әбіш Сананы сілкінткен «Аз и Я» //Егемен Қазақстан. 19.12.2023) деген сөйлемде тұрақты тіркестегі жақ тұлғасын өзгертіп беру арқылы журналист өзінің сезімін, әсерін шынайы сипаттаған.

Тұрақты тіркестердің эмотивті-бағалауыштық бояуын күшейте түсу үшін журналистер көбінесе тіркестерге өз тарапынан эмотивті-бағалауыштық мәнді сөздер қосып, толықтырып отырған: *Тайваньда батысшыл демократтың билікке келуі Қытай мен АҚШ арасына қайтадан сына қағуыда ықтимал* (Абай Асанкелдіұлы Тайвань тағына талас //Егемен Қазақстан. 15.01.2024). *Жерге келгенде тайсалмас адамдарды көрген депутаттар еңселерін тіктен, жақсы жұмыс атқарды* (Бір заңның зардабы. 2003 жылы Жер кодексі қабылданған кезде сіз парламент сенатының депутаты болған Зәуреш Батталовамен аз-кем әңгіме дүкен //Жас алаш. 11.01.2024). *Қазір «Аз и Я» туралы небір әңгімелерді*

аңыз қылып айтамыз. *Әлемге аты шыққан, мүйізі қарағайдай* ғалымдардың өздері «Аз и Я»-да айтылған сөздердің ақиқат екенін мойындап жатыр (Маржан Әбіш Сананы сілкінткен «Аз и Я» //Егемен Қазақстан. 19.12.2023).

Алайда қалыптасқан тіркестерді өзгертпек боп, бүлдіріп алған, тілдік норманың тіркестің беретін мағынасына нұқсан келтіріп алған жайттар да кездеседі. Мысалы: *Бірақ бір жылт еткен хабар кейіннен суға сіңген құмдай жоғалып кетеді* (Тұрсынбек Башар Мәдениет саласындағы тендерлер. Тергеліп жатқан Майлыбаевтың қай орынбасары? //Жас алаш. 2.01.2024). *Бірақ Ақ үй тізгінін Джо Байден ұстағалы екіжақты қарым-қатынас біршама жақсарғанды* (Абай Асанкелдіұлы Тайвань тағына талас //Егемен Қазақстан. 15.01.2024). *Өйткені Оңтүстік және АҚШ-қа күші жетпейтін Солтүстіктер ядролық гүрзіге арқа сүйері анық* (Корей түбегіндегі қара түнек //Айқын. №36 (2912). 11.03.2016).

Келтірілген мәтіндерде «суға сіңген құмдай жоғалып кетеді» деген тіркес қате қолданылған, себебі құм суға сіңбейді, су құмға сіңеді. «Ақ үй тізгінін Джо Байден ұстағалы» деген тіркес те қате. Себебі президент боп сайланған Джо Байден Ақ үйдің емес, бүкіл елдің, мемлекеттің билігіне ие болады. Сол сияқты журналист «арқа сүйеу» тіркесінің мәнін түсінбегендіктен, «ядролық гүрзіге арқа сүйері анық» деген тіркес жасаған. Дұрысында, ядролық бомбаға арқа сүйемейді, бомбаны қолданады, пайдаланады, бомба барына сенеді.

Сол сияқты орыс тілінің ықпалымен тілімізге енген тіркестерді қолдануда да плеоназмға бой ұрған жайттар кездеседі. Мысалы: *Жасыратын несі бар, аталмыш оқиғаға екі жыл толғанына қарамастан, ол туралы ел арасында түрлі алып-қашпа әңгімелердің айтылып жүргені жасырын емес* (Дүкен Мәсімханұлы Жалпыұлттық құндылық бәрінен жоғары тұруға тиіс //Егемен Қазақстан. 11.01.2024) деген сөйлемде автор *жасыратын несі бар, жасырын емес* тіркестерін бір сөйлемнің бойында берген. «Не будем скрывать» – *жасыратын несі бар*, «не секрет» – *жасырын емес* түрінде орыс тілінен сөзбе-сөз аударма нәтижесінде енген қолданыстардың біреуін ғана қолдануға болар еді: *Жасыратын несі бар, аталмыш оқиғаға екі жыл толғанына қарамастан, ол туралы ел арасында түрлі алып-қашпа әңгімелердің айтылып жүр* немесе *Аталмыш оқиғаға екі жыл толғанына қарамастан, ол туралы ел арасында түрлі алып-қашпа әңгімелердің айтылып жүргені жасырын емес*. Мұндай қате қолданыстар журналистің сөзіне сенімсіздік, күмән тудырады. Адресат журналистің кейінгі сөздерін тыңдауға да құлықсыз болады.

БАҚ тілінде журналистердің өзі шығарған эмотивті-бағалауыштық тіркестер де көп: *Бұған дейін әлемнің екі алпауыт елі талай мәселеде сөзбен шекісіп, сауда соғысын күшейткені мәлім* (Абай Асанкелдіұлы Тайвань тағына талас //Егемен Қазақстан. 15.01.2024). *Қысқасы, Қытайдың қытымыр саясаты өзіне қылышболып тиіп отыр* (Асылхан Жұмабай Қытайға сегіз жылдан кейін барған қазақтың әңгімесі //Жас алаш. 15.01.2024). *Бұл уақытта Солтүстікте әлі жылыту маусымы аяқталмаған, өңір әлі де қыс ызғарының құрсауында еді* (Жақсыбай Самрат Мұржаның жыры қашан бітеді? //Егемен Қазақстан. 15.01.2024). *Мұхтар Мағауиннің «Көк мұнары» (1972), Илияс Есенберлиннің*

«Көшпенділері» (1969, 1971, 1973), Олжас Сүлейменовтің «Аз и Я»-сы (1975), Софы Сматаевтың «Елім-айы» (1976), Әбіш Кекілбайұлының «Үркері» (1981), «Елең-алаңы» (1984), бәрі-бәрі қоғамда қатқан сеңді жібітуге бағытталған мұзжарғыш тас секілді әсер қалдырды. Олардың әр «соққысы» дүмпу тудырып, **санада сілкініс жасады** (Маржан Әбіш Сананы сілкінткен «Аз и Я» //Егемен Қазақстан. 19.12.2023).

Бұқаралық ақпарат құралдарының тіліндегі эмотивті-бағалауыштық мәнді метафоралар жиі қолданылу нәтижесінде тілімізде дайын бірліктер ретінде қолданылады. Мысалы: *Елдегі саяси додаға үш үміткер қатысты. Қай-қайсы да билік тізгінін қолына алуға барын салды* (Абай Асанкелдіұлы Тайвань тағына талас //Егемен Қазақстан. 15.01.2024). *Бірақ додаға түскендердің бірде-бірі бұл межеден аспағандықтан, коалиция құрылатыны түсінікті* (Абай Асанкелдіұлы Тайвань тағына талас //Егемен Қазақстан. 15.01.2024). *Шын мәнінде, егемендіктің, еркіндіктің ақ таңына дейінгі азапты жолда кімдердің ізі қалғанын, рухты жырында кімдердің даусы естілетінін Жер-ана жақсы біледі* (Маржан Әбіш Сананы сілкінткен «Аз и Я» //Егемен Қазақстан. 19.12.2023). *Ол – көзі тірісінде лайықты бағасын ала алмай кеткен дарын иесі* (Жанар Оразымбет Күйге айналған тағдыр //Қазақ әдебиеті. 12.01.2024). Келтірілген мәтіндердегі *саяси дода* – «сайлау», *билік тізгінін қолына алу* – «ел билеу», *егемендіктің ақ таңы* – «тәуелсіздік алған кезең» деген мәнде ұғынылады. Бұл эмотивті-бағалауыштық тіркестердің мәні көпшілікке таныс.

Бүгінгі таңда да БАҚ тілінде осындай эмотивті-бағалауыштық тіркестер көптеп қолданылады. Мысалы: *Талай мұзжарғыштардың отты екпінінен, өр даусынан кейін туған азаттықтың арайлы таңынан бері өте шыққан отыз жылда талай дүние өзгерді* (Маржан Әбіш Сананы сілкінткен «Аз и Я» //Егемен Қазақстан. 19.12.2023). *Мемлекет басшысына қойылған әуелгі сұрақтың бірі – 2022 жылы қаңтар айының басында еліміздің басты қалаларында, көптеген өңірлерінде орын алған, бүгінде тарих қойнауына кетіп бара жатқан «Қаңтар қасіреті» туралы болыпты* (Дүкен Мәсімханұлы Жалпыұлттық құндылық бәрінен жоғары тұруға тиіс //Егемен Қазақстан. 11.01.2024). *Осы тұрғыдан алғанда, әлемдегі қайсы бір дамыған елді алайық, ондағы даму мен игіліктің қайнар көзі еңбек сүйгіштік пен еңбек адамына деген қоғамның айрықша құрметінде жатқанына көз жеткізу қиын емес* (Дүкен Мәсімханұлы Жалпыұлттық құндылық бәрінен жоғары тұруға тиіс //Егемен Қазақстан. 11.01.2024).

Бұқаралық ақпарат құралдарының ықпал етуші қызметіне сәйкес эмотивті-бағалауыштық лексика жиі қолданылады. Сондықтан бұқаралық ақпарат құралдары арқылы *төрткүл әлем көз тіккен дүбірлі дода, сайлауалды марафон, қылмыс инкубаторы, милитаризм конвейері, техникалық прогресс жолы, білім ордасы, ғылымның қара шаңырағы, сәнін келтіріп, ажарын айшықтау, бас қаламыздың сәні мен салтанаты, үздіктер қатарынан көріну, ұрпақтар жалғастығы, үлкен үміт күту, табыстарға қолы жету, адал еңбек, маңдай тер, Қазақстанның елордасы, гасырлар қойнауы, халық драмасы, қанды трагедия, саяси фарс, демократияның пародиясы, т.с.с. қалыптасқан.*

Профессор Н. Уәли публицистика (газет-журнал, радио, телевизия саласындағы тіл) стилінде терминдерге экспрессиялық балама іздеу тенденциясын күшейгенін айта келіп: «Ықпал етуші тарапынан болған эмоциялық әсер, иландыру аудиторияның еркін мүлдем билеп алуы, оны қалаған бағытына қарай бұруы мүмкін. Эмотивті сөздің стильдік бояуы әртүрлі, мысалы, әсіре бояулы, орташа бояулы, қалыпты бояулы болуы мүмкін. Мысалы, *алаяқтар, жемқорлар, парақорлар* әсіре бояулы стильдік бірліктер болса, *көлеңкелі экономика, қара базар, саржағал басылым* т.б. қалыпты бояулы стильдік бірліктерге жатады. Ал орташа бояулы стильдік бірліктерге *билік басындағылар, биліктің тізгінін ұстағандар, орынтақтан үміткерлер* т.б. жатады. Бұлар – тілдің эмотивті функциясын жүзеге асыруда қолданылатын таңбалар жүйесі», – дейді [22].

Эмотивті-бағалауыштық сөздерді іріктеуде қоғамның, жеке адамның орны өте маңызды. Ол сипаттардың жағымды не жағымсыз болуы қоғамның не жеке адамның қабылдауына байланысты. Себебі қоғамнан тысқары адам болмайды, адам қоғамда ғана нақты бағасын алады. Адамға қатысты жағымсыз мәнді сөздердің басым көпшілігі жалқаулыққа, мінезіне, адамгершіліктен жұрдай болуына, дұрыс сөйлеу алмауына, сөздің парқын түсінбеуіне, басқалармен тіл табыса алмауына, келбет-тұрпатына қатысты болып келеді.



### 3-бөлім бойынша түйін

Соңғы уақытта зерттеушілер бағалауды когнитивтік-прагматикалық тұрғыдан сипаттауға ерекше мән бере бастады. Бұл үрдіс когнитивтік, ақпараттық феномендердің интеграциясы; мәтін доминанттарының жүйелілігі; бұқаралық ақпарат құралдарының түрлі мәтіндеріне тән лингвомәдени кеңістіктің бағалау аспектілері сияқты теориялық, лингвистикалық бағыттармен тығыз байланысты. Бұл бағыттарға сәйкес бағалау субъектінің нысанға құндылықтар жүйесі тұрғысынан тілдік бірліктер арқылы сипатталып, объективті және субъективті бағалауда тілдік сана элементтері қатысады. Коммуникацияның прагматикалық сипаты коммуниканттардың тілдік бірліктердің эмотивті әсерін дұрыс түсініп, дұрыс қолдана білуіне байланысты болады.

Эмоция вербалды, бейвербалды түрде, түрлі деңгейде көрініп, әр ұлттың өзіндік ерекшелігін сипаттайды. Мәдениетаралық қатынаста түрлі мәдениет өкілдерінің эмоциясын дұрыс түсініп, қабылдай білу керек. Әсіресе вербалды коммуникацияда өзара тіл табысып, толыққанды диалог орнату үшін ол аса маңызды. Тілдік бірлік арқылы көрініс тапқан эмоциялар сол тілде сөйлеушілердің бәріне түсінікті болады. Таным-түсінігі ортақ болуына байланысты белгілі бір ұлт өкілдерінің санасындағы ғалам бейнесі де ортақ болады. Коммуникативті жағдаятқа сәйкес туындаған мәндерді толық бейнелеу үшін тілдік бірлікті түрлі қырынан сипаттау керек. Сол арқылы сөйлеушінің айналасына, адресатқа қатысы, тілдік жағдаятқа сәйкес лексикалық бірліктерді қалай сұрыптағаны көрінеді.

Адамдар коммуникация арқылы әлеуметтік тұрғыдан байланысады. Аялық білімдеріне сәйкес белгілі бір ұлттың өкілдері бір-бірін түсініп, ақпаратты дұрыс қабылдай алады. БАҚ тіліндегі эмотивті-бағалауыштық лексиканың антропоэзектік сипатын айқындауда когнитивтік тұрғыдан зерттеудің маңызы зор. Таным тілдегі таңбалар арқылы толығып отырады. Тілдік таңбада (сөзде) белгілі бір ұлттың дүниетанымы, көп жылғы тәжірибесі арқылы жинақталған мәні көрініс табады. Тілдің танымдық қызметін білдіретін мағынасынан бөлек қарастыруға келмейді. Тілдік таңбадағы кодты дұрыс түсініп, қабылдау арқылы ұрпақтар сабақтастығы орнайды.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Соңғы жылдары ғалымдар тарапынан экспрессияның берілу жолдарына, эмоциялы-бағалауыштық лексикаға ерекше көңіл бөліне бастады. Осыған байланысты коннотация табиғаты, эмоциялы-бағалауыштық лексиканың тілдің басқа бірліктерінен өзгешелігі, қолданылуындағы ерекшелік, сөздіктерде берілуі, прагматикалық сипаты қарқынды зерттелуде. Тілдің алуан түрлі қызметінің (адамның ойын білдіретін, білімін жинақтап, басқаларға жеткізетін, коммуникативті; экспрессивті қызметі) ішінде экспрессивті қызметі өте маңызды. Себебі тілдің экспрессивті қызметінің арқасында адам сезімін, өзіндік көзқарасын, әлеуметтік бағасын білдіре алатынын, басқаларға әсер ете алады. Бұл орайда эмоциялы-бағалауыштық лексиканың маңызы зор.

Эмотивтік-бағалаушы бірліктерді пайдалана отырып, тілдік тұлға белгілі бір нысан туралы ұстанымын білдіреді, интенциясын жеткізеді, коммуникативтік қажеттілігін өтейді. Осы тұрғыдан алғанда, эмотивтік-бағалаушы лексиканы антропоэзектік тұрғыдан сипаттауда прагматикалық ерекшелігіне; тілдік тұлғаның ақиқат болмысты аксиологиялық, эмоционалдық тұрғыдан жіктеуі; эмотивтік-бағалаушы бірліктерді дұрыс қолдана білуі; эмотивтік-бағалаушы бірліктер қолдану арқылы тілдік тұлғаның айтайын деген ойы, интенциясы, тілдік тұлғаның тілдік құзыреті, психологиялық ерекшелігі, мәтіннің ұйысуы сияқты мәселелерге мән беріледі. БАҚ тілі автор пікірінің ашықтығымен, баға берушілігімен, позициясының нақтылығымен ерекшеленеді. Бағалауыштық қызмет – бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі қызметінің бірі саналады.

Бағалау категориясы экспрессивтілікпен тығыз байланысты болғанмен, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар: бағалауда адамның белгілі бір нысанға көзқарасы, оның пайдалы-зиян тұстары нақтыланса, эмоционалды-экспрессивті мәнде адамның соған қатысты сезімі, әсері, эмоциясы көрініс табады. Медиамәтіннің аксиологиялық құрылымы мәтіннің семантикалық өрісінде ашық не жасырын берілген құндылықтар жиынтығынан құралады. Құндылықтар адамның бағалауын көрсетеді. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы құндылықтар архетип, аңыз, стереотиптерге негізделеді. Құндылықтар жиілігімен, алуан түрлілігімен ерекшеленеді де 1) мәтіннің тақырыбына, 2) автордың аксиологиялық өрісі, 3) идиостилі мен стилистикасына, 4) ауызша коммуникацияның мақсат-міндетіне сәйкес өзгеріп отырады. Тілдік бірлік арқылы көрініс тапқан эмоциялар сол тілде сөйлеушілердің бәріне түсінікті болады. Таным-түсінігі ортақ болуына байланысты белгілі бір ұлт өкілдерінің санасындағы ғалам бейнесі де ортақ болады.

Жұмысымызда эмотивтілік тыңдаушыға ықпал ететін, оң (мажорлы) не теріс (минорлы) эмоциялы әсер тудыратын тілдік құрал ретінде сипатталады. Эмоциялы элементтер адамның сезімін білдіру үшін қолданылса, экспрессивтілік эмоцияны, ерік-жігерді, ойды бейнелі түрде, айқын жеткізу үшін жұмсалады. Эмоция әрдайым экспрессивті болғанмен, экспрессия әрдайым эмоциялы бола бермейді. Мәтінді сөйлеу әрекетінің өнімі ретінде зерттеу «тілдік

тұлға», «коммуникативтік жағдаят» ұғымымен тығыз байланысты. Мәтін мағынасы бойынша да, прагматикалық тұрғыдан да ұйыса отырып, коммуникацияның нәтижесі ретінде көрінеді. Сол себепті эмотивті-бағалауыштық лексиканы зерттеу барысында сөйлеу-ойлау әрекетін зерттеуші С.Д. Кацнельсон, Е.С. Кубрякова, В.И. Шаховский, В.А. Звегинцев, Г.В. Колшанский сияқты ғалымдардың еңбектерімен қатар тілдік тұлға мәселесін арнайы зерттеген Ю.Н. Карауловтың ұстаным-тұжырымдары басшылыққа алынды. Мәтін түзудің когнитивтік негіздерін сипаттау үшін мәтінді функционалды лексикология талаптарына сәйкес талдап, лексикалық құрылымын, ұйысуын нақтылау қажет. Осыған байланысты жұмыста В.В. Степанова, В.Д. Черняк, Н.Е. Сулименко, Н.А. Болотнова, П.А. Смулаковская, Л.И. Толстых және т.б. ғалымдардың ұстанымдары басшылыққа алынды. Функционалды лексикологияның бұл бағыты бойынша, мәтіннің лексикалық құрылымының негізгі ұстанымдарын нақтыланып, эмотивті-бағалауыштық сөздер лексикалық парадигма ретінде сипатталады да эмотивті-бағалауыштық лексикаға ерекше көңіл бөлінеді. Мәтіннің лексикалық құрылымын талдау арқылы ғаламның эмотивті-бағалауыштық бейнесін құрайтын негізгі бірліктер айқындалады.

Эмоциялылық пен экспрессивтілік категориялары ойлау әрекетімен тығыз байланысты: эмоциялылық ойлаудың когнитивтік-рефлексиялық қызметімен байланысты болса, экспрессивтілік ойлаудың белсенді әрекетімен байланысты. Яғни екеуінің атқаратын қызметі екі бөлек. Соған сәйкес тілде де олар бөлек қарастырылуы керек. Эмоциялылық сөйлеушінің сезімін, субъективті қатынасын білдіріп, басқаларға әсер ету үшін қолданылса, экспрессивтілік эмоцияны күшейту, ойдың әсерлілігін арттыру үшін қызмет етеді. Яғни тыңдаушыға (реципиентке) эмоциялы, логикалық тұрғыдан әсер етеді. Эмоциялық пен экспрессивтілік категорияларын атқаратын қызметтеріне қарай айқындауға болады. Экспрессивтілік мәтіннің әсерлі, бейнелі, эстетикалық талаптарға сай болуына ықпал ететін прагматикалық категория болса, эмоциялылық сөйлеушінің болмысқа берген бағасын, сезімін білдіреді.

Эмотивті-бағалауыштық сөздерді іріктеуде қоғамның, жеке адамның орны өте маңызды. Ол сипаттардың жағымды (мелиоративті) не жағымсыз (пейоративті) болуы қоғамның не жеке адамның қабылдауына байланысты. Себебі қоғамнан тысқары адам болмайды, адам қоғамда ғана нақты бағасын алады. Адамға қатысты жағымсыз мәнді сөздердің басым көпшілігі жалқаулыққа, мінезіне, адамгершіліктен жұрдай болуына, дұрыс сөйлей алмауына, сөздің парқын түсінбеуіне, басқалармен тіл табыса алмауына, келбет-тұрпатына қатысты болып келеді.

Эмотивтік-бағалаушы лексика мағыналық құрылымында денотат және коннотат макрокомпоненттер қамтылған тілдің лексикалық жүйесі ретінде сипатталады. Денотат мазмұнын сипаттау нәтижесінде сөйлеушінің сол мінезге, болмысқа қатысын, эмоциясын, бағалауын білдіретін коннотатты мазмұнын да нақтылауға болады. Денотация мағынаның логикалық-объективті бөлігін көрсетеді. Яғни сөздердің денотациясы нақты, шынайы нысандар мен көріністер,

нақты сапа, күй, т.б. бола алады. Денотат – лексикалық мағынаның бір бөлігі, ол көп компонентті, иерархиялық жолмен ұйымдастырылған, ақиқат болмыс туралы ақпаратты қамтиды. Коннотация – лексикалық мағынаның шеткі (перифериялық) бөлігі, онда сөйлеуші, оның эмоциясы, коммуникативтік жағдаят, сөйлеушінің адресатқа, нысанға қатысы көрініс табуы мүмкін. Коннотация эмоциялық, бағалауыштық, бейнелілік, экспрессивтілік сияқты компоненттерден құралады.

Эмотивті-бағалауыштық лексиканы антропоэзектік бағытта зерттеуде коннотацияға ерекше мән беріледі. Коннотацияны тар шеңберде қарастырсақ, оның прагматикамен байланысы айқын көрінбейді: коннотативтік компоненттер (эмотивтілік және эмотивті бағалау) мағынаның прагматикалық аймағына тән болады. Коннотация кең шеңберде сипатталып, прагматикалық макрокомпонентпен теңестірілсе, коннотацияны тілдік семантикаға, прагматикалық компонентті коммуникативті аймаққа телуге болады. Сонда әр элемент коннотацияның құрамдас бөлігі ретінде прагматикалық компонентке кіреді де сөйлеу барысында көрініс табады. Бұл орайда коннотативтік немесе прагматикалық элементтерді сөздің семантикалық ерекшеліктеріне қарай жүйелік-құрылымдық тұрғыдан немесе лексикалық мағынаны коммуникативті сипатына қарай талдай отырып, сипаттауға болады. Коннотация адамның сезімі, ақиқат шындыққа қатысын білдіретіндіктен, ол іштей *эмоциялы, бағалауыштық, бейнелі, экспрессивті* болып бөлінеді. Эмоция адамның әлеуметтік орнын, адамгершілігін көрсетеді. Сөз мағынасының құбылуы пресуппозицияға, автордың интенциясына, нақты жағдаятқа байланысты болады. Эмоция адамның танымын, ақиқат болмысқа қатысын көрсетеді. Бұл орайда адам танымның объектісі де, субъектісі де болады. Себебі эмоциясыз адам болмайды, эмоция – адамдық белгінің бірі. Адамның әлеуметтенуі эмоцияларынан да көрінеді. Оң (мажорлы) не теріс (минорлы) эмоцияның тілде көрініс табуы ұлттың мәдени дамуын, ділін, дүниетанымын, ұжымдық психологиясын да білдіре алады. Әр ұлттың ерекшелігіне сәйкес құндылықтар жүйесі де алуан түрлі болады. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы бағалау, эмотивті-экспрессивті сөздер адресатқа әсер етіп, қоғамдық сананы, қоғамдық пікірді қалыптастырады.

Бұқаралық ақпарат құралдарының өзіне тән белгілері:

- Бұқаралық ақпарат құралдарының тілі саяси-идеологиялық, мәдени, қоғамдық қатынастармен, қоғамдық игілік, шындық, әділдік ұстанымдарымен байланысты.
- Бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндері оқырманын сонылығымен, жаңашылдығымен, қызық болуымен, танымдық сипатымен тартып, баурап әкетеді.
- Бұқаралық ақпарат құралдары көпшілікке бағытталады, әдетте автордың көзқарасы мен БАҚ-тың ұстанымы тоғысып жатады.
- Бұқаралық ақпарат құралдарының материалы бағалауыштық сипатта болады. Сол арқылы ол қоғамдық пікірді қалыптастырады.

- Бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндері тездігімен, шапшаңдығымен де ерекшеленеді, ақпарат тез дайындалады. Кейде мәтіндегі ақпарат ақыл-ой елегінен өткізілмей, автордың сезіміне негізделеді.
- Бұқаралық ақпарат құралдарында стандарт пен экспрессия үйлесіміне ерекше мән беріледі. Мәтіннің стандартты-ақпараттық немесе экспрессивті-әсер етуші қызметіне қарай публицистикалық стиль өз ішінен ресми және ресми емес ақпарат болып жіктеледі.
- Бұқаралық ақпарат құралдарының тілі жеңіл, көпшілікке түсінікті болып келеді.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы эмотивті-бағалауыштық сөздер тілдің ақпараттық-когнитивтік қызметін көрсетеді. Тіл – ақиқат болмыс туралы ақпарат сақталған қойма іспетті. Адам санасы қабылдаған ақпарат сөз түрінде сақталып, қабылданады. Адамдар коммуникация арқылы әлеуметтік тұрғыдан байланысады. Аялық білімдеріне сәйкес белгілі бір ұлттың өкілдері бір-бірін түсініп, ақпаратты дұрыс қабылдай алады. БАҚ тіліндегі эмотивті-бағалауыштық лексиканың антропоэзектік сипатын айқындауда когнитивтік тұрғыдан зерттеудің маңызы зор.

Бағалауыштық мән мен эмоциялы сипаттау өзара тығыз байланысты болғанмен, үнемі тең түсе бермейді. Сол себепті тілде бағалауыштық мән алуан түрлі болуы мүмкін. Ол объективті, субъективті факторларға да байланысты болады. Денотат ақиқат болмысты шынайы бейнелесе, коннотат сөйлеушіге, коммуникативті жағдаятқа байланысты болады. Денотат логикалық-заттық мәнде қолданылатындықтан, зат, құбылыстың нақты сипаты, сапасын білдіреді. Яғни денотат – сатылай байланысқан, көпкомпонентті лексикалық семантиканың бөлігі, коннотат – лексикалық мағынаның шеткергі аймағы, сөйлеушінің көңіл күйін, белгілі бір адамға не затқа қатысын білдіретін, қосымша мән. Денотат мазмұнын сипаттау нәтижесінде сөйлеушінің сол мінезге, болмысқа қатысын, эмоциясын, бағалауын білдіретін коннотаттың мазмұнын да нақтылауға болады.

Эмотивтік-бағалаушы лексикада адамның әлемге деген көзқарасы, дүниетанымы көрінеді. Қандай бір нысанға қатысты пікірі жинақталып, адамның соған қатысты ұстанымы, пікірі байқалады. Нысанды түрлі қырынан сипаттай отырып, адам оған баға береді, қаншалық пайдалы не зиян екенін нақтылайды. Соған сәйкес аксиология, эмоция тұрғысынан бағалайды. БАҚ-тағы ақпаратта қоғамда болып жатқан түрлі жайттар туралы ақпарат қана беріліп қоймайды, сонымен қатар автордың сол жайтқа қатысты ұстанымы, көзқарасы да беріледі. Себебі бұқаралық ақпарат құралдарында журналист оқырманға ықпал етуді көздейді.

Эмотивтілік – экспрессивтіліктің құрамдас бөлігі. Ол мәтінде адамның көңіл күйін, сезімін, аффектісін білдіріп, адамның шындық болмысқа, зат-құбылысқа қатысын көрсетеді, сол арқылы басқаларға ықпал етеді. Эмотивті лексиканың ішінен эмоциялылығы ассоциацияға байланысты болатын, денотатқа тікелей қатысы бар, эмоция мен сезімді атайтын сөздердің орны бөлек. Эмотивтілікті сипаттауда жағдаятты, субъектінің көңіл күйі, эмоциясына ерекше

мән беріледі. Бұл орайда сөйлеушінің интенциясына, түрлі коммуникативтік жағдаятқа байланысты эмоциялы күй түрліше болатынын ескеру қажет. Эмоциялылық пен экспрессивтілік категориялары ойлау әрекетімен тығыз байланысты: эмоциялылық ойлаудың когнитивтік-рефлексиялық қызметімен байланысты болса, экспрессивтілік ойлаудың белсенді әрекетімен байланысты. Яғни екеуінің атқаратын қызметі екі бөлек. Соған сәйкес тілде де олар бөлек қарастырылуы керек. Эмоциялылық сөйлеушінің сезімін, субъективті қатынасын білдіріп, басқаларға әсер ету үшін қолданылса, экспрессивтілік эмоцияны күшейту, ойдың әсерлілігін арттыру үшін қызмет етеді. Яғни тыңдаушыға (реципиентке) эмоциялы, логикалық тұрғыдан әсер етеді. Эмоциялық пен экспрессивтілік категорияларын атқаратын қызметтеріне қарай айқындауға болады. Экспрессивтілік мәтіннің әсерлі, бейнелі, эстетикалық талаптарға сай болуына ықпал ететін прагматикалық категория болса, эмоциялық сөйлеушінің болмысқа берген бағасын, сезімін білдіреді.

Эмотивті-бағалауыштық сөздерді іріктеуде қоғамның, жеке адамның орны өте маңызды. Ол сипаттардың жағымды (мелиоративті) не жағымсыз (пейоративті) болуы қоғамның не жеке адамның қабылдауына байланысты. Себебі қоғамнан тысқары адам болмайды, адам қоғамда ғана нақты бағасын алады. Адамға қатысты жағымсыз мәнді сөздердің басым көпшілігі жалқаулыққа, мінезіне, адамгершіліктен жұрдай болуына, дұрыс сөйлеу алмауына, сөздің парқын түсінбеуіне, басқалармен тіл табыса алмауына, келбет-тұрпатына қатысты болып келеді. Эмотивті-бағалауыштық лексиканың көмегімен адам эмоциясын, сезімін, бағасын білдіреді. Эмоция мен сезім тілдік құралдармен берілген жағдайда ғана тілдік тұрғыдан талдана алады. Бұл орайда сөйленімдегі лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларды ескеру керек. Коммуникативті жағдаятқа, нақты сөйлеу актіне қатысты эмотивтік-бағалауыштық сөздерді аса сақтықпен қолдану қажет. Яғни эмотивтік-бағалауыштық сөздер сөйлеушінің танымына, бағалауына, адресатқа, коммуникативті жағдаятқа байланысты болады. Эмотивтік-бағалауыштық сөздің лексикалық мағынасымен қатар эмоцияның берілуі, эмотивті-бағалауыштық, бағалауыштық мәндердің берілу жолдарын да нақтылау қажет.

Бағалау категориясы экспрессивтілікпен тығыз байланысты болғанмен, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар: бағалауда адамның белгілі бір нысанға көзқарасы, оның пайдалы-зиян тұстары нақтыланса, эмоциялы-экспрессивті мәнде адамның соған қатысты сезімі, әсері, эмоциясы көрініс табады. Медиамәтіннің аксиологиялық құрылымы мәтіннің семантикалық өрісінде ашық не жасырын берілген құндылықтар жиынтығынан құралады. Құндылықтар адамның бағалауын көрсетеді. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы құндылықтар архетип, аңыз, стереотиптерге негізделеді. Құндылықтар 1) мәтіннің тақырыбына, 2) автордың аксиологиялық өрісі, 3) идиостили мен стилистикасына, 4) ауызша коммуникацияның мақсат-міндетіне сәйкес өзгеріп отырады. Тілдік бірлік арқылы көрініс тапқан эмоциялар сол тілде сөйлеушілердің бәріне түсінікті болады. Таным-түсінігі ортақ болуына байланысты белгілі бір ұлт өкілдерінің санасындағы ғалам бейнесі де ортақ

болады. Коммуникативті жағдаятқа сәйкес туындаған мәндерді толық бейнелеу үшін тілдік бірлікті түрлі қырынан сипаттау керек. Сол арқылы сөйлеушінің айналасына, адресатқа қатысы, тілдік жағдаятқа сәйкес лексикалық бірліктерді қалай сұрыптағаны көрінеді.

Эмоциялы-бағалауыштық лексиканы антропоэзектік бағытта зерттеуде коннотацияға ерекше мән беріледі. Эмоциялы-бағалауыштық лексиканы прагматика, когнитивті лингвистика тұрғысынан сипаттағанда да осы ерекшелігі ескеріледі. Коннотацияны зерттеушілер эмоциялы-бағалауыштық мәнді сөздің мағынасын талдауда сөйлеуші факторын, сөйлеушінің ақиқат болмысқа қатысын негізге алады. Коннотация табиғатын анықтауға қатысты даулы мәселелер сөз мағынасының прагматикалық аймағы мен коннотация ұғымдарының ара-жігін нақтылауды қажет етеді. Яғни эмоциялы-бағалауышты бірліктердің мәнін нақтылай отырып, семантикалық және прагматикалық ерекшеліктерін анықтау қажет. Тілдік бірліктің мазмұнындағы бұл компоненттердің өзара байланысы тілдік тұлғаның концептуалды кеңістігіндегі түрлі ақпараттардың сәйкестігін де көрсетеді.

## Пайдаланылған әдебиет:

1. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045>
2. Шаховский В.И. Категоризация эмоций в лексико-семантической системе языка. – Воронеж, 1987. – 192 с.
3. Виноградов В.В. О категории модальности в модальных словах в русском языке // Виноградов В. В. Исследования по русской грамматике: избранные труды. – М. : Наука, 1975. – С. 53-87
4. Якобсон Р. Лингвистика и поэтика // Структурализм: «за» и «против». – М., 1975. – С. 193-230
5. Балли Ш. Французская стилистика. – М, 1961. – 369 с.
6. Алексеев А.Я. Стилистическая информация языкового знака. – ФН, № 1. 1982. – С. 50-55.
7. Звегинцев В.А. Экспрессивно-эмоциональные элементы и лексическое значение слова // Звегинцев В.А. Семасиология. – М. : Изд-во МГУ, 1957. – Разд. VI. – С. 167-185.
8. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов // О.С. Ахманова. – 2-е изд., стер. – М. : УРСС, 2004. – 571 с.
9. Петрищева Е.Ф. Стилистически окрашенная лексика русского языка. – М, 1984. – 222 с.
10. Ларин Б.А. Эстетика слова и язык писателя. – Л., 1974. – 284 с.
11. Галкина-Федорук Е.М. Об экспрессивности и эмоциональности в языке // Сборник статей по языкознанию. – М., 1958. – С. 103-124.
12. Ким Л.Л. Смысловые трансформации слова при ироническом употреблении // Научные труды Ташкентского университета. – Вып. 299. – Ташкент, 1966. – С. 42-47.
13. Винокур Г.О. Язык газеты. – М., 1923. – 352 с.
14. Лукьянова Н.А. Экспрессивная лексика разговорного употребления. Проблемы семантики. – Новосибирск, 1986. – 227 с.
15. Ахметжанова З.К., Таткенова А.Т. Газетный текст: экспрессивный синтаксис казахского и английского языков. – Алматы, 2022. – С. 21.
16. Бабенко Л.Г. Лексические средства обозначения эмоций в русском языке. – Свердловск, 1986. – 178 с.
17. Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. – Астана, 2017. – 740 б.
18. Гридин В.Н. К вопросу о систематизации эмоциональной лексики // Переводная и учебная лексикографии. – М., 1979. – С. 112-121
19. Schramm W. Kommunikationsforschung in den Vereinigten Staaten // Schramm W. Grundlagen der Kommunikations forschung. – München, 1964. – С. 62
20. Апресян Ю.Д. Коннотация как часть прагматики слова (лексикографический аспект) // Интегральное описание языка и системная лексикография. Избранные труды. – М., 1995. – Т. 2. – С. 156-177
21. Арутюнова Н. Д. Язык и мир человека. – М., 1998. – 895 с.



22. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт... дис. : 10.02.02. – Алматы, 2007. – 329 б.
23. Вандриес Ж. Язык (лингвистическое введение в историю). /Пер. с франц.; Серия «Лингвистическое наследие XX века». – Изд-во З. URSS, 2004. – 408 с.
24. Дридзе Т. М., Леонтьев А. А. (отв. ред.) Смысловое восприятие речевого сообщения (в условиях массовой коммуникации). – М. : Наука, 1976. – 153 с.
25. Трубецкой Н. С. Основы фонологии. /пер. с нем.; Н. С. Трубецкой. – М., 1960. – 339 с.
26. Дрешер М. Стратегические игры: Теория и приложения. /пер. с англ.; под ред. Ю. С. Голубева-Новожилова – Москва: Изд-во «Советское радио», 1964. – С. 241.
27. Вольф Е. М. Функциональная семантика оценки /Е. М. Вольф. – 2-е изд., доп. – М. :Эдиториал УРСС, 2002. – 280 с
28. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. – 304 б.
29. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 8-том. /құраст. Күдерінова Қ., Жұбаева О., Жолшаева М. және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б.
30. Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2014. – 728 б.
31. <https://sozdikqor.kz/sozdik/?id=55#page-1135>
32. Булыгина Е. Ю. Экспрессивные прилагательные современного русского языка (семантический, прагматический и лексикографический аспекты) : дис.... канд. филол. наук: 10.01.10. – Новосибирск, 1991. – 204 с.
33. Стернин, И.А. К теории речевых культур носителя языка //Вопросы психолингвистики. – № 9 – М., 2009. – С. 22-28
34. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 7-том. /құраст. : Б. Момынова, Б. Сүйерқұлова, А. Фазылжанова және т.б. – Алматы, 2011, – 752 б.
35. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том. /құраст. : Б. Момынова, Б. Сүйерқұлова, А. Фазылжанова және т.б. – Алматы, 2011, – 800 б.
36. Лурия, А.Р. Предисловие редактора русского издания //Брунер Дж. Психология познания. – М. : Прогресс, 1977. – С. 5
37. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2014. – 640 б.
38. Момынова Б. Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы). – Алматы: Арыс, 1999. – 224 б.
39. Ақымет Байтұрсынұлы. Таңдамалы шығармалары. 2-том. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 2-том. – 676 б.
40. Амосова Н. Н. Этимологические основы словарного состава современного английского языка. 2-е изд., доп. – М. : Либроком, 2010. –218 с.
41. Ницше Ф. Антихристианин //Сумерки богов. – М. :Просвещение, 1990. – С. 90.
42. Лотце Г. Микрокосмос. – Минск: Белорусская энциклопедия, 2006. – 216 с.

43. Белинский В. Г. Собрание сочинений: в 9 т. – М. : Просвещение, 1979. – Т. 5. – 631 с.
44. Ивин, А. А. Основания логики оценок – М., 2005. – 440 с.
45. Лукьянова Н. А. Виды номинаций с точки зрения типов структур их лексических значений //Актуализация семантико-прагматического потенциала языкового знака. – Новосибирск, 1996. – С. 26-39.
46. Галкина-Федорук, Е. М. Современный русский язык. Лексика. – М. : Просвещение, 1954. – 190 с.
47. Григорьев, А. Литературная критика – М. : Просвещение, 1967. – 186 с.
48. Соловьёв, В. С. Сочинения. Т. 1. – М. : Просвещение, 1988. – 375 с.
49. Ефимов А. И. Стилистика художественной речи. – М. : Изд-во Московского ун-та, 1961. – 519 с
50. Карасик В. И. Язык социального статуса – М. : Наука, 2002. – 294 с.
51. Мурясов Р. З. Опыт анализа оценочного высказывания //Вопросы языкознания. – М., 2004. – № 5. – С. 68-78.
52. Малевинский С. О. Семантика оценки и её языковое выражение //Язык. Этнос. Сознание: материалы междунар. науч. конф. Т. 1. – Майкоп: Изд-во АГУ, 2003. – С. 183-185.
53. Разинкина, И. М. Функциональная стилистика англ. языка: учеб. Пособие. – М. : Высш. шк., 1980. – 182 с.
54. Темиргазина З. К. Оценочные высказывания в современном русском языке. Дисс.... д-ра. филол. наук. – Алматы, 1999. – 287 с.
55. Ерсұлтанова Г. Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға: философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2022. – 187 б.
56. Rokeach M. The role of values in public opinion research //The Public opinion Quarterly, – Vol. 32, No. 4 (Winter, 1968-1969). – P. 547-559
57. Худайбергенов Н. Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтар (1991-2016 ж.): философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2020. – 15-16 б.
58. Schwartz, S. H. An Over view of the Schwartz Theory of Basic Values. Online Readings in Psychology and Culture, 2 (1). <http://dx.doi.org/10.9707/2307-0919.1116> 22.02.2016
59. Ольшанский Д. В. Политико-психологический словарь – М. : Академический проект, 2002. – 573 с.
60. Светоносова Т. А. Сопоставительное исследование ценностей в российском и американском политическом дискурсе: дис.... канд. филол. наук. – Екатеринбург, 2006. – 174 с.
61. Миронец Е. С. Эволюция и особенности языковой репрезентаций аксиологического концепта DEMOCRACY в инаугурационных речах президентов США: автореф.... канд. филол. наук. 10.02.04. – Владивосток, 2007 – 22 с.

62. Дюсембина Г. Мерзімді баспасөздегі ғаламның аксиологиялық бейнесі (саяси мәтіндер негізінде) : философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2015. – 190 б.

63. Смағұлова Г. Н. Құндылықтар әлеміндегі «сұлулық» концептісі //ҚР ҰҒА Хабарлары. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы. – Алматы, 2015. – №1. – 336 бет.

64. Скрипникова А. И. Лингвокогнитивный аспект исследования языка СМИ (на материале полиязычной казахстанской прессы: дис.... д-ра философии (PhD). – Алматы, 2015. – 158 с.

65. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагмастилистикасы: оқулық. – Стер. бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 247 б.

66. Есенова Қ.Ө. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы. – Алматы, 2007. – 236 б.

67. Львов М.Р. Культура речи: Учебн. пособие для студ. высш. учеб. заведений, обуч. по пед. спец. – 2-е изд., испр. – М.: Издательский центр «Академия». – 2004. – 272 с.

68. Баранов, А. Н. Русская политическая метафора: материалы к словарю. /АН СССР. Институт русского языка. – М., 1991. – 193 с.

69. Әміров Р. Газет тілінде ұшырасатын кейбір сөз тіркестері жөнінде //Тіл мәдениеті және баспасөз. – Алматы: Ғылым, 1972. – 224 б.

70. Бүркітов О. Қазақ әдеби тілінің публицистикалық стилі: филол. ғыл. канд.... дисс. : 10.02.02. – Алматы, 1996. – 29-б.

71. Земская Е. А. Заметки о русском языке, культуре, быте (по материалам семейного архива Булгаковых) //Облик слова: Сборник статей памяти Д. Н. Шмелева. – М, 1997. – С. 333-353.

72. Қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірме сөздігі. - Алматы: Дәуір, 2013. – 1488 б.

73. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: "Арыс" баспасы, 2007. – 800 б.

74. Мадиева Г. Б. Имя собственное в контексте познания. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 190 с.

75. Әбсаттар Ә.М. БАҚ тіліндегі эмотивті-бағалауыштық лексика // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – №1 (193) – Б. 25-41.

76. Мюнстерберг Г. Основы психотехники. Т. 1. – СПб. – 1995. – С. 155.

77. Әбсаттар Ә.М. Цифрлық технологияның телевизияға ықпалы // Қазақ білім академиясының баяндамалары. 2020. – №2. – Б. 363-370.

78. Ныязбекова К. Ғаламның медиа-бейнесін қалыптастырудағы медиа-мәтіндердің рөлі // [http:// www.rusnauka.com](http://www.rusnauka.com)

79. Караулов. Ю. Н. Русский и язык и языковая личность. – М, 1987. – 261 с

80. Фляйшер В. Теоретические основы словообразования в немецком языке / М. Д. Степанова, В. Фляйшер. М.: Высшая школа. – 1984.– С. 236.

81. Кубрякова Е. С. О разных подходах к изучению СМИ //Язык средств массовой информации как объект междисциплинарного исследования: Тезисы докладов Международной научной конференции. – М., 2001. – С. 61-62.
82. Кәрімов Х. Қанатты тіл. – Алматы, 1995. – 130 б.
83. Pei, M. A., Gaynor, F. A Dictionary of Linguistics. – New York: Philological Library, 1954. – 239 p.
84. Меликян В. Ю. Словарь: Эмоционально-экспрессивные обороты живой речи. – М., 2001. – 240 с.
85. Matthews P. H. The Concise Oxford Dictionary of Linguistics. – Oxford: Oxford University Press, 1997. – 410 p.
86. Ибадильдина З.Х. Эмотивная лексика казахского и русского языков: дис.... д-ра философии (PhD). – Алматы, 1997. –223 с.
87. Absattar A. The potential of emotive language to influence the understanding of textual information in media coverage // Humanities and social sciences communications. 9:222. 2022 <https://doi.org/10.1057/s41599-022-01232-2>
88. Малинович Ю. М. Собственно-восклицательные предложения в современном немецком языке: автореф. дис....канд. филол. наук. – М., 1965. – 25 с.
89. Пиотровская Л. А. Эмотивные высказывания как результат межуровневых взаимодействий //Русский язык: Исторические судьбы и современность. Труды и материалы II международного конгресса исследователей русского языка. – М., 2004. – С. 23
90. Доржиева Д. Ц. Специфика газетных текстов с позиций функциональной и коммуникативно-прагматической стилистик (на материале аналитических статей немецких качественных газет FrankfurterAllgemeineZeitung, SüddeutscheZeitung, FrankfurterRundschau) : дисс.... канд. филол. наук: 10.02.04. – Москва, 2019. – 166 с.
91. Исакова Н. Когнитивно-прагматические оценки в социально-общественном британском медиадискурсе: дис.... д-ра философии (PhD). – Алматы, 2021. – 168 с.
92. Харченко В. К. Характеристика производных оценочных значений имен существительных в русском языке: дис.... канд. филол. наук. –Л., 1973. – 216с.
93. Мусатаева М. Кожахметова А. Языковые средства и способы реализации аксиологической семантики (на материале казахстанской прессы) //Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Филологические науки». 2, 2 (72). – Алматы, 2021. – 166-176.
94. Сепир Э. Язык. – М.: ОГИЗ, Соцэкгиз, 1934. – 223 с.
95. Кенжеқанова Қ. Саяси дискурстың прагмалингвистикалық және когнитивтік компоненттері (қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар материалдары бойынша) : 6D00500 – филология. Алматы, 187 б.
96. Ионова С. В. Эмотивность текста как лингвистическая проблема: дис....канд. филол. наук. – Волгоград, 1998. – 196 с.

97. Киприянов В. Ф. Проблемы теории частей речи и слова-коммуникативы в современном русском языке. – М., 1983. – 101 с.
98. Валимова Г. В. Функциональные типы предложений в современном русском языке. – Ростов-на-Дону, 1967. – 331 с.
99. Андреева С. В. Конструктивно-синтаксические единицы устной русской речи. – Саратов: Изд-во Саратов. ун-та, 2005. – 192 с.
100. Jespersen, O. Essentials of English Grammar. – London: George Allen and Unwin Ltd., 1983 – 488 p.
101. Русская грамматика. Т. 2. Синтаксис. – М., Изд-во «Наука», 1980. – 709 с.
102. Колокольцева Т. Н. Специфические коммуникативные единицы диалогической речи: автореф. ... д-ра филол. наук. – Саратов, 2001. – 48 с.
103. Кожина Е.К. Коммуникативы: структурно-семантический, лингвопрагматический и эстетико-образительный аспекты: дис.... канд. филол. наук. – Таганрог, 2004. – 167 с.
104. Прибыток И.И. Английские синтаксические единицы: типологический и динамический аспекты // Язык и речь: динамические аспекты. Монография. – Волгоград: Волгоградское научное издательство, 2010. – С. 166-188.
105. Charleston V. M. Studies on the Emotional and Affective Means of Expression in Modern English. – Bern, 1960. – 357 p.
106. Қордабай Б. Ибраева Ж. Дипломатиялық дискурстың прагмалингвистикалық ерекшеліктері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі / Наука и жизнь Казахстана. Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал. - Филология / журналистика. – 2018. - №3 (58). 320-325-б.
107. Lasswell H. D. The structure and function of communication in society // The Communication of Ideas. – N. Y., 1948. – P. 37-51.
108. Философский энциклопедический словарь / ред. -сост. Е. Ф. Губский и др. – М. : ИНФРА-М, 1998. – 536 с.
109. Зайнульдинов А. А., Керо Хервилья Э. Ф. Лексикографическое описание эмоционально-оценочной лексики в русском и испанском языках // Вопросы языкознания. – М., 2019. – №2. – С. 96-110
110. Урсул А.Д. Информация и мышление. – М. : Знание, 1970. – 50 с.
111. Маслова В.А. Белорусский публицистический дискурс: стратегия языковой игры // Изменяющийся славянский мир: новое в лингвистике. – Севастополь: Рибэст, 2009. – С. 10-20.
112. Исхакова З. Текстовая вербализация эмоций в свете гендера: на материале английского и французского языков: дис.... канд. филол. наук: 10.02.20. - Уфа, 2005. – 211 с.

113. Лосев А.Ф. Философия имени. – М. : Академический Проект, 2009. – 300 с.
114. Черри К. О логике связи (синтактика, семантика, прагматика) //Инженерная психология. – М. : Прогресс, 1968. – С. 226-266
115. Черняевская Е. А. Оценка и оценочность в языке и художественной речи: на материале поэтического, прозаического и эпистолярного наследия А. С. Пушкина: дис.... канд. филол. наук:0. 02.01.- Брянск, 2001. - 270 с.
116. Төтебаева А. Телевизиялық ақпараттық жаңалықтар мәтіндерінің аудармасын үлгілеу: Философия бойынша PhD ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2014. – 188 б.
117. Абсаттар А.М. БАҚ дискурсындағы эмотивті-бағалауыштық лексиканың экспрессивті қызметі // Материалы Всероссийской научно-практической конференции «Языки коренных народов России в междисциплинарном дискурсе». – Якутск, 2024. – С. 77-82.
118. Кормилицына М. А. Особенности организации текста колонки обозревателя в современной газете //Обретение смысла : сб. статей, посвященный юбилею докт. филол. наук, проф. К. А. Роговой. – СПб : Изд-во «Осипов», 2006. – С. 144-157
119. Володина, М. Н. СМИ как форма «общественного диалога» //Язык современной публицистики: сб. статей. – М. : Флинта: Наука, 2005. – С. 31-43.
120. Момынова Б. «Қазақ» тіліндегі қоғамдық-саяси лексика: әлеуметтік-бағалауыштық сөзжасам. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. –123 б.
121. Жақсыбаева Ф. З. Қазіргі қазақ газет тіліндегі бағалауыш сөздер //Ғылым жолы: ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 1998. – 87-90 бб.
122. Ихсанғалиева Г. К. Функционально-прагматический анализ заголовков: автореф.... канд. филол. наук: 10.02.19. – Алматы, 2000. – 26 с.
123. Қожабекова Р. Т. Баспасөз бетіндегі тақырыптардың фразеологиялық ерекшеліктері: филол. ғыл. канд.... дис. : 10.02.02. – Алматы, 2002. – 140 б.
124. Аширова А. Газет мақалаларының тақырыптары: құрылымы, функциясы, прагматикасы. Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 120 б.
125. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>
126. Белл Д. Социальные рамки информационного общества // Новая технократическая волна на Западе. — Москва: Прогресс, 1986. — с. 330—342.
127. Маркузе Г. Одномерный человек: Исследование идеологии развитого индустриального общества. / Г. Маркузе; Пер. с англ., послесл., примеч. А.А. Юдина. – М: ООО "Издательство АСТ". – 2002. – 526 с.
128. Октябрь А. Дүрия даланы оятқан «Түрксіб» //ЕгеменҚазақстан. – 2018, 5 маусым
129. Прибытие поезда на вокзал Ла-Сьота //Википедия. URL: [http://ru.wikipedia.org/wiki/Прибытие\\_поезда\\_на\\_вокзал\\_Ла-Сьота](http://ru.wikipedia.org/wiki/Прибытие_поезда_на_вокзал_Ла-Сьота) 02.01.11
130. Уразова С. Л. Реалити-шоу в контексте современного телевидения: дис.... канд. филол. наук. – М., 2008. – 212 с.

131. Уразова С. Л. Reality TV в России. Первый опыт телеклонирования //Вестник Моск. ун-та. Сер. 10. Журналистика. – М., 2003. – № 3.
132. Назарчук А. В. Теория коммуникации в современной философии. – М. : Прогресс-Традиция, 2009. – С. 294
133. Medienwjsenschaft: Die neue Disziplin unter der Lupe 1987-88, Heft 22, IV: 87
134. Luhmann N. Soziale Systeme. Frankfurth– М. : Логос, 2004. – 31 с.
135. Schanze H. Zur Metaphorik der Digitalmedien //Osnabrücker Beitragezur Sprachtheorie. – München, 1995.
136. Schmilz U. NeueMedien und Gegenwartssprache. Lagebericht und Problem-skizze //OsnabrückerBeitragezurSprachtheorie. – München, 1995
137. Faulstich, W. Mediengeschichte //GrundwissenMedien. – München, 1994.
138. Володина М. Н. Когнитивно-информационная природа термина (на материале терминологии средств массовой информации). – М. : Изд-во МГУ, 2000. – 128 с.
139. Reimann H. Kommunikationssysteme. – Tübingen, 1968.
140. Moscovici S. Notes towards a description of Social Representation //European Journal of Social Psychology. – Cambridge: Cambridge University Press, 1988. –Vol. 18. –P. 211-250.
141. Bednarek, M. (2019) “Don’t Say Crap. Don’t Use Swear Words. ” Negotiating the Use of Swear/Taboo Words in the Narrative Mass Media. Discourse, Context & Media, 29, Article 100293. <https://doi.org/10.1016/j.dcm.2019.02.002>
142. Кекілбаев Ә. Сайранқұмарлық – санаға тұсау //Акимбаева Ж., Джубатова Л., Мырқасымова Н. Өзін өзі тану. Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған оқулық. – Алматы, 2020. – 61-65-б.
143. Межуев В. М. История, цивилизация, культура: опыт философского истолкования. – СПб., 2011. – 440 с.
144. Әбсаттар Ә.М. Телевизия дискурсын антропоэзектік тұрғыдан талдау мәселесі // Наука и жизнь Казахстана. 2020. – №6. – Б. 351-355.
145. Таюпова О.И. Антропоцентричность текстов масс-медийного дискурса // Российский гуманитарный журнал. – М., 2018. – Том 7. – №3. – С. 223-228.
146. Мамардашвили М. К. Сознание и цивилизация. – СПб. : Азбука, Азбука-Аттикус, 2011. – С. 34.
147. Головин Б. Н. Введение в языкознание. Изд. 3-е, испр. Учеб. пособие для филол. специальностей ун-тов и пед. ин-тов. – М. : Высш. школа, 1977. – 311 с.
148. Дускаева Л.Р. Стилистический анализ в медиалингвистике. Флинта. – 2019 г. – 238 с.
149. Качалкин А. Н. Роль СМИ в межнациональном общении. Менталитет и речевой этикет нации //Язык СМИ как объект междисциплинарного исследования: учеб. пособие. – М., 2003. – С. 216-225.
150. Комова, Т. А. Концепты языка и культуры в контексте СМИ //Язык СМИ как объект междисциплинарного исследования. – М., 2003. – С. 225-236. ь

151. Козлова, Т. В. Лексические инновации современного русского языка СМИ в национально-культурном контексте //Русский язык: исторические судьбы и современность: II Международный конгресс исследователей русского языка: труды и материалы. – М., 2004. – С. 432-433
152. Миронов, В. В. Средства массовой коммуникации как зеркало попкультуры //Язык СМИ как объект междисциплинарного исследования. – М., 2003. – С. 237-258
153. Кашкин В. Б. Введение в теорию коммуникации. – Воронеж: Изд-во ВГТУ, 2000. – 175 с.
154. Волков, А.А. Филология и риторика массовой информации //Язык СМИ как объект междисциплинарного исследования: учеб. пособие. – М. : Изд-во МГУ, 2003. – С. 50-65.
155. Московичи С. Век толп: исторический трактат по психологии масс: пер. с фр. – М. : Центр психологии и психотерапии, 1998. – 480 с.
156. Леонтьев, А. А. Психолингвистические особенности языка СМИ //Язык СМИ как объект междисциплинарного исследования: учеб. пособие. – М. : Изд-во Моск. ун-та, 2003. –С. 66-88.
157. Кабаченко, Т. С. Методы психологического воздействия. – М. : Пед. об-во, 2000. – 544 с.
158. Айдарбек Қ. Қазақ терминологиялық аталымының ономазиологиялық негіздері. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 384 б.
159. Япин Ц. Слова с эмоционально-оценочной коннотацией в русском и китайском языках //Мир русского слова. – 2016. – № 3. – С. 15-19.
160. Авакова Р. А., Нурмухамбетова А. Б. Көз соматизмі ұйытқы болған фразеологизмдер семантикасы: салыстырмалы-тарихи экскурс //Түркітанушы ғалым Авакова Раушангүл Әмирдинқызының 60 жылдық мерейтойына арналған «Түркі фразеологиясы: зерттелуі, ғылыми-теориялық методологиясы және болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Стамбул, 2023. - 26-б.
161. Кульбит Ю. Когнитивно-информационная природа эмоционально-оценочной лексики в лингвокультурном пространстве (на материале текстов российских и зарубежных СМИ) : дис.... канд. филол. наук: 10.02.19. – Майкоп, 2010. – 164 с.
162. Вандриес Ж. Язык (лингвистическое введение в историю) /перевод с французского. Серия «Лингвистическое наследие XX века». – М. : Изд. 3. URSS, 2004. – 408 с.
163. Национальный корпус русского языка URL: [www.ruscorgora.ru](http://www.ruscorgora.ru)
164. Бектемирова С. Қазақ тіліндегі киноморфизмдер. – Алматы, 2005. – 121 б.
165. Қайдар Ә. Қазақ қандай халық? //ҚР Білім және ғылым министрлігі; А. Байтұрсынұлы атын. тіл білім ин-ты... – Алматы : Дайк-пресс, 2008. – 651 б.
166. Кішібеков Д. К. Қазақ халқының мінез-кұлқы, ойын-сауықтары, рухани тіршілігі //Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999. – Б. 81-99.



167. Байсыдық И. Мінез сипаты атауларының лингвомәдениеттанымдық негіздері: Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2023. – 137 б.

168. Уфимцева Н. В. Россия и русские в исторической перспективе: взгляд европейцев //Межэтническое общение: контакты и конфликты. – М. : Институт языкознания РАН – МИЛ, 2012. – С. 73-79.

169. Маслова В. А. Лингвокультурология: Учеб. пособие для студ. высш. учеб, заведений. – М. : Академия, 2001. – 208 с.

170. Ақымет Байтұрсынұлы. Таңдамалы шығармалары. 2-том. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 3-том. – 766 б.

171. Ерназарова З. Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері: филол. ғыл. д-ры... дисс. автореф. : 10.02.02. – Алматы, 2002. – 30 б.

172. Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2014. – 291 б.